

А 2017

7153 к

Төлеуғазы Нұрғалиұлы

Өмір-өзен



Горюхиной Веронике
Филипповиче
Октябрьская гимназия
Хмур. Александровна

Александров -
2009. 2014 год



Төлеуғазы Нұрғалиұлы

*Тарбағатай ауданының
«Құрметті азаматы»
Еңбек ардагері, дербес зейнеткер*

Төлеуғазы Нұрғалиұлы

УДК 84(574)
БКК 63.3(2) кз)
Н 86

Нұрғалиев Т.Н.

Н 86 Өмір-өзен: [жарық. Нұрғалиев Т.Н. - Семей, 2014. - 100 б.

ISBN 978-601-7601-78-7

Өмір-өзен

Семей, 2014

УДК 94(574)
ББК 63.3(5 қаз)
Н 86

Нұрғалиев Т.Н

Н 86 Өмір өзен: [тарих]/ Нұрғалиев Т.Н., - Семей, 2014. - 360 – б.

ISBN 978-601-7002-78-7

Бұл кітапта Жоңғар шапқыншылығы, Қалмақ басқыншылығы, одан кейінгі Қазақстанның халқын қырып, жерін тозаққа айналдырған патшалы Ресейдің отаршылық саясаты, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында әлемдік тарихта болат құрсаған армияға қолына қару ұстамаған қазақтың жалаңтөс жастарының көрсеткен көзсіз ерліктері егжей-тегжейлі жазылған.

Кітапта ұрпағына өшпес өнеге қалдырған ата-бабаларымыз бен олардың асыл дәстүрін жалғастырған, елін-жерін аман сақтап, кейінгілерге аманат еткен қол бастаған батырлар, Алла дарытқан қасиеттерімен халқының алдында әділдікті ту еткен, перзентін адалдыққа, батырлыққа тәрбиелеп, елін-жерін сүюді, ел бірлігін сақтауды, береке-бірлікті бұзбауды өсиет еткен қара қылды қақ жарған әділ билер мен ақылгөй даналар, әулиелер жазылған. Жинақта Тарбағатай өңірінде өмір жолдары кейінгі ұрпаққа өнеге болар ақындардың, айтулы азаматтардың халыққа сіңірген еңбектері баяндалады.

УДК 94(571)
ББК 63.3(5 қаз)

ISBN 978-601-7002-78-7

© Нұрғалиев Т.Н, 2014.

АЛҒЫ СӨЗ

Қосылар әдебиет әлеміне
Маңызды ғой жазылу мәнері де.
Кешегі мен бүгінгі ел тағдыры,
«Өмір-өзен» кітабы келді өмірге.
Туындыгер тарихпен тілдеседі,
Шығармасы шындықпен үйлеседі.
Кітапта көркем тілмен бейнеленген,
Баршаның қоғам үшін күрескені.
Өмірдің шұғылалы шындығы бар,
«Өмір-өзен» кітабы құнды құрал.
Жазған тарих толқынын бейнеттеніп,
Туындыгерді оқырман ұғыңыздар.
Өнердегі көрнекті тұлғалардың,
Қоғам қайраткері қырандардың,
Тағылымды өнегелі өмірлері,
Арқауы кітаптағы шығарманың.
Шыққан сөз туындыгер қаламынан,
Шығар сөзсіз оқырман талғамынан.
Қамтылған қилы - қиын құбылыстар,
Байқалатын адамдар жанарынан.
Оқылып кітап өтер қолдан-қолға,
Бекерге туындыгер толғанған ба?
Оқырман көңілінен шығады анық,
Сенеміз біздер осы болжамға да.
Кітапсыз бұл өмірдің бар ма мәні,
Ел үшін қаламгердің жазғандары.
«Өмір-өзен» дейтұғын осы кітап,
Оқырман қалың елге арналады.

Кеномолдин МҰРАТБЕК

*Республикалық Абай журналының бөлім меңгерушісі,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі*

Тағылым

Қарсы жүріп өмірдің ағынына,
Талай көрдің талқысын тағдырдың да.
Керек-ау артыңда да із қалдыру,
Келгеннен соң жалғанның жарығына.
Қарбаластың қамы емес жазғандарым,
Халқыма айтылды ой-армандарым.
Жұмсап жүрек қанымды, көз майымды,
Кітап жазып қолыма қалам алдым.
Әрқашан ізгілікке толсын орта,
Баянды бақ құсымыз қонсын қолға.
Еске алар аға-іні, балаларым,
«Өмір-өзен» кітабын оқығанда.
Жақсылар мәңгі елге құрметті де,
Жамандар бола алады тұрақ кімге.
Жазылды «Өмір-өзен» осы кітап,
Ел жұртыма аманат ретінде.

Демеушілерге

Кітапты жазып жүргем жоқ ерікпеннен,
Тарихты тану дұрыс зеріттелген.
Жазғанымнан рухани нәр алар деп,
Сәулелі жас ұрпаққа сеніп келем.
«Өмір-өзен» атты кітабымның
Шығуына дем берген, сүйей білген
Көрініп бүгін биіктен,
Демеуші болып сүйінткен
Жігер берген жаныма, ұл-қызыма
Мың рахмет айтамын шын жүректен!

*Қайтадан қайрылып қауымға келмейсің,
Барыңды нәріңді тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,
Шын бақыт осыны ұқ, мәңгілік өлмейсің.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Өмір – өзен

Қытай халқының «Өмірің өзгеріске келсін» деген ащы қағытпа сөзі бары жұртқа мәлім. Кім білсін сондай өзгерісті өмірдің қазақтың басынан өтерін. Қилы заманның кара құйынына қазақтай жалған жала, қуғын мен азапқа ұшыраған ел тарихта кемде кем шығар. Екі империяның аралығындағы ұлы даланы алып жатқан көшпенділердің ата-жұртына сұқтанбаған көз, аяқ баспаған кезбелер аз болған жоқ.

Бірінші: Шыңғысханның Азияның төсінде сойдақтаған қанды жорық ізі қалған, Ұлы жібек жолы бойындағы қазақ қалаларын ойрандаған Шыңғыс хан әскерінің шабуылы. Алдымен сол дәуірдегі билігі жүріп тұрған Найман мемлекеті мен он төрт жылдай ұрысып, Найман елін бөлшектеп, бүкіл қазақ халқының іргесін ыдыратып ұлт есебінен жойып жіберу мақсатындағы жорықтары.

Екінші: XVII-XVIII ғасырлардағы Жоңғар шапқыншылығы қазақ елін «Ақтабан шұбырынды» ауыр күйзеліске душар етті.

1723 жылы ата жау жоңғар қалмақтары жер қайысқан қалың қолмен қазақ жеріне баса көктеп кірді. Қазақтың еңбектеген баласынан еңкейген шалына дейін қалдырмай қырды. Мал мүлкін талан-таражға салды. Қапыда қалған қазақтар Самарханд, Бухарға қарай қашып, Сырдарияның оң жақ бетіндегі Алакөлге жеткенде сұлай-сұлай жата кетіпті. Содан бұл босқын «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталыпты. Осы атпен қазақ тарихына кіріп, ел тағдыры қыл үстінде тұрған ауыр кезеңнен өтіпті.

Ер Қабанбай киссасында, Абылай аузынан айтылатын

*Өрісті бұзып жылқы алған,
Күймені бұзып қыз алған.
Қынадай қырып еліңді,
Бұл Жоңғар не қылмаған?*

– деген өлең дәлелдей түседі.

Міне, осындай жан түршігерлік қайғылы оқиғадан қазақ халқын аман сақтап қалған Орта жүз батырларын Үмбетей жырау Бөгенбай қазасына байланысты айтқанда:

*Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың,
Ақ Шәуліге қос тігіп.
Ауыр қол жиып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың.
Қабанбай мен Бөгенбай, .
Қоныс қылып қалдырдың,
Арғын менен Найманға, - делініпті.*

Қазақ тарихында, аты ұранға айналған, Хан батыр атанған Қаракерей Қабанбай Қожағұлұлының алар орны ерекше. Басқалардан ақыл парасаты артық аруағы асқан, алғашқы шайқастан-ақ жаудың бетін қайтарып, кейінгі қолға жол ашар, жолбарыс жүректі батырлардың ғана аты ұранға айналған. Аруағы асып туған оққағар пірі бар ерекше тұлғаларды халық бірден таныған. Осындай Алланың аруақты пендесі Қабанбай батыр. Ол шамамен 1691 жылы дүниеге келіп 80-90 жас жасап қайтыс болған. Қазақ-қалмақ соғысының қайнаған ортасында жүрген Қабанбай, жүзден астам ұрысқа қатысып ерліктің неше алуан үлгісін көрсеткен.

Атақты Жанартау ақын Кәрібай Таңатарұлы Қабанбай батыр туралы:

*Қазақтың ел қорғаған қаһарманы,
Кешегі Қабанбай мен ер Бөгенбай.
Бұлардың бастауымен талай батыр,
Түсірген өз кезінде жауына жай.
Қалайша жанын аяп қарап тұрсын,
Жеріне жау тигенде Сарыарқадай– деп жырлады.*

Көне тарих деректеріне көз жүгіртсек, қазақ елі бірнеше ғасырлар бойы қалмақтардың шабуылына ұшырап, ұлан-байтақ кен Сахараның ол шетімен бұл шетіне қоныс аударып күн кешкен екен.

Жоңғар қалмақтарының кезекті бір шабуылы алдында қазақтар біраз уақыт Алакөл маңында тұрақтап, содан әрі қарай қоныс аударған. Сыр бойына ауып барған ел атақты «Ақтабан шұбырынды» жылдарынан соң, Балқаш көлінің Солтүстік жағымен Шығысқа қарай беттеп, Сарыарқаға келіп, Есіл, Нұра бойына тұрақтайды. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» атты поэмасында «Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл, қазақтың Сыр бойында жүргені анық», - деп жырлануы соның дәлелі.

Жерлесіміз Кәрібай ақынның:

*Біз келдік Сарыарқаға Сырда Тұрып,
Шығыпты сол мекеннен қалмақ қуып.
Айрылып алдағы мал, бастағы үйден,
Күрке гып, үш ағаштың басын буып.
Қалмақ пен біздің қазақ соғысқалы,
Болыпты дәл жеті жүз жылға жуық,
Қан төгіп бейбіт елді қырғаннан соң,
Кәбірден сескеніпті көңіл суып, - дегені*

сол кезеңге байланысты.

Міне осындай төзімділікпен асқан ерліктің арқасында жеңіске жетіп, қазақтың ұланғайыр жерін қалмақтардан тазартқан екен.

Үшінші: Қазақ жұртында 1824 жылы Хан билігі, 1868 жылы Сұлтан билігі жойылған соң, Қазақ даласы мемлекеттік сипаттан айрылды. Енді ру болып «жікшіл», «партияшыл», «миятшыл» айрандай іріген алауыздық пайда болды. Патша губернаторы партияшыл топтың домалақ арыз шағымдарына сүйеніп іс жүргізді. Дала бірлігінің әлсіреуін оларда қуана құптайтын, бодандықта ұстаудың жайылған торы еді.

Бұл тілеуі де қабыл болып патшалы Ресейдің отарлау саясаты жөніндегі жоспары іске асып, Қазақ елі Ресей империясының қол астына XVIII ғасырдың бірінші шерігінде кіре бастап, бұл үрдіс 1881 жылы аяқталғаны тарихтан белгілі. Көне тарих көзімен алғанда Россияда 1861 жылы шаруалар құқығының жойылуы аграрлық мәселені шеше алмады. Үкімет қоныстандыру саясатын

белсенділікпен жүргізе бастады. Патша үкіметі Сібір, Қазақстан, Орта Азияны отарлау жолымен Орталық Россиядан шаруаларды қоныстандыруға және оларды империяның шет аймақтарындағы тірегі ретінде пайдалануды басты нысана етті.

Қоныстанушылар ол жерлерде орыстандыру саясатын жүргізуге және отарлау әскерлерін толықтыру көздері ретінде есептелді.

Бұл саясат табаны жалпақ 57 жыл немесе 1918 жылға дейін жүргізіліпті. 1915 жылы қоныстанушылар басқармасының бүкіл Қазақстаннан тартып алған жер көлемі 21.206187 десятин болса, оның ішінде Семейде 3.799566 десятин екен. Қоныстанушылар саны жылдан жылға көбейіп, участкелер көбейіп отырыпты. Бұл сөздің дәлелі ретінде, қазақстандық жазушы Иван Шуховтың «Қасірет белдеуі» (Горькая линия) романы барын білесіздер. Оқығандарыңыз Орыс отаршыларының қазақ жерінде қандай лаң салғанын, қазақтарды қалай қорлағандарын, ол қорлықтың ең алуан түрі «Погоняем Киргиз» болғаны романда тәптіштеп жазылған. Осындай оқиғалардың бір көрінісі ретінде Халық Кеңесі газетінің 13 қазан 1992 жылғы №190 санында тілші Думан Рамазановтың «Атаман Анненковтың жазалау жорықтары» туралы жазылған мақаласының замана көрінісін айғақтайтын бір ғана үзіндісін айта кетуді жөн көрдім.

1919 жылдың мамыр айында Анненков Самарқанды Арқаттағы коменданты арқылы телеграмма беріп, Үржарға шақыртады. Бірақ ол онда бармайды. Бас сауғалап Семейге қашып кетеді. Артынша өзі де ауылға келген атаман «Самарқанды тауып бермедің» - деп, оның Байсұлтан дейтін немере інісін азаптап өлтіреді. Көрсеткен азабы мынау: әуелі қолын кескен, онан соң көзін ойған, сонан кейін өкпесіне қылыш сұққан, соңынан басын қылышпен шауып өлтірген. («Қазақ тілі, 1927 жыл 26 шілде»).

Анненковшылар еркектерді ғана жазалаумен тынбай, қыз-келіншектерге де құтырған қасқырдай тиіп, абыройларын айрандай төгеді. Бұл жөнінде куәгер Тайжан Мұхамедиұлы былай дейді: 1918 жылы күзді күні Анненковтың отряды біздің Қорғанбай ауылына келіп, Қасен Байке баласының қызын зорлықпен тартып алып, Ащыкөл бекетіне апарады. Онда Анненковтың барлық солдаттары білгендерін істеп, рәсуалап, 20

күлдей ұстап тұрды. Ол әйел соның зардабынан өліп кетеді. Бұдан басқа да көрсеткен жәбір-жаппасы көп. Барлық азық-түлігімізді тартып алып, малымызды айдап, ауылымызды шауып кетті»...

Анненков отрядының бастықсымақтары - Налученко, Селеванов, Теляков дегендер қит етсе дүре соғып, көңілі сүйген қыз-келіншектерді алып кетіп жүрді. (Қазақ тілі, 1927 жыл, 26 шілде).

Куәлердің айтуларына қарағанда, Анненковшылар Аягөзге келгенде қаланың тең жартысын өртеп, 800-ге жуық адамды асып, атқан. Троицкіде 100 еркекті, 17 әйелді және 7 емшектегі баланы өлтіріп, селоның өзін түк қоймай өртеп жіберген. Ал Семей қаласынан 50-60 шақырымдай жерде орналасқан Знаменка селосына барғандарында қанды балақ жендеттер жергілікті тұрғындардың бірін қалдырмай бауыздап кеткен. («Қазақ тілі», 1927 жыл 28 шілде). Қысқасы Анненковшылар жүріп өткен жерлеріндегі елді мекендердің тұрғындарын қырғи тигендей зар қақсатып, мал мүліктерін олжалап кетіп отырған. Сондай-ақ куәгер Добня Анненковшылар қолға түскен тұтқындарды мейлінше қинап өлтіруге құмар болған десе, Тұрсын дейтін куә олардың бесікте жатқан баланы да аямай, найзаларымен шаншып алып, лапылдап жанып жатқан пештің ішіне салып жіберетінін айтады. (Бұл да сонда).

Мен ол кезде шаруа жауынгерлерінің қатарында едім, - дейді тағы да бір куәгер Б.Есжанов, Анненковшылардың ізіне түстік. Біз Үржар деген ауылға барғанда, елді мекенге келдік деп ойлағанымыз жоқ. Мал соятын қасапханаға келген екенбіз деп қалдық. Жосыған қанның тасуы сонша, су сияқты еді. Ал өлген адамның тәні тезек тәрізді үйіліп жатты. Әсіресе, сол уақыттағы бір көрініс әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Ол кеудесін бір бөлек, оң қолын бір бөлек борша-борша қылып тастаған жас сұлудың жалаңаш тәні. Әйелдің сол көзін ойып алып, бір үшкір таяққа шаншып, жерге қағып қойған. Оның жанына тағы бір қазық қағып оған бір жас нәрестенің өлі денесін іліп қойған және өліп жатқан әйелдің емшегін кесіп алып сәбидің аузына жабыстырып қойған. Оның арғы жағында 12-13 жасар қыз бала жатыр. Оның да бір жақ көзін ойып, бір жақ бетінің терісін сыпырып алған және оң жақ қолының екі саусағын кесіп алынды. Бірақ баланың жаны әлі шыға қоймағты, шала-жансар күйінде

ыңырып жатыр. Оң жақ аяғын қайырып, беттен сыпырып алған терісімен жабыстыра сүйегіне шегелеп тастапты. Анненковтың қанішерлері талай адамның басын кесіп тастаған екен. Солардың бірі - біздің жанымызда жүрген бір жолдасымыздың үй ішінен екен. Оны көрген әлгі байғұс сол заматта жүрегі жарылып өлді. Міне, бұндай қайғылы көріністерді біз Анненков жүріп өткен елді мекендердің бәрінен кездестірдік. Иә, Анненковшылар жүріп өткен елді - елсіз жерде өлген адамдардың денелері тарыдай шашылып, көмусіз қалған. Ал оларды қаңғыған бұралқы иттер азық етіп, қарындарын тойдырған. Енді жоғарыда сөз еткен қанды оқиғалардың қоспасы жоқ шындық екенін дәлелдейтін «Қазақ тілі» газетінде жарияланған сот протоколынан, яғни прокурордың Анненковтан алған жауаптарынан қысқаша үзінді келтірейік:

«Прокурор: - Сіздің адамдардың әйелдерді зорлағаны өзіңізге мәлім бе еді? Анненков: - Иә, мәлім еді. Славгород уезінде бір поселкенің өртенгені рас па? - Рас өртенді. – Қара халықты дырау камшымен дурелегендерің рас па? - Иә рас, ол Семейде болды. – Сіз 1918 жылы Семейдің өзінде ғана болдыңыз ба? -Жоқ, Аягөз, Кереку сияқты аудандарды араладым. – Біреулерді қамап, біреулерді асып-атып, енді біреулерді азаптап, жерге тірідей көмгендерің рас па? – Иә, бұл болған». (Қазақ тілі, 1927 жыл 29 шілде). 1918 жылы Семейге Анненковтың аты шулы «азап вагондары» келе бастайды. Куәлердің айтуынша, бұнда түскен тұтқындардың бірен-сараны болмаса, көпшілігі тірі шықпаған. Қандыбалақ жендеттердің қолдарынан асып-атылған немесе аштық пен суықтан қырылған. (Бұл туралы «азап вагонының» дәмін татып, ондағы адам төзгісіз қиыншылықтарды басынан өткерген, Сәкен аға \Сәкен Сейфуллин\ өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты өмірбаяндық романында анық та, қанық етіп жазған ғой. Бұл кітап көзі қарақты оқырмандарға етене таныс болғандықтан, онда суреттелетін оқиғаларға қайтара тоқталып жатудың қажеті жоқ деп таптық). Аузын арандай ашқан бұл «өлім вагондары» туралы, «Қазақ тілі» газетінде жарияланған мына мақалада бірсыдырғы мәліметтер бар: 1918 жыл. Күз. Күн суықтау. Жер қатайын деген. Семейдің ат арба тоқтайтын станциясында тауар тиейтін бірнеше вагон тұратын. Солардың ішінде адамдар жататын вагондар да бар еді. Оларда пеш

жағылмайтын. Іші өте суық болатын. Тым-тырыс, ешбір дүбірсіз тұратын. Анда-санда ғана күбір-күбір сөйлескен адамдардың дауысы шығатын. Міне, осы вагондарда алты күннен бері нәртатпай большевиктер қамалып жатқан еді. Ал тағы бір вагондардағы көңіл күй мүлде басқаша болатын. Жылы, ішіндегі адамдар тойып секіріп жүр. Ішкендері арақ. Ондағылар кері төңкерісшілдіктің «батырлары» Анненков пен Сидоровтар еді. Сол күні қамаудағылардың біреуінің катыны осы вагондағылардың жанына кеп көп тұрды. Бір уақытта атаман далаға шығып еді, әйел «байымды босатқыз», - деп жалынып, аяғына жығылып, бас ұрып сұранды. Қаһарлы атаман әйелді дедектетіп апарып, шұңқырға итере салды да жауабын бірақ берді.

Түн еді. Тым-тырыс. Ешбір дыбыс жоқ еді. Бір уақытта темір күректің даңғыр-дұңғыр еткен дыбыстары естілді. Біреулердің тағдыры таусылғандай болды. Көр даярланды. Атаман жатқан үйден мас адамдардың дауыстары шықты. Өлең айтып, шаттанып жатыр екен. Әбден масайрап ішіп болғаннан кейін, Анненковшылар вагондағы большевиктерге келіп, шешіндіре бастады. Әбден шешіндіріп болғаннан кейін, көрге алып келді. Мылтықтардың шаңқ еткен дауыстары жамырай шықты. Большевиктер көрге құлады. Даңғырлаған күрек дауысы қайтадан шығып, өлген большевиктерді тепкілеп көме бастады. \«Қазақ тілі», 1927 жыл 26 шілде\.

Міне, Анненковтың «азап вагонында» болған адамдардың тағдырлары көбінесе осылай аяқталып отырған. «Азап вагонында» сан алуан зорлық-зомбылықтардың болғандығын және ондағы тұтқындар ешбір тергеусіз өз әкімшілігімен атылып отырғандығын, сот барысында Анненковтың өзі де мойнына алады. \«Қазақ тілі» 1927 жыл 3 тамыз\.

1918 жылы қазан айында Анненков пароходпен Өскемен қаласына келеді. \Ол кезде Өскемен уезі Семей облысына қарайтын – Д.Р\.. Оның негізгі мақсаты - Өскеменде қазақ әскери бөлімдерінің қалай құрылып жатқанын тексеру мен қаладағы Кеңес өкіметінің белсенді ұйымдастырушылары тұтқындалған түрменің хал-жайын өз көзімен көріп қайту еді. Қала халқы оны қорыққандарынан қурақ ұша қарсы алды. Шіркеу коңыраулатып, саудагерлер ақшаларын аямай-ақ шашып, Анненковтың келуін үлкен мерекеге

айландырады. Қызық пен сұдай төгілген араққа белшесінен батқан атаман жандайшаптармен бірге кешке таман тәлтіректей басып түрмеге келеді. Камераға кіргеннен кейін Анненков сапта тұрған әскери тұтқындарға жақындап келіп, бас-көз демей шетінен ұра бастайды. Оннан астам адамды өлімші ғып соққыға жыққан атаман тұтқындардың ішінен ең қауіпті деген 30 адамды іріктеп алады да: «Бұларды Семейге апарып циркте көрсетеміз», - деп парходқа қарай алып жүреді. Тұтқындардың ішінде оқ тиіп, ауыр жараланған Өскемен уездік партия комитетінің және жұмысшы, шаруа, қазақ депутаттарының уездік кеңесінің алғашқы төрағасы Яков Васильевич Ушанов та бар еді. Өз аяғымен жүруге шамасы келмеген оны қандыбалақ жендеттер зембілмен алдыртып алып, лапылдап жанып жатқан пештің ішіне тірідей лақтырып жібереді. Ал қалған тұтқындарды Семейге алып келіп, стансада тұрған «азап вагондарының» біріне қамап қояды да, бір жұмадан кейін Ертіс өзеніне алып барып, атып тастайды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» демекші, бұдан сәті түсіп, осы 30 тұтқынның бірі П. Самбурский ғана аман-есен қашып құтылады. Біз бұл оқиғаға байланысты деректерді осы кісінің «Мұз астындағы өлім» атты естелігінен алдық – Д.Р\.

Төртінші: Ресей патшалығы құлағаннан кейін Аягөзден жолшы жалдап орта асу \Покровка\ арқылы Қытайға қарай өткен Ақ патшаның Деникин мен Колчак бастаған атамандарының Тарбағатай жоталарындағы елді мекендерде отырған бейбіт елді жазықсыздан-жазықсыз қырып «ақ сөкке» жасап кеткеннен кейін де, бұл үрдіс бүкіл дүниені дүр сілкіндірген төңкеріс кезеңдеріндегі, ақ пен қызыл арасындағы қазақ халқының заңның қалыптаспаған жүгенсіз кезінде де, қатыгездіктен қырылған. «Көлеңкелі», «Нарын», «Сарбұлақ» оқиғалары «Ақсуат-Атамекенім», «Ел іші шежіре кеніші» кітаптарында жазылғандықтан, оқиғаларын қайталауды жөн көрмедім.

Бір айта кетер, бұл кезең құбыжығы көп, сұмдығы сұрапыл, құрдымы мен иірімдері мол, оппа көмей, жұт пиғылдың ерекше дәурен сүріп, жолсыздық атаулы үкі тағып сырнайлатқан, көзі ашық, ішінде не бір тұлпар боп туғандарының тулақ күрлы бағасы болмаған заман екен.

Бесінші: 1931-1933 жылдары Голощекиннің зобаланы басталар шақта өзінше «Кіші революция» жасамақ болған Голощекин келе кошпенділікті тиып «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранның желеуімен жүргізілген саясаттың нәтижесінде, үкіметтің ел қолындағы малдың көзін жоғалтып, үкіметтің егін салуға көмегі жоқ болғандықтан, кошпенділікпен мал асыраумен, мал өсіруден үкімет қысымымен малы түгесілген қазақтар ең ақыры қолда қалған бірер жылқы, ірі-кара, қой-ешкі малдарын ұрыдан қорқып, адам жатар үйде бірге ұстап тірлік жасап келген адамдар, ал малдары түгесілгеннен кейінгі қазақтар жаппай ашаршылық зұлматына ұшырайды.

Голощекиннің ел басына әкелген қиыншылығынан ел малдан жұрдай болып айрылып, тоз-тозы шығып, жан сақтау мақсатында жаяу-жалпы Қытайға жан-жаққа жер ауып қашқан кезең екен. Ақындардың:

Өткен ғасыр төңкерісі заманның,

Ала келді қазағына тозағын,

Миллиондап аштан қазақ қырылды,

Көрді өмірдің соғыссыз-ақ мазағын – деген жыр жолдары осының дәлелі болар. Қазақтардың жаппай жер ауғаны, адам өлімінің еселей түскен кезеңі де осы тұс көрінеді.

Ашаршылықтың жантүршігерлік жағдайларын ел аузынан естіген әңгімелерден жазудан тарих ғылымдарының докторы профессор Талас Омарбековтың аштықтың нақты да жантүршігерлік көрінісі қалай болғандығын архив дерктерімен айғақтайтын «Ашаршылық ақиқаты» деген Ақиқат журналының № 5 санында мамырдың 1997 жылғы жазылған мақаласын ұсынуды жөн көрдім.

Большевиктер өкіметі басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін 20-жылдар басында және 30-жылдар басында жантүршігерлік ашаршылықты бастан өткерді. Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды. Қазақ қалай аштыққа ұрынды?

Архив қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар оқырманды шатастырып бұл сұрақтың жауабын ауа райының қолайсыз болып, егін шықпай қалғанынан, әрі кеткенде жергілікті

жердегі асыра сілтеуден іздейді. Ақиқатқа жүгінсек, аштықтың төркінінде большевиктер партиясының көсемі Лениннің және оның партиялас серіктерінің бұралаң іздері сайрап жатыр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Ұлы көсемнің» көзі тірі кезіндегі зобалаңға бір сәт көз жүгіртіп өтейік. Мұхамеджан Тынышбайұлы ағамыздың есебі бойынша 1917 жылы Қазақстанда 2910 000 қазақ өмір сүрген болса, М.Г Сирустың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1 965 443-ке әрең жетіп қығылған. Табиғи өсімді есептемегеннің өзінде 1 млн қазақ қайда? Профессор С.П. Швецов есеп-қисап бойынша тек 1921 жылғы ашаршылық салдарынан Қазақстанда болған кемудің өзі ғана 30 проценттен кем емес екендігін де айта кетеді. Мұны нақты деректер де мақұлдайды. Десек те, кейбір зерттеушілердің «Мұндай аштық Ресейдің өзінде, Еділ бойында да болды емес пе?!»- деуі. Әбден мүмкін. Ол рас. Бірақ мынаны неге ұмытамыз: орыс жері ақ пен қызылға бөлініп алып, қырылып азамат соғысын жандандырды да ауыл шаруашылығымен шындап айналысуға өздеріне де, өзгелерге де мүмкіншілік бермеді.

Қазақстандағы 1921 – 1922 жылғы ашаршылыққа шындығына келсек, ауа райы, құрғақшылық емес, өздері өкіметті бір түнде басып алған соң, кешікпей-ақ азамат соғысы тұтанатынын, ал одан шаруашылық күйзеліп, халық аштан қырылуы мүмкін екенін біле тұра, қатерлі бағыттарынан қайтпай қойған большевиктер және олардың партиясының біржақты саясаты кінәлі. Өкімет билігін өз қолдарына алған Сталин, Голощекин тәрізді Лениндік жасақтың мүшелері Лениннің шәкірттері алғашқы аштықтан қажетті тарихи тағылым алмады. Қазақтың алғашқы ашаршылықтада Қытай мен Монғолияға ауа көшкені белгілі. Сондықтан жоғарыда біз атап кеткен белгілі орыс ғалымы С.П.Швецов «Үдіре көшу» \Откочевка\ деген сөзді 1926 жылы Мәскеуден жарық көрген өзінің еңбегінде алғаш пайдаланған еді. Дәл осыған ұқсас жағдай Қазақстанда 1930-1933 жылдары да қалыптасты.

Қазір көпшілікке белгілі Тұрар Рысқұловтың И.Сталинге, Л.Кагоновичке, В.Молотовқа жазған \1933 жыл 9 наурыз\ хатында мұндай үдере көшу көлемі төмендегідей суреттеледі: «Қонысын тастап, Қазақстанмен қоршілес өлкелерге көшкен қазақтардың

мекен жайларынан келіп түскен соңғы деректерге қарағанда: қазір Орта Еділде 40 мың, Қырғызстанда 100 мың, Батыс Сібірде 50 мың, Қарақалпақстанда 20 мың, Орта Азияда 30 мың қазақ бар. Қонысынан ауғандар қалмақ жеріне, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және басқа да осы сияқты шалғай жерлерге де көшіп кетті. Байлар бастаған бір қауым Батыс Қытайға ауды. Бұл қазақтардың жәй көші-қоны әдетте жаз айларында қолындағы бар малын жайлауға шығарып өріс ұзатқаны сияқты емес, көп реттерде аш адамдардың талғажау іздеп, басы ауған жаққа кетуі. Кейбір аудандарда қонысынан ауғандардың саны сол аудандарда тұратын барлық халықтың 40-50 процентіне дейін жетеді...». Арада 20 күннен кейін, яғни 1933 жылдың 29 наурызында осынау сорақы жағдайды Қазақстанның жаңа басшысы Левон Мирзоян Сталин мен Молотовқа төмендегідей хабарлайды: «Қонысынан ауғандардың жағдайы күрт ауырлап барады. Біздің деректеріміз бойынша, қонысынан ауғандар 71 ауданды қамтып отыр: оның 50-і көшпенді және жартылай көшпенді, ал 21-і отырықшы-егіншілік аудандар. Олар, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысының, Алматы облысының аудандарында, Қарағанды облысының оңтүстік бөлігінде, Шығыс Қазақстан облысының батыс бөлігінде, Ақтөбе облысының оңтүстік бөлігінде, Батыс Қазақстан облысының бірқатар аудандарында қаптап кетті. Бұрынғы егіншілік аудандарынан, мәселен, Әулиеата, Талдықорған, Мерке, Талас, Шу, Созақ, Қордай, Іле, Қаратал, Жігітқара, Семиозер және т.б. аудандарда қонысынан ауғандардың саны өте көп. Барлық облыстарды алатын болсақ, шамамен халқының саны 300 000 адам болатын 90 000-нан аса қожалық Республика шеңберінен тыс жерлердегіні есептемегенде өздерінің туған жерлерінен басқа мекендерге көшіп жатыр, яғни қонысынан ауушылық жағдайына душар болуда. Бұдан басқа соңғы екі айдың ішінде қонысынан ауғандар ішінен Орта Азиядан, Сібірден және Еділ бойынан кері қайтып келушілер тасқыны күшейе түсті, ол күні бүгінге дейін тоқталмай отыр. Мұндай босқыншылықтың жалпы қазақтар санын шұғыл кеміткені және белгілі. Бұл туралы архив қойнауында біраз мәліметтер баршылық. Олардың ішіндегі ең құндысы және ең маңыздысы, біздің ойымызша сол жылдары халық шаруашылығы есебінің бастығы болып жұмыс жасаған

М.Саматовтың 1937 жылдың басында 1937 жыл 5 наурыз Л.Мирзоянға және Мәскеудегі өзінің бастығына жазған хаты. Онда мынандай жолдар бар: «...біз әр жылдардың 1-маусымындағы салық есептері негізінде Қазақстандағы ауыл халқының санының өзгеріс қатарын жасап шықтық.

Бұл қатар төмендегідей:

1 - маусым	1930 жыл	-----	5873,0 мың
1 - маусым	1931 жыл	-----	5114 мың
1 - маусым	1932 жыл	-----	3227 мың
1 - маусым	1933 жыл	-----	2493,5 мың
1 - маусым	1934 жыл	-----	2681,8 мың
1 - маусым	1935 жыл	-----	2926,0 мың
1 - маусым	1936 жыл	-----	3287,0 мың

Халық санының бұл қатарына байланысты мынаны ескерте кеткен жөн: маусымдағы есеп, ең бастысы мал сандарын және басқа да заттарды, сондай-ақ ауылдық жердегі қожалықтар сандарын толық қамтуға бағытталғандықтан халықты кемірек мөлшермен санаудың қазірге дейін орын алып отырғаны табиғи нәрсе. Біз бұл кем санау 8-12 процент аралығында деп мөлшерлейміз: мұның өзі 1937 жылғы қаңтардағы халық санағының барысы туралы жедел хабарламаның алдын ала мәліметтерімен де расталады. Бірақ салық есептерінің мәліметтерінде халық санындағы өзгерістер бағыты азды-көпті дұрыс берілген. Мысал үшін, 1930-1932 ж. орын алған асыра сілтеулермен байланысты босқыншылық және басқа да жайттар ыштан және жұқпалы аурулардан өлу-т.о.л. 1933 жылдың шілдесіне қарай толастады және келесі жылдары халықтың саны өсе бастады.

Қала халқының саны туралы бізде тек 1926 жылғы санақ және 1931 жылы мемлекеттік жоспарлау жүйесі үлкен ақаумен жүргізген жаппай есеп мәліметтері бойынша қала халқының саны – 471 мың, ал 1931 жылғы жаппай есеп мәліметтері бойынша 732,7 мың болып шықты. Кейінгі жылдары қала халқының жаппай санағы өткізілген жоқ, ал мемлекеттік жоспарлау болса бізбен бірігіп 1926 және 1931ж. нақты сандары негізінде оперативтік жоспарлау және құрылысты дамытуды онеркәсіпті, көлікті және

тағы басқа өркендетуді есептеп отырды. Жылдар бойынша қала халқының есептелген сандары мынадай қатар құрайды:

Қаңтар	1931 жыл	-----	732,7	мың
	1932 жыл	-----	1072,1	мың
	1933 жыл	-----	1218,9	мың
	1934 жыл	-----	1311,6	мың
	1935 жыл	-----	1437,6	мың
	1936 жыл	-----	1499,5	мың

Бұл мәліметтер осы жылдары орын алған қала халқының өсу бағытын дұрыс бейнелегенмен де бәрібір дәлме-дәл бола алмайды. Өйткені оларды тексеретін қандай да бір болсын есеп материалдары жоқ. Бұл жердегі дәлсіздік ең алдымен кейбір асыра көрсетудегі ауытқу түрінде орын алған.

Қала халқына байланысты дәлме-дәл мәлімет 1937 жылғы халық санағы нәтижесінде алынатын болады. Осы дәлдігі жетісе бермейтін ауыл және қала халқы туралы мәліметтерді салыстыра келіп, мынаны анықтауға болады:

1. Ауыл халқының 1931-1932 жылдарда \1933 жылдардың басына дейін\ ойсырай азайып кетуі.
2. Қала халқының ең алдымен ауыл халқы есебінен ұлғайып өсуі.
3. 1933 жылдың маусымынан бастап село халқының жылдан-жылға үздіксіз, көптеп өсе бастауы. Иә, көріп отырмыз аштық ауқымын халық саны негізінде сипаттау - қазақ жерінің сол жылдардағы ауыр қасіретінен едәуір толық хабардар етеді.

Ал енді аштықтың нақты да жантүршігерлік көрінісі қалай болды, ол туралы да архив қойнауында деректер баршылық. Жеті адам қол қойған Шу елді мекеніндегі жағдай туралы төмендегі құжат осыны дәлелдейді: «Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барак жан төзгісіз лас жағдайда: баспана әл-дәрмені таусылған көбі әзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспана сыз, былғаныш, сасық. Аш адамдар\ 100-ге тарта адам\ жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен: барлық жерде сүйектер, жыртылған

киімдер, адамдардың қоқыстары және шығыс жағында тоғыз өлік жатыр, барақтан біраз жерде солтүстікке қарай ордың ішінде тағы да өлік. Барақтың орнынан шығысқа қарай 1,5 шақырымдай қашықтықта шұңқырда бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеудің орын алғанын айғақтайды. Қазақ бейіті жас молаға толы».

1932 жылы А.Мирзоянның және Алматы облыстық партия комитетінің хатшысы Төленовтың атына жазылған, арыз иесінің аты көрсетілмеген өтініште мынандай жолдар бар: «Орталық Комитеттің 17.09.1932 жылғы шешімін Алматы облысының Қоңырат ауданында жүзеге асыру нәтижелері: босқындарға көмектер ұйымдастыру. Егер аштықтан өлген адамдар санын алар болсақ, ауылдарға бөлгенде төмендегідей болып шығады:

№ 1 ауыл	52
№ 2 ауыл	126
№ 3 ауыл	98
№ 4 ауыл.....	257
№ 5 ауыл	180
№ 6 ауыл	42
№ 8 ауыл	288
№ 10 ауыл	50
№ 11 ауыл	317
№ 12 ауыл	190
Барлығы	1600 адам.

Бізде № 14 ауыл туралы мәлімет жоқ. Бұндағы адамдар ауданның оларды аман алып қалуға мүмкіншілігі бар кезде-ақ аштан өліп қалды. Мұндай масқара құбылыстан басқа мынадай мысалға душар болып отырмыз. Сталин атындағы колхоздың №12 «Ақтас - Жартас» ауылында 4 адамды 19 адам жеп қойыпты. Олардан адам еттерін және өлекселерін тауып алдық. Әлібек колхозында 22 адамның 21-і өлген кезде, қалған біреуі өзінің туған ағасының етін жеген. Мұндай фактілерді тағы да келтіруге беруге болар еді, бірақ, аудан жағдайы туралы түсінік алу үшін келтірілген мысалдардың өзі де жетіп жатыр.

Архив қойнауындағы деректерден ұғатынымыз, алапат аштық, әсіресе, 1933 жылға қарай өршіп кеткен. Хат иелері қол қоймаған тағы бір құжатта мынандай мәліметтер бар: «1933 жылдың қаңтарынан 31 наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алынған өліктер, ауылдық кеңестің берген мәліметтері:

Ауылдық кеңестердің аттары	Өлген адамдар
Благовещенский	51 адам
Успеновский	80 адам
Горноникольский	101 адам
Черноречанский	150 адам
Брикский	213 адам
Георгиевский	76 адам
Барлығы	671 адам

Успен ауылдық кеңесінде бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйретіп жүрді. \Ол ұсталды. ОГПУ тұтқынында отыр\). Тағы бір құжатта осыған ұқсас төмендегідей жантүршігерлік деректер бар: «...Кемшіліктерге мыналарды жатқызуға болады:

1. Босқындарды оларды орналастыратын жерлерге қайта жөнелтудегі салақтық. Осының арқасында жекелеген станцияларда \темір жол бойында – т.о.\ осындай отарылып қалулар орын алды.

2. Қаратал аудандық атқару комитеті және Іле поселкелік кеңесі ашығып өлген босқындардың өліктерін жинап алуға немкетті қарады. 23.02.33 жылы Үштөбенің оперативтік пунктiнiң бастығы жолдас Соловьев және жолдас Кашкиров Үштөбе поселкесіндегі сүт фермаларына баратын жолға жақын маңайда шашылып жатқан бірнеше өліктерге кездескен. Оның үстіне бір өліктің көзін құстар шұқып тастапты. Сұрастыра келгенде бұл өліктердің жатқанына 10 күндей болғаны анықталды. Бірнеше өліктер темір жол бойындағы жағалық орлардан табылды. Оларға мола қазбау үшін осылай істегені көрініп тұр. Ал жалпы тұрғындар әңгімесіне қарағанда, поселкедегі барлық шұңқырлар өліктермен толтырылған және қармен бүркемеленген. Поселкеден 5-10 шақырым қашықтықта жол бойында көп өлік шашылып жатыр. Байқағанымыз: өлгендердің есебін ешкім де жүргізбейді.

ойткені өлгендер санына байланысты қойылған сұраққа поселкелік кеңес төрағасының орынбасары Сихымбаев былай деп жауап берді: «Қар ериді емеспе, міне сонда өлгендер қаншама екенін көретін боламыз».

Соңғы екі күнде поселке бойынша 30-ға жуық өліктер жиналды. Бұл деректерді жазып отырған сол жылдары Турксив ОГПУ-ы жол қатынасы бөлімінің бастығы Евграшкин деген кісі. Ал енді облыстық комитет уәкілінің 1933 жылы 22 ақпанда О.Исаевтың атына жазған хаты бұдан да бетер жан түршіктіреді, онда мынандай жолдар бар: «азық-түлік қиыншылығына байланысты басқыншылық кейбір мәліметтерге қарағанда Ақсу ауданында 32-ші жылдық қазан-қарашасында басталыпты. Аштық негізінде өлгендер саны 1083 адамға жетеді. \15 ауылдық кеңестердің мәліметтері\: ал табиғи өліммен өлгендерді қоссақ – 2264 адам, осыған жақын сандарды басқа органдар да беріп отыр.

Жылқының қиынан сұлы жинау, өлген малдың терісін жеп қою жағдайлары жиі кездеседі. Соңғы күндері адамды жеп қою туралы сөздер жиі таралып жүр. Үш жағдайды тексергенімізде мұның өзі азық-түлік алу үшін арандатуға ұқсады. Бірақ сенуге болатын да жағдайлар кездесуде \аудандық атқару комитетінің төрағасы Т.Тынысбаевтың мәлімдемесі\.

Бұл іске байланысты кінәлілер ұсталды. Тынысбаев жолдастың мәлімдеуінше, тіптен, 2 тұтқынға әйелдері алып келген шелектерде пісірілген адам еті бар болып шықты. Аудандық комитет уәкілінің айтуынша, бұл адамдар ұдайы таяз молаларды ашумен айналысып, өлік етімен тамақтанып келген. Бұл мемлекеттік банк меңгерушісінің орынбасары К.Османовтың айтқаны: олардың ауласына кірген 27 жасар шамасындағы жігіт әжетханада адамның нәжісімен тамақтанған. Сүйек-саяқты немесе көшеге лақтырылған жеуге жарарлықтай әйтеуір бір нәрселерді жеп жатқандарды мен Изринович, Масин жолдастармен бірге Үштөбе БК\БП аудандық комитеті алдында және Ақсуда кездестірдім...

Сонымен, 1931-1933 жылдардағы аштықты сипаттайтын нақты деректерді біраз «сөйлеттік» ондағы мақсат: оқырман архив қойнауында сақталған нақты мәліметтермен жете таныссын және осы негізде өзінше тұжырым жасасын деген ой. Ал мұның өзі

әскен тарихымыздың аса ауыр қасіретін тереңірек түсінуімізге ықпал жасаса керек. - деп жазыпты.

Қазақта: «Төртеу түгел болса төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді», - деген және «шығасысына иесі басшы» деген философиялық дана сөздері бар. Осы қасіретті өмірге қазақемнің өзі де себепкер болып кетті ма екен деген ойға оралады. Олай дейтінім Егемен Қазақстанның 26 маусым 2002 жылғы №144-147 санындағы филология ғылымының кандидаты Сапабек Әсіпұлының «Біз білмей келген шындық» деген мақаласына сөз берелік: 1917 жылы Пролетарлық революция, отаршылдыққа езілген халықтардың бостандық алатындығын, елге өздерін-өздері билеу құқығын беретіндігін мәлімдеді. Бұл жөнінде Әліби Жангелдин бастаған қазақ большевиктерінің де, Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің де мақсаты бір жерге үйлесе кетті. Ұсынылған кандидатуралар: Әліби Жангелдин, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынов, Сейітқали Меңдешев, Мұхамедияр Тунгашин, Байқадам Каралдин. Кеңестік Орталық Үкімет басшылары, Казревкомның төрағасы жергілікті ұлттық өкілі - қазақ болсын деп бірауыздан келісіп қойған болатын.

Таңдау революциялық жұмыс тәжірибесі жеткілікті, саяси көзқарасы, ұстанған бағыты жағынан да сенімді Ә.Жангелдинге түсті. Орталық үкімет пен партия басшылығы оны Казревком төрағалығына тағайындауды ұйғарды. Бұл шешім туралы И.В.Сталин Ә.Жангелдиннің өзіне оңаша бір қабылдағанда ашық айтып көңілдендіріп те қойған.

И.В.Сталин қазақ делегаттарын шақырып, Казревкомға ұсынылып отырған делегат Ә.Жангелдинді айтады, делегаттардың арасынан біреуі орнынан тұрып, пікір айтуға бола ма?- деп сұрады. – Неге болмасын, әбден болады, - деп Сталин пікірді тыңдауға ықыласты екенін білдірді. Пікір жақсы-ақ басталды. Бірақ осы бірақтан кейін көмей белгілі бола бастады. Біз қазақ деген кең байтақ далада басымызды қосамыз деп бас ауыртпай еркін өскен елміз. Қазақ үш жүзге бөлінеді. Бұрын оларды әрқайсысының өз хандары мен сұлтандары жеке-жеке билеген. Ал жүз дегеніңіз әлде неше тайлаға, тайпалар руларға, рулар атааларға

бөлініп кете барады. Казревком орыс немесе басқа бір бейтарап ұлттың өкілі болсын! Келелі әңгіме болып, ұлттық мемлекеттік маңызы зор торағалығына, ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары Станислав Пестковскийді тағайын-дауды ұйғарғанын айтты. Қазақ делегаттары жарыса: - Дұрыс! Дұрыс шешім мақұлдаймыз!, - десіп ризашылықтарын білдірді. Қазақтар осылай қазақтың қолына тигелі тұрған ұлт билігінің тізгінін тартып алды да поляктың қолына ұстатты.

1920 жылы С.Пестковскийді Мәскеуге жұмысқа шақырып алды да, оның орнына тағы бір поляк Радиус Зенковичті жіберді. Осылайша қазақ елін басқару тізгінін бейтарап ұлт өкілінің қолына ұстату дәстүрге айналып кете барды.

1925 жылы қазақ елін басқаруға Голощекин келді. Өттең, тоз-тоз болып кеткен қазақ елінің басын қосып, басқару үшін құрылған тұңғыш мекеменің басына қазақ отырғанда, ол кейін тағы бір қазаққа мұра болып қалатын еді. Жоғарыдағы ұлтжанды азаматтардың бірі отырса, 1920 жылдың соңы мен 1930 жылдың басындағы асыра сілтеушілік соншалық шырқап кетпейтіні, қазақ 1922 және 1932 жылдардағы аштықтан топалаң тиген қойдай қырылмайтыны анық еді, - делініпті.

Оқырман қауым қазақтың басынан өткен тарихты ой елегінен өткізіп келешекке бағыт-бағдар алар деген мақсатта жазылып отыр.

Алтыншы: 1936 – 1938 жылдары Кеңес үкіметі азатшыл қазақ халқын өмірге келген күннен бастап саяси тұтқында ұстады. Арғы атасы Ер түрік, Алаш туын көтерген ұлтжанды қайраткерлеріне жалған жала жабылып, түрмелерге қамалып, жер аударып көзін жойды. Сол жылдардағы белсенді Алаш өкілдері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин 1937 жылы жалған дүниемен асығыс қоштасып, атылып кете барды. 1937 жыл талай тағдырды күйретіп кетті. Аңырап артында жарлары қалды. Шаңырақ шайқалып ортасына түсті. Талай әйел қара жамылды, жастай жесір атанды. Талай жас бала жетім атанды. Ұрпағы жойылған талай есік мәңгіге жабылып қалды. Сәкеннің жары Гүлбаһрам, Бейімбеттің жары Күлжамал түрмеге қамалды. Қой бақты көрмеген азабы қалмады. Түрмеден шықты. Бірақ, «халық жауының әйелі» деген қара таңба өшпестей қалып қойды. Қайда

барса сенімеіздік, көппен араласуға тиым салынған заһарлы да қаһарлы жылдар еді. Не бір дүйділдер жазықсыз жоқтаусыз кетті. Оларды білген, маржан жырлары мен терең ойларын естіген кәрікөз қариялар замана қаһарынан қорқып, ұрпақтарына да олар туралы ашып айта алмады. Тіл бұғауда, іш өрт еді. Бүгінде жазықсыз кеткендерді білетіндер де жоқтың қасы. Сондықтан да, архив қопарып немесе құймақұлақтардың жадында қалғанын жаңғыртудан басқа лаж жоқ.

Отызыншы жылдардың зобалаңынан тек оқыған ғана емес көкірегіне тоқыған адамдар да қуғын көрді. Бойында түрлі өнері бар әнші-күйшілер, есепші жұлдызшылар, абыздар, балгер-тәуіптер, әңгімеші-ертегішілер тағы ел арасында сирек кездесетін қабілетті дарын иелеріне «Халық жаулары» деген ат жамылып, ел арасынан аласталды.

Иә, өтірікшілер мен өсекшілер, надан топастар мен тоғышарлар, жалпы қиянатшылар заманы туып, әділетсіздік үстем болған кез еді. Қиянатшылардың аяушылық сезімі болмайтыны, қатыгездігі белгілі.

«Іші арамдыққа толы қара ниетті, жаман іске ойланбастан бара алатын адамдар неге тез бірігіп кетеді? Олар тез бірігеді де, қара пиғылдарын оңай іске асырады. Қиянат жасайды. Одан халық зардап шегеді» - деп Лев Толстой айтқандай, қара ниет пейілі тар адамдар жақсының жағасына жармасып, адал адамның аяғынан шалып, елдің еңсесі түсіп берекесіз тірлік белең ала бастады. Міне, сол уақытта ел арасындағы сауатты адамдар жаны үшін кітаптарды өртеп, қағаздарды жыртып жойып, кем ақыл кейіпке түсуге мәжбүр болды. Ал, кездейсоқ бұл зұлматтан аман қалғандар өз білімдерін көрсетпей, қымтап ұстап, «бетегеден биік, жусаннан аласа» күн кешті. Талай құпия сырды өздерімен бірге ала кетті. Одан халық зардап шекті.

1921 мен 1954 жылдар аралығында Қызыл империяның солақай саясаты кесірінен Кеңес Одағы бойынша 3 млн 777 мың адам жазықсыз қамауға алынды, оның 642 мыңы ауыр жазаға кесілген. Ал Қазақстанда 100 мыңдай адам түрмеге жабылып, 25 мыңы жалған айыппен атылыпты.

*Кезегімен келді артынан «сор жылдар»
Атақ - даңқы айуындықпен «зор жылдар»,
Қазағымның арыстарын жайратқан,
Қан қасапты, қара түнек «қор жылдар»* - деген өлең

шумақтары осының айғағы болар.

Жетінші: 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарының бастапқы жылын ақындар:

*Басталды соғыс сұрапыл заман,
Фашистер нәлет безгендер ардан.
От ойнап жерде қара бұлт басты,
Жеңіс күн болды көкейде арман— деп жырласа.*

Сол тұстағы басқа түскен қиыншылық, сұрапыл соғыс заманындағы бұғанасы қатпаған балалардың әке туралы тебіренісін жазған ақындардың өлеңін еске сала кеткенді жөн көрдім.

*Бәрі есте,
Көз алдымда,
Құлағымда.
Көз жасын анамды аяп бұладым да,
Жетіге жасым толмай
Дәл осылай,
Қосылдым еңбек атты ұлы ағымға,
Қосылды бар жас досым тегіс тіпті,
Тазарту үшін жаудан кеңістікті.
Сендерді өлді деуге сене алмадық,
Сендерден жеміс күттік, жеңіс күттік.
Осы үміт бізді іске ұмсындырған,
Осы үміт қайықтырмай құлшындырған.
Осы үміт ойсырата соққы беріп,
Жаныштап жаудың сағын сындырған, - делініпті.*

Міне, сұрапыл соғыстың нар көтермес ауыр жүгін жас балалар осылай көтеріп есейіпті. Халық үшін өлсем арнамым жоқ, көгерсін жұртым мен кұрбан – деп, барлық кәмететке толған ер азамат соғысқа аттанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы еңбеккерлер соғысқа қатыспаса да, мылтықсыз майданның бел ортасында жүріп жеңіске үлес қосты.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында, қариялар мен әйелдер, бұғанасы қатпаған балалар, тылда ерен еңбек етіп, тер төгіп ұлы жеңіске жетуге үлес қосты. Әйелдер соғыста жүрген жауынгерлерге киім-кешек тігу, азық-түлік дайындау, ауылда қалған аналар мен жас балалардың, кәрі - құртаңдардың мойнында болды. Күндіз күлкі түнде ұйқы көрмей жеңіс үшін жұмыла еңбек етті. Өгізбен жер жыртып, қолмен дән септі. Қысы - жазы қолдары жұмыстан босамады. Қыста қарт ақсақалдар мен әйелдер өгіз шанаға астық тиеп, темір жолға лау тартты. Аяқтарына өлген малдың бас терісінен жасалған шақай тартып, отын үшін шеңгел мен ши шауып үйлерін жылытты.

Осы бір кезеңді ақын Мұқағали Мақатаев:

«Қайран біздің аналар арды ойлаған.

Шілік шауып, ши өріп, бау байлаған.

Жігіттерден айрылып қалмай қараң,

Қырман басып, егін сап, арба айдаған.

Ұйықтамайтын, тек қана көз ілетін,

Көзін ілсе ерімен кезігетін.

Әйелдігін ұмытып күні бойы,

Түнде ғана жатарда сезінетін» - деп суреттепті.

Өмірдің өзгерісі қай ұрпақты болсын айналып өтпейді ғой. Сол өзгерісті жылдардың отызыншы жылдарынан бастап, күйзелісті өмірдің ұрпақтарының ішінде біздерде болдық. Өмірдің ащысы мен тұщысын көріп өскен ұрпақтың біріміз деп айтсақ артық айтқандық болмас.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының қиын кезеңінде біз, яғни кәмелетке толмаған 8-10 жасар ер балалар үлкен әкелеріміз бен ағаларымызды майданға аттандырып, колхоз далаларында «барлығы Отан үшін, барлығы жеңіс үшін» - деген ұранмен тәулігіне 12-15 сағаттан, тіпті 20 сағатқа дейін жұмыс істеп, барлығымыз бір кісідей ат салысқан кезде де өмірді, Отанды сүйдік. Себебі, біз өмірді бағасы жоқ қымбат бақыт деп білдік. Отанымыздың бейбіт өмірі үшін жан аямай күрестік. Сол кездегі жұмысшы табы, колхозшы шаруалар, Совет интеллигенциясы ұлы ерлік жасады, олар өздерінің жанқиярлық еңбегімен қарулы күштердің жауынгерлерімен бірлесіп отырып, жауды талқандау

жолындағы жеңісті шыңдады. Соғыстың бүкіл өн бойында майдан мен тыл біртұтас жауынгерлік лагерьде болды.

Қаһарман ерлік пен күрес төрт жылға немесе 1418 күнге созылды. Осы мерзімде 20 миллион Совет азаматы қаза тапты, фашистер алты миллиондай бейбіт тұрғындарды және төрт миллиондай әскери тұтқындарды қырды, азапқа салды. Босқыншылар еліміздің 1710 қаласын 70 мыңнан астам селолармен деревняларын талқандап өртеп жіберді. Совет халқы осы ауыртпалықтың барлығын да өз мойнымен көтерді. Соның нәтижесінде көптен күткен жеңіс күні де келіп жетті. Бұл жеңіс күніндегі халқымыздың жүрек жарды қуанышын айтып жеткізудің өзі шексіз деуге болады. Осындай қиындықпен сақталған бейбіт күнді ақын М. Оралов былай деп жеткізген еді.

*Күн Әлемнің зор тұлғасы дір еткен,
Соғыс өртін бөгеп өршіл жүрекпен.
Жеңіс үшін қаза болды миллиондар,
Бейбіт күнді сақтап қара түнектен.
Қорғап қалды Ұлы Отанның теңдігін,
Туған жердің тарылтпады кеңдігін,
Ұрпағына тастады олар мұра қып,
Бейбіт күн мен қайтпас қайсар ерлігін.
Жеңіс үшін ойрандалды далам мың,
Қаны тамды әкем менен анамның,
Сол қандардың қасиетімен көктеген.
Бүгінгі күн менің алтын заманым – дегені есте қалыпты.*

Сегізінші: Ғасырлар бойы өмірдің өткелдерінен өтіп, қилы-қилы кездерде бір құлап, бір тұрумен келе жатса да, бар өнерге өсиетін, әдет қасиетін ғұрып пен рәміздерін сақтап қалуға ұмтылып баққан халқымыз 70 жыл бойына коммунистік режимнің торына түсті.

Бұл үстемдік 1986 жылғы 16 желтоқсандағы үкімет билігіне шет елден келген Колбиннің басқаруына наразылық білдірген жастардың тәуелсіздік пен азаттық үшін жандарын пидә етіп жүрескен жастардың наразылық шеруімен ұласты.

Тәуелсіздік оңай жолмен келген жоқ, соның жолында мыңдаған он екіде бір гүлдері ашылмаған ұлдарымыз бен

қыздарымыз осы жолда көз жұмды. Бұл оқиғаның да белгісіз құпия беттері, ел біле бермейтін оқиғалары баршылық. Соның мысалы ретінде ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановпен желтоқсан шындығының белгісіз беттері туралы «Жұлдыздар отбасы» журналының №24 санындағы журналист Жарылқап Қалыбаймен болған сұхбатын ұсынуды жөн көрдім:

Жарылқап Қалыбай: - Мұхтар аға, қазақ халқының тағдырында 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан көтерілісінің орны бөлек екені рас, кезінде бұл жөнінде айтуға, жазуға тиым салынды. Ащы қасіретті алғаш рет 1988 жылы 2 қыркүйекте, Қазақстан Жазушылар Одағының пленумында, сосын 1989 жылы 6 маусымында, Кремльдің съездер сарайында бүкіл әлемнің назарын аудартып, басыңызға төнген қауіпке қарамай сіз көтермегеніңізде желтоқсан шындығы «Жабулы қазан жабулы күйінде» қалуы әбден мүмкін еді. 1986 жылғы 16-17 желтоқсанда алаңға қарусыз жас жігіттер мен қыздар шықты. Егер билік демократиялық, гуманистік бағыт ұстанғанда жастар бір күн, екі күн, ары кеткенде үш күн тұрып, өз талап-тілектерін басшыларға жеткізген соң тарап кетуі мүмкін бе еді?

Мұхтар Шаханов: Бұл арада күні бүгінге дейін жұрттың көбі білмейтін мынандай қылмыс жасырынып жатыр. Горбачев, ә дегеннен «демократия», «жариялылық» ұғымдарын алға тартты емес пе? Осы кезеңде КСРО қауіпсіздік комитеті \КК\ КСРО ішкі істер министрлігі \ИМ\ «егер одақтас республикалардың бірінде билікке қарсы көтеріліс бола қалса, оны қалай оңай матап тастай аламыз?», - деген мақсат төңірегінде үлкен жұмыс жүргізген. Аты шулы «Метель» операциясы осылай дүниеге келген. Бірақ ол кезде Бүкіл Кеңес Одағында бейбітшілік салтанат құрып тұрды. Сондықтан «Метель» операциясын сынақтан өткізу мүмкін болмай, кез келген бас көтеруді эп-сәтте тас-талқан ететін осы әскери-ұжымдық қуатты қару өзінің сыналар шағын күтіп бір жыл екі ай қозғалыссыз жатып қалды. Ал Алматыда жоғары билікке өкпе айтып, алаңға қарусыз кілең жас жігіттер мен қыздар шыққанда «Метель» авторлары өздері өмірге әкелген «жойқын әскери қимыл бірлігін сынап алар мүмкіндік туды», - деп жүрегі жарыла қуанған. Жалма-жан КСРО КК төрағасы Усбриков КОКП Орталық Комитетінің \ОК\ бас хатшысы Горбачевке кіріп,

операцияны сынап көруге оның ауызша ғана рұхсатын алады. КСРО КК төрағасының бірінші орынбасары Бобков КСРО ИМ бірінші орынбасары Елисеев Алматыға шұғыл ұшып жетеді де, «Метель» операциясын бастап жібереді. Новосибирск, Челябинск, Свердловск, Фрунзе, Тбилиси, Ташкент, Уфа қалаларынан және Алматы облысынан әскери күштер тартылады. Нәтижесінде 2 мыңнан астам адам жараланды, бірнеше адам көз жұмды. Егер ауруханада емделуден сескеніп, үйінде жатып, жасырын ем-дом алғандарды ескерсек, бұл санды тағы осынша адамға өсіруге болар. Ал мәңгілікке көз жұмғандар туралы комиссияға бір орыс офицері берген, толық тексерілмеген мәліметті мен кезінде «Тасжарған» газетіне жариялағанмын. Қысқасы, қарусыз жұртқа әскер күштерін қарсы қою - теңдесі жоқ қылмысты іс еді. Мен Қырғызстанда Қазақстанның төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінде жүргенімде Горбачев Бішкекке келді. Бір кездесуде мен оған: «Метель» операциясын Алматыда сынауға ауызша рұхсат бергеніңіз рас па?, - дегенімде. Ол: «Жоқ, ондай рұхсат берген емеспін», - деп ат-тонын ала қашты.

Ж.Қалыбай: 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан шындығын тексеруге арналған неше комиссия құрылды? Өткенде саясаткерлер, жазушылар, әншілер жиналған дастарханда біреу «екеу», біреу «үшеу» деді. Ақыры анық-қанығын ешкім айта алмады.

М.Шаханов: Жұрттың шатасатындай реті бар. Өйткені, бұл саладағы біз жүргізген күрес құпия күйде жатыр. Желтоқсан шындығын айқындау мақсатында бес комиссия құрылды. Оның екеуінен жұрт мүлде бейхабар. Қалған үшеуінің жұмысынан да толық мәлімет жоқ. Сондықтан қысқаша ғана шолу жасап өтейін. 1989 жылғы 6 маусым күні Кремльдің съездер сарайындағы мінбеге мен Горбачевты «Арал проблемасын айтайын», - деп алдап көтеріліп, бүкіл Кеңес Одағын дүрліктірген сөзімнен соң, Алматыда, шұғыл түрде көрнекті ақын ағамыз Қадыр Мырзалиев басқарған, Горбачевпен алдын ала келісілген комиссия құрылды. Ол комиссия құрамында сол желтоқсан көтерілісі кезінде жұртқа қысым көрсеткен министрлер, мекеме басшылары да бар еді. Қандай мақсатпен құрылғаны ә, дегеннен-ақ белгілі болатын.

Менің 1989 жылғы 19 шілдеде Кремльде КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясындағы осы кулықтың бетпердесін сыпырған, екінші сөзімнен кейін және Андрей Сахаровтың ұсынысымен желтоқсан оқиғасын тексеретін, КСРО халық депутаттарынан арнайы комиссия құруды жақтаған хатқа, 110 депутатқа кол қойдыруыма байланысты Горбачев ыңғайсыз жағдайда қалды. Ол алдында «Сенің аузыңды жабатын мүмкіндік табамыз», - деп үстелді тоқпақтаса да, кейін менің арқамда Ельцин, Сахаров секілді саясаткерлердің тұрғанын сезіп жуасыды. Сөйтіп, бірінші комиссияға қосымша 8 қазақстандық КСРО халық депутатын ендірген, өзімді тең төраға етіп бекіткен екінші комиссия дүниеге келді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны 23-ке жетті. Бірақ олардың бір-екеуінен басқасының бұл ұлттық мүддеге жанын салмайтынын аңғарып, Қазақ КСР жоғарғы кеңесі бекіткен қаулының «Егер комиссия қажет деп тапса жұмысшы-эксперт тобын құруына болады», - деген тармағын пайдаланып, жазушылардан, ғалымдардан, заңгерлерден, саясаткерлерден, қоғам қайраткерлерінен, ішкі істер саласының зейнеткерлерінен жалпы саны 250 адамға жететін 8 жұмысшы тобын құрып, іске ендіріп жібердім. Желтоқсан көтерілісі ауқымында НМ, КК, прокуратура, әскер күштері жасаған заңсыздықтар, жасақшыларға арнап темір таяқ әзірлеген зауыттардың істері, билік басындағылардың сол кезгі әрекеттерімен айналысатын бұл 8 жұмысшы тобы бас-аяғы бір жарым айдың ішінде көптеген әділетсіздіктердің бетін ашты.

Биліктің зәресі ұшты. Әйтсе де, олар бізді алдап соқты. Комиссияның тең төрағасының бірі Қадыр Мырзалиевті шет елге демалысқа жіберді де, 450-ден астам депутат және республиканың басшылары түгел қатысқан Жоғарғы Кеңестің арнаулы жиынында маған желтоқсан оқиғасы тексеру барысы жайлы баяндама жасатты. Баяндама біте салысымен мінбеге Қазақ КСР жергілікті өнеркәсіп министрі И.Еділбаев шығып: «Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды ақтап алудың қажеті жоқ, олар негізінен КОКП ОК қаулысында көрсетілгендей нашақорлар, маскүнемдер, бұзақылар еді», - деді. Одан кейін сөз алған Қазақ КСР халық бақылау комитетінің төрағасы, бұрынғы Қадыр Мырзалиев

жетекшілік еткен комиссияның және қазіргі комиссияның да мүшесі, депутат Б.Исаев: «Бұл комиссияға мүше болып енгеніме қатты өкінемін. Шахановпен тіл табыса алмайтыныма көзім анық жетті. Осы күнге дейін біраз мәселе зерттелді, жинақталды. Осымен комиссия жұмысын тоқтатайық!» - деген үндеу тастады.

Қазақстан Компартиясы ОК екінші хатшысы В.Ануфриев, Исаевтың ұсынысын қолдай келе, қазіргі комиссияны мүлде жабуға, оның орнына комиссия жинақтаған қағаздармен ғана шұғылданатын қауқарсыз, аты бар да заты жоқ жаңа комиссия құру қажеттігін мәлімдеді. Іле шала Ануфриевтың ұсынысын дауысқа қойғанда өз көзіме өзім сенбедім, 450-ден астам депутаттың бізді жақтап 5-уі ғана дауыс берді! Жүрегім аузыма тығылды. Жаныма қатты батқаны – комиссия мүшесі болып саналатын 23 депутаттың 21-і талқылауға қатысып отырған. Солардың үшеуінен өзгесі комиссияны жабуға қол көтеріп жіберді. Тоба, мұндай да екі жүзділік, сатқындық болады екен- ау!

Жұмысшы тобы құрылды. Тең төрағалыққа тағы да Қадыр Мырзалиев екеуіміздің есіміміз аталды.

- Мен бұл қуыршақ комиссияның құрамына кірмеймін. Зорлап сайлауларыңызға құқыларыңыз жоқ! – деп айқайладым.

Бір депутат: «Шахановқа неменеге байланып қалдыныздар? Өздеріңіз қатал сынға алдыңыздар, сөйте тұра комиссияның жаңа төрағалығына қайта ұсынасыздар. Бұл қылықтарыңызды түсінбедім», - деді. Сол кезде басшылардың бірі: «Қайтсек те, Шахановты тең төраға етіп қалдыруымыз керек. Қарапайым халық арасында оның беделі зор. Әйтпесе, комиссияны түбегейлі жапқанымызды олар аңғарып калуы мүмкін», - деп өздерінің ішкі құпиясын жайып салуға мәжбүр болды.

Горбачев Назарбаевқа: «Жарайды, Шаханов желтоқсан оқиғасын тексеретін комиссияны қайтадан құрсын, қалаған адамын ендірсін, қарсы болмаймын», - депті. Сессия төрағасы айтпай-ақ қарамай жаңа комиссияның құрамын дауысқа қойып еді, делегаттар түгел қол көтеріп жіберді. Негізгі комиссия жабылып, оның орнына 7 адамдық қуыршақ комиссия дүниеге келгенін қарапайым жұрт аңдаған жоқ. Бірнеше күннен соң Қазақ теледидарының белді журналисі Қажы Қорғанов жолығып қалды.

Жағдайды тәптіштеп түсіндіріп айтып едім, ол азаматтық мінез көрсетті. Өзі жүргізетін телеарнадағы: «Депутаттық канал деп аталатын тікелей эфирге екі-үш депутатты жоспарлады. Соңынан бірі ауырып, бірі іс-сапарға шығып кетті» - деген сылтаумен мені қосып жіберді. Ол кезде бүкіл Қазақстанға бір ғана телеарна бар-тын. Екеуара құпия келісім бойынша Қ.Қорғанов маған мүлде басқа сұрақ қойды. Бірақ мен бүкіл әңгімемді Желтоқсан көтерілісі төңірегіне құрып, оның шындығын әйгілейтін комиссияның жабылып қалғанын және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде болған көзбояушылықты бүге-шігесіне дейін жұрт алдына жайып салдым. Осындай екінші тікелей эфирді ұлтжанды журналист інім Құдайберген Тұрсынов берді. Мені шақырғаны үшін телерадио басшылары оны алты ай эфирге шығу құқынан айырды. Кейіннен биліктің өзі шатысып, мені бірнеше адам қатысқан тікелей эфирге қайта шақырып қалды. Ол да ұзақ әңгіме телеарнадағы осы үш кездесу жұрттың ашу- ызасын тудырды. Сол тұста еліміздің жас өскіні қазіргідей орыстанбаған, ұлтжанды азаматтар көп еді. Телеарнадағы соңғы кездесуімнен соң, түн ішінде өзім қызмет істейтін «Жалын» журналына барсам, сыртта 40-50 адам күтіп тұр екен. «Қашанға дейін бұғына береміз? Билік мүлде ұлт мүддесімен есептесуді қойды. 17 желтоқсан күні қайта алаңға шығайық!» - деді олар. Осы идея кең өріс алып кетті. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қыздар мен жігіттер бұл іске белсене араласты. Түрлі ұрандар транспоранттар жазыла бастады. Осы кезеңде КСРО халық депутаттарының кезекті жиыны шақырылды да мен Мәскеуге ұшып бардым. Ондағы билік біздің оқыс қадамымыздан едәуір қауіптеніп қалған екен. Горбачев Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Назарбаевқа: «Жарайды, мынаған келіселік Шаханов желтоқсан оқиғасын тексеретін комиссияны қайтадан құрсын, қалаған адамын ендірсін, қарсы болмаймын», - депті.

Қазақстан басшысы екеуміз Жоғарғы Кеңес жиыны жүріп жатқанда, съездер сарайының пошта үйіне кіріп, ұзақ әңгімелестік. Ақыры қуыршақ комиссияны жойып, жана комиссия құруға уағдаластық. Жана құрамға мен өзімнен басқа 9 адам ендіруге құқық иелендім. 5 адамды билік қосты. Олар:

Қ.Мырзалиев, Н.Задорожный, Ф.Игнатов, Т.Ізмұханбетов, В. Ким, Мен өз адамдарымды зерттеп, ойланып айтуға 10 күн рұхсат сұрадым. Маған съездің аяқталуын күтпей Алматыға қайту тапсырылды. Ел басшысы менің қасыма Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасым Төлебековті сол кезде Алматы қаласы, Алматы облысына бағынған\ Қазақ КСР халыққа білім беру министрі Шайсұлтан Шаяхметовті қосып беретін болды. Мұның бәрі, әрине, егер мен жастардың алаңға шығуын, яғни олардың билікке қарсы көтерілісін тоқтатқан жағдайда ғана іске аспақ. Республика басшысы сол жерде отырып, орыс тілінде менің Алматы қалалық газеттерінде жариялануға тиісті үндеу хатымды жазып берді. \Қолжазба жеке мұрағатымда сақтаулы\.

Алматыға ұшақпен түнде келіп жеттік те қелесі күні жоғары және арнаулы оқу орындарында, қазақ жастары көп шоғырланған екі өнеркәсіпте ертеден кешке дейін алты кездесу өткіздім. Сөзімнің мазмұны: «Билік желтоқсан оқиғасының ақ-қарасын тексеруге негізделген, жабылып қалған комиссияны қайтадан ашуға уәде етті. Бас хатшы Горбачевтың және Қазақстан билігінің осы жолғы берген уәдесіне сенелік. Сол үшін де 17 желтоқсан күні алаңға шығуды доғаралық!».

Облыс басшысы мен білім министрі және Алматы қалалық партия комитетінің идеологиялық хатшысы осы кездесулерді ұйымдастырып, қасымда жүрді. Бұрын қабылдауын өтініп, әрең дегенде кездесетін басшылардың мұндай алашапқын күйге түсіп, қасымда өбектеп қызмет етуі жоғарыдан берілген тапсырмаға байланысты болса, ең бастысы, 1986 жылғы желтоқсан айында күрт көтеріліп, күшпен басылған ұлттық намыстың қайта толқуы еді.

Ж.Қалыбай: Сонымен сіз төртінші рет қайта құрылған комиссияға Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты Т.Бурабаевты, заң ғылымдарының кандидаты, С.М. Киров атындағы ҚазМУ заң факультетінің деканы М.Сарсенбаевты және осы университеттің доценті, заңгер Ю.Дуберман мен Кеңестік қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы Н.Жақсымбетовті, Қазақстан ЛКЖО ОК бірінші хатшысы И.Тасмағамбетовті, Алматы сәулет-құрылысы институтының аға оқытушысы Н.Фокинаны, Қазақ КСР халық депутаты

С.Әбдрахмановты, Қазақ КСР президенттік Кеңесінің Кеңесшісі С.Қасымовты ендірдіңіз. Комиссия құрамында үлкен билік маңында жүрген Қасымов пен Тасмағамбетовтың болуы кері әсерін тигізген жоқ па?

М.Шаханов: Қасымов – менің бұрыннан білетін адамым. Билік басындағылар оны өздерінің ыңғайына жұмыс істейді деп ойлап шатасты. Желтоқсан шындығын қалыптастыруда ол аянбай еңбек етті. Тасмағамбетов те сол тұста көп адам күтпеген азаматтық ұлтжандылық қырынан танылды. Қалай десеңіз де, төртінші комиссия үлкен жұмыс жасады. Біреулер: «Шаханов бастаған комиссия істі аяғына дейін апармады», - деп малтасын езді.

Егер біз Желтоқсан көтерілісінің қанды сипат алуына кінәлі 44 адамды тізіп көрсетсек, екі орыс офицерінің әскери күштерінің араласуына орай 168 адам мерт болды деген мәлідемесіне дейін жарияласақ, оларды тиянақты түрде тексеру, жауап алу биліктің, прокуратураның сот орындарының тікелей міндеті емес пе? Тіпті Кеңес Одағының асығы алшысынан түсіп тұрған кезеңде-ақ Комиссияның тұжырымдамасына қазақ халқына ұлтшылдық таңба басып, қарусыз жастарға әскер күштерін қарсы қоюға рұқсат бергені үшін «КОКП ОК М.С.Горбачев бастаған саяси бюросы айыпты деп танылсын»,—деген сөйлем енгіздік. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы Асанбаев және басқа басшылар: «Бұл мүмкін емес қой! Әлде Кеңес Одағын қазір кім басқарып отырғанын ұмыттың ба?», – деді. Мен қасарысып тұрып алдым. Ақыры «М.С.Горбачев бастаған» – деген сөйлемді сызуына ғана келісім бердім. Тұжырымдамасы жарияланған күннің ертеңінде маған Елбасы өзіне Горбачевтың телефон соққанын, «Комиссияны неге сонша тайрандатасындар?» – деп ауыр-ауыр сөз айтқанын, тіпті балағат сөзге дейін барғанын жеткізді.

Ж.Қалыбай: Енді бесінші комиссияға тоқталсаңыз.

М.Шаханов: КСРО халықтық бақылау комитетінің төрағалығы қызметіне ауысқан Геннадия Колбин Горбачевқа кіріп, оны 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасын тексерген Комиссияның шешімін жоққа шығару және мундир намысын қорғау мақсатында КСРО КК, КСРО ПМ, КСРО прокуратурасы қызметкерлерінен арнайы комиссия құрғызуға көндіреді. Тез

арада үш саланың адамдарынан жинақталған комиссия Қазақстанға келіп, іске кіріседі. Олар өздерінің кейбір шешімдері жайлы баспасөзге сұхбат та беріп үлгерді. Осы кезде мен КСРО президенті М. Горбачевқа, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.Лукияновқа ашық хат жолдадым. Хат бірнеше ақпарат құралдарында жарияланды. КСРО халық депутаттарының төртінші съезінде Лукьянов екеуміздің арамызда ұзақ әңгіме болды. Ол маған ақырында Горбачевты бұл райынан қайтуға үгіттейтінін мәлімдеді. Лукьянов сонғы жылдары өлең жаза бастағанды. Жеке кітабы да шыққан еді. Бірде ол мені Ш.Айтматовтың алғы сөзімен 50 мың дана боп басылған «Ес кітабы» атты жинағымды оқып, «Сіздің поэзиядағы ұстанған бағытыңыз мені қатты қызықтырады», – деп, қолымды қысқан. Осы жақындығымыздың сәл де болса әсері тиді ғой деймін. Келесі күні ол мені өзіне шақырып: «Жолдас Шаханов, сіз жеңдіңіз. Қоғамға өзіңіз сияқты қайсар ақындардың қажет екенін тағы бір рет дәлелдедіңіз. Енді сіз басқарған Парламенттік комиссия шешіміне МКК, ПМ және бас прокуратураның тұжырымы қарсы қойылмайтын болады. Осыған мен Михаил Сергеевичті көндірдім», - деді. Кейіннен Горбачев саясатына қарсы шығып, тамыз төңкерісіне араласқан Бутырка түрмесінде жатып, «Қарсылық жыры», «Түрмедегі жырлар» атты кітап жазған Анатолий Лукьяновтың да желтоқсан рухына жасаған азаматтығын біз ұмытпауға тиіспіз.

Ж.Қалыбай: Желтоқсан көтерілісін тексеру барысында өміріңізге қауіп төндірген бір оқиғаны әңгімелеп берсеңіз.

М.Шаханов: Мәскеуде жүргенімде қан қысымым қатты көтеріліп, басым айнала берген соң «Жедел жәрдем» Кремль ауруханасына алып барды. Бір дәрігер қасымда құрақ ұшып жүгіріп жүрді. Басымды томографияға түсіріп еді, әлгі дәрігер өз бөлмесіне ертіп барды да, аз-кем үнсіз отырып: «Дәл қазірден бастап ауруханаға жатуыңыз керек. Миыңыздың жартысына қан бармайды екен» – деді. Зәрем ұшты. Бірақ желтоқсан көтерілісімен шұғылданып жүргендіктен «Мәскеу» қонақ үйіндегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі ретінде өзіме бірнеше айға берілген бөлмеде кейбір құпия қағаздарым ашық күйінде қалып еді. Соған

алаңдап, «ауруханаға ертең жатайын» – десем, дәрігерім көнер емес. Ақырында менімен санасуға мәжбүр болды. Ертеңгі сағат 8-де осы арадан табылуға уәде бердім. Сол күні түнде, сағат 23-те біреу телефон шалды. Дауысы нақ бір құбырдан шығып тұрғандай. Үнін танытқысы келмеген сыңайлы.

- Шахановсыз ба? – деді ер адам орыс тілінде. –Иә. –Сіз ауруханаға жатпақшысыз ба? Мұқият тыңдаңыз! Жатсаңыз, шықпайсыз! - деді де, телефон тұтқасын тастап жіберді.

Басымды күдікті ойлар кернеді. Кремль ауруханасындағы дәрігердің шектен тыс қамқорлығының мәнісін шамалағандай болдым. Сол түнгі сағат бір жарымдағы рейспен Алматыға ұшып келіп, күні бойы үйде жаттым. Басымның айналғаны қояр емес. Келесі күні Министрлер Кеңесінің ауруханасына барып ем, бас дәрігер Мұхтар Айтқазин жоқ екен. Орынбасары орналастырып, егделеу орыс әйелін емдеуші етіп бекітті. Газет оқып отырғанмын. Есік қағылды. Мұхтар Айтқазин екен. Бір ауыз тіл қатпай ымдап, сыртқа шақырып ұзыншақ дәлізбен тасалау жерге алып барды да:

- Мұха, Мәскеудегі ана дәрігер берген дәріні іштіңіз бе?, - деп сұрады.

- Жоқ, бірақ ол «екі – үш дәрі ішуіңіз керек» деп ескертті.

- Ішіп үлгермегеніңіз жақсы болды. Ол әйел берген дәріні жасырын түрде мына Камал Төлебайқызына әкеп беріңіз. Бұл кісі осы кардиология бөлімінің меңгерушісі, - деді. Мұның бәрі КСРО КК-інен түскен, құпия тапсырмаға қарсы қойылып жатқан тосқауыл екенін ішім сезді. Келесі күні М.Айтқазин басымды томографияға салдырды да, «миыңыздың жартысына қан бармайды», – деген сөз бекер екен. Енді бұдан арғысына менің шамам келмейді. Әрі мұны мен айтты деп ешкімге тіс жармаңыз және бұл арадан өз өтінішіңізбен тез кетіңіз! – деді. Осы күнге дейін жер басып жүргеніме, өткен жылы ойда-жоқта о дүниелік болып кеткен ұлтжанды дархан азамат Мұхтар Айтқазинге қарыздар екенім даусыз.

Ендігі сөзді Егемен Қазақстанның 16 желтоқсан 2009 жылғы №422-424-ші санындағы «Бәрі де есте, бәрі де көз алдымда»-деген айдармен берілген әрі заңгер, әрі депутат Серікхан Жақыпұлына берелік.

—1986 жылы Желтоқсан оқиғасы күндерінде мен Алматы қаласы прокурорының орынбасары қызметін атқарып жүргенмін. Дәл сол күндері Қазақ КСР прокурорының нұсқауы бойынша, Алматы қалалық ішкі істер басқармасында іс сапарда едім. Үш-төрт жылдың ішінде қарақшылық шабуыл жасап, милиция қызметкерін, қаладағы бірнеше мекемелердің кассирлерін жұмысшыларға арналған еңбекақыларын банктен алып келе жатқанда атып өлтіріп, ашықтан ашық тапа-тал түсте тонап кеткен қылмыскерлердің ісін тергеу үшін құрылған топты басқардым.

Желтоқсанның 17-сі күні күндегідей жұмыс бабымен ішкі істер басқармасы ғимаратының үшінші қабатында тергеу жұмыстарын жүргізіп жатқанбыз. Күндізгі сағат 9-10 шамасында «Қазақ жастары орталық алаңға шығып, өздерінің шет жақтан басқа адамын Қазақстанның бірінші басшысы ретінде бекіткеніне наразылық танытып жатыр», - деген хабар келіп жетті. Шынын айту керек, бұл жағдайда өз басым қатты қуанып, нағыз азаматтар екен деп, жастарға іштей ризашылығымды білдірдім. Мұндай жағдайды күтпеген үкімет басшылары, басында абыржып не істерлерін білмей қалған сияқты. Түстен кейін шұғыл Мәскеуден бір топ орталық органдардың өкілдері келіп, жергілікті құқық қорғау басшыларына батыл шара қолданып, жастарды алаңнан қуу керектігін айтты. Алаңдағы жастарға қандай «батыл шара» қолданылғаны қазіргі уақытта баршаға мәлім, оны қайталаудың реті жоқ қой деп ойлаймын. Менің айтайын дегенім, сол күні және де содан кейінгі күндері өз көзіммен көрген желтоқсан оқиғасына байланысты жағдайлар.

Ұмытпасам, кешкі сағат 7-11 мезгілінде ішкі істер басқармасына үсті-үстіне қойша тоғытылып, әр түрлі жастағы адамдар, негізінен жастар әкелініп қамала бастады. Сағат кешкі 10 шамасында, мен прокурор қызметкері ретінде, ішкі істер басқармасының бастығы Емонскийден қамалғандардың тізімін және не үшін қамалғандары туралы хаттамаларын беруін талап еттім. Маған қамалған адамдардың тізімін әкеліп берді, бірақ бұлардың не үшін ұсталғандықтары туралы ешқандай да хаттама толтырылмағаны белгілі болды. Гізімді қарасам, негізінен жастар, соның ішінен бір 12 жастағы жасөспірім Байғазинов деген қазақ

баласының, 15 жасар мектеп оқушысы орыс қызы Горбунова дегендердің отырғандарын көріп, дереу оларды қамаудан шығартқызып, өзіме шақырттым. Жасөспірім қазақ баланың бір көзі қып-қызыл қан, тіпті көзін шығарып жібере жаздаған. Өзінің айтуынша, алаңда кездейсоқ болып қалған, өзін соққыға жыққан адамның анық кім екенін білмейді. Орыс қызы болса ботадай боздап, өзінің танысы шекара училищесінің курсанты орталық алаңда болатынын, сол жерде кездесуге шақырғаннан кейін алаңға келгенін, бірақ онда милиция қызметкерлері бүкіл алаңда тұрған адамдарды соққыға алып қуғандарын, соның ішінде мұны да басқалармен бірге әй-шәйға қарамай мәшинеге салып, ішкі істер бөліміне алып келіп, қамап қойғанын жеткізді. Екеуін милиция бастығына айтып, үйлеріне босатқызып жіберіп, ішкі істер басқармасы үйінің астындағы жертөлеге түстім. Онда қылмысқа күдікті деген адамдарды уақытша қамайтын камералар орналасқан. Барсам астында жан түршігерлік айғай-шу, әр жерден жылаған дауыстар шығады. Қарасам, сол жерде тұрған милиция қызметкерлерінің барлығы дерлік өзге этнос өкілдері, араларында екі, үш әйел азаматтар да бар, олар қамауда отырған қазақ қыздарының кейбіреуіне қол жұмсап, неше түрлі балағат сөздер айтып, әкірең - әкірең етіп жүр. Біреу зембілде жатқан қазақтың бір баласын итше тепкілеп жатыр, баланың жан айқайы сүйектен өтеді. Сол арада жаңағының жанына жетіп бардым да, костюмінің жағасының артқы жағынан өзіме қарай қатты тартып, жерде жатқан баладан жұлып алып: «Ты что делаешь? За что ты бьешь его? Как твоя фамилия? Почему бьешь беззащитного человека?» - деп, едім. Маған бежірейе қарады да: «Вы за это ответите», - деді. Бірақ, әрі қарай баланы ұруға бата алмады. Мен сол жерде тұрған милиция қызметкерлерінен жаңағы баланы ұрып-соққан адамның аты-жөнін сұрап едім, ешқайсысы ауыздарын ашпай үн-түнсіз менен бұрылып кетті, сол арада қайдан келгені белгісіз, бізде тергеуші болып істейтін Сергей Насыров деген жігіт кездесе қалып, менің құлағыма сыбырлап: «Бұл ішкі істер басқармасының оперативтік бөлімінің қызметкері Кольнов», деді. Барлығына қарап тұрып: «Я как прокурор, всех вас предупреждаю, если вы еще раз будете заниматься рукоприкладством, ответите по закону», - дедім

де жоғарыға көтеріліп, Алматы қаласының ішкі істер бөлімінің бастығы Емонскийге өз көзіммен көрген фактілерді көлденен тартып, оның ішінде Кольнов дегеннің ұсталған жазықсыз жас қазақ жігітін аяусыз соққыға жығып жатқанын айта келіп, заңсыздыққа тыйым салуын талап еттім. Ол менің көзімше өзінің қол астындағы бір адамына «тәртіпке салыңдар» деп тапсырма беріп жатты. Өзім болсам жаңағы көріністерді ұмыта алмай, жүрегім қағып, қатты толқыдым.

Сол екі арада ішкі істер басқармасына Республика прокуратурасының тергеу басқармасының бастығы С.Үмбеталиев келді. Мен оған көрген-білген жағдайды айтқаннан кейін, ол жертөлеге түсіп, не болып жатқанын білейік деді. Біз екеуміз түнгі 12 мен 1-лер шамасында үйдің жертөлесіне түссек, бағанағы айғай-ұйғай жоқ, милиция қызметкерлері де тынышталған секілді. Біз күзетте тұрған милиция қызметкеріне камераларды ашып, бізді камалған адамдармен жүздестіруді сұрадық. Бір камераны ашсақ ішінде 20-30 қазақ қыз-келіншектері отыр. Көбінің бет-ауыздары көнектей болып ісіп кеткен, кейбіреулерінің бастарына, не болмаса беттеріне қан жабысып қалған. «Біз прокуратура қызметкерлеріміз, қандай арыздарың бар, кім сендерді ұрған, қандай қылмыс жасағандарың үшін қамауда отырсындар?» - деген сұрақтарды қойып едік. Басында ешқайсысы үн қатпады. Біз сұрағымызды қайталап, милиция қызметкерлері сендерді ұрды ма, қорықпай айтыңдар деген соң, біреуі тұрып: «Қыздар! Қыздар! Біздің адамдар келді, айтыңдар жасырмай милицияның қалай өздерінді ұрғанын», - деді. Сол арада көпшілігі өздерінің алаңда кездейсоқ болғандарын, кейбіреулері тіптен үйлеріне дүкеннен келе жатқан жерлерінен ұстап алып, ұрып-соғып қамауға алғандарын бізге паш етті. Сол түні қалаға шығу өте қауіпті еді, біріншіден, күндізгі аласапыранды пайдаланып, түнгі жарыққа қылмыскерлер де шыққан. Екіншіден, арматура, таяқ, темірмен қаруланған өзге этностар «жасақшыларына» түнде кездескен қазақ баласының барлығы олар үшін қылмыскер ретінде көрінеді. Олар әй-шай жоқ кездескен қазақты ұстап алып, ұрып-соғып, дедектетіп қамауға алып жатқан кез еді. Осындай жағдайда, уақытша қамауда отырған жігіттер мен қыз-келіншектерді жұбатып, таң атқанша

шыдауларын сұрап, ал ертеменен олармен тергеу қызметкерлері айналысып, кінәлары болмаса босатылағандарын айттым. Ертемен мен қалалық прокуратураның тергеушілеріне ұсталғандардан түсініктеме алғызып, олардың ешқандай да кінәлары жоқ екеніне көзім жеткен соң, қамауда отырған қыз-келіншектерді және 30-40 жас жігітті қамаудан шығартқызып жібердім. Сол күні түнгі 1-4 шамасында қалалық ішкі істер басқармасының орынбасары С.Сүлейменовтың машинасымен үйге қарай келе жатсақ, көшеде жүрген бірыңғай өзге этностан құралған «дружинник сымақтарды» көрдік. Барлығының қолдарында арматура, ұзын-ұзын таяқтар, өздері топ-топ болып бөлініп, кузовын ашып тастаған жүк көлігінің екі жағында келе жатыр. Түстері суық, бізді көріп «Токтаңдар!» деп белгі берді. Сүлейменовтың жүргізушісі орыс жігіті еді, ол мәшинеден шығып, жағдайды түсіндіргеннен кейін, бізден кешірім сұрап, жүре беріңдер деп ымдады. Сөйтсек олар жолдарында кездескендерді оңды-солды жапырып, ұрып-соғып, машинаға тиіп, милицияға алып келіп, қамап жүргендердің бір тобы екен.

17-сінің кешінде ұсталып қамалғандар өте көп болған, қаладағы бүкіл аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша қылмыскерлерді қамауға арналған камераларының барлығы адамдарға лық толып кеткен. Ертеңінде маған қаланың аудандық прокурорлары телефон шала бастады. Олардың айтуынша, қамалғандарды әрі қарай ұстауға ешқандай негіз жоқ, егер олар қылмысқа күдікті деген адамдар болса, оларға талапқа сай хаттамалар толтырылуы керек, бірақ ондай қағаздар жоқ дейді. «Біз қалай істеуіміз керек, Серікқан Жарқынұлы?», - дейді. Мен оларға: «Сендер мұқият тексеріңдер, кінәлары дәлелденген болса, қамандар, болмаса, босату керек», - дедім.

Түс ауа қалалық ішкі істер басқармасына республика прокуратурасының тергеу бөлімінің бастығы В.Волтунов келе сала маған тиісті: «Сен неге тергеушілерге ұсталғандарды босатыңдар деп нұсқау бересің, бүкіл тергеуді мен басқарамын тек мен ғана Мызниковке бұл іс бойынша тікелей бағынамын, ал сенің бұл іске қатысуға ешқандай да қақың жоқ», - деп маған тарпа бас салды. Мен оған: Маған басшылардың ешқайсысы да бұл іске араласпа

деп айтқан жоқ және де ұсталғандардың шындығында да ешқандай кінәлары жоқ, содан кейін мен оларды босату туралы нұсқау бергенім рас, - дедім. В.Волтунов маған: «Бұл ісіңіз үшін Мызниковтың алдында жауап бересіз», - деді де өзі тергеушілер босатып үлгере алмай қалғандардың бәрін 10 күнге қалалық тергеу изоляторына қамаңдар деп нұсқау берді. Сол күннің кешінде Мызников маған телефонмен: «Сен қамаудағыларды бекер босаттырып жібергенсің, енді бұл жұмысқа араласпа, біз сені ішкі істер басқармасына басқа іс бойынша жібергенбіз сол ісіңмен шұғылдана бер», - деді де телефонды тастай салды.

18-і күні маған қалалық прокурор С.И.Шуткин телефон шалып, Москвадан Одақтық прокуратурадан Бас прокурордың орынбасары О.В. Сорока келгенін, оның қалалық және аудандық прокуратуралардың басшыларымен 19-ы күні кездесу өткізгісі келетінін хабарлады. Ертеңінде Сорокамен кездесу Қазақ КСР прокурорының кабинетінде болды. Кабинетте Сорока, Елемесов, Мызников, Волтунов, Шуткин, Алматы қалалық аудан прокурорлары, тағы басқа адамдар бар. Сорока ә дегеннен аудандық прокурорларға тиісті: «Бұзақылардың қаншасын қамадыңдар, неге босатасыңдар, неге кінәлілерді іздемейсіңдер. Сендердей прокурорлар бізге қажет емес» аузынан ақ ит кіріп көк ит шықты. Естігенім тек қана: «Вы против Советской власти. вы не прокурор. Сейчас же освободить от занимаемой должности.. немедленно наказать, всех выпущенных на свободу заново задержать и арестовать, тағысын тағылар». Прокурорларға ауыз аштырмады. Республика прокуроры Елемесовтың түсі түтігіп, қап-қара болып кеткен. Бір уақытта телефон шылдырлап еді, Елемесовтың көмекшісі жүгіріп барып телефонның құлағын көтеріп «Ғалым Бәженович, Креммека сізді телефонға шақырады», - деді. Елемесов орнынан тұрып телефонға қарай ұмтыла беріп еді, Сорока оған жалт қарап, көзі адырайып: «Сядьте! Надо будет, найдут!» - деп акырып қалды. Елемесов үн-түнсіз орнына қайта келіп отыра кетті. Шынын айту керек, Сороканың республика прокурорына нәмқұрайды қарап, оған кол астында қызмет істеп жүрген адамдарының көзінше әкірең-әкірең еткені жаныма қатты батты. Сороканың оған деген сенімсіздігі сөйлеген сөзінен, іс-қимылдарынан білініп тұрды. Оның үстіне

Сорока негізгі нұсқаудың барлығын Мызников арқылы беріп жатты. Айта кету керек, желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған тергеу тобына негізінен орыс, ингуш, татар және басқа этностардың өкілдері кірген. Қазақ тергеушілері бірді-екілі. Сонымен, Сорока аудан прокурорларына «бүлікшілердің» барлығын ұстап қамауға екі күн уақыт берді де, бізге «боссындар», - деді.

Ішкі істер басқармасына келгенім сол еді, дереу маған қалалық прокурор С.Шуткин телефон шалып: Серікқан, жаңа сен кеткеннен кейін Сорока Москва ауданының прокуроры Березовскийді қыспаққа алып: «Сен неге ұсталғандарды босатып жібердің, әлде саған біреу солай істе деп нұсқау берді ме?» десе, Березовский оған: «Ұсталғандарды босат деп маған нұсқау берген С.Жақыпов», - депті. Сол-ақ екен «Жақыповты табыңдар, ол бұл ісі үшін жауап беруі керек, менің атыма түсініктеме жазсын», - депті. Мен Шуткинге: «Степан Иванович, былай келісейік, сіз мені таба алмай отырсыз, мені жұмыс бабымен сыртқа шығып кетіпті деңіз», - дедім. \Ол уақытта қазіргідей қалта телефон жоқ\ . Бұл ойым, кішкене де болса уақыт оздыру еді. Өзім болсам, түсініктемені жазып дайындап қойдым, онда өзімнің аудан прокурорларына, егер де ұсталғандардың кінәсі жоқ болса, босатыңдар, - деп айтқаным рас екенін мойындадым. Біраздан кейін Березовский маған телефон шалып: «Серікхан Жақыпұлы, кешіріңіз, мені Сорока дұрыс түсінген жоқ, негізінде мен оған сіздің заңға сәйкес әрекет жасау керек деп айтқаныңызды жеткізгенмін», - деп өзінің менің алдымда ешқандай да кінәсі жоқ екенін дәлелдеуге тырысты. «Болған іс болды, күтейік», - дедім. Сол күннен бастап Желтоқсан оқиғасы бойынша әдейілеп құрылған тергеу оперативтік тобы \оның ішінде милиция, прокуратура МКК қызметкерлері бар\ алаңда болды-ау деген қазақ азаматтарын топырлатып ұстап, ұрып- соғып, қамауға ала бастады. Соның ішінде милиция «дружиниктер» алаңда аямай соғып, бет-аузы, тағы басқа жерлері жарақат алған қазақ жігіттерін шетінен ұстап, суретке түсіріп, одан кейін түрмеге тоғытты. Сорока болса, бір күннен кейін қазақ жастарын қайта ұстап, түрмеге тоғыта бастағаннан кейін көңілі тынышталды-ау деймін, маған жұмысын әрі қарай істей берсін депті.

Жастарды ұстау, қамау оларға іс жүргізіп, жауап алу негізінен өзге этнос өкілдеріне жүктелді. Ал бірақ істі сотқа жіберерде айыптау қорытындысына қазақ прокурорларға қол қойғызып, сотта айыптаушы ретінде сөйлеткізіп, істі қазақ соттарына қаратып, соттатқызды. Және де жауапқа тартылғандарға міндетті түрде тек қана бас еркінен айыру жазасын бергіздірді. Бұл Одақ басшыларының, Колбиннің ертеңгі күндерін ойлап тапқан саясат амалы еді. Бірдеңе десе: «Қазақты соттаған қазақ, біздің бұған қатысымыз жоқ», - деп айтудың сылтауы еді. Бұл ауызша берілген нұсқауды орындамаған сот мүшесі эп-сәтте ақ тиісті жазасын алды. Мысалы, Алматы қалалық сотының мүшесі К. Жүнісов бір-екі сотқа тартылған жастың ісін қайта тергеуге қайтарғаны үшін, сол арада-ақ оған қоқан-лоқы көрсетіліп, ешқандай кінәсі жоқ екенін көре тұра тәртіптік жазаға тартылды және де оның ісі партия жиналысында қаралды.

Алматы қаласының прокуроры Шуткінді прокуратурада көп қазақ жұмыс істейді деген сылтаумен орнынан алып, Қостанай облысы Рудный қаласының прокуроры Хлюпконы тағайындады. Бүкіл жастарға қарсы қозғалған істердің айыптау қорытындысына қол қоюды қалалық прокурордың бірінші орынбасары Қадырбек Зимановқа міндеттеді. Қалекен өз жұмысына ұқыпты заңгер еді. Ол жастарға тағылған айыптау қорытындыларының көпшілігімен келіспей, жауапқа тартылып жатқан жастардың кінәлары дәлелсіз екенін жоғарғы жаққа айтып-ақ бақты. Бірақ оны тыңдаған адам болмады. Онымен қоймай оған жоғары жақтан егер де қол қоймасаң орныңнан аламыз, партиядан шығарамыз деген қоқан-лоқылар күннен-күнге көбейе түсті. Көп ұзамай қалалық партия комитетінде құрылған аттестаттау комиссиясы К.Зимановты отырған қызметіне лайық емес, орнынан босату керек деген қорытынды жасады. Бұл қорлық К.Зимановтың жүрегіне ауыртты. Бір күні түске жақын, жұмыста отырғанда Қадекеңнің денсаулығы күрт төмендеп, жүрегі ұстап, жедел жәрдем келіп, дереу реанимацияға алып кетті. Бірақ, дәрігерлер оған көмек бере алмай, қайран азамат бұл дүниеден өтіп кетті.

Желтоқсанның зардабынан қанша қазақ жапа шекті, қанша адамға қайғы әкелді. Дәлелсіз сотталғандарды, қамауда заңсыз отырғандарды айтпағанда, қанша қазақты жұмыстан шығарды, партия қатарынан алды, сөгіс жариялады, жастарды институттан қуды. Жатқан бір қасірет.

Айта кету керек, құқық қорғау органдарында кеше бірге жұмыс істеп жүрген этнос өкілдерінің бізге деген көзқарастары бір күнде өзгеріп шыға келді. Қылмыстық іске тартылып жатқан адамдардың кінәсіне шүбә, не болмаса күдік айтқан адам сол сәтте «Халық жауы» бола қалатын. Осыған байланысты тағы бір жағдайды айта кетейін.

Ұмытпасам желтоқсанның 18-і күні болу керек, қазақтың екі жігіті Алматы ішкі істер басқармасына 40-50 шамасындағы еңгезердей бір өзге этнос өкілін ұстап алып келіп, маған: «Серікхан Жакыпұлы, біз қалалық ішкі істер басқармасында оперативтік бөлімде қызмет істейміз. Жаңа аэровокзалдың жанынан өтіп бара жатсақ, мына жігіт жәй өз бетімен кетіп бара жатқан бір жас қазақ баласын қуып жетіп, таяқтың астына алып жатқан жерінен біз арашаға түсіп едік, куәлігімізді көрсеткенімізге қарамай бізді де бір-бір реттен соғып жіберді. Содан кейін екеулеп қолын қайырып, осында алып келдік, біздің ойымызша, бұған қылмыстық іс қозғау керек», - деді. Сол уақытта әңгіменің басында көрсеткен қылмыстық іс бойынша қол астымда 30 шақты тергеуші істеп жүр еді. Соның біреуі Мейрам Жанғұтдинов деген азамат еді \естуімше, Ақмола облыстық сотының орынбасары болып істейтін болу керек\ . Оны шақырып алып, жанағы оқиғаның анық-қанығына жету үшін ұсталғаннан, жәбірленушіден және оны ұстаған милиционерлерден түсініктеме ал,-дедім. Біраздан кейін Мейрам маған келіп ұсталғанның түсініктемесін берді. Оқысам, жаңағы ағынан жарылыпты: зауыт жұмысшылары басшыларының айтуымен қазақтарды сабау үшін арматурадан, ағаштан әдейілеп қару жасағандарын, қазақ баласын ешқандай да себепсіз, жайдан-жай ұрғанын айтыпты. Шақыртып сөйлесем айтқандарының барлығын мақұлдап отыр. Мен дереу қолына қағаз бен қалам беріп: «өзің жазбаша жазып бер». - дедім. Ол ешқандай да қарсылықсыз болған жағдайды толығынан жазып берді. Сол арада мен Совет ауданының прокурорына жолдама хат

дайындап, онда жаңағының үстінен қылмыстық іс қозғау керек екенін көрсетіп, оны және де сол жағдай бойынша жиналған бар материалды милиция қызметкерлері арқылы беріп жібердім. Бір күн өтпей МКК-ден бір жігіт аты жөні есте қалмапты маған жетіп келіп: «Сіз неге қарапайым жұмысшыны ұстап, үстінен іс қозғасын дегенсіз, сізді бұлай істейді деп күтпеп едік», - деді. Менің болған жағдайды тәптіштеп айтқаныма құлақ та асқан жоқ. «Көрерміз», - деп кіжініп шығып кетті. Бірнеше күн өткеннен кейін маған жұмысшыны ұстаған екі қазақ милиционері келіп, МКК-ның адамдары ұсталғанды емес, қайта оған қоқан-лоқы көрсеткен сендерді жұмыстарыңнан шығартқызамыз, дружиникті ұстаған сыңдар деп қорқытып жатыр, не істейміз,- деді. Мен оларға оның өз қолымен жазбаша жазған жауабы бар ғой десем, МҚК қызметкерлері оған басқаша қайтадан жазғызып, «мені милиция қызметкерлері ұрып-соққаннан кейін солай жазғанмын» деп бірінші берген жауабын өзгертіп жіберген деді. Мен оларға: «Сендер қорықпай, шындықты аяғына дейін айтыңдар, жұмыстан шығарады-ау деген нақты қауіп болса, маған білдіріңдер, мен бастықтарына айтамын», - дедім. Дереу, бұл істің жағдайын сол кездегі Совет ауданының прокуроры Ж. Ысқақовтан сұрағанда, ұсталғанның ісін екінші күні-ақ МҚК мен Мызников басқарған тергеу тобының мүшелері өзіміз тергейміз деп алып кеткенін айтты. Милиция жігіттер болса қайтып маған келмеді, соған қарағанда, олар өздерінің жұмыстарында қалғандарына риза болулары керек, ал әлгі сотқар болса ешқандай да жауапқа тартылмай, босатылып жіберілген сияқты. Кейін Желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған жұмыс тобында жүріп сол материалдарды іздеп, прокуратурадан таба алмадым, із-түссіз жоғалып кеткен. МҚК құртып жіберген болу керек.

1986 жылдың желтоқсаны мен 1987 - жылдың басы Желтоқсан оқиғасына қатысты деген адамдарды Мызников бастаған тергеу-оперативтік тобы Мәскеудің бақылауымен «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса»-деп әр түрлі сылтаумен қылмыстық жауапкершіліктен бастап басқа да жазаларға тартумен болды. Оларға жоғарғы жақтан «Әй, дейтін әже, қой дейтін қожа» болмады. Бұл туралы анық цифрлар Желтоқсан оқиғасы бойынша

құрылған комиссиясының қорытындысында жазылған. Оны тәптіштеп қайталап жатудың реті жоқ деп ойлаймын.

1989 жылдың қараша айының соңы болатын. Маған республика прокуроры Ғалым Елемесов телефон шалып, дәл қазір келіп кетуімді бұйырды. Келген бетте ол менің желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған комиссияның жұмыс тобына бару керек екенімді айтып, қолыма бүктелген бірнеше бет қағазды ұстатты да: «Мына қағаз Мәскеуден келген Одақтың Бас прокуратурасының қызметкері Стрельниковтың Желтоқсан оқиғасы бойынша жазған анықтамасы, мұқият оқып шық, тергеу қорытындысын жазғанда осы анықтаманың шеңберінен шықпауға тырыс», - деді. Сыртқа шыққаннан кейін қағазды ашып оқысам, жаңағы Стрельниковтың жазған анықтамасы басынан аяғына дейін шып-шылғи өтірік. Оның жазуынша, Орталық алаңда болғандардың барлығы дерлік бұзақылар, нашакорлар және маскүнемдер. Анықтаманың аяқ жағында құқық қорғау органдарының жіберген бірді-екілі кемшіліктері көрсетіліп, бірақ негізінен олардың кінәсі жоқ екені айтылған.

«Көрген көзіме сенемін бе, сенің айтқан сөзіңе сенемін бе» демекші, Стрельниковтың қағазы зығырымды кайнатып, ашуымды келтірді. Мен үшін, мақтанғандық емес, «бал тамған өтіріктен, қан тамған шындық артық» еді. Алдын ала айта кеттік, сол шындыққа жетемін деп жүргенде жоғарғы жақтағы басшылардың кейбіреулері маған сенімсіздікпен қарап, реті келген жағдайда жұмыс бабымен кемсітуге тырысты.

Сонымен маған тергеушілерден құрылған жұмыс тобын басқару тапсырылды. Мен дереу Алматы қаласы мен республика прокуратурасында істейтін, сонымен бірге, тергеуді ғана жақсы біліп қоймай, ел намысы үшін құрсауда табандылық таныта алады-ау деген бірнеше жігіттің тізімін жасап, комиссия төрағасының атынан республика прокуроры Елемесовке сұрау хат жолдаттым. Неге екенін білмеймін, екі адамнан басқасын әр түрлі сылтаумен жұмыс тобына қоспай, қалғандарының орнына жұмысқа сылбыр қызметкерлерді жіберіпті. Жұмыс тобы екі үш айдың ішінде 2 мыңнан астам адамның заңсыз ұсталып, қылмысқа күдікті деген адамдардың уақытша ұстайтын камераларға, ал 97

адамның прокурордың санкциясынсыз түрмеден бір-ақ шығып, бір күннен он күнге дейін қамауда болғандарын анықтады. 100-ден артық адам әкімгершілік жауапқа тартылып, оның 40 шактысы 10 күннен 15 күнге дейін тұтқында ұсталған. Сол ұсталған адамдардың 1861-і желтоқсанның 17-сі күні Орталық алаңға бармаған, былай айтқанда, желтоқсан оқиғасына ешқандайда қатыстары болмаған. Мысалы, Теміров, Жиенқұлов, Тұрлыбаев, Сейісов деген жастарды 18-і күні сағат күндізгі үштің шамасында Гоголь көшесі мен Коммунистік даңғылының қиылысында орналасқан «Қаракөз» кафесінде тұшпара жел отырған жерлерінен өзге этнос өкілдерінен құралған «дружинниктер» ұрып-соғып, Совет ауданының милиция бөліміне апарып қамап қойған. Сол күні таңертеңгі сағат 10-ның кезінде Фурманов пен Сәтпаев көшелерінің қиылысынан өтіп бара жатқан зейнеткер Қ.Қамбарбаеваны милиция қызметкерлері таяқтың астына алып, тепкілеп, қабырғасын сындырып, басына ауыр жарақат келтірген.

Көкшетау облысынан Алматыға қызына қонаққа келген З.Қалиманов деген азаматты курсанттар ұрып-соғып қолын сындырған басын жарған және ақшасын құжаттарын тартып алған. Ал кәмелетке толмаған жеті баласы бар 44 жастағы 3-ші таксопарктің жүргізушісі Ермекбаев деген азаматты желтоқсанның 18-і күні таңғы 5-те, жұмысқа бара жатқан жерінде Мир-Виноградов көшелерінің қиылысында екі адам ұстап алып қалалық ішкі істер бөліміне алып келіп, 8 күн бойы прокурордың санкциясының қалалық түрмеде қамауда ұстаған.

Тобағабылов, Әбішев, Жандәулетов, Жұмажанов, Төлебаев тағы басқа жастарды алаңда болдыңдар деп кінәлап, желтоқсанның 18-і күні кешке жақын милиция, «дружинниктер» автобусқа күшпен отырғызып, Каменка кентінен әрі қаланың сыртына апарып, ұрып-соғып, қақаған қатты аязда сол жерге тастап кеткен. Ауыл шаруашылығы институтының студенттері Атаханов, Бейсеуов, Арановтарды жатақханада жүрген жерлерінде солдаттар соққыға жығып, олар ауыр жарақатпен ауруханаға түскен. Мұндай фактілер өте көп анықталды. Осы фактілердің біразы желтоқсан оқиғасы бойынша жазылған қорытынды қағазға кірді.

Жұмыс тобы желтоқсан оқиғасын зерттеу кезінде мән-жәйді толығымен анықтау ниетімен алаңда болған адамдарды комиссияға жүз-жүзден шақырды. Амал қанша «жылан шаққан ала жіптен қорқады», - демекші, сол уақыттың өзінде көпшілігі шындықты айтудан қорқып, «білмеймін», «ұмытып қалыппын», «өзім жараланған едім», – деген неше түрлі сылтаулар айтып, бізден кеткенше асығып, жәрдем беруден ат-тондарын ала қашты.

Желтоқсан оқиғасын тексеру барысында маған қалалық соттың мүшелеріне Қазақ КСР Әділет министрінің бірінші орынбасары Тетеркиннің жағынан қатты қысым көрсетілгені мәлім болды. Сол арада біраз қалалық соттың мүшелерімен кездесіп сөйлескеннен кейін, олардың 5-6-уы маған өз қолдарымен жазбаша түрде сол фактілерді растап, Тетеркин жағынан жауапқа тартылғандарды тек қана еркінен айыру жазасына кесулерін талап еткені, соттарға қоқан-лоқы көрсеткені айтылды. Ал осы талапты орындамаған қалалық соттың мүшесі. К.Жунусов жазаға тартылғанын мен жоғарыда айттым.

1990 жылы наурыз айында мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайландым. Бірақ желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған жұмысшы тергеу тобынан кеткен жоқ едім. Сонымен, қанша кедергімен жұмыс істеген жұмыс тобы және комиссия мүшелері өз тұжырымдары мен ұсыныстарын әзірлеп бітіп, өзінің тарихи міндетін орындап шықты. 1990 жылдың қараша айында баспасөзде желтоқсан оқиғасын тексеру комиссиясының қорытынды материалы жарық көрді. Соның негізінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы арнайы қаулы қабылдап, ол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Қалай дегенмен, республикамызда ең алғаш демократиялық жолмен сайланған бұл депутаттар тобы көптеген заңдар шығарып, еліміздің Әнұранын, Елтаңбасын, Көк байрағын қабылдап бекітті және де 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына түпкілікті баға берді. Ол Парламент осынау өлшеусіз еңбегімен тарихта қалмақ.

Сөзімнің соңында айтайын дегенім, кейінгі уақытта: «Жау жоқта батыр көп, дау жоқта ақыл көп», - демекші, бұқаралық ақпарат құралдарына бір белгісіз адамдар шығып жүр, олардың айтуынша, бәрін шешкен солар сияқты. Ал қазір болған оқиғаны

айту жеңіл, ал ол уақытта шындықты айтып қана қоймай, желтоқсан оқиғасын түпкілікті зерттеуге белсенді араласу қиынның қиыны еді.

Иә, осы мақалаларда айтылғандай қазақ халқының басынан нелер қайғылы оқиғалар өтсе де қазақтың қайсар жастары:

*Өткерген қайғы менен қасіретті,
Қазақтың ұл-қыздары қасиетті.
Тізгінді жат жұрттыққа бермейміз деп,
Қаншама боздақтардың басы кетті.*

Тәуелсіздік жолында қазақ халқы қаншама жанымызға батарлық қырғын көріп бейнет шекті. Енді оның бетін ары қылсын дей келе:

*Келмесін қайтып өткен күн,
Түбімізге жеткен күн.
Халықтығын халқымның,
Аяққа таптап кеткен күн.*

Желтоқсан оқиғасына байланысты, әр заманда, әр қилы саяси жағдайлардың себеп салдарымен Қазақстан жеріне жер аударылып келген, оларды қазақтар құшағын жайып қарсы алып төрімізді, жерімізді берген, осы күнге дейін шашбауын көтеріп келген, ақындарымыз: «Ақпыз, қара сарымыз-ағайынбыз бәріміз», - деп дос санап келген ағайын, қазақтың басына көлеңке түсіп күн туған шағында, этнос өкілдерінің іс-әрекеттерінің қимылдарының бет пердесі айшықталып көрсетілген екен.

Хакім Абайдың «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты», - деген қанатты сөзі осы болар. Діни мақалда айтылатын: «Құпияда күмән бар, күмәнда күнә бар» дегендей халқымызды 70 жыл басқарып келген кейінгі үкімет басындағы «Серкелеріміздің» де, «Саясат түпсіз терең қазылған ор» дегендей желтоқсан оқиғасы бойынша құпияларының беті ашылып, бірақ, ақиқат пен шындыққа жетудің жолы қиынның-қиыны болғандығын халық енді түсінді деуге әбден болады. Шындықтың жолында жан аямай күрескен қазақтың патриот қайсар ұлдары ақын қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов пен Серікхан Жақыпұлы сынды азаматтарға Алла қуат берсін. Қазақтың мүддесін қорғайтын, осындай ұлтын сүйетін патриоттар саны көбейе берсін демекпін.

Қорыта айтқанда, желтоқсан оқиғасындағы көтерілген жастардың сұрапыл толқынының нәтижесінде Қазақ халқының ежелден аңсап келе жатқан тәуелсіздіктің таңы атты.

Өз қиындықтары мен өзгешелік ерекшеліктерімен келген өзгеріс заманы тәуелсіздікті алып, өркениетті елдердің қатарына қосылып маңдайы енді жарқырады, бағы енді ашылды.

70 жыл бойына Коммунистік режимнің торына түсіп, 1986 жылғы 16 желтоқсандағы талай жастарымыздың тәуелсіздік үшін жандарын пидә қылып, азаттыққа әзер жетіп жер жаһандағы елдерге танылып, жылдан-жылға өркенімізбен өркениетіміз өсіп, хал- ахуалымыз жақсарып келеді.

Қазіргі Қазақстан халқының тұрмыс жағдайын әлеуметтік әл ауқатын тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен салыстырсақ жер мен көктей айырмашылығы бар. Бұрынғыдай тапшылық жоқ. Қалаларымыздағы базарға барсаң, азық-түлік, көкөніс, киім-кешек өнеркәсіп тауарлары т.б барлығы молшылық. Осындай жағдайларға жеткізген Аллаһқа тек шүкіршілік етуге тиіспіз.

Еліміз тәуелсіз ел атанып, өркениетті елдер санына қарай қадам басып, өз егемендігін алғаннан бері халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық мәдениеті қайта жанданып ілгері дамып келеді.

Біз өткен тарихымызда Ұлы далада небір қиындықтарды басымыздан кешірген, сұрапыл соғыстарды, жойқын жортуылдарды өткерген сан рет қирап, сан рет бой түзеген: «Тарихтың тағдырлы көші», - дейтін ұзақ жолда жақсыны да, жаманды да көрген; салтанатты өмір сүрген, хандары алтын сарайларда да тұрған, алтын такта да отырған, іргелес елдермен бейбіт өмір сүре де білген елміз. Тауқыметті соншама көп кешкен, тағдыры аянышты езіліп-егілген, жабығып жапа шеккен, тарығып-зарыққан, қуғын мен азапқа ұшыраған елдің бірі Қазақ елі. Бұл күнге жету үшін ата-бабамыз қан төкті, жанын берді, бүкіл жеріміздің тұтастығын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа табыс етті. 300 жыл патшалы Ресейдің отары болдық.

Патшалы Ресейге бодан болған үш ғасырдың ішінде тарихымыз, ар-ожданымыз табанға тапталды. Алқакөл-сұламаға ұшырадық. Ұлт ретінде жер бетінен жойылып кете жаздадық. Қазақтың: «Қара таудың басынан көш келеді»—деп зарлағаны; Қазтуған жыраудың

«Қайран да менің Еділім» –деп қабырғасы сөгілгені; Үш жүздің басын қоса алмай, қала сала алмай, көшіп қонған жұртын орнықтырып ел ете алмай Абылайдың пұшпайман болғаны; Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; «Еділді келіп алғаны – етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны – жағаға қолды салғаны, әдіре қалғыр үш қиян» – деп Мұрат ақынның күйзелгені; «Бас-басына би болған өңкей қиқым, мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын» – деп Абайдың қабырғасы қайысатыны осы тұс еді. Даламызды да, өзімізді де көрмеген батыстың ғалымдары қазақты жер бетіндегі жабайы халықтың қатарына қосты. Олар өркениеттің шығыстан басталғандығын, Еуропа қалың ұйқыда жатқанда бұл өңірде салтанатты тіршілік болғандығын, керек болса, ер қанаты жылқыны да қолға үйретіп, ер-тоқым салып, жүгендеп, өмір сүрудің құралына айландырғанын біле тұра мойындағылары келмеді. Өркениеттің жалғасын, тұтас бір дәуірін жасаған ата-тегіміз – ғұндарды да, оның көсемі Еділ (Аттилла) патшаны да; көк Тәңірі мен қара жердің ортасындағы бүкіл адам баласын билеген, дүниенің төрт бұрышын аузына қаратқан, сөйтіп азды көп, кедейді бай қылған, тату елге жақсылық қылған, асыл мұралар қалдырған Қағанат қаһармандарын да жабайыға санады. Ойыңа түссе зығырданыңды қайнататын, пұшайман қылып сергелдеңге салатын, досың түгілі жауыңа да тілемейтін осындай қорлықты, сұмдықты басымыздан кешкен, тарихқа есесі кеткен елміз. Кеңпейіл, аңқау қазақтың мал-жаны тәркіленіп, ашаршылыққа душар болды. Зұлматтың құрығына түсті өзгенің тарихын өзімізге теліп оқыдық. Хандарымыз бен билеріміз, бектеріміз бен батырларымыз әжуаға, күлкіге, мазаққа айналды. Тарихымыз саясаттың құралына айналды; сана, дәстүр күйреді, халық жадынан айрылды, шыбын жаны шырқырады.

Қазақ Советтік Социалистік Республикасы дейтұғын елде тұратын азаматтардың ішіндегі ең бейшарасы, ең сорлысы қазақтар болды. «Қазақстан», – деп те, «менің ана тілім–қазақ тілі» деп те айта алмайтынбыз, айтқызбайтын. Мың қазақ отырып, ортасында жалғыз орыс болса барлығы орысша сөйлейтін. Тіл де, дін де, тарих та, мәдениет те, салт-дәстүр де, әдет-ғұрып та, ата жолы да, бәрі де мансұқ болды. Жоғарыдан

келгендердің ығына жығылды. Сөзін сөйлеп жағынуға тырыстық. Елдің еңсесі түсті. Өтірік күлді, жалған сөйледі.

70 жыл әміршіл-әкімшіл үкімет үстемдік етті. Тәуелсіздік үшін халқымыз 325 рет көтеріліске шықты. Ол көтерілістер 1916 жылғы ұлы дүрбелеңге ұласты. 1986 жылғы желтоқсан қозғалысымен тарихқа енді.

1920-1921, 1931-1932 жылдары ұлтымыз қолдан жасалған аштықтан, зорлық-зомбылықтан, сондай-ақ сұмдықтардың кесірінен қазақ кезінде ата мекенін тастап тоз-тоз болып жан сауғалауға елінен безіп, өз ұясын, руын, туған-туысқанын сақтап қалу үшін 44 елге тарыдай шашылып кетті.

Азаттық – қазақ халқының ежелгі арманы еді, талай қиындықты бастан кешірді, ешқашан мойымады, күресе білді, азаттық таңы туатынына кәміл сенді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы 1991 жылдың 16 желтоқсаны күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет тәуелсіз Қазақстан Республикасы келді. 1991 жылы 16 желтоқ-санда Әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет Қазақстан Республикасы пайда болды. Кеңестік партия елеске айналып оның орнына көп партиялық жүйе дүниеге келді. Қазақстан тұңғыш рет өз ата заңын қабылдады. 1992 жылдың маусымында Тәуелсіздік туы – көк байрағымыз желбіреген ән ұранымыз қабылданды. 1992 жылы мамырда Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаев «ҚР Қарулы күштерін құру туралы» жарлыққа қол қойды. Бұл жарлықтың Қазақстан үшін мәні зор. Бұл Қазақстанның шынайы тәуелсіздікке қол жеткізу, қорғанысын нығайту және халықаралық беделін көтеру жолындағы жаңа қадам болды. Шекарада перде ысырылып, адамдардың таяу алыс шет елдерге сапар шегуі үйреншікті тіршілікке айналды.

1993 жылы 15 қарашада Қазақстанның ұлттық валютасы теңге айналымға енгізілді.

1991 жылы 29 тамызда Елбасы «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» жарлыққа қол қойды.

Қазір тәуелсіз Қазақстан 115 елмен мәмлегерлік қарым-қатынас орнатты. Көптеген елдің елшіліктері қызмет істеп жатыр.

Қазақ мемлекеті әлемдік қауымдастыққа белсене араласып қарым-қатынасқа түсті және Біріккен ұлттар ұйымына мүше болды.

Қаңтар 2010 жылғы біздің тәуелсіздігіміздің барлық жетістіктерінің шарықтау тәжі Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы болып отыр.

Осыдан 20 жыл бұрын Қазақстанның егемендігі туралы Декларация 1990 жылы 25 қазанда қабылданған болатын. «Қазақстанның жері, суы, тауы байлығы барлығы Қазақстанның меншігінде, біз ешкімге тәуелді емеспіз» деп өте батыл қадам жасалды.

Қазақстанды дүние жүзі таныды, қазақ деген халықтың бар екені дүниенің төрт жағына да мәлім болды. Әлемге белгілі болған отанымызды орнатып, оның астанасы Сарыарқаның дәл ортасында еліміздің кең байтақ орталығында бой көтеріп, жұрттың бәрін таңғалдырды. Сондықтан бұл өте үлкен мағынасы зор күн екенін әр адам есте ұстағаны абзал.

Тәуелсіздік бізге не берді десек - Тәуелсіздік ойға еркіндік берді! Езілген еңсені тіктеуге мүмкіндік берді. Өзге елдермен тереземізді теңестірді.

Қазақстан тәуелсіздік тарихын қатар бастаған өзге ТМД елдерінің алдына шықты. Әлемдік деңгейдегі өркениетті елдермен бой теңестіре бастадық. Біздің экономикалық жетістіктеріміз бен саяси реформаларымызды шетел сарапшылары да жоғары бағалауда.

Ендігі мақсат барды бағалау, жақсы-жаманды саралау, қолдағыны ұқсату, бақытты баянды ету. Бір мақсат бір тілектің астына табылып, бірігіп тіршілік ету. Бұдан былай еліміздің жеріміздің, ұлтымыздың, жұртымыздың келешегі жолындағы жауапкершіліктің барлығы осы қазақта. Қазақтың тілі мен дінінде, әдеті мен ғадетінде, мәдениеті мен әдебиетінде, өнері мен өнегесінде жетістіктеріміз аз емес. Экономикамыз қарқынды, әлеуметіміз тұрақты. Мойнымызда аталарымыздың аманаты бар. ол ұлтымыздың сан ғасырлық ұлы көшін келешекке оздыру. Келешек ұрпақты Отан сүйгіштікке, елін жерін сүйге, тәуелсіздікті бағалай білуге, батырлыққа, батылдыққа, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, әділетті болуға, халқының тегін, тарихын, ана тілін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып өз еліміздің даму тарихы туралы танымын қалыптастыру.

Мұқағали Мақатаев айтқандай:

Ең бірінші бақытым— халқым менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын.

Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.

Ал, екінші бақытым— тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,

Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші— Отан деген

Құдай деген кім десе Отан дер ем.

Оты сөнген жалғанда жан болса егер,

Ойланбай-ақ, кел-дағы от ал менен, - дегенге орай

елімен етене сіңісіп, жерімен кіндігі байлана біте қайнасқан халқына, тіліне, отаны үшін бел шеше жұмыс істейтін халықтың ішіндегі ел өкілі ретінде арына кір келтірмейтін марғасқа азаматтарды даярлау басты міндет болмақ.

Тәуелсіз еліміздің дамып өркендеуі жолында күш-жігерімізді аямай, бірлесе қимылдауымыз қажет. Өйткені тәуелсіздік бәрінен де қымбат, бәрінен де қастерлі. Қорыта айтқанда, әрқайсымыз өз мүмкіндігіміз аясында ортақ істің өрге басуына үлес қосуға тиістіміз. Мен де осы өмірге келгеннен бері өзгерістің көлеңке де күнге тұстарында өмір сүріп, оқу оқып білім алып, отанымыз халқымыз үшін аянбай еңбек етіп, зейнеткерлік жасқа жетіп оның да жемісін теріп жеп келе жатырмын. 1957 жылы тұңғыш қыз бала көріп, о дүниелік болып кеткеннен кейін, 1962 жылға дейін баламыз болмады. Өзімде қатты науқастанып, дәрігерлердің айтуынша бұл пәниден ерте озып ұрпақсыз кетемін-ау деп ойлайтынмын. Сол кезде Аллаһтан сұрап: артымда жоқ дегенде бір қыз бала қалып, одан кейін Аллаһ өз аманатын алса көптен-көп Аллаһқа ризамын деуші едім.

«Бұл тірлік өте шығар көзге аңдатпай» дегендей, міне қазір көзді ашып жұмғанша 2011 жылға да келіп жеттік, осы күнге жеткізгені үшін Аллаһқа мыңда бір шүкір

*Дүние айналған бір үлкен шарық,
Тоймай жүр қызығына адам қанып.
Сәулелі жағына кез бола қалсаң,*

Тартады көтеріңкі көңіл жарық – дегендей,

Жаратушы иемнің берген өмірінің арқасында күні бүгінде 9 балам 23 немерем бар. Осы балаларым мен немерелерім, менікі емес Аллаһтікі. Осы берген ұрпағына Алла жар болсын! Тірі жүрсем алдым, бақилық болсам артым аман болсын деген тілегімді Аллаһ қабыл алсын!

Өмір өткен ізге айналмасын, қарт тарихты қадірлейік дей келе, иә ХХ ғасыр адамзатты екі бірдей дүниежүзілік соғыс пен қилы-қилы қан төгістерге, ядролық зардаптар мен жер сілкіністеріне, ғарышты бағындыру мен ғылыми-техникалық шарықтауларға куә болып тарих қойнауына енді.

Көшпенділер романындағы І. Есенберлиннің дерегі бойынша 1712 жылы қазақтың саны 12 миллион болыпты, сол есеппен алғанда қазірде қазақтың саны 50 миллионға жетеді екен. Қазағым осындай өкінішті өмірден аман болсын.

Болашақта қазақ халқының маңдайына «өзгерісті өмірдің» келуі келмеске кетсін. Аллаһ ондай «өзгерісті өмірден» қазағымды аулақ қылсын. Өмірде аққан өзен секілді, бір орнында тұрмай бірде жолындағының барлығын жапырып екпіндей құлдиласа, енді бірде кең арнасымен кемелдене ағатыны секілді, халқымызды Аллаһ кемелді бейбіт өмірден айырмасын, – дей келе сөзімді доғармақпын.



Тәуелсіздікке тарту

(Тәуелсіздіктің жиырма жылдығына)

Түркілердің ту тіккен арайлы атамекені,
Ақ бөрікті Алтай мен Тарбағатай еңселі.
Тәуелсіздік күнінің шуағына ел шомылып,
Бесігінде ән-жырдың бөленді де тербелді.
Тәуелсіздік таңы атып, қазақ елі қуанған,
Ұзағынан сүйіндір, ұлт шаттығын пір Аллам.
Абылай хан, Қабанбай қазақ мемлекеттігінің
Тәуелсіздігін армандап жоңғарға қарсы тұра алған.
Тағзым ғып тәуелсіздікке сән-салтанат төрімде,
Салт-санамыз ұмтылды өркендеудің өріне.
Қазақстан - Отаным жігер беріп халыққа,
Тәуелсіздік көк туы биікте мәңгі желбіре!
Қазағым-ай, ақын-ел, өмірі-өлең,
Болашаққа сенімі сейілмеген.
Танылды өрлігіміз, ерлігіміз,
Дархан достық, сүттей ақ пейілменен.
Қазақстан көп ұлтты барыс елі
Әлем халқы достығын дәріс көрді.
Байқоңырдан самғады көк аспанға
Тоқтардай тұңғыш қазақ ғарышкері.
Тың тірлікке бұрдық та мойнымызды,
Болашаққа жалғадық ойды ізгі.
Үзілмеген үкілі үмітіміз,
Тік ұстауға баулыды бойымызды.
Желбіреді көгілдір Байрағымыз,
Әнұран, Елтаңбамыз - айбарымыз.
Ел бірлігі көтерсе көңілімізді,
Тәуелсіздік таңындай жайдарымыз
Тәуелсіздік – даңқымыз, ұранымыз,
Биік болсын әр шыққан шыңдарымыз.
Қуанышқа бөлесін ортаймайтын,
Жаңа ғасыр - болашақ жылдарымыз.

Толеуғазы НҰРҒАЛИҰЛЫ

Ертіс өңірі 14 желтоқсан 2011 жыл



Қабанбай батыр бабамыз туралы толғау

Уа, Қабанбай шарапатты ер баба,
Мысы басар алапатты ер баба.
Айтқан сөзі өсиетті ер баба,
Мәңгілікке қасиетті ер баба
Елдің кәрі-жасы да,
Сыйынса Ерасылға
Самұрықтай самғап аруағы.
Жететіндей расында
Жетер қанат байланып,
Жүр ғой жұрты айналып.
Басқыншы жау жоңғарды,
Қабанбай батыр жойды анық.
Тұлпар мініп ту ұстаған,
Бес қаруы сайланып.
Кең байтақ қазақ жерінен,
Қуыпты жоңғар жауларын.
Қалдырыпты белгі ғып,
Тарбағатай тауларын.
Шашақты найза қолға алып,
Боғастан атын суғарып.
«Майлы» шатта тынығып,
Отырыпты қуанып.
Дулығасы алтын жарқылдап,

Таразылап тағдыр талқысын,
Мазалаған сан сұрақ.
Жағының жігі ашылған,
Тұншыққан лебіз шашылған.
Төңірекке қарады,
Көзіне оттай басылған.
Одан бері өтті көп ғасыр,
Жаңарды заман көк-жасыл.
Қабекең жеңген жоңғарды,
Жүрген жолы қан сасыр,
Қазақты жоңғар қорлаған,
Аруларымызды зорлаған.
Жерімізге құныққан,
Ел босқан ата жұрттан.
Елім-ай атты зарлы ән,
Сыр шертеді сұмдықтан.
Қабанбай елін қорғап ерлік еткен,
Қырық жеті жыл бас сардар болып өткен.
Қаптама жекпе-жек соғыстарда,
Әрқашан жеңістерге қолы жеткен.
Жоңғар хандары Цеванравдан, Халден церен,
Қамалып омақа асқан орға терең
Қабанбай құртып жоңғар мемлекетін,
Қазаққа бейбіт өмір алып берген.
Сауыт мініп Кубас атқа шұғыл мінген,
Жау қашқан Қабанбайдың дүбірінен.
Хан Абылай «Дарабоз» атандырып,
Қабанбайға іші әркез жылып жүрген.
Қабанбай баба, бабамыз даңқты ғой,
Ерлігін Қытай, Орысқа танытты ғой.
Ел қорғаны болғаны, жорық жолы,
Мұрағатта сақталып қалыпты ғой.
Қостым батыр бабамды мен де жырға,
Ұрпаққа ұран, ерлігі елге мұра.
Алыс-жақын мұсылман кәпір демей,
Қолдаймын деген екен бар қауымға.

Өмірін Отан қорғауға бағыштады,
Қырық жеті жыл қырғында өзін сак ұстады.
Қаһарман қасиетті қайран баба,
Қабанбай адамзаттың арыстаны.
Найзағайдай намысы,
Шатырлап жауға сан түсті.
Қабанбай бастап жусатқан,
Қалмақ батырын Шарышты.
Жасалған ерлік орасан,
Тәуелсіздікке жол ашқан.
Қабанбай батыр мүсіні,
Тұрақ тепті Боғастан.
Жыртқызбай жауға жағасын,
Қорғады туған даласын.
Қабанбай батыр бабамыз,
Алдаспаны Алаштың.

Батыр бабамыздың шежіре дерегіне тоқталсақ: Тоқтарқожадан Байжігіт. Байжігіттің бірінші әйелінен: Қарақұрсақ, Арыс, (кей шежірелерде: Алыс, Айтымбет (Теке) деп көрсетілген. 2-ші әйелінен: Тоғас, Жұмық.

3-ші әйелінен: Мәмбет. Бұларды бес Байжігіт дейді. Олар Тарбағатайдың күнгей теріскейін жайлаған 5 болыс, бір үкірдей ел болған.

Жұмықтың бәйбішесінен: Болат, Сайболат, Саты, Қожан, Қараша. Тоқалдан: Тәуке, Жұмық. 4 болыс ел Теріс айырық, Шілікті, Маңырақ, Шорға болыстары болған.

Мәмбеттен: Өмір, Дәулен, Қожақұл. Қожақұлдан: Қабанбай. Қабанбайдан 7 ұл туады: Үмбетей, Кішкентай, Сырымбет, Едіге, Байтоқ, Мойнақ, Әлі-кенже баласы болғандықтан қара шаңырақ иесі болған. Әліден 8 ұл туады: Садырбай, Жақаш, Пұсырман, Дәуіт, Сәнік, Шінік, Айтқұл, Шаған. Бұларды Мәмбет елі жеті Қабанбай, сегіз Әлі деп тақпақтап айтып келген. Әлі өлгеннен кейін Жақаш деген баласы шаңырақ иесі болады. Жақаштан 6 ұл туып, Жақаш өлгенде Әділбек деген баласы шаңырақ иесі болған. Сол Әділбектен Сүлеймен, Сағатбек, Қыңырбек, Айнабек, Әбдікәрім, Қали туады. Бұларда Сүлеймен бабасының

шаңырағында болып, Сүлейменнен: Қанағат, одан Байділда, Нұрғазы, Мәулітқан. Бүгінгі күні Мәулітқан Қабанбай бабасының қарашаңырақ иесі болып жүріп жатыр.

Қабанбайдың өз балаларынан, немере-шөберелерінен өскен ұрпақтары Қытай, Монғолия сияқты шет елдерде және Қазақстанның әрбір аудан, облыстарында тұратындарын қосқанда 600 үйден асып түседі екен. Бүгінгі күні Мақаншы ауданында Қабанбайдың әулетінен 200 үй бар. 100 үйі Жарбұлақ, Қарабұлақ совхоздарында тұратын болса, қалған 100 үйі Мақаншы орталығында, Арқалды және Кировка совхоздарында селосында тұрады. Жарбұлақ совхозының оңтүстігінде 8 шақырым жерде бұрын «Қараған», - деп аталатын мекенде Қабанбайдың үшінші ұрпағы Әділбек, төртінші ұрпағы Сүлейменнің жерленген зираты бар. Сүлеймен ұлы Қанағат батыр бабасының қалған мұраларын сақтап келіп Қытай өкіметіне тапсырғаннан кейін, 1937-1938 жылдарда музейден көрген қариялар Тарбағатай аймағы Шәуешек қаласындағы «Тұран», - деп аталатын мектептің музей үйіне қойылғанын айтады. Онда қойылған Қабанбайдың мұралары: білтелі қара мылтығы, садағы, жебелері, найзасы, сауыты, дулығасын көріпті. Мұралардың барлығынан көне істелінгені, Қабанбай жорықта киген, қолына ұстаған құралдары екендігі сезіліп тұр - дейді.



Кегенбай би

Тектілермен тең еді,
Керегесі кең еді.
Таныған жақсы жаманды,
Би болған он үш жасында.
Айтқаны тура келеді,
Туғаны жоқ тура би.
Ақиқаттың ақ берені,
Құт тілеп алаш жұртына
Ақ батасымен жебеді.

Көмектескен кедейге,
Ары жүрсін демеді.
Өмір жолы өнеге
Өрендерге өрелі.
Кегенбай би кемеңгер,
Кесіміне көнген ел.
Өмірдің көшін аңғарып,
Болашақты барлаған.

Боқбасар би

Орта жүзге билік айтқан
Төбе биі Найманның.
Боқбасар бидің білеміз
Қанатын кеңге жайғанын.
Боқбасар би де сыйлы адам,
Ақындар мақтан жырлаған.
Көкпекті, Бөкен, Шегелек,
Шар, Қызыл-су, Қалбатау

Боқбасар бидің жайлауы.
Қыстауы екен жылы тау
Қарғыбаның бойында,
Боқбасар би әділ шешкен ер
құнын.
Ойлаған қазақ теңдігін,
Ақтаған халық сенімін.



Сасан би

Уа халайық, халайық,
Заман ғой қазір ғажайып.
Көне көздер баяғы,
Кетті бүгін азайып.
Солардың бірі ұлы кеуде,
Сасан биді тарих іздеуде.
Қаншама асыл сөздері,
Жетпей қалған біздерге.
Азық еткен ақалын,
Ойлаған қамын халқының
Жақынына жанашыр,
Әрбір айтқан сөзі асыл.
Әділ шешкен дау-шарды,
Қабілетті қауһарлы.
Қос бөрі екен иесі,
Керемет болған киесі.
Қарсыласын қалжыратып,
Жеңетін Сасан би осы.
Қасиет қой шынында,
Тән келетін ұлыға
Баяғыда бір дауды
Шешуге Сасан келеді.

Шақырылған Қытай биі де,
Озық ойлы өрелі.
Сасан бидің бөрілері,
Қос жыланым Қытай биінің
Қуып тығып жартасқа,
Ескерту елес береді.
Қытай биі жасқанып,
Нар түйедей шөгеді
Қазақтың Сасан биінің,
Кесіміне көнеді.
Екі ауыз сөзбен ер құнын,
Сасан би шешкен деседі.
Дуа қонған аузына,
Көркем сөздің көсемі
Нарын өзені бойында,
Қара жердің қойнында
Жатса да Сасан би баба,
Ұрпақтарының ойында
Құран бағыштап рухына
Есімізге аламыз,
Қолдасын би бабамыз.



Жомарт батыр

Ел аузынан алынған аңыз әңгімелерде Жомарт Тоқабайұлы XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар соғыстарында ерекше көзге түскен, Абылай, Қабанбай кезеңіндегі қол бастаған батырлардың бірі болыпты. Жомарт батырға байланысты ұрпақтарының арасында біршама аңыз әңгімелер де сақталған. Кешегі Кеңес өкіметінің солақай саясаты салдарынан талай елін-жерін жоңғарлардан азат етуші батырларымыз ел-жұртқа, кейінгі жас ұрпаққа жария етілмей келгені көпке мәлім. Солардың бірі осы уақытқа дейін белгісіз болып келген Жомарт батыр.

Досына болған жайдары,
Жауына болған айбарлы.
Басқыншы жау Жоңғарға,
Бес қаруын сайлады.
Қорғаған жерін Жоңғардан,
Тарбағатай аймағы.
Ақ найзаны қолға алып,
Тұлпар атқа қонған нық.
Жеңіске жетіп отырған,
Жүрген жерін олжа ғып.
Апай төс сом білекті,
Арыстандай жүректі.
Тәуелсіздігі үшін қазақтың
Қанын төгіп күресті.
Арда қазақ елінің,
Намысын қорғап ту етті.
Қорғаны болған халқының,
Даңқты Жомарт батырдың
Кегенбай би баласы
Тат баспас бірі асылдың.
Әке мен бала ел үшін,
Көтерген жүгін ғасырдың.
Жемісті түрде жалғаған,
Қазақтың озық дәстүрін

Шабуылға шыққан жан-
жақты,
Қырылған қазақ қалмақтан.
Сын сағатта қазаққа,
Жәрдем берген жаратқан
Қалмақтарды қасқырдай,
Адымдарын аштырмай,
Жомарт батыр жусатқан.
Көктен түскен жасындай,
Тарбағатай тауында
Шешуші қатты шайқаста
Жомарт батыр байқаса,
Жараланған жамбастан.
Жеңердей жауда жармасқан,
Жолбарыстай жаралы
Батыр күшін салады.
Қалың қол келген көмекке,
Таусылған жаудың амалы.
Жеңіліп жоңғар жер шұқып,
Талқандалған қамалы.
Жомарт батыр сексен жаста
екен,
Ерен ерлік көрсеткен.
Жарақаты батырдың

Жазылмай маза бермеген.
Жайлауда жазда көз жұмып,
«Ұзын бұлақ» күзегінде
жерленген.

Арыстан жүрек тоқтаған,
Қалың қазақ жоқтаған.
Ер есімі елінің,
Есінде жүр сақталған.

Шерубай Құлұлы

Құлдың ұлы Шерубай,
Орта жүзден Найманнан.
Арғы атасы Кегенбай,
Қара қылды қақ жарған.
Қалаулысы халықтың,
Ұстанған дұрыс бағытын.
Асқақтатқан Алаштын
Абыройлы намысын.

Жан жары жақсы Айбала,
Кенелген әркез пайдаға.
Байбақ атты бір ұлын,
Және қызы сұлуын
Тәрбиелеп ислам дініне
Отбасы болған үлгілі.
Шерубай қазақ еліне,
Көптеп еңбек сіңірді.

Тана мырза

Билеушісі даланың,
Тағылымы мол Тананың.
Мырзалығы беделі,
Көңілінен шыққан баршаның.
Салтанаты байлығы,
Кедейлерге қайрымы.
Аңыз болып бүгінде,
Алты Алашқа жайылды.



Жеті асу тарихы (Ертіс өңірі 2011ж)

Жоңғар шапқыншылығына байланысты ел ауызындағы әңгіме-лер үнемі айтылып жүргенімен, оны парақ бетіне түсіріп, кейінгі ұрпақтың кәдесіне жаратуға көбіне мойынымыз жар бермейтіні шындық. Десек-те, ауыздан-ауызға жеткен аңыздарды жүйелеп, қолдан келгенше жыраулық үлгіде жұрт игілігіне беруге ниеттенген жандар да баршылық. Солардың бірі – «Жеті асу тарихын» ұсынып отырған ел ағасы, қазыналы қария – Төлеуғазы Нұрғалиұлы. Тарихы тереңнен ой қозғайтын Тарбағатай өңірінде сол кезеңде ерлік көрсеткен бабалар жайын баяндайтын бұл шығарма еш уақытта құндылығын жоғалтпаса керек.

Көз алартып жоңғарлар,
Қызыққан қазақ жеріне.
Жоңғардан батыр бабалар,
Қорғаған жерді кезінде.
Қабанбай мен Боранбай
Бастаған жауға жасақты.
Аякөз бен Жарманы
Жоңғарлардан босатты.
Батырлары қазақтың
Көрсетті ерлік ғажап тым.
Өкпетіден Доланның
Қалың қолын тықсырып
Әлемдіден асырған,
Танытқан жауға мықтылық.
Жан-жақтан қазақтың
батырлары
Жиналып Ақсуатта сап
құрады,
Қабанбай мен Боранбай
басшыболған
Айқасқа Ақсуатта
жаттығады.

Қазақтың қалың жасағы
Жоңғардың мысын басады,
Қаратай, Түйемойнақтан
Жоңғарды қырып тастады.
Ауыр тиген жоңғар
жыртқышқа
Ұлан-Іргедегі ұрыста.
Ойсырата соғып жоңғарды
Кеңейе түсті тыныс та.
Ұланда қалмақ батыры.
Құлбабас та қалмақ батыры.
Қазақ батырларынан
Қаза тапқан ақыры
Талқандап жаудың тың
күшін.
Тарбағатайдың шығысын
Азат еткен жоңғардан
Көрсетіп ерлік үлгісін.
Қабанбай мен Боранбай
Көкжал Барак, Қойбағар,
Қосай, Қожай, Елқонды,
Дәулетбай, Айдар, Тама,

Шүршіт, Анар, Нарбота,
Батыр Хабар, Дора,
Қарашпен
Батыр Бұқар Есентай.
Қазақ батырлары қол бастап,
Қаптаған қалың жауды
жасқап,
Талқандап «Ақшоқыда»
Айбындар болды асқақ.
«Әлемді», «Хабарасу»,
«Сәргелі»
Асуында Жоңғар түмені
Ұшырайды қырғынға,
Баса алмайды ілгері.
«Орта асуда» көлденең
Қалмайды жоңғар өлмеген.
«Суасуда» кез келген,
Ағыны қатты өзеннен.
Өткел тауып өтеді,
Қазақ қолы дегенмен.
Өзеннің шығыс жағында,
Қазақтар көшкен шабуылға.
Қарсыласқанмен қалмақтар
Қырылады тағыда.
Өте тік Текеасудан
Өте алмайды жол тауып,
Жоңғарлар қалды жер қауып.
Тарбағатайдағы жеті асудан,
Жоңғарлардан тазартқан.
Бақытты болашақ үшін
Жанын қиды ерлер қазақтан.
Жауынгерлік жолдары
Батырлардың – зор мақтан.
Нарбота, Қойбағар, Байбарак
Жоңғарға шапқан айқайлап.
Қатыгез қорқай жоңғардың.

Жазасын берген найзалап.
Елі Байыс Қыржы Кешуді,
Ұмытпайық батыр Есілді.
Жекпе-жекте жоңғармен
Қаза болған бес ұлы.
Алтыншы ұлы Кешудің
Үйленген қалмақ қызына,
Солардан туған Араб батыр
Кіндікті атты ауылдың,
Сарыбұлағына таяу
жерленген.
Теңізбайдың баласы
Атақты батыр Қарашы,
Ұзын пышақ Қараш атанып,
Қазақтың болған панасы.
Қараштың ұлы Байбек қой,
Ешкімнің болмас таласы.
Керейдің батыр Хабары
Қалмаққа қарсы шабады.
Хабарасу, Текеасудан
Жоңғарды асырып салады.
Басқарған мың әскерді
Болады Хабар жаралы.
Қайтып келе жатқанда
Ат үстінде әлсіреп,
Зорға тыныс алады.
Атының басын тартады
«Осы жерге мені қойыңдар,
Жауыз жоңғар жойылар,
Жоңғарлар хабарасудан
Қайта асса көріп жатайын»-
Деп осылай тапсырған.
Хабар батыр тау тұлғалы
Байқоңырда көз жұмады.
Байқоңырдың тауынан
Хабарасу көрініп тұрады.

Ақбоз аты Хабардың,
Сай жағалап жоғалды.
Содан бері осы сай,
«Ақбоз ат» сайы атанды.
Қалмақтар асқан сол асу,
Хабарасу болады.
Хан алдында сабырлы,
Халық алдында қадірлі.
Дора батыр қолында
Тұрды қазақ тағдыры.
Жеңіске Найман жасағын
Жеткізген Дора әмірі.
Табиғат берген күшімен,
Ақ найзаның ұшымен
Дулығалы Дора батыр да
Жоңғарды баудай түсірген.
Қазақ елінің бұрынғы
Құрметтейтін бір ұлы –
Руы Ырсақ Елқонды
Дора даңқты ер болды.
Қазақтың Дора батыры
Отаншыл әрі ақылды
Өлкемізді жоңғардан
Тазартуға шақырды.
Айтсақ батыр Дораны -
Адамгершілігі жоғары.
Қабанбайға қосылып
Жорықтан қайтқан олжалы.
Жоңғарлардан тазартты
Жарма менен Қалбаны,
Шаған тауы Кіндікті
Жерінен Жоңғарды қуыпты.

Көрсеткен ғой көп ерлік
Дора да болған шын мықты
Кіндіктің Шаған тауында
Жоңғарларды қырыпты.
Сарқұл мен Лабаны
Батырлар қорғап қалады.
Сылдырама тауына
Жоңғарлар бет алады.
Сылдыраманың сайымен
Жоңғарлар түгел қашады.
Байыз таппай Боғастан
Майлышатқа қадам басады.
Жоңғарларды жусатқан,
Әлемдіде Дора жасағы.
Дора батыр әскермен
Өкпетіге келеді.
Екінші рет Доланға
Жан-жақтан төтеп береді,
Қиян-кескі соғыста
Жоңғарлар көп өледі.
Алысып Долан күшімен
Дора батыр қолға түсірген,
Қабанбайға табыстап
Танылған ерлік ісімен.
Қазақ батыры Дораға
Доланды жеңі серт болды,
Доланқара соғысында
Дара батыр мерт болды.
Дара Қарашеңгелдің
Шығысы жағына жерленді.
Бүкіл қазақ намысын
Қорғады, жауға бермеді.

Қазақ жерін қалмақтардың шапқыншылығынан азат етуде,
ұрыстарда бірге болған Кіші жүз Жетіру ішінде Тама батырдың
тарихы жайында:

Кіші жүз сарбаздары
Жоңғарды жеңіп марқайған,
Қалмақты қуып асырған.
Орқашар, Қобық, Алтайдан
Кіші жүзден Тамадан
Сарбаздар еліне оралды.
Таманың бір жігіті
Еліне қайтпай қалады.
Жұмықтардың ішінде
Бір қызға көңілі түсті де
Үйленіп бір жыл тұрады.
Таңқалып тағдыр ісіне.
Жолдастарын, ел-жұртын
Сарымайдай сағынып
Жарына айтты жалынып,
Тамаларға жетеді,
Ол әйелі жүкті болады
Еркелеп қол артады.
Күйеу жігіт Сыр бойына
Тамаларға жол тартады.
Еліне жігіт барады,
Көп уақыт сонда болады.
Жайылхан, Мұрат есімді
Әйелі екі ұл табады.
Жайылхан төртке келгенде
Мұрат екіге толғанда
Әкелері дүние салады.
Екі бала шешелерінің
Қолында жетім қалады.
Күйеуінің жылдығы
Өткеннен соң, шындығы,
Әмеңгерлікпен біреуге
Ұсынды тұрмыс құруды.
Келіндері көбейді
Ел жұртын аңсап шөлдейді.
Ішқұса болып қайғырып,

Жүреді, мұң мендейді
Айтатын болсақ дәл шынын
Әйгілі Тама батырдың
Әйелі екі баланы
Шарбақ бесікке салады.
Отырғызып жел маяға
Көз тігіп жол қарады.
Қайдасың деп ел-жұртым
Кеш түсе тартып береді.
Жол үстінде екі баламен
Көп қиындық көреді.
Ауыр күндер өтеді,
Жұмық ауылына аман
жетеді.

Көп жылдан соң екі ұл да
Азамат болып жетеді.
Жайылхан 22 жаста екен,
Мұрат 20 жаста екен,
Біреулермен Жайылхан
Бір күні жүз шайысқан
Қарсыласы Жайылханға
«Мықты болсаң қаңғырмай
Еліңе кетсең болмайма?»-
Деп тілдейді, оңай ма?
Намыстандырды бұл қатты
Жайылхан мен Мұратты
Шешелерін көндіріп
Тастапты елі Жұмықты.
Сыр бойына бет алды
Ел-жұртына тұрақты.
Бір күндей жол жүреді
Жалаңаш жерін Тоғастың
Батырдың көзі шалады,
Шабарманын жіберіп,
Жедел хабар алады.
Тоғас Анар батырын

Тапты апайын, жақынын.
Жолығып жиендеріне,
Айтады былай ақылын:
«Сыймасаңдар Жұмыққа»
Келіндер біздің Тоғасқа,
Туыскандар бір-бірін
Жақын тартса болмас па.
Сендерге қанша жер керек?
Ойым бар бөліп мен бермек
Қойыңдар сырға көшуді,
Жағдайларың жөнделмек.
Тұмсықтыға шоқытпай,
Қанаттыға қақтырмай
Тірісінде көзімнің
Қамқоршыларың өзіңмін.
Ақылына Анардың
Көнеді Тама жиендері,
300 жыл Тоғас елінде
Мекендеп жер иемденді
Тоғас елімен кәдімгі
Араласқан қан-жыны.
40 отбасы Тама бар,
Ойшіліктегі қазіргі.
Өсіп-өніп келеді.
Еңбек етіп әр түрлі
Ұрпақтары Таманың
Талабына қарай заманның
Жақсы арқанатыда өсіріп,
Жатыр бүгін мал-жанын,
Түтіндері түзу шығып.
Атырған тіршілік тандарын,
Жоңғармен бітіп майданы
Тынышталды қазақ аймағы.
Бекініс салып Ақсуаттан
Ресей патшасы айдалы,
Мұқият байқап білгенмен

Көрмеді ол пайданы.
Табан тіреп тұрмады,
Патшалық Ресей құлады.
Орнап Кеңес Үкіметі
Шекара салды қырағы.
Қазіргі осы Ақсуат
Сырттан келгендерді
Рұқсат қағазбенен
Өткізеді бақылап.
Аудан халқына мерзімді
Молырақ қаржы берілді.
Ресейлік патша құлағанда,
Билік тиген қызылдарға.
Жоюға Деникин мен Колчак
әскерін

Дайындалған Үржарда.
Қызылдардың жоспары
Орындалмай бос қалды.
Патшалық Ресей қарқынды
Көп ақшасы, алтыны.
Жол бастаушы жолдайды
Аякөзден арнайы.
Аякөзден Орта асуға

/Покровка/

Жолшы бастап кетеді,
Патша әскерлерімен
Қытайға ары өтеді.
Деникиннің жасағы
Жолшыны

Кезеңде аттырып тастайды,
Көне көз қарттар осылай
Әңгіме болжам жасайды.
Деникин Колчак әскермен
Қытайға бет бұрады,
Қызылдарға айтып қояр,- деп
Жолындағы елді қырады.

Қаптаған адам сүйектері
Тарбағатайдың болған
беттері.

Содан «Ақтың жолы» деп
Халық атап кетті оны.
Патшалық Ресей тұсында
Хабарасу жолдары
Қытай мен Ресейаралық
Белгілі кеден болғаны.
Томардың шығыс жағында
Әлі бар кеден орындары
Сол кеден Орта асудан
Қытайменен іргелес
Ақсуат пен Ақжарға
85 – 90 шықырым түк емес.

Отан соғысы жылдарында
Қазіргі мешіт жанында
Болды әскери бөлімше,
Қарулы күш қолында.
Аудандық әскери бөлімді
Қаражанов Құсайын
басқарды.

Одан кейін Медведевский
деген

Орыс басшылық жасады.
Осы жерден Отан қорғауға
Азаматтар аттанды.

Ортаасудан жол салса Бахты
арқылы

Баратын Шәуешек пен
Үрімжіге
Ақсуат пен Ақжарға тиімді
де.

Мол қаражат құйылып
бюджетке

Жұмсалар еді халықтың
игілігіне

Онда көп қымбатшылық
шарпымайды,

Қытаймен қашықтық
жақындайды.

Онда Ортаасу мен Аякөзден
Ресей көліктері де

қатынайды.
«Майқапшағай», Жеменейді
айналмайды.

Ортасу шығынға да
батырмайды.

Халықтың әл ауқаты артар
еді,

Ортаасудан неге жол
ашылмайды?

Осындай қалың қауым
ұсынысын

Шығарар басшылар шешімі
нақтылайды.

Жоңғар шапқыншылығын
көрген кеше

Жарасар батыр елге қорған
десе.

Қасиетті бабалар ізі қалған,
Ақсуаттың тарихы қалған
есте,

Жалғаған батыс-шығыс
шекарасын

Ақсуат алтын көпір болған
кеше.

Автордан:

Мен өткен ғасырдың елуінші жылдары Тарбағатай өңірінде орналасқан шаруашылықтарда, кейінгі жетпісінші жылдары «Өкпеті», «Қызылтас» өңіріндегі шаруашылықтарда жұмыс істедім. Жаз маусымында табиғаты көркем Тарбағатай жайлауындағы мал отарларын аралап жүргенде тау беткейлерінің кей жерлерде шоғырланып, кей жерлерде шашылып жатқан адам сүйектері ұшырасатын. Осындай жайрап жатқан сүйектерді көргенде оның белгісіз сырларын білуге асығады екенсің. Сондайда, «ауылыңда қарт болса қаттаулы тұрған хатпен тең» дегендей, сол замандағы көнекөз қариялардан суыртпақтап сөз тартқанда, «бұл сүйектер ақ пен қызылдың арасында қырылған адамдар ғой, жүгенсіз заманның атау, кебісінсіз кеткен бейкүнә құрбандары» - деп бір күрсініп қоятын.

«Тұлпар болып туса да, тулақ құрлы бағасы болмай қалды» деп Мағжан айтқандай, жан төзгісіз теңсіздіктен, әділетсіздіктен қырылған адамдардың сүйектері «Көлеңкелі», «Нарын» бойында өте көп болған. Оны халық болып жинастырып көмді ғой...

Жоғарыда жазылған «Жеті асудың» әр асуын жыр етіп айтатын қарияларды да кездестірдік. Сол асуларда жоңғарлармен болған шайқастарда қазақтардың қолданған әдіс-айласы осы күнге соғыс тактикасының теориялық негізі секілді көрінеді.

Мысалы, шолғыншылық жасау, кенеттен жау тылына шабуыл жасап, үрей тудыру, айла-тәсілмен тұтқынға алу, болмаса қырып тастау. Сарбаздардың жауды шегіндіргенде ат үстінен шалма тастау, шоқпар, найза, қылышты өте шапшаң жылдамдықпен ұтымды пайдаланумен қатар, мықты бекіністерді жасап, жаудың бетін қайтару сияқты тәсілдері жыр шумақтарында өте қызықты суреттелетініне тындап отырып, таңғалатынбыз. Міне, осындай жыр шумақтарын айтатын, көнекөз қариялардың алпыс жыл өткеннен кейін атын еске түсірудің өзі мүмкін емес екен.

Жоғарыда жазылған Жеті асу тарихы сол естіген хисса жырлардан есте қалған жұрнақтар еді десе де болады.

*Төлеуғазы Нұрғалиұлы
«Ертіс өңірі» 14.07.2011ж*

«Тар жол тайғақ кешу» хикаясы

Біржылы сәті түсіп Алматыға
Ауылдан алып ұшып бармасын ба!
Алатау арман болып қиялында
Түсінде ғашық болған алмасына.
Жаз айы қызықтырып көркіменен,
Айнала жасыл желек желкілдеген.
Самалды салқын кеште жүзі жайсаң
Жастары сауық құрып еркіндеген.
Қарайды, қызығады тамашаға,
Бірақ та, басқа ой билеп оңашада,
Көрсем деп қандай екен, әй, осы аға!
Қаланың көрнектілеу жеріндегі
Үйін де тапты іздеп, ерінбей.
Сұлу мұрт, салауатты бұлағаның
Қуантты үй маңында көрінгені.
Көрді де, қобалжыды көңіліде алаң:
«Қарсы алар екен қалай, мен кім оған?
Не айтам, жолдастарын білуші едім,
Ысқақты танымаймын десе маған?»
Осылай толқып біраз алқынғаны,
Абайлап жайлап басып жақындады.
Армысыз, Сәкен аға! – деді де ол,
Айта алмай қалды сөзін артындағы
О, бар бол! Айналайын, төрлет, - деді
Жылыұшырап, сөзге де өзі от берді.
Тани алмай жатырмын, кешір, шырақ,
Уақыт көп нәрсені өзгертеді.
Жоқ, аға, Сізбен бұрын таныспағам,
Сондада атағыңыз қанық маған.
Мен сізді күнде көріп жүргендеймін,
Секілді кәдімгі бір таныс адам.
Азамат соғысының комиссары,
Омбы мен Қызылжарға таныс әрі,
Мен Ысқақ Кәбековтың інісімін,

Келіп ем сәлем бере танысқалы.
Сіз жазған «Тар жол, тайғақ кешудегі»
Құрметпен аталатын есімдері –
Ерлердің бірі Ысқақ – менің ағам
Омбыға кеткен ерте есімде еді.
Бітіріп дәрігерлікті Қызылжарда
Келгенде бойында от, қызу барда
Еліңнің бостандығы, бақыты үшін
Қару ап қосылыпты қызылдарға.
Сенді ме революция жеңеріне,
Қалайда жетпек болып дегеніне
Ішінде жүрді қызыл қырандардың
Содан соң жетпей қалдық жерегіне.
Есімім Әбдікәрім, мұғаліммін,
Жаныммен жаңа дәуірұғам үнін.
Берсем деп білім нәрін жас ұрпаққа
Қәзірде күш салып жүр бұған інің.
Отырған бағанадан үнсіз тындап,
Тіл қатты Сәкен аға толқып сонда
Ашардай сырсандығын енді шындап:
Асылдың көзі екенсің, айналайын,
Деуші едім жан егілер бар ма ағайын,
Әдейі тым алыстан келгенінде,
Айтайын білгенімді аянбайын.
Білемін, мен солардың көбін көргем,
Жұмысшы кедей жасақ соңына ерген.
Жол бастап от кешуде болашаққа,
Жалынды сөздерімен жігер берген.
Қорғауда тап жолынан Октябрьді
Осылар отқа ұшты, отқа кірді.
Тағдыры сынға түсер сәтте соңғы
Шегініп көрген емес саптан бірі.
Сол үшін бас иеміз соларға біз,
Октябрь қорғандары солар нағыз.
Сенің де Ысқақ ағаң соның бірі,
Ерлігі ұрпағына болар аңыз.

Ағаңа қалай мақтан жарасады,
Тең түсіп олармен кім таласады?
Халқы үшін басын тіккен хас батырдың,
Мен білсем, даңқы мәңгі жалғасады.
Шешіліп ақын аға асқақ үнді,
Талай сыр осы жолы ақтарылды.
Әр сөзін ұйып тындап Әбдікәрім,
Байқамай қалған екен батқан күнді.
Сәкеннің өрелі ойын, парасатын,
Зердесін заңғарлықпен таласатын.
Пайымдап, тәнті болып білгірлікке
Сезінді өзін сонда аласа тым.
Рахмет, - деді, – Сізге, асыл аға,
Құмарым тыңдай берсем басыла ма!
Тапқандай туысымды болдым жаңа,
Арманы азаматтың таусылар ма.
Кетіріп алмайын деп сөздің нәрін,
Осымен бітірдім деп енді бәрін.
Қарайлап Сәкеннің қас-қабағына,
Кетуге ыңғайланды Әбдікәрім.
-Әншейін, қазағы деп астананың
Бас сұқпай кетпексің бе, жас қонағым?-
Деді де, өзі бастап алға түсіп,
Ішіне алып кірді баспананың.
Бәрін де айтқызбай-ақ жатқа біліп,
Тұратын ықыласы шаттандырып,
Сыйлады романының қолын қойып
Үйінен саларында аттандырып.
Шынында сүйсінбессің бұған қалай,
Кітаптан қолтаңбасын қарай-қарай,
Ауылға келгенінде достарына
Жыр етіп айтқан оны талай-талай.

II

Қызығын, қиындығын артқа тартқан
Жаңа заман иыққа жүгін артқан.

Арада өтті айлар, жылдар жылжып,
Кемедей күнді бетке ап шыққан порттан.
Үйренген күнделікті қарбаласқа,
Директор Әбдікәрім Қарағашта
Ұшырып мектебінен түлектерін,
Қуанған ел ісіне араласа
Мектепте директорға жұмыс та көп,
Білімді мұғалім аз, таныс та жоқ.
Ата-ана қарай алмай баласына,
Бар еді қиындықта тұрмыс та көп.
Жалықпай бәрінің де бабын тауып,
Қайтатын үйіне кеш ауық - ауық.
Бітпейді барлық жұмыс мұғалімсіз,
Жайрандап қарсы алатын көңілі ашық.
Қойса да оқушылар ойын-сауық.
Болатын қайтар жолы біраз қашық,
Келгенде үйге шаршап өңі қашып,
Мұндайда Мақыпжамал асыл жары.

III

Тұр еді ел іргесі эзірше аман,
Бай манап әлдеқашан болған тәмам.
Басталды ел ішінде басқа дүрмек,
Ағайын арасында көбейді алаң.
Жағымпаз, алақордың тілеуі боп,
Біреуін өсектейді біреуі кеп.
Аузыңнан андаусыз да сөз айтылса,
Дәм-тұзың таусылды де, сүйеуің жоқ.
Қалғандай бір пәленің шетін сезіп,
Мектепте болды жиын өкіл келіп,
Ешкімді іш тартпады келгеннен-ақ,
Жылы сөз сәлемді де артық көріп,
Қасында жүрді екеу үнсіз еріп,
Ешкімді елеместен сөз де беріп.
«Ұлтшыл, жасырынған жау екен» деп
Сәкенді жамандады екіленіп.

Апыр-ай қалай-қалай, жамандайды,
Өзгені жан деп неге санамайды?
Шынында асыл Сәкен жау боп шықса,
Ерім деп елі кімді бағалайды?
Осы сөз көмейіне тірелгенмен,
Әзірге сабыр сақтап, тіленбеген.
Қыстығып отырды да Әбдікәрім,
Бұл – жала, - деді ақыры жігерменен.
Бұл сөзді, бәлкім, өкіл ұнатпады,
Тісжарып басқа ешкім тіл қатпады.
Қатаңдау шықты үні енді өкілдің,
Байқалып ар жағында зіл жатқаны:
Білеміз кімнің қандай көзқарасын,
Сатқындар алды әділ өз жазасын.
Қарады Әбдікәрім жаққа тіктеп,
Дегендей «Сен, азамат, кім боласың?»
Жолдастар, таныстықты таста бәрің,
Ойлаңдар арамызда қастың барын.
Директор қалсын бізбен, жиын бітті,
Боссындар, - деді өкіл,- басқаларын.
Өкіл мен Әбдікәрім қалды жеке,
Бір тұрып, бір отырды әлденеше.
Қабағын бағады екеу қасындағы,
Құзғындай комданатын жемтік көрсе.
Салмақты зіл жатқандай әр басқаны,
Сыздана өкіл қайта сөз бастады:
-Белгілі жат пиғылы көсемге де,
Бұл оның қырағылық орнатқаны.
Білеміз теріс үгіт сөзі кілең,
Мойында, сен қашаннан ұлтшыл ең?
Сыбайлас екенінді анықтадық,
Әйгілі Сейфуллиндей ұлтшылменен.
Кітабын саған тегін сыйламаған,
Бұл жерде дұшпандық бар ұялаған.
Қатеңді мойында да, достарыңа айт,
Дұрысы өзіңді өзің қинамаған.

Бір зауал түсті басқа, білген енді,
Топастау өкілді де күндемеді.
- Алға түс! – деді өкіл ызғарланып,
Не десін, Әбдікәрім үндемеді.
Ап кетті, содан қайтып оралмады,
Бақ тайып ісі мүлде оңалмады.
«Ұлтшыл, жансыз» деген жаламенен
Қатыгез күтті үкім оны алдағы.
Дерегі одан әр естілмеген,
Артындағы қалды ұрпағы ес білмеген.
Артында қалды жары жылай-жылай,
Өткізген аз өмірін өксуменен.

Көп ұзамай 80 жастағы әкесі Кабеков Тұрқожа молланы «балаларыңды дұрыс тәрбиелемедің» - деп түрмеге жабады. Алласы аузында, қолында Құраны бар қария адам Көкпектінің түрмесінде қайтыс болады. Ал, Әбдікәрім Кабеков тексерусіз «халық жауы» ретінде сотталып, Қиыр Шығыста түрмеде жүргенде дүние салады. 21 қараша 1957 жылы ақталып, тек ел ішінде «Кезінде өте білімді, парасатты, өнерлі, домбырашы, әнші, жайдары қарапайым адам еді» - деген ел аузында әңгіме қалыпты.

Бұл сол заманда оқыған қазақ елінің азаматтарына келген алапат қой. Ақсуат орта мектебінің негізін қалаған, орта мектептің бірінші директоры Нұрмұханбет Сейтбадамов, Ойшілік орта мектебінің директоры Егінбай Абылғазин, ағартушылар Мүталап Өрісбаевтармен қоса Табаншин деген милиция Әбдікәрімнің туған ауылынан бес адамды бір күнде абақтыға жаптырыпты. Қылмыстары: «Сәкен Сейфуллиннің жақтастары», «Жапонның тыңшысы», «Алашордашылар» т.б. сылтаулармен аққа қара жағып, адамдарды аң есебінде аулауға құмартқандар еді. Осы адамдар халыққа қандай жаулық істегенімен шаруасы болмай, көрсетілген адамды түрмеге қамап, алуан түрлі жолмен қинап, шыдай алмаған байғұстар істемегенін «істедім» деп мойнына алуға, амалсыз қол қоюға мәжбүр болыпты.

Осындай жалалармен көзі ашық сауатты жаңдарды былай қойып, аузың қайсы десе мұрнын көрсететін бейкүнә аңқау жұмыс адамдары «халық жауы» тізімінде кете барыпты.

*Жылдардан сонау сөз қозғап,
Тарихты жатыр ел қозғап.
Жұмылған жақтар ашылды,
Тіс жармай келген бас қорғап.
Алмасқа қында жоқ тозбақ,
Шындықтың көші енді өзбақ.
Жабысқан жалған жаладан
Қапыда кеткен сан боздақ.
Ақ еді соның бәрі де,
Ішінде жасы, кәрі де.
Ауылда жүрген мұғалім –
Бірі еді Әбдікәрім де
Жазықсыз кеткен бұл сынды,
Еске алып талай қыршынды.
Құшағын ашты бүгін ел,
Арнадым соған бұл жырды.*



Кәрібай ақынның қазасы жайында

Сүйегіне туа біткен ақындық дарыған, есімі бүкіл орта жүзге мәшһүр болған жанартау ақын Кәрібайдың қазасы туралы оқиға ел аузында әр түрлі нұсқада айтылады.

Бірінде ел аралап өлең айтып жүргенде қарулы тыңшылардың жиналған жұртқа тақай бергенде домбырасын қолына ұстап шыққан Кәрібайдың домбырасын мылтыққа балап, келе жатқан тыңшылар атып тастай ма деген қауіппен атыпты делінсе, енді бірінде отызыншы жылдардың зобалаңынан небір дүлдүлдер жазықсыз, жоқтаусыз кетті емес пе, ал сол жазықсыз кеткендерді білетіндер де жоқтың қасы. Кәрібай да осындай зауалмен атылған еді деп әңгімелейтін қариялар. Олай дейтіні Кәрібайды атып кетекеннен кейін айналасындағы жиналған жұрт қашып кетіп, Кәрібайдың сүйегін түнде жаңылмасам, Қабдеке деген азамат пен екі жігіт алып келіп жерлепті дейтін. Осы Кәрібайдың мәйітін бас болып алып келген Қабдекені осы әрекеті үшін итжеккенге айдапты, содан хабарсыз деп отыратын көнекөз жерлес қариялары. Осы жағдайды білетін маржан жырлары мен терең ойларын естіген көнекөз қариялар замана қаһарынан қорқып ұрпақтарына да ол туралы ашып айта алмапты. Өйткені ол заманда тіл бұғауда, іш өрт болғанға саяды. Осы әңгімеде де бір шындық бар ма деген ой орала береді.

Кейінгі жылдары ұрпақтары Кәрібай ақынның басына мазар тұрғызды. Мазары көп мәйіттер жерленген жерді қоршап, тұрғызылған екен. Ал Кәрібай ақынның сүйегі қай қабірде жатқанын ешкім айта алмаған сияқты. Соған қарағанда жоғарыдағы айтылған нұсқа шындық па деп тұспалдауға болады. Осы айтылған нұсқалардың ішінен ел аузынан жинақталып алынған бір нұсқаны оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Күн шықты Арғанатты желкесінен,
Тынысы ашылып бір кең көсілген.
Мамырдың майда желі желпіп есіп,
Аңқиды көктің исі жер төсінен.
Қызғалдақ, сарғалдақтар бүрін жарып,
Боз жусан бүршіктенген тұр бусанып.
Төселген секілденіп, жұмсақ мамық

Астында сұлуторы сыландаған
Қыр үсті қарайған жоқ қылаңдаған.
Кәрібай келе жатыр қайын жұрттан
Балдыздар ойында әлі бұлаңдаған.
Қайын жұр тоғыз тоғас Назарқұлдар
Сыйын да сияпатын емес бұлдар.
Жездеке, күйеу жігіт деп әзілдеп
Сөзден де дес бермейтін тілді қулар.
Беріп-ек Алтынжандай апамызды
Күміс деп бұдан былай ата бізді.
Деген сол балдыздардың әзіліне
Көңілі шалқып тасып, бұ да қызды.
Мінезі –ай қу қыздардың бал шекердей
Қалайша ардақтамас сөз көтермей.
Жастықта жарқ еткен от, жасындай боп.
Бір күні көз алдымнан ол да кетерме ей?
Келеді соның бәрі еске түсіп,
Сәскеден барады ауып күн де ысып
Қойлы ауыл кезіксе егер қырда отырған,
Дамылдап алмақ аздап шай да ішіп.
Жолынан сан сапарда еш қалдырмай
Жараған сұлу торы сыр алдырмай.
Келеді сергек басып, елпең қағып
Шыққанан қамшыны да бір салдырмай.
Кәрібай бойы ұзын, көзі күлген
Жолымбет хан көтерер өзін білген
Асырған абыройын ана жылғы,
Айтысы Әсетті шын сүріндірген.
Ән салса аруақтанып пай-пайлаған,
Үні асар алты қырдан айғайлаған.
Ақынның, саңылақтың өзі еді Әсет,
Еш қазақ асырып сөз айта алмаған.
Сол жүйрік Көктұмада асып-тасып,
Оқыған білері көп көзі ашық.
Кетем деп бар найманды жер шұқытып,
Жеңілді астамдыктан шалыс басып.

Тіл қатып одан бұрын таныспаған
Мұндайда қызынбай ма намысты адам
Кәрібай Әсетті құрмет тұтты,
Бармады бағына оның таласуға.
Жүр ме екен-дейді асылым әлі аман
Түзелсе ел ес жиып мына заман
Тәңірім табысуға жазар ма еді,
Бұрынғы өкпе, реніш болып тәмам.
Жылт етіп, бір қарайған көлбеңдеген,
Кідірді сұлу торы елендеген,
Серпіліп қалың ойдан көз тіккенде,
Көрінді қос салт атты селтендеген.
Кәрібай тізгін тартты секем алып
Мылтығын біреуінің байқап қалып
Бұл күнде ұры қары көбейіп жүр,
Жалғызды кете берер олжаланып.
Желдіртіп енді екеуі жақын келіп
Бағып тұр әр қимылын анық көріп
Жол болсын ақын аға!-дейді танып,
Жүргендей бұрыннан-ақ қасына еріп.
Содан соң жадырады көңілденіп
Тіл қатты іші жылып, өңін беріп.
Бұл күнде сақ жүрмесе сайтан түртпей,
Барады өзінен де кетіп ерік.
Десең де білімі жоқ, оқымаған
Сенімсіз бұл қоғамға осы адам
Ақын деп сөзін жерге тастамайтын
Азғырып жүрмесін қыр елін надан.
Естіген өзі осындай күдік те бар,
Әзірше дерек болмай ілік табар.
Баспалап ізін басып жүргендерден
Жетпеген әкімдерге суыт хабар.
О, мейлі оны қанша жамандасын
Еліне ары таза, жаны таза
Сезбейді-ау, оған күйе жаға алмасын.
Әлгі екеу белсенді екен қырға шыққан

Үгіт те жүргізбекші жұртқа бұққан.
Және де салық жинап ел ішінен,
Жеткізбек заман жайын өздері ұққан.
Бұлар да кекірейген емес ұлық
Ақынмен ұғынысты ізет қылып.
Біреуі серігінің сөз бастады,
Қозғалып қалтарыста бетін бұрып.
Көргеннен алғаш сіздің қараңызды,
Бойымыз желіккеннен ала қызды.
Жат біреу болса атын олжалайық
Деген ой шарпып өтті санамызды.
Сол үшін өзімізге обалымыз
Болыңыз бүгін сыйлы қонағымыз.
Астында мына белдің ауыл отыр,
Асықпай бірге барып қонамыз біз.
Тыңдаңыз айыпты екі ініңізді,
Естуге құмар едік үніңізді.
Деген соң көнді ақын екеуіне,
Қияиын деп сендерге бір түнімді.
Сол түні дүбірлеткен төңіректі
Бір думан Қарғыбаның төрінде өтті.
Ақынның атын естіп елеңдескен,
Кәрі-жас маңайдағы бәрі жетті.
Төгілді осы түні жыр қаншама,
Отырды ұйып, тыңдап жұрт тамсана.
Ер Қабанбай, Бөгенбай, Боранбайдың
Ерлігін айтса бір күн таусылар ма.
Сүйініп әр кеудеде от жанады
Түн ауып, терін сүртіп дамылдады
Серпіліп ұйыған жұрт дабырлады.
Қолдасын батыр баба аруағы деп,
Көпшілік көтермелеп дамылдады.

II

Қыраулы қысын тағы артқа тастап
Жаз шықты момындықтан енді аттап.

Былытырдан күрең қабақ басып жүрген
Барады ауыл көшіп ар жаққа аспақ.
Кетесің қалай қиып Қалба тауын,
Толтырған Жолымбеттің атқа ауылын.
Қалады төрт түлік мал, мекен жайың
Ішер ас, киер киім болған сауын.
Дегенін ағайын-жұрт құптамады,
Құптамады, әрине, ұқпағаны.
Жөн-ау деп айтар ешкім шықпаған соң
Көңілін олардың да жықпады әрі.
Таяған бір зауалдан сезіп, елес
Толқуы көпшіліктің тегін емес.
Малынан күнкөрістен айырылғандар,
Колхозға қырын қарап туыпты егес.
Шаңдатқан ауыл үстін белсендіні,
Көрсеңіз сөз тыңдамас өңшең ірі.
Қырына ілінсең-ақ қырсық шалып,
Қолынан босатпайды өлмей тірі.
Осындай жетті әңгіме желдей желіп,
Күтпеген үгітке де бұрын еріп.
Бұл ауыл көтеріліп бір-ақ күнде,
Қозғалған ата жұртқа сыртын беріп.
Кәрібай осыны ойлап күйінеді,
Кім ұғар қазіргі оның күйін енді.
Бұлардың досы қайсы, қасы қайсы,
Заман ай дүрліктірген дүйім елді.
Тапқандай ұмытылған асылдарын
Жырлапты хан Абылай батырларын.
Дегенді айтыпты бір белсенді,
Білмей жүр едім қайда жасырарын.
Ашылып айта алмаса ойда барын,
Тұншығып қалмас па еді қайран дарын.
Сөз ұғатын адамдар азайғаннан,
Ойласа өртегендей ішін жалын.

III

Келеді көш шығысқа бағыт алып,
Белгісіз әлі алдағы тағдыры анық,
Жас бала, жарым құрсақ бағы жанып

Келеді көш жат елге бет түзеген,
Жетті енді берекеміз кетті деген
Қатулы қабағы да үлкендердің,
Өздерін өзгелерден есті деген.
Күн ысып, бірде тоқтап бір аяндады,
Ауыл да көрінбейді таяудағы.
Қош десіп аттануға, ескі жұртқа,
Басына бұлақтың кеп аялдады.
Шыққалы ақын үнсіз көппен бірге,
Ағайын бәрі туыс өскен бірге.
Кешіпті ащы-тұщы біраз ғұмыр,
Байыптап ой жіберсе өткен күнге.
Болса да көңілі жүдеу, ойы зерек
Отырды қос ішінде өзі бөлек.
Арнауға ата қоныс жұртына жыр,
Таба алмай домбыраның бабын әлек.
Өлшеулі өтті мезгіл өтпеді ме,
Тәңір-ай осыны да көп көрді ме.
Қарулы қуғыншылар қоршап алды,
Көш ізі адастырмай ап келді де.
Мұндайды күтпеген көш қатты састы,
Өкініп десті қалай қара басты.
Айғай-шу бұлақ бойы азан қазан,
Кейбіреу бас сауғалап тұра қашты.
Тарс етті, мылтық даусы ақын ұқты,
Қолында домбырасы атып шықты.
Бір пысық байқап қалып жіберді атып,
Санайтын осы топта өзін мықты.
Япыр-ай қандай адам діні қатты,
Қалайша қолы барып бұлбұлды атты.
Тұңлықты өлім деген оққа байлап,
Осыдан қандай атақ бедел тапты?
Дүние көз алдында шыр айналып,
Теңселіп кетті аспан лайланып.
Аузынан «аһ» дегенде жалын ұшып,
Кәрібай көзін жұмды құлай барып.
Бет алып бір түнекке алыстағы,
Бұлдырап жарық дүние алыстады.
Қамшының сабындай-ақ қысқа ғұмыр,

Қызығын көрсетіп те жарытпады.
Ойламай кеппін өлем деп,
Алладан жетгі ажалым.
Кезегің таяу, көрім деп,
Жүріпті аңдып тажалым.
Күрмеуі қиын тірліктің,
Өткізіп жақсы-жаманын.
Тосыннан келген бүліктің,
Таба алмай қалдым амалын.
Маңдайым тайқы, сор ма шын,
Тайғақ па еді табаным.
Бармақтай ғана қорғасын,
Орнатты ақыр заманын.
Тындырып аз ба, көп пе ісім,
Уақыт оны бағалар.
Сөз ұғар зерек есті үшін,
Айтқаным бар нәр алар.
Қайтейін қош бол ұмытпа,
Ел-жұртым, ата мекенім.
Бабалар кеткен ұлысқа,
Киініп кебін жетемін.
Осылай көмейінен күбірлеген,
Үні анық естілмеді дүбірменен.
Көп сыры көмейінде қалып қойып,
Жұтылып кете барды күбірменен.
Күтпеген сірә мұндай тосын жайды,
Дүрліккен көш қалайша шошынбайды.
Оққа ұшты ақын аға деген сөзден,
Басына «ой, бауырымдап» топырлайды.
Қайғыдан қалмады елде ес бұрынғы,
Көрер көз құлақ керек естір мұны.
Соңынан шұбатылған шаң ілесіп,
Арысын азалаған көш бұрылды.
Көрмеп ем жатқа балап ешбіріңді,
Дегендей кеш, арысым, кеш, мұнымды.
Тұнжырап тұрды кәрі Тарбағатай
Қайталап жатты дала өксік үнді.

136 жас жасаған Жолымбет баба

Ата шежіре дерегіне сүйенсек, Орта жүз деп аталатын Бекарыстан Келімбет, одан Көсем, Көсемнен Сарманай, Сарманайдың бәйбішесінен Ақсопы, Ақсопыдан Найман, Найманнан Белгібай. Ал, Найман немерелері: 1. Әлпештен туған Сүйініш. 2. Ақсұлудан туған Шүкірші. Белгібайдың үшінші әйелінен туған Келбұғы, Кетбұғы, Бағаналы, Балталы туған. Сонымен Белгібайдың үш әйелінен осы алтауы туады. Жалпы, Қазынейді алған Елатаннан туған Қоңыратты деген баламен жетеу, Көкжарлымен сегіз, Бурамен тоғыз болады. Тоғыз таңбалы Найманның, яғни тоғыз баланың үлкені Сүйініш Терістаңбалы атанып кеткен. Айтып өткеніміздей, Белгібайдың екінші әйелі Ақсұлудан Шүкірші, бұдан Сармырза жалғыз. Сармырзадан Төлегетай жалғыз. Төлегетайдан Қытай жалғыз. /Осылай үш ата жалғыз-жалғыздан болғандықтан, Төлегетай бабамыз немереле-рінің атын қытайдан көп болсын деп баласының атын Қытай қойған деген аңыз бар/. Қытайдан төрт бала туады. Үлкені Дөртуыл, екіншісі Қаракерей, үшіншісі Матай, төртіншісі Садыр. Қытай балаларының жас кезінде қайтыс болған, төрт бала үлкен атасы Төлегетайдың тәрбиесінде ер жетеді. Олар күні бүгінге дейін «төрт Төлегетаймыз» дейді. Мына бір шумақ өлең содан бері үзілмей ел ауызында айтылып келеді:

*Найманның шөбересі Төлегетай,
Айтады туады деп одан Қытай.
Қытайдың төрт баласы деп айтады,
Дөртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмеген балалары атын атай.
Төрт бала үлкен ата қолында өсіп,
Атанған сол себепті төрт Төлегетай.
Қаракерейден –Мейрам, Мейрамнан
– Байторы, Байторыдан –Байыс.*

Ал, Байыстың бәйбішесі Мұрыннан Сары менен Мақта деген қыз туады.

Қаракерей туралы Сапарғали Әлімбетов былай деп жазынты:

Найманның Қаракерей сауыры еді,
 Төртуыл, Садыр оған бауыр еді.
 Інісі Матай келіп қосылғанда,
 Салмағы орта жүзге ауыр еді.
 Арғында мұнын теңі Алтай-Қарпық,
 Үйсіннің Дулатындай өсімі артық.
 Албан мен Адайдай Сырды қоршап,
 Атырабы Алатаудай жатқан шалқып.
 Бір өзінен отыз аудан ел тарайды,
 Орыс пенен Қытайға тең қарайды.
 Қаракерей көлемі алып жатыр,
 Үрімжі, Семейменен екі араны.

Ал, Сарының бәйбішесінен Жолымбет туады. Жолымбеттен Ажы, Рақ, Ажықұл, Арызқұл, Арызбек, Қыдыр, Назар.

Арызбек жас кезінде жоғалып кетіп, Жолымбет бай іздеп барып оны Арғыннан тауып, қазыға жүгініске барғанда «Өзімнің аппақ Найманым», – деп жанын беріп алып, содан Ақнайман атанған. Ертістің арғы жағында Алтай тауында бір болыс ел Ақнайман Қожамбет деген елмен көршілес Қытаймен шекарада тұрады.

Жолымбет бай Ақнайманның қолында 136 жасқа келіп қайтыс болған. Жолымбеттің қара шаңырағы Ақнайманды қалыпты. Қазірде маңдайша таяныш бар деседі. Қой дерттеніп ауырса, сол маңдайша таянышқа түнетеді екен. Осы көп жасаған Жолымбет бабам Найманның кейінгі ұрпағы екен. Бір көрнекті ерекшелігі – 107 жасында Дана деген әйелді алып, одан келең жылы бір ұл туыпты. Сол сәбиге ат қоярда Матай Жақсыбай би: «Біздің ойымызға келмеген іс еді, осы баланың атын Қосмұрат қояйық. Бұл қарияның жүзден асқанда көргені ғой, жеңгеммен екеуінің мұратына екінші рет куә болсын», – деп азан шақырып ат қойыпты және мынадай бата беріпті:

*«Қосмұрат болсын бала
 аты,
 Жетілсін, өссін қанаты.
 Ат аспаннан дейтұғын
 Бұрынғының санаты.
 Алланың берген баласы,
 Тәңірдің бар ма таласы.*

*Жүз жаста көп ел алжиды
 Жүруге келмей шамасы.
 Асқанда жүзден ұл берген,
 Айналайын, Алланың
 Құдіретіне қарашы,
 Елесімізге ғимарат.
 Асыл менен жасықтың*

Жер мен көктей арасы.

Он үшке ортақпыз,

Қайырлы болсын, нағашы» –

деген екен.

Сонда Назар дейтін баласы қуанышқа кенеліп, Жақсыбай биге ат мінгізіп, иығына шапан жауыпты дейді.

Енді Назарға тоқталсақ Қаракерейден бері Жеті Жолымбеттің ең қалыңдап өскені Назар руы екен. Сол себепті «Қарғыба мен Базарым, қалың елім Назарым» – деп мәтелге айналған. /Сапарғали Әлімбетов/.

«Ішінде бес Байыстың Мұрын кесек, Мұрынның Назарына жетпейді есеп» деп айрықша көрсетеді.

Үш Назар – бұл Найманның думан жері,

Найза ұшы, ноқта басы, асқар белі.

Тоқабай, Жанай деген екі ауылдың

Маңайын басқан емес дию – пері.

Шерубай, Тана мырза заманында,

Сан күлген тақымында ердің ері.

/Қали Аманбалайұлы/

Содан 136-ға келіп қайтыс боларда барлық Қаракерей мен Байыстың бес баласының ұрпақтарын жиып өсиет қалдырыпты. Атап айтарлығы, Жолымбет баба атақты шежіреші, әрі батыр, әрі бай, ұрпағы мол, төрт түлігі сай адам болыпты дейді. Оған Жолымбет бабаның қайтыс болардағы мына өсиеті мысал бола алады:

Қалың ел Қаракерейім,
Үстем болсын мерейің.
Қанымыз бір, тегіміз,
Мынау бөтен демеймін.
Тірі болсам дұға қып,
Аруақ болсам жебейін.
Қызығын көрдім елімнің,
Көрмедім ешбір өгейін.
Туған жерім Сарыарқа,
Топырағын өбейін.
Топырағыңа бөленіп,
Тереңіне шөгейін

Жүз отыз алты жас көрдім,
Аз жасадым демеймін.
Ұрпағым, тізіп санап ал,
Сөз маржанын төгейін.
Ұрпағым қалың ел болды,
Артығын мен жемеймін.
Болып атамыз Байыспай,
Бес ұл болыпты арыстай.
Терезесі тең болды,
Бірінен-бірі қалыспай.
Арада жік жоқ еш жаттық,
Түйе мойын қарыстай.

Бұрыңғылар жол салған,
Дүние тұрмас ауыспай.
Төтеп берді сан жауға
Бүгіліп белі қайыспай.
Бермеді жауға есесін,
Есесін беріп сайыспай.
Жеке шапса тұлпар көп,
Бәйге алмас жүйрік жарыспай.
Дәулеті көп, жері бай,
Мыңғырып жатқан елім- ай.
Сәулет берген еліме
Сылқым менен серім-ай.
Мұрынның ұрқы сегізім,
Бір атадан егізім.
Жайылған даңқың Алашқа,
Байыстың құрып негізін.
Елімнен кетсе береке –
Халықтың үлкен жазымы.
Тірліктің күші бірлікте,
Береке – айдын қазығы.
Ортамнан сапар шегемін,
Тағдырдың осы жазуы.
Береке билік бел болар
Қабысып халық қоятын,
Бел үстінде көл болар
Жиналған мұнда өренім
Тойымда түгел болыңдар.
Бір өлкеге жиналып,

- депті. Ақмола облысында Жолымбет атындағы теміржол станциясы мен ауылы бар екендігін еске сала кеткен жөн болар. Осы ата шежіре нұсқасын жаза отырып, халық даналығы – біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз дегіміз келеді.

Асыл маржан ару мойнына, алмас қылыш ер қолына жарасатын сияқты, сөз асылы да өз орынында құнды.

Әнгіме соңында сан ғасыр халық жадында сақталып, жұпталым көптің талғамынан, ой елегінен өтіп, қазақ елінің көне тарихы ретінде бірден-бірге таралып келе жатқан тарихи мұра ретінде


Шөлдесе сусын қанатын.
Өреке деген жел болар
Тозандай ұшып тұратын.
Талап деген өнер бар
Биікке қол созатын.
Жарыспай жүрген жүйрік көп
Жарысканда озатын,
Жұдырықтай жұмылсаң
Қамалдай берік боласың.
Дәулет болса кенелді,
Он төрт айдай толасын.
Өзімнен туған жеті ұлым,
Мен өлген соң жетімің
Қалған жұртым аман бол
Жалбалаң ашып көшуің.
Отырмын сапар шеккелі,
Тау шуылдан несібең.
Жиылған елім дәм татсын,
Қонағыма сойыңдар.
Арада үш күн өткен соң
Жасайтұғын тойым бар.
Жексенбіде арулап,
Дүйсенбіде қойыңдар.
Халыққа хабар беретін
Бұрыннан мұрат жолың бар
Шаруа ойланатұғын,
Қойылатын орын Белбелеу

Жолымбет бабамыз туралы ел аузынан алынған мұраны ұсынуды мақсат еттім. Сөйтіп, Жолымбет бабамыздың қарашаңырағы қалған Ақнайманның шежіре нұсқасы төмендегідей:

АҚНАЙМАН

Мағрұш МәтенOVтың жазғанынан¹

Ақнайман - Алтысары



¹ Мағрұш Олбыдағы мұғалімдер гимназиясын бітірген. 1973 жылы Күршім ауданы, Катқұтыло, и ұстатып кеткен. Сол кеткеннен 40 жыл қырғын болса да ажалдан өлер деген, 17 жылдан кейін 1954 жылы келіп, үйленіп (1905 жылы туған), 6 балалы болып, 80 жаста қайтыс болған. Көкпектiде сүйесі.

² Байсарының қызы, адуынды ана болған күйеуі Сүгір –батыр жігіт.

Құнанбайдың қайын жұрты немесе ғасырдан артық сақталған сурет сыры



*Құнанбай Үскенбаевтың бәйбішесі Күнкемен бірге
түскен фотосуреті 1880ж*

Маусынбай Сабанұлының және Бейсенғали Садықан-ұлының шежіре деректері бойынша фотосуреттегі Құнанбай қажының жанында отырған Күнке және оның туысы болып келетін Зере, Тоқабай Қаптағай батыр Ағанас ауылының қыздары екен. Алайда, шежіре деректері мен ел аузындағы әңгімелерге қарағанда осыдан бір жарым ғасыр бұрынғы патша үкіметінің жер реформасы қазақтың жері ғана емес, рухани тынысын да тарылтқан кезең болған. Ішкі Ресейден жылжып келе жатқан орыс мұжықтары қазақтың шұрайлы жерлерін иемденіп жатқаны аздай-ақ, олардың соңынан әскерилер мен зеңбіректерін сүйретіп келе бастапты. Жай келіп қана қоймай, 1839-49 жылдары генерал-губернатор Перовский басқарған орыс әскерінің қазақ даласын отарлау жорығын жалғастырған кезең екен. Қазақтың жеріне ендеп, еніп келе жатқан Ресей мұжықтарының іс-әрекеттеріне қарсы шыққандардың басшысы болған және оның үстіне өз іштерінен шыққан баққұмар, такқұмар, өзімшілдер мансап үшін ел азаматтарын сатып жіберетіндердің де әсерінен Қаптағай мен Ағанас батырлар ауылымен жер аударылып, сол кезеңдегі

саясаттың құрбандары болғанға саяды. Кезіндегі бұл оқиғаны білетін адамдар бастарына түсетін ауырлықтан қорыққандықтан тіс жарып ештеңе айта алмаған көрінеді. Кейінгі ұрпақтардың уақыт өте келе ел аузынан еміс-еміс естігендері болмаса, нақты оқиғаны білетін адамдар бұл өмірде жоқ. Оның үстіне «Заман, шаруа, мінез күнде өзгереді», – деп Абай атамыз айтқандай, кейінгі өзгермелі заманда ел бытырап Қытай, Туркия т.б. елдерге көшіп, осы жолда көбі құрбандыққа ұшырап, о дүниелік болып кеткен, «Байтал түгілі бас қайғы» дегендей бұл тарихи оқиға жайына қалған секілді. Кейінгі жазылып жүрген шежіреден бұл тұлғаларды таба алмайсыз, өйткені бүгінгі күнге жазылып жүрген шежірелердің шарықтау шегі әрі кетсе 50-60 жылдан аспайды. Оның үстіне көбі ұмыт болған Ағанас батыр туралы Шәкәрімнің Қабыш деген баласының жадында бір ауыз өлеңі сақталыпты. Онда былай делінген:

*«Қайын атасы Ағанас әділ кісі,
Бәйбішеден жалғыздың нағашысы.
Найманның бұи болған соған барған,
Аты жеткен қазақтың жүгінісі»*

Қаптағай батыр туралы мұндай да дерек таба алмайсыз. Жазба болмаған жердегі оқиғаның бәрі бұлыңғыр тартып барып, замана өзгерген сайын ұмыт болатынға сая ма деймін. Енді бір айта кететін жайт, тірі кезінде 90 жасты алқымдаған Күләй апа әңгімесінде: «Жерінен қоныс аударған адамды есте сақтау қасиеті төмендей беретін көрінеді. Жас күнімде Маусымбай, Бейсенғали ағаларымыздың әңгімесін, шежіре нұсқаларын жатқа айтушы едім. Қазір өзіммен-өзім отырғанда айтпасам жаңылып қаламын. Бір есімде қалғаны Бейсенғали ағамыз Құнанбайдың бәйбішесі Күнке Келмек ауылынан деп айтқаны есімде қалыпты. Ағанас батыр да осы ауылдан болатын, бірақ патшалы Ресей көзін ерте жоғалтып, үрім-бұтағымен жер аударып жіберді» – деп отыратын. Шынында да осы рудан бірде-бір адам жоқ дейді.

Енді бір еске сала кететін жайт «Ақсуат-Атамекенім» атты кітаптың 45-48 беттеріндегі Құнанбайдың бірінші әйелі Күнкенің төркіні Найман ішінде Тоқабай, атақты батыр, дәулетті Ағанас деген болған дерек жоғарыда айтылғанды бекіте түседі. Ал, Тоқабай ауылының көне көз қариялары Қазез, Мәуліт, Биғазы

ақсақалдардың айтқан әңгімелері, Ағанас батыр ұрпақтарының 1992 жылы Ақсуат ауданына келіп, ата-бабаларының өскен жері Ағанас қыстағына барып, құран оқытып қайтуы, жоғарыдағы ақсақалдардың Күнке де, Зере де Тоқабай ауылының қыздары екеніне дәлел болатындай. Жоғарыдағы кітаптың 63-ші бетіндегі Ізғұттының тарихы туралы жазылған деректі материалдардағы «Құнанбайдың өзімен бірге туысқан Тайбала деген апасын Өскенбай мен Зере ақылдасып, Зеренің төркін жұрты жаққа атастырады. Құнанбай бұған іштей қарсы болады. Зеренің ықпалымен Тайбала Тоқабай ішіндегі Бәйел еліне ұзатылып, Нұран байдың баласы Мұхаметжанға жар болған екен. Тегінде Құнанбай асырап алып, Тобықты болып кеткен Ізғұттының ұрпақтары Ғабдулмұрат пен Сағимұраттар «біз осы Ақсуатқа көшіп келгенше Тоқабай елі екенімізді білмейтінбіз. Тобықты елінде жүргенде Күнке мен Зере осы Тоқабай ауылының қыздары екенін еститінбіз» – деген сөздері айғақтап тұрғандай. Кітапта жазылған көлемді материалды көшіріп жазатын емес, оның бер жағында Тоқабай ақсақалдарының сандығының түбінде ғасырдан артық сақталған Құнанбай мен Күнкенің фотосуреті де Зере мен Күнкенің Тоқабай ауылының қыздары екендігінен сыр шертеді.

Ал, Ағанастың қызы Күнкеден Құнанбайдың тұңғыш ұлы Құдайберді 1830 жылы, қызы Күнбала 1833 жылы өмірге келіпті.

Ал, Құдайбердіден Шәкәрім /1858-1931/ туған. Міне, Зере мен Күнке апаларымыздың тарихи шежіре деректері мен ел аузындағы әңгімелері осындай сыр шертеді.



Билеуші Босқынбайұлы

Фотосуреттегі аталған топ 1873 жылы 7 қаңтарда Санктпетербургте Ұлы мәртебелі II – Александр патша ағзамның қабылдауында болғандар түсірілген екен.



Билеуші Босқынбай Көкпекті орыс-қазақ мектебінің оқушысы. Билеуші 3-ші қатарда оңынан 2-ші тұрған адам. Төгіс, Бұтабайдан кейін отырған адам. 2-ші қатарда Сегізбаев Бұтабай, Тарбағатай болысы сол жақтан «Біржан мен Сараның айтысындағы» Бұтабай осы. Ол кісі 1872-1875 жылдары алғаш Тарбағатай болысы құрылғанда осы Тарбағатай болысының болысы болып сайланған. Тарбағатай болысы Тоғас және Жұмық болыстарынан құралған. Билеуші туралы: Билеуші Босқынбаев архив деректері бойынша 1876 жылдары Шілікті болысында қызмет атқарған. 1878 жылдың ақпанынан бастап, Хабарасу болысында болыстың атқарушысы болған. Архив деректері бойынша Билеуші Сасан биден кейін Тоғас елінің басын қосып, бір болыс жасаған адам ретінде жазады. Билеуші 1905 жылы 85 жасында қайтыс болған. Алайда бұл дерек әлі де нақтылауды қажет етеді. Дайыров Мұхаметсұлтан, Зайсандағы Дайыр деген елді мекен осы Дайыр төренің атымен аталады екен. Осы Дайыров Сұлтан патшаның қабылдауында болып, сөз сөйлеген адам екен.

2-ші қатардың оң жағында 1-ші отырған Жайықов Қожамжар руы Найман. Қаракерейдің іргелі руы Қара Қожамбеттің өкілі - би Жайықов Қожамжар. Қожамбет ішіндегі Сырымбет Топай дегеннің немересі. Сегізсалалы тымақ «Қожамбет елінің тымағы»- деп аталады екен.

Құмкөл ауылының тұрғыны Ертүлек ақсақал Билеуші Босқынбайұлы 1850 жылдары туып, 1920 жылдары 70 жасында дүниеден өтті деген дерек келтіреді. Ал архивтік деректерде 1820 жылы туып 1905 жылы 85 жасында дүниеден өтіпті. Негізінде архивтік дерек шындыққа саяды. Өйткені Октябрь революциясы орнағаннан болыстық болмаған.

Билеуші әке-шешеден ерте айрылып жетім қалған бала екен. Зайсан дуаны орыс мектебіне бала сұрағанда, сол кездегі Тоғас елінің байлары өз балаларының орнына, жетім бала Билеушіні оқуға жібереді. Сонымен қоса ол алдында Көкпектідегі орыс-қазақ мектебінен оқып білім алады. Кейін Зайсан қаласындағы оқуын бітірген соң сол жақта қызмет атқарып, Сасан би қайтыс болғаннан кейін Тоғас елі шашырап, жан-жақтағы басқа болыстарға кіре бастаған кезде Билеуші Зайсан дуанының алдына өз халқының жағдайын түзету мақсатында мәселе көтеріп болыс сайлауын өткізуді сұрайды. Осы Билеушінің ұсынысы бойынша Тоғас елінде сайлау өтіп, Билеуші осы елге болыс болып сайланыпты. Берекесі кеткен елді біріктіріп, шаруасын түзеп бір болыс ел жасаған екен. Билеуші заманында ел басқарудағы әділдігімен, қабілет-дарынымен, іскерлігімен көзге түскен жұртқа ұнаған болыстың бірі болыпты. Билеуші 1873 жылы Романовтар әулетінің 260 жылдығы және сол кездегі император Александр II-нің туғанына 55 жыл мерейтойына Ақсуат өңірінен делегация құрамында барып, Ақ патшаның алдында халқының арыз-арманын жеткізген болыстың бірі еді, – деп еске алады. 1891 жылы Үржар ауданының бұрынғы «Көктұма», қазіргі «Бахты» ауылында қазақтардың 37 болысы қатынасқан съезі болыпты. Съезді Қабанбай батырдың IV ұрпағы Сүлеймен Әділбекұлы басқарыпты. Бұл съезге Билеуші Босқынбайұлы да қатынасыпты. Күн тәртібіндегі бір даулы мәселені талқылау барысында Қытай елінен қатынасқан бір өкіл Сүлеймен Әділбекұлын балағаттапты. Бұл дөрекілік мінез көрсеткен өкілге съезге қатысып отырған қазағы бар, орысы бар ешқайсысы үндемепті. Тіпті съезде басымдыққа ие болып отырған Сыбан, Тобықты, Мұрын рулары да қозғалмапты. Сол сәтте орнынан ұшып тұрған Билеуші: «Әй, сен үш жүзге ұран болған әйгілі Қабанбайға тіл тигіздің», - деп келіп, өктем отырған өкілді қамшымен басқа тартып жіберіпті. Сонда жиналып отырған Алаш

жұрты бір жасап қалған екен, - дейді. Арғын-Найманның игі жақсылары Билеушінің намысшыл-дығына, ор мінездігіне тәнті болыпты. Билеуші өзі қоныс еткен Ақжал елді мекені маңайындағы қорасында дүние салған. Зираты қазір сол жерде тұр, - деп әңгімелейді.

Енді бір көнекөз қариялардың айтуынша Құлбабас қалмақтың басын алған Елқонды батыр екен. Құлба Елқондымен жекпе-жекке шығардың алдында түс көріп, басын Елқонды батыр алатыны жөнінде аян беріпті. Соған қарамай Елқондымен жекпе-жекке шыққанда Елқонды қылышпен иығынан шапқан екен. Елқондының басымдығын мойындаған Құлба «жанымды қинамай өлтір» - деп, өзі мойнын ұсынған екен деседі. Елқонды батырдың руы Медет тегінде Комсомол совхозында еңбек еткен Байқоңырлардың арғы атасы болып келеді. Зираты Тақия кеткеннің Оспан қорасының басындағы Туматай жазығындағы дөңнің үстіндегі төрт құлақты зират. Арғы атасы Сәметейден бес бала болыпты: Медет, Айтыбай, Шүрек, Күңгейті, Баян.

Күңгейті Сәметайдың әйелі 13 жасында келін боп түсіп, 83 жасында дүниеден өтіпті. Баяннан—Жолымбет, Жанғұлы, Өтеулі. Күңгейтіден —Өміртай, Молдабай.

Айтыбайдан Жәке деген қасиетті адам болыпты. Тегінде Бахты совхозына қарайтын Саз деген жерінен ұрылар жылқы айдайды екен. Жәке қайтыс боларда, — Мені сол араға қойыңдар, жылқы айдатпауға қорған боламын, - депті. Айтқанындай ұрылар жылқы айдағанда, атқа мінген ақ киімді адамдар көбейіп, ұрылар адасып кетеді екен. Кейінгі ұрпағы XXII парт съезі атындағы совхозда еңбек еткен Құсайынов Әбен. Айтыбайдан жеті бала болған: Қожантай, Қожаберді, Жәктелі, Жәмекпе, Боқан, Дүзбай, Бүкір, Көбеген.

Кегенбай би дүниеден озғанда Кегенбай бидің дастанында Тоғас елінің жоқтау өлеңі жазылыпты. Сәмен Тоғас ішінде Шерубай, оның ішінде Аталық — Кегенбай би Жомартұлына жиен болып келеді екен.

*Нағашың еді Кегенбай,
Би атаң айтты деген-ай.
Би атаңның тұсында,
Күндегі сауық күнім-ай.*

*Нағашың еді Жанұзақ,
Тұрмадың ата азырақ,
Би атам сапар шеккен соң*

Өшті ғой біздің шамшырақ, - деп айтқан жоқтау өлең үш ғасырдан астам уақыт бойы адамдар санасында сақталып, ұмытылмай келеді. «Бабалар сөзі шындығында даналық көзі» – деген осы болар.

Ал, жоқтауда аты аталған Жанұзақ бес жайлаудың бірі екен. Сонда Жомарт батырдың алған әйелі бес жайлаудың қызының бірі болғанға ұқсайды. Бірақ бұл арасын ажыратып айтатын көнекөз қариялар қазір де арамызда жоқ. Ендігі сөзді егер бар болса сол көнекөз қариялардың ұрпақтарының еншісіне берелік.

Тана мырза мешіті туралы

Көкпекті ауданында тұратын төрт баласы бар зейнеткер Ихсанова Ғарифаның әңгімесі: Шахмухамметте (Хасен) 9 ұл, 2 қызбен 11 баласы болған. Ең үлкені менің атам – Сигватолла. Шахмухаммет (Хасен) Ресейде 25 жыл мерзімге әскер алмақшы болғанда, Ресейден Қазақстанға қоныс аударып Көкпекті ауданының Преображенко (бұрынғы Шоқыншы қаласы), кейінгі Қойгелді совхозы атанған жерге көшіп келеді. Бұлармен қоса біршама адамдар да ілесіп келіпті. Келгендердің барлығы да қолдарынан іс келетін маман адамдар болады. Соларды Тана мырза қамқорлыққа алып Жанай елінің ішіне сіңіріп жібереді. Осылардың ішінен қолдарынан іс келетіндерін іріктеп алып мешіт салдыру құрылысына пайдаланады. Мешіт Тальменка өзенінің бойында Үлгілі малшыға жақын жерде салынып бой көтереді. Тана мешіті пайдалануға берілгенде мешіттің бірінші имамы Сигватолла болады. Сигватоллаға қарайтын барлық балалары сол Тана мешітінің маңында тұрады.

Сигватолла хазірет мешіт мұнарасынан ерте тұрып азан шақырып, кешкісінде мінбелерден уағыз оқиды екен. Сигватолла отыз жыл Меккеде оқып, араб, парсы тілін меңгерген оқымысты да білімді адамдардың бірі болыпты. Тана мешітін мекендеп тұрғанда Сигватолланың Мүсілім, Бәтис деген қыздары болыпты.

Екеуі де қайтыс болып, Бәтістен 6 бала қалыпты. Сифватолланы 1929-1931 жылдар аралығында моллалық жасағандығы үшін Өзбекстанға жер аударып жібереді. Мешіт бұзылады. Қалған бауырлары да әр жаққа тарап күнкөріс қамымен кете барады. Сифватолла кейінгі өмірінде Өзбекстан облысы Алабұқа ауданында тұрыпты. Онда барғаннан кейін де 5 баласы болыпты. Өзбекстанда жүргенде діндар өзбектер есекке мінгізіп, көгалға апарып, «ал сандуғашым сайра» – деп әңгімесін тыңдайды екен. Сифватолла Өзбекстанда жүргенде 107 жасқа келіп қайтыс болыпты. Өзбекстанда тұрғанда жиені Ғарифа іздеп барады. Іздеп барғанда Сифватолланың жанұясы Өзбекстанның Ключевая көшесі 22 үйінде тұрады екен. Балалары сол жердегі бір асханада жұмыс істейді екен, тұрмысының нашар тұратындығын баяндайды. Сифватолла Өзбекстанда жүргенде қашып-пысып жүріп екі рет келіп қайтқан екен. Қазіргі Преображенка «шалақазақ» селосында тұратын қызы Бәтіс те молланың қызысын деген желеумен қудалауға ұшырайды. Міне, Тана мешітінің бірінші имамы болған Сифватолланың өмір жолы осылай өтіпті.

Бұл әңгіме Көкпекті ауданында Аухадиева 41 көшесінде тұратын Сифватолланың Мүсілім деген қызының баласынан туатын жиені, қазірде зейнеткер Ихсанова Ғарифадан жазылып алынды. Бұл апаның 4 ұл, 2 қызы бар. Үлкен баласы Алматыда бір компанияда істейді. Бесбаев Рәмзи Сабарұлы Көкпекті ауданының әкімінің орынбасары. Бесбаев Рашид автобазада. Үлкен қызы кәсіпкер болып жұмыс істейді екен.



Бөрітостаған жайлы аңыз



Тарбағатай өңірінде ерекше бір тас бар. Жай тас емес, айдалада жатқан алып тас. Ерекшелігі сол бұл тас басқа таулардан бөлек, мидай жазық далада жатыр. Тау жыныстары одан 60-70 шақырым қашықтықта орналасқан.

Бұл тас жайында ел арасында аңыз көп. «Ертеде Тарбағатай тауларының бірінде ірі денелі алып кемпір өмір сүріпті. Бір күні алып апа отарлы қойын жазыққа жайып қойып, терең ойға батып, ұршығын иіріп отырғанда қасқырды көреді. Отарына да, өзіне де тыным бермеген көк бөріге әбден зығырданы қайнаған алып кемпір иіріп отырған ұршығының тасын лақтырып, қасқырларды үркітіп жіберіпті – міс. Өзі алып болса, кемпірдің ұршығы, ұршығының тасы қандай боларын елестете беріңіз... Осы Бөрітостаған сол алып кемпірдің ұршығының тасы екен» - дейді бір аңыз. Сол аңыз былай деп айтылатын:

Қазақтың жері толған жыр, ән екен,

Тау, дала сырды шертіп тұрады екен.

Сондай бір аңызға ие Бөрітостаған,

Айтылған әңгімесі мынау екен:

Ертеде бір анамыз қой бағыпты,

Бұл іске болса керек ол да мықты.

Отарын өрістетіп күн-күн сайын,

Жонына Тарбағатай жайланыпты.

Туған жер шөбі шүйгін, қыры құтты,

Күміс күй бұлағынан құйылыпты.

*Қой бағып отырғанда сол анамыз,
Ермек қып ұршығын да иіріпті.
Біледі өзіне сай сенім әлін,
Малының өріп жатқан жайы мәлім.
Тынбастан жортатұғын қанды ауызды,
Ол кезде болады екен бәрі қалың.
Бір күні жалпақ жатқан ойыудағы
Тигенін қойға қасқыр пайымдады,
Ұршықты лақтырыпты қолындағы.
Сол ұршық кең далаға түскен екен,
Демейсің аумағы оның кішкене екен.
Аңызға осылайша айналыпты,
Үлгісі анамыздың іске бекем.*

Профессор Нүрекенов Тоқтар Кемелбайұлы үлкенге ізетті іні, кішіге мейірімді ғалым, замандасына жетелі жетекші, әріптестеріне жол көрсете білген ардақты азамат, бұрынғы Кеңестер одағының зиялы қауымына, еліміздің жалпы жұртшылығына кеңінен танымал тұлға, жоғары білім беру саласына өзіндік жол салған құрметті ұстаз, физика-математика ғылымдарының докторы, функциональдық кеңістіктердің қасиеттерін зерттеу проблемасын, сызықты емес интегралдың операторлар саласы және осы бағыттағы нәтижелерді дифференциальдық теңдеулер теориясына қолдануды ұсынған ғалым. Урысон операторларының қасиеттерін түбегейлі зерттеп, оларды сызықты емес интегралдық және дифференциалдық теңдеулердің шешімділік қасиеттерін анықтауға нәтижелі қолданып, дамытқан. Сондай-ақ, интегралдық және интегралды-дифференциалдық теңдеулерді белгілі бір банах кеңістігінде орын алатын кәдімгі дифференциалдық теңдеуге келтіру арқылы зерттеуді Қазақстанда бірінші болып ұсынған. Сызықты емес Урысон тектес интегралдық операторларды теория негізінен толық ашқан. Қазір сызықты емес санақты дифференциалдық теңдеулер жүйесін сызықты емес гиперболикалық теңдеулерге қолдану теориясының кейбір бағытын жасап, дәлелдей отырып шешкен. Каметалардың жермен соғылысуы соның нәтижесінде көптеген обалардың пайда болуы туралы көзқарасты қалыптастырған. Ақсуаттық математик профессор Нүрекенов Тоқтар Кемелбайұлы «Бөрітостаған» аспаннан түскен қатты зат,

бұл тас метеориттік қопарылыс кезінде ұясынап жылжып кеткен пергаменттік дене болуы мүмкін деген болжам айғады.

Осы азамат 1976 жылы мен Ленин жолы совхозында партия ұйымының хатшысы болып қызмет істеген кезімде біздің үйде бір апта жанұясымен қонақта болғаны бар. Біздің үй кіре берістегі сайдың етегінде болатын. Келе жатқан көлігімізді жанұясымен үйге жібердік те, Тоқтар екеуміз сайдың басынан етегіне дейін жаяулап үйге келдік. Тоқтардың қызметі сол сайдың басынан аяғына дейін қалтасына тас толтырып келді. Екі күннен кейін Өкпетіні аралатуға алып кеттім. Онда да екі күн аралағанымызда екі қалтасын тасқа толтырып қайтқан еді. Бір ойымда қалғаны, «Бөрітостаған» жеке түскен тас емес, жалпы метеориттерден бөлініп түскен тас болуы ықтимал дегені есімде қалыпты. Кейінгі ғалымдардың «Бөрітостаған» тау жыныстары деп жүргені, осы Бөрітостаған тасына ұқсас тастар Өкпетіде де бары екендігі жайлы айтылған тұжырымдар болар.

Бір аптадан кейін Бөрітостаған арқылы үйіне апарып салдым. Осы бір апта бірге болған сапарымызда Тоқтардың аузынан бір ауыз дүние сөзін естіген жоқпын. 1978 жылы Ленин жолы совхозынан Ақсуат совхозына директор болып ауыстым. 1980 жылдары егін аралап келе жатқанда, Қарғыба өзенінің бойында бір адамның жатқанын көзім шалып, барып білсем, бір қойдың етін ағаш басына бөлшектеп іліп қойып Тоқтар бауырым ағаштың көлеңкесінде жатыр. Сәлемдескеннен кейін, бұл жаққа қашан келдіңдер – десем, бір жұма болды – дейді. Ал, енді қазақ жөнімен ағаңа сәлем беріп үйге неге келмейсіңдер? – десем, Тоқтар: «Сіздер жұмыс бабында жүрген адамсыздар, жұмыстарыңызға бөгет жасау ұят болады ғой» - дейді. Жалғыз жатыр екенсің үйіңе апарып салайын ба? – десем, қазір көлік келеді, - деген соң, әрі қарай егіндіктерді аралап жүріп кеткенім бар. Осы әңгімемізді Гүлсара келін де естісе керек, ертеңінде кешке Тоқтарды ертіп үйге келді. Гүлсара келін «Тоқтарға келген күннің ертеңінде ағаның үйіне барып амандасып қайтайық десем, ұят болады деп бой бермей қойды» – деп ақталып жатыр. Сонымен сол кешті әртүрлі тақырыптағы әңгімемен көңілді өткізіп, үйіне апарып салғаным бар. Тоқтар тек математика емес, сонымен қатар, физика, философия, геология, филология т.б. өзге де ғылым салаларын бір кісідей

меншерген бала мінезді азамат еді. Осындай жүрегі таза, кішіпейіл бауырым Токтармен өткізген күндердің белгісі ғой бұл.

Енді қайта Бөрітостағанға оралсақ: геолог ғалымдар «бұл тас мол су көзін басып жатыр» - дейді. Енді бір ғалымдар «бұл тас теңіз жылжып соның астынан қалған тас» - деп жорамал айтады. Бөрітостағанның тасының төбесіне сан шықтық, төбесіндегі шұңқыр жерлерде ылғалды жылы су жатады, ал қуаңшылық жылдары қақ жатқанын көріп жүрміз. Басқа жерлері құрғақ. Су шығып тұрған жерін көргеніміз жоқ. Ал, теңіз түбінен қалған тас десек, айналасы құмдауыт болар еді, ондай белгі байқалмайды. Қорыта айтқанда, жұрт арасындағы аңызы мен ақиқаты аралас әңгіменің бір парасы осындай. Қайсысы рас, қайсысы жалған? Бұл Бөрітостағанның өзіне ғана аян.

Қазақ шежірелерінің бастауы әр түрлі болғанымен тоғысатын, құйылатын жері біреу. Қандай шежіре болмасын бірін-бірі салыстыра келгенде толықтырып отыратыны анық. Шежіре шығармашылығын айта келе, түпкі тегі Ататүрік, Төре Найманның Төлегетайының миллионнан асқан ұрпағынан: хан да, айыр көмей жезтаңдай би де, шешен де, абыз да, батыр да, жырау да, акын да, ғалым да, киелі күйші де, әнші де шыққан бабамызды поэма етіп жазған Несіпбек Айтұлының шығармасын оқырман-қауымға ұсынуды жөн көрдім.



Төлегетай

I

Киелі қара өлеңнің шөмішімен,
Сапырып сөздің майын көп ішіп ем.
Көненің ізін шалып қайтайын бір,
Қызыл тіл жаңылмаса желісінен.
«Жүргенге ілінеді жөргем» деген,
Табылар іздегенім ел ішінен.
Алайын керегімді мен де қазып,
Халқымның сарқылмайтын кенішінен !
Бұлыңғыр өткен өмір бұлдыраған,
Ұмандай түнереді тұнжыраған.
Тұтасқан көк мұнардың арасынан,
Жалт етіп көрінер ме мұңлы бабам.
Толқыннан толқын қуып кетіп жатыр,
Тіршілік аққан судай сылдыраған.
Түйіні тоқсан түрлі дүниенің,
Түгелдеп бас-аяғын кім құраған ?
Жұрнағын жинай алмай жұртта қалған ,
Ел едік Тәңіріге шын жылаған.
Қорғай жүр ұрпағыңды, Төлек ата,
Құлындай әр киырда құлдыраған!

II

Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай,
Атасы төртеуінің – Төлегетай.
Найманның тоғызының төртеуі осы,
Мекені – Жоңғар, Алтай, Тарбағатай.
Шежіре сыр шертеді неше бөлек,
Бір аңыз бір аңызды еселемек.
Бауырында өскеннен соң төрт немере,
Төлекті – Төлек атай десе керек.
Қамқоры ұрпағының Төлек атай,
Атанған келе-келе Төлегетай.
Қандырған қырық қабат сөздің иін,
Икемді қызыл тілдің кереметі-ай !

Төлөктөн Қытай жалғыз туған екен,
Ес жиып, белін ерте буған екен.
Әрі би, әрі шешен, әрі батыр,
Құс салып, саятшылық құрған екен.
Ардақтап ата салтын бұрынғы адам,
Жолынан кісіліктің бұрылмаған.
Туғанда Аусар би кеп атын қойып,
Қытайдай көп болсын деп ырымдаған.
Төлөктің бәйбішесі Қожа қызы,
Солай деп баяндайды ел аңызы.
Балаға ат қоярда Ұлы жүздің,
Бүй депті дуалы ауыз кәрі абызы:
«Уа, Төке, бата берем қолыңды жай,
Бүрлесін жас бұтағың тобылғыдай.
Тұқымың қауласын деп Қытай қойды
Оңдасын жасы ұзақ боп жолын құдай ! »
Дегендей тарихыңның түбін ізде,
Шежіре ескертеді мұны бізге:
Қытайдың алған жары Анар сұлу,
Үйсіннің қызы дейді Ұлы жүзде.
Келесі бір деректе қырғыз дейді
Мәзбура деген текті бір қыз дейді.
Ұшығын ұстатпайтын көне заман,
Анығын анамыздың білгізбейді.
Мың сөніп үміт оты, мың жанса да,
Үзілмей үні жеткен жыр қаншама !
Бәрінің аруағынан айналайық,
Солардан өсіп- өндік кім болса да ...
Алланың әмірі ғой саят қылған,
Ажалды қайдан білсін таяп тұрған.
Қондырып балдағына Құлашкерді,
Бір күні Қытай жеке саят құрған.
Құлашкер қыран екен көзі қанды,
Ұшатын бір қиырдан сезіп аңды.
Өзі жоқ құс баптаған бабалардың.
Соңында әңгіме боп сөзі қалды.
Қызықты Қытай талай көрген дейді.

Аса алмай алдындағы қиын өрден.
Аттай боп кібіртіктеп өредегі,
Даңғыл би сонда былай деген еді:
-Уа, Төке, ойда жоқта құлап түсті,
Байрағың желбіреген төбедегі.
Ұлыңыз жазым болды анда жүрген,
Ұрынып өзі ұшырған көбелегі.
Алланың жазуына не шара бар,
Тұрмастай кара жерге шегеледі.
Тәуба қыл, сабырға кел, аман жүрсе,
Артында төрт бұтағы көгереді.....
Түскендей жарқ - жұрқ етіп жасын көктен,
Қытай би отыз жеті жасында өткен.
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай,
Бауырында атасының өсіп-жеткен.
Түс көріп бір күн түні төртеуі де,
Келіпті атасына ертеңіне.
Тағдырын әр пенденің таңбалаған,
Тәңірдің таң қаласың өлшеміне.
Алдымен Қаракерей тілге келген,
Айтыпты көрген түсін түнде көрген:
«Жүк артып қара нарға көшкен екем,
Адастым аса бере бір белеңнен.
Сабылып жүре- жүре ақырында,
Кезіктім көк тоғайға бүрлеп өнген.
Жыныстан жол таба алмай қонып қалдым,
Қасымда бірге көшіп жүрген елмен » .
«Құдайым, - депті атасы, - жолды оңдасын,
Өрістеп өседі екен мал мен басың.
Ұрпағың қара ормандай өркен жаяр,
Жақсы мен жайсаң болып жан жолдасың».
«Ту ұстап, - депті Матай, - тұлпар міндім,
Түсімде қалың көшті бастап жүрмін.
Жер шалып – ой мен қырды түгел шолып,
Алқапқа ат шаптырым ел қондырдым ».
«Бітеді қайрат пенен намыс ерге,
Іргенді кең жаясың, - деді, - сен де !

Аунайтын олай – бұлай заман туса,
Өзіңсің табатұғын қоныс елге ».
«Асынып, - депті Садыр, - қару-жарақ,
Айқасып жүрмін жаумен қандыбалақ.
Шығандап өз тобымнан шетке шықтым,
Қаңбақтай қаңғып кеткен жел қуалап ».
«Шығандап жүрсең, балам, елден шығып,
Көресің талай- талай жаугершілік.
Сен-дағы өсіп-өніп көбейесің,
Ұрпағың емін- еркін дәурен сүріп».
«Үйірі қысырақтың үріккендей,
Түсімде қойды маған ырық бермей.
Бір жерге, - депті, - басын қоса алмадым», -
Төртуыл сөздің соңын іріккендей.
«Себебін Алла білер не нәрсенің,
Көрмепсің мына түсті, балам, тегін.
Тұқымың бірталайға өскенменен,
Арт жағың бытыраңқы болар сенің».
Төртуыл кенжесі екен төртеуінің,
Шертпепті шекесінен тентегінің.
Ұрпағы әр қиырға бытыраған,
Түбінде шындық жатыр ертегінің.
Ағасы – Садыр, Матай, Қаракерей,
Ық болған жел жағында кенередей.
Тұқымы өскен жанда арман болмас,
Қанатын кеңге жайып керегедей....

III

Ескірген, естен шыққан сонау заман,
Дүние бері аунаған, ары аунаған.
Іргелі ел болыпты Найман жұрты,
Ошақта жаққан оты алаулаған.
Бірігіп түрік халқы хандық құрған,
Айбаты айналасын сан бұқтырған.
Ту тігіп сегіз тайпа Наймандар да.
Тірек боп қағанатқа елдік қылған.
Адасып алдындағы қасқа жолдан,

Кірпігін бабам талай жасқа малған.
Байырғы ата жұртта Орқындағы,
Таңбасы тайпалардың таста қалған.
Білген соң оралмасын дүние қайта,
Таңбасын тасқа басқан әрбір тайпа.
Елу бес сол белгінің ең басында,
Найманның таңбасы тұр ойлап байқа.
Көсемдер көш бастаған құласа орға,
Батады шұбырған жұрт сірә сорға.
Найманның ай мүйізді серкелері –
Әйгілі Тоныкөк те, Құлашор да.
Батырлар қолда ойнайтын шар болатын,
Қиқулап сан майданға салған атын.
Атанған сегіз оғыз қалың Найман,
Билеген қағанаттың сол қанатын.
Айтайық кім екенін сегіз оғыз:
Бетеге, Көшеуіттен не білеміз?
Ақсауыт, Найман – Қаңлы, Найман – Керей,
Барласқа, Дүрменменен бөлінеміз.
Иісі Төлегетай аңдап тұрсақ,
Тұқымы төре Найман көрінеміз.
Сұрайық білмегенді білгендерден,
Жел сөзден не шығады құр желгенмен.
Тарайды Бабыр менен Ақсақ Темір,
Өзбекке сіңген Барлас, Дүрмендерден.
Тоныкөк ел ағасы ақылы асқан,
Шығыпты шартарапқа аты жастан.
Он үш жыл Табғашта оқып бала күнде,
Білімнің зеректікпен бетін ашқан.
Қаһарман сардары боп Елтерістің,
Ішіне кірген талай қантөгістің.
Қамқоры, көрегені қағанаттың,
Айырған ара-жігін оң – терістің.
Оқ жонған оғлан екен – ата көрген,
Ел үшін қайғы шегіп, қапа көрген.
Жетпіске келгенінде Күлтегінге,
Тапсырып қалың қолды бата берген.

Қамалын қас дұшпанның дара бұзған,
Ерлерді тастамайды ел ауыздан.
Тоқсанда тасқа жазған өсиеті,
Өшкен жоқ Тоныкөктің санамыздан.
Тұратын ақ бесікті жыры тербеп,
Халықтың ұл тумаса күні сөнбек.
Қалқаны қағанаттың Құлашорды,
Айтады бір деректе Күлішор деп.
Кім білсін Құлашор ма, Күлішор ма?
Әйтеуір менің бабам, шыны сонда!
Сүйегі қалған шайқас даласында,
Қағанат қирап, көкке күлі ұшарда.
Айбаты ер түріктің елдігінде,
Қапы жоқ бабалардың ерлігінде.
Тағы да кім өткені Аллаға аяң,
Зым –зия ғайып болған шерлі күнде.
Не қилы заман көріп қанға бөккен,
Көшкен ел қонысына зорға жеткен.
Құлаған Ұлы Түрік қағанаты,
Мәңгілік ел болуды арман еткен.
Түріліп таң бозынан түндіктері,
Ырыздық келер күннен кім күтпеді.
Бір кезде бабам қоршай қонған келді,
«Найманның, - дейді монғол, - Кіндік көлі!»
Тас мүсін кіндік көлдің жағасында,
Шолақ қол батырдікі нанасың ба?
Найманның таңбасы тұр арқасында,
Ежелгі ескі жұртың деп осында!
Сонда тұр сырын бүгіп қол аттары,
Ұлытау, Тарбағатай – жер аттары.
Қонбаған қайран қазақ қайда барып,
Тәңірім көшпенді ғып жаратқалы.
Екі оттың бірі сөніп қатар жанған,
Сынаптай сырғуменен өтер жалған.
Наймандар Білге Бұқа хан тұсында,
Мөр ұстап, жазу жазған жеке ел болған.
Көмілген тарих үнеіз жатқанменен,

Өшпейді ескі данқы көкке өрлеген.
Астана салған жері ежелдегі,
Өзеннің бойында екен Завхан деген.
Жоғалмас бұрынғының бәрі мүлде,
Томпайып орны жатыр әлі күнге.
Айтпасаң білгеніңді арттағыға,
Халқыңа мына жүрген қадірің не?!
Тарихын қазсаң-дағы қайда барып,
Көз жетер, көңіл сенер, ой жаңарып.
Есте жоқ ескі кезде пайда болған,
Жазуы Наймандардың айдан анық.
«Ұйғырдың жазуы» деп соңғы кезде,
Айтып жүр әлдекімдер әңгіме өзге.
Тоныкөк, Тататұңға тұр емес пе,
Наданды шұқығандай мәңгі көзге!
Бақ тайса базар көшіп ел басынан,
Ту құлап, қадір қашар қолбасыдан.
Шығады екі көзің тас төбеңе,
Табылып ет жақының жау қасынан.
Айықпас қайғысы бар әр заманның,
Тәңірге дауысы жетпес зарлағанның.
Таян мен Бұйрық ханды қара басып,
Түсіпті шырмауына арбағанның.
Кетісіп бірге туған ағайынды,
Тұтасқан қалың елді қақ айырды.
Ашкөздік, алауыздық басын жұтып,
Қараңғы көрге тыққан талай ұлды.
Найманның түпке жетіп бөлінгені,
Белгілі Шыңғысханнан жеңілгені.
Күшлік хан – Таян ханның үлкен ұлы,
Он бес жыл арпалысып берілмеді.
Азуын батыр Күшлік айға білеп,
Тағдырды бастан кешкен ойраны көп.
Ақыры бордай тозған бүтін халық,
Салған соң құдай басқа қайраны жоқ.
Жері жоқ Күшлік ханның жан аяған,
Қашқаны жеңілгенде және де аян.

Қандыкөш асуында қуып жетіп,
Сабаздың басын алған Жебе ноян.
Не шығар бас кеткен соң аяқ – қолдан,
Жегені жеңілгеннің таяқ болған.
Ғұмыры ұлы Найман хандығының,
Күшліктің өлімімен аяқталған....

IV

Қайран ел көкейіне уайым қонған,
Шұбырып Самарханға дейін барған.
Құлазып тау мен тасы, ой мен қыры,
Аңырап атамекен кейін қалған.
Жығылса тіккен туың төріндегі,
Бес қару бекер қалар беліндегі.
Тарыдай шашылыпты қалың Найман,
Күңіреніп жеті атасы көріндегі.
Наймандар бытыраған жер жүзіне,
Түскенмен таптырмайды енді ізіне.
Кеткен соң құмға құйған судай сіңіп,
Көбі не, жоғалғанның жалғызы не?
Алдынан ақ күн тусын кеткендердің,
Әйтеуір ортасында көк пен жердің.
Шыңғыстың сарбазымен бірге барған,
Бәріне ат тұяғы жеткен жердің.
Дүние тас – талқан боп бүлінгенмен,
Қалған жұрт тіршілік қып күнін көрген.
Маңдайға бұйырған бақ қайда барар,
Жоқ нәрсе жеткізбейді жүгіргенмен.
Бұлдырап жылдар көші тоқтамастан,
Найман шал сол уақытта сексен асқан.
Жорықта төрт ұлы да қаза тауып,
Кезі екен қара бұлттай қайғы басқан.
Келіні жесір қапты Әлпеш атты,
Жан екен ақылы асқан парасатты.
Тұқымы құриды – ау деп атасының.
Күйзеліп күндіз – түні уайымдапты.
Пәниден пендеге жоқ екі көшпек.

Ұрпақсыз, тұлдыр кетсең – атың өшпек.
Тоқсанда тұқым көрген Найман шалды,
Тарихта атап кеткен Өкіреш деп.
Ғұмыр жоқ үзілмейтін мойны берік,
Кім білер қаларыңды қай күні өліп.
Шын аты Найман да емес атамыздың,
Қарасаң ар жағына ой жіберіп.
Найман шал, Өкіреш те – лақап аты,
Халықтың көрініп тұр махаббаты.
Ныспысы жарықтықтың ұмытылған,
Анығы төре Найман арғы заты.
Бұл күнде мұның бәрін кім біледі,
Көргені босқан жұрттың сүргін еді.
Найман шал атай салған болу керек,
Бейтаныс Самарханның тұрғын елі.
Адастық көне заман болды да елес,
Созады білгішсініп әркім өңеш.
Бұқаны Өкіреш деп атайды өзбек,
Өкіреш - жұрт айтқандай әңгіме емес...
Тарихты тани бермес көздің бәрі,
Тереңде «Бұқа» деген сөздің мәні.
Шығарды қасиетін ел жадынан,
Торғайдай қатал уақыт тоздырғалы.
Бірақ сөз – оғызың да, өгізің де,
Сонда тұр іздегенің негізінде.
Бұқаны кие тұтқан бабаларым,
Тірліктің толқын атқан теңізінде.
Бұқаның мағынасы – ел төресі,
Салт болған Наймандарда ертеде осы.
Кет – Бұқа, Білге – Бұқа, Есен – Бұқа,
Атынан білініп тұр мәртебесі.
Жаңылып жүрмесеңіз жұтап ойдан,
Өкіреш Найманыңыз – Бұқа – найман.
Тегінен төре Найман жаратылса,
Тоқымы болады оның жұқа қайдан ?!
Түбімді тектемесем жоғалтармын,
Кейбіреу селт етпейді, соған таңмын.

«Өкіреш қорымы» деп аталатын.
Зираты түбінде тұр Самарханның.
«Өкіреш ауылы» бар онда тағы,
Қара жер мұңын шертіп толғатады.
Өзбекке сіңіп кетті қанша қазақ,
Жаныма бәрінен де сол батады.
Қайда жоқ төре Найман тұқымдары,
Белгілі қырғызға да жұтылғаны.
Тағдырдың шеңгеліне бір түскен соң,
Халықтың қиын екен құтылмағы.
Найманның ұрпағының қамын жеген,
Әлпешті жұрт әулие келін деген.
Керейдің қызы дейді сол анамыз,
Өз тұтып, айналасы қадірлеген.
Қорғаған ер намысын, ел намысын,
Өмірде сондай келін болғаны шын.
Айттырып атасына қыз әперген,
Ұрпағын Найман шалдың жалғау үшін.
Жас тәннің қызуынан жалын атқан,
Балқыпты кәрі сүйек көні қатқан.
Сол түнгі еріп түскен жалғыз тамшы,
Емендей жапырағын жамыратқан.
Табатын одан басқа амал қайда,
Шикі өкпе шын тілесе жаралмай ма?!
Кіндігі курап – солса Найман шалдың,
Тұқымы тұздай құрып жоғалмай ма?!
Құдірет кімнің көшін түзеген,
Жалғыздың жал құйрығын күзеген.
Әлпештің бар тілегі қабыл болып,
Көп өтпей ұл туыпты қыз – енеден.
Белгі боп жалғасын деп ел мұратын,
«Белгібай!» қойған екен ұлдың атын.
Осы екен Өкірештің әңгімесі,
Тамсанып кейінгілер жыр қылатын.
Жас сәби өсіп жатты соныменен,
Тосыпты жеңгесі оны жоніменен.
Белгібай он алтыға толған кезде.

Тиіпті әмеңгерлік жолыменен.
Тұтылып ажал мықтап жайған торға,
Көшіпті бұл пәниден Найман шал да.
Күтумен арманына жеткен Әлпеш,
Жаста екен отыз алты сол қарсаңда.
Асылдың ішіндегі ең асылы,
Әйелдің әулиесі ол әсілі.
Жалғаған үзілгенді ұлылықпен,
Ұрпақтың жалғандағы жанашыры.
Зарыққан талай пенде шаранаға,
Тірегі тіршіліктің – бала ғана !
Тұқымы Найман шалдың жер бетінде,
Әуелі қарыздармыз сол анаға !
Сүйініш туады екен Белгібайдан,
Тараймыз ол болмаса енді қайдан?
Рулы елге айналдық содан бастап,
Бұтағын бәйтеректей мәңгі жайған.
Болған соң шеше дана, әке мықты,
Биікке шаңырақты көтеріпті.
Ұлғайған шағында Әлпеш Белгібайға,
Сіндісін кішілікке әперіпті.
Дәлел жоқ қолмен қойған кімге сенем,
Тұнып тұр тарих қойны сырға терең.
Тыңдасаң ескі жырды деп айтады –
Тоқалдан Сүгірші мен туды Өтеген.
Саралап бес саусақтай әр атаны,
Шежіре елді аузына қаратады.
Саржомарт, Балталы мен Бағаналы,
Көкжарлы, Бураны одан таратады.
Анығын ажыратып кім біледі,
Түбіміз бір екені шындық еді.
Найманның тоғызының бесеуі – осы,
Төртеуі – Төлегетай, білдің оны.
Әлпеш пен Сүйініштен туған Төлек,
Жапанға жеке біткен бір бәйтерек.
Сүйегі сыр бойында жатыр бүгін,
Болады бұдан артық қандай дерек ?!

Түбінде бекер емес ел аңызы,
Артында жақсылардың қалады ізі.
Қылышты әулиенің кіндігінен,
Төлектің алған жары – Қожа қызы.
Керек қой құйма құлақ көпке де бір,
Солай деп сыбырлайды өткен өмір.
Сыр бойы сыр сандықтай ашылмаған,
Көненің құпиясы шөккен өңір.
Қазақтың кең далада көшіп – қонған,
Көңілі дариядай тасып – толған.
Сұлуға жалпақ жұрттың аузындағы,
Құмартып талай жігіт ғашық болған.
Қожалар қараларға ол заманда,
Белгілі қыз бермесі болжағанға.
Төлекке Қылышты да қызын қимас,
Нәсілі Төре Найман болмағанда.
Өрбиді ел аузында небір аңыз,
Барлығын жіпке тізіп не қыламыз.
Ойлаған ұрпағының келешегін,
Атаның бізге мұрат жолы нағыз.
Көп оқып, Төлек бабам дін ұстаған,
Беріпті ақ батасын Қылышты оған.
Өзкентке датқа болып көп жылдары,
Қисықты тезге салып дұрыстаған.
Кісілік келбетімен көпті үйірген,
Даңқына алыс – жақын бек сүйінген.
Ақсопы атаныпты жастайынан,
Жүрген соң ақбоз атпен, ақ киіммен.
Еңбекпен ер жігіттің бағы жанар,
Жақсыны жұрттың көзі танып алар.
Жасында Қылыштының қойын бағып,
Жүріпті деген бір сөз тағы да бар.
Сынығын шын асылдың кім көрмейді,
Сырт көзге оңайлықпен сыр бермейді.
Төлектің тегін адам еместігін,
Қылышты әулие де білген дейді.
Сыр шертіп ертеде өткен небір күннен,

Талайлар тидің майын төгілдірген.
Бір күні кой өрістен келмей қапты,
Суатқа түсте ауылға келіп жүрген.
«Қойшының келмей қалған мұнысы не ?» -
Десіп жұрт іздеп барған құм ішіне.
Таяғын шаншып қойып ұйықтап жатқан,
Отарын мамырлатып өрісіне.
Таяғын бұлақ ағып тіккен жерден,
Қойлар жүр шөлі қанып мейірленген.
Таңғалып Қылыштыға айтып кепті,
Адамдар хикметті көзбен көрген.
Тілекті Құдай берсе кемдік бар ма,
Асылға жарқылдаған шаң жұққан ба !?
Бас иіп қасиетіне кім біледі,
Қожалар қыз бергені сондықтан ба !?
Бабамыз Қылыштыдан бұрын өлген,
Ел – жұрты артындағы күңіренген.
Қылышты көп жылдан соң өтерінде,
Қоштасып былай депті тірілермен:
«Жаратқан жарылқасын көмекке кеп,
Ешкімге ренжімеймін мен өкпелеп.
Тілек қып басымызға түнегендер,
Алдымен дұға қылсын Төлекке кеп !»
Бұл өзі сан ұрпаққа мәлім аңыз,
Шүбә ғып әулиеге не қыламыз.
Өтсе де қанша ғасыр тәуәп етіп,
Киелі моласына табынамыз.
Қытайды сөз басында айтып өттік,
Қиялға тізгін беріп ой түлеттік.
Түнеріп тұңғиықта жатқан сырды,
Басқандай тайға таңба айқын еттік.
Түтіні түзу ұшқан түндігінен,
Төлектің Қытай жалғыз кіндігінен.
Әкеден ерте қалған төрт немере,
Атаның адам болған тірлігімен.
Көмескі қоне дүние мәңгі ұзаған,
Сара жол – сайрап жатыр бергі заман.

Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай –
Төртеуі төрт тірек боп ел құраған.
Сөйлейін шыққандарды төртеуінен,
Секілді жылқы ішінде бөрте кілең.
Абыз да, ақын да көп, батыр да көп,
Қасқайып орын алған ел төрінен.
Жасанып келген жаудан қорғап талай,
Матайдан атойлаған ер Қаптағай.
Жақсыны жарқыраған кім көрмейді,
Екі көз ашық тұрса шел қаптамай.
Шыңындай асқар таудың қыран қонған,
Найманға ер Қаптағай ұран болған.
Кер заман көлденеңдеп одан да өтті,
Жонындай жолбарыстың шұбарланған.
Ақырған арыстандай Шоңай батыр,
Қарға адым көрге сыйып қалай жатыр ?!
Ұшында найзасының жан ұшырып,
Торғайдай шырылдаған талай кәпір.
Тұқымы Ілияс ақын Қаптағайдың,
Салса да жарып шыққан топқа қай күн.
Бірі еді марғасқаның қазақтағы,
Қалайша оны зарлап жоқтамаймын?....
Жеткізбей құлагері Жансүгірдің,
Үйіріп шабытымды қамшы қылдым.
Сиқырлы сөздерінің астарына,
Тауысып көз майымды қанша үңілдім.
Ұмытсам ақын Сара өкпелейді,
«Апаңды ауызға алмай кетпе», - дейді.
Бір шыққан жеріне шөп мың шығады,
Тақырға су құйсаң да көктемейді.
Батырдың басы қалған әр қиянда,
Ел үшін ер тумаса жан қияр ма?
Әз Тәуке арқа сүйеп ту ұстатқан,
Садырда сайыпқыран Алдиярға!
Беретін естігенге жігер бүгін,
Айтайын Алдиярдың бір ерлігін.
Қалмақтың контайшысы өзі кепті,

Тең басып таралғысын үзеңгінің.
Тіресер екі жақ та болса мықты,
Елшіні Алдияр да қарсы алыпты.
Бітісіп, жауласуды тоқтатпаққа,
Араға адамшылық жол салыпты.
Ішкі ойын қонтайшының барлап алып,
Білдірген батыр мұны ханға барып.
Әз Тәуке аттай тулап ашуланған,
Қылышын суармаққа қанға малып.
«Керегі өлім, - депті, - жауызға нақ», -
Ұстаса өз қолымен бауыздамақ.
«Қазақпыз, - депті Алдияр, - үйге кірген,
Жыланның басына да тамызған ақ».
Хан Тәуке бұл қылығын жат көріпті,
Батырға азу басып кектеніпті.
Қалмақты өлтірмекке тартып алып,
Бір түнде тұтқиылдан тап беріпті.
Үстіне ауылының қол қапталған,
Ханнан ол өз қонағын қорғап баққан.
Інісі Майлан батыр қаза тауып,
Қайғысы көкірегіне шор боп қатқан.
Ала алмай қонтайшыны Тәуке кеткен,
Өзегін өкініші өртеп өткен.
Ханменен қақтығысып ер Алдияр,
Кесіскен ат құйрығын сол себептен.
«Төйкеде Ұзынағаш келді қалмақ,
Хан Тәуке басып барып басын алмақ.
Қалмағы келмегірдің қайдан келді,
Соғысып екі қазақ Майлан өлді ».
Деген сөз ел есінде содан қалған,
Ескірмей заман асып замандардан.
Қырсығы тиіп қырғын оқиғаның,
Жігітке қыршын кеткен обал болған.
Қатерді өзі келіп сұрап алған,
Қонтайшы құтылыпты бір ажалдан.
Батырдың мәрттігіне сүйсініпті,
Кеңейіп көз алдында мына жалған.

Көрген соң жақсылықты аса тіпті,
Кеңшілік Тәңірі оған жасатыпты.
Жинатып тұтқындағы қазақтарды,
Табанда бара сала босатыпты.
Алдияр әрі батыр, әрі дана,
Жан екен әділ болған жауына да.
Адамды жеткізеді мұратына,
Айнымас адалдықтың жолы ғана.
Алдияр оқиғасын ұмытпайық,
Намыстың туын сондай нық ұстайық.
Ерлігін бабасының жазып кеткен,
Тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев.
Қиылды өмірі де оның кеше,
Ер еді еңіреген елім десе.
Арқасы қара нардай алыптардың,
Халықтың ауыр жүгі жеңілдесе.
Салалы бұтағындай карағайдың,
Садырды санай берсем саралаймын.
Шоқтығы шоқыдай боп биік тұрған,
Мұқаны мыңнан бөлек Төлебайдың.
Тамырын Қаракерей терең жайған,
Батырда кім асады Қабанбайдан?!
Соның да аруағына тіл тигізген,
Бүгінгі бейшараға қалам қайран.
Заманда дария көшіп, тау құлаған,
Жазыпты ел қорғауды тағдыр оған.
Қабанбай өлерінде Бұқар жырау,
Мойнына бұршақ салып зар жылаған.
Өзгеден Дарабоздың даңқы басқа,
Қоймайды судай тасып шалқымасқа!
Бағасын беріп кеткен Мәшһүр Жүсіп,
Албанда саңлақ жырау Саршуаш та.
Құттыбай, Ақтанберді, би Боранбай,
Аруағын исі қазақ сыйлағандай.
Жақсысын Қаракерей түгендесем,
Сөзімнің аясына сыймағандай.
Шығыпты он жеті ақын Байғарадан.

Құн болмас қызыл тілде сайрамаған.
Өлеңнен оза шауып олжа салып,
Күні жоқ қанжығасын майламаған.
Ақтайлақ, Дулат, Түбек, Сабырбайды,
Сөйлесем тіл мен жағым жаңылмайды.
Құлдилап құйылғаннан Әріпке кеп,
Көк өзен күркіреген дамылдайды.
Аяңдап Төртуылға бері келсем,
Биіктеп көтерілер менің еңсем.
Сүзгендей су түбінен інжу маржан,
Айтайын асылдарын теріп өңшең.
Бес күндік тіршілікке пенде қонақ,
Жарасар ел қорғаған ерге жарак.
Тараған Төртуылдан үш бәйтерек –
Ақбарақ, Ақболат пен Андабарақ.
Жоқтайсың қай туысты, қай жұратты,
Аяздай қабырғаға қайғы батты.
Кім білмес ту көтеріп, жауға шапқан,
Ұраны Төртуылдың Баймұратты!
Ізіне үңілсек те біз енді кеш,
Рухымен бабалардың түзелді көш.
Жасыбай, Олжабайдай батырлармен,
Атамыз дос болыпты үзеңгілес.
Бұл жайды Мәшһүр Жүсіп баяндайды,
Шаршамай кәрі тарлан аяңдайды.
Бүркеніп ұйықтап жатқан көне заман,
Түртпесең өздігінен оянбайды.
Батырлар үлкен – кіші ертеде өтті,
Көбісі ұмытылған сол себепті.
Елші боп Еженханға барып қайтқан,
Атамай қалай кетем ер Төбетті!
Ебелек қызуы жоқ отын болмас,
Еліңе қызмет етпей атың қалмас.
Есімі жарықтықтың Биқара екен,
Баласы Сүйіндіктің батыр Жауғаш.
Батасың еске түссе қалың ойға,
Дариға, сол ерлердің бәрі қайда?

Жауғаштың төрт ұлының ең үлкені –
Ту ұстар батыр екен Сарыбай да.
Сарбаздар сап түзеген Төртуылдан,
Оралып келе жатқан жортуылдан.
Күн бата көл Балқаштың маңайында,
Қопаға кезігіпті жау тығылған.
Дәл түсіп бұққан жаудың төбесінен,
Тіршілік сөгіліпті көбесінен.
Жағасы сауытының ашық қалып,
Сарыбай өлген қалмақ жебесінен.
Жиналып қазасына ойдан – қырдан,
Батырға алыс – жақын ел қайғырған.
Ежелгі ескі кезден түркі халқы,
Жоқтауды ата салтқа айналдырған.
Құдайға даусы жетіп зарлағанда,
Жыл бойы жоқтау айтқан ол заманда.
Момындау адам екен бәйбішесі,
Жылапты үн шығармай сорлағанда.
Төртуыл намыстанып оны көрген,
Күңіреніп іштерінен тебіренген.
Түгелдің әйеліне жоқтатыпты,
Інісі Сарыбайдың соңына ерген.
Қайғыдан Түгел қатты жүдеп – азып,
Орнынан тұра алмапты белін жазып.
Қаратып көпшілікке сөз айтыпты,
Жатқанда ағасының көрін қазып:
«Тыңдандар, ағайындар, тілегімді,
Көрмейді күні бітсе кім өлімді?
Түрім бар Сарыбайдан қалмайтұғын,
Өмірден үзіп тұрмын күдерімді.
Жатып ек бір бесіктің жөргегінде,
Салыңдар мені – дағы көрге бірге.
Маңдайға жазылғаны осы шығар,
Шыр етіп дүниеге келгенімде.
Қасірет канатымды қайырғасын,
Ағадан өлгенде де айырмасын.
Қатынға мені қоса жоқтатындар.

Бір жайған шашы қайта жайылмасын».
Депті де иек қағып жүре берген,
Ажалға бойұсынып қуа келген.
Екеуі бір қабірде қалған екен,
Бұйырып сұр топырақ құба белден.
Сүйегі қурап – солып саудыраған,
Кім білсін қай төбеде қалды бабам?
Түрленіп, түзелгенде енді заман,
Тілеймін болғандығын елдің аман!
Сабылып ары көшкен, бері көшкен,
Өткенін шығармайды халық естен.
Наймандар бастан кешкен тауқыметті,
Рудың қазақтағы бәрі кешкен.
Қазақтың қасиетті әр атасы,
Биік тұр не шоқтығы, не жотасы.
Аттарын ауызға алсам кең даланың,
Тебіренер өзге түгіл қара тасы.
Есердің кімге керек ерегесі,
Атасын айтса қозған делебесі.
Еңселі орда болса қалың қазақ,
Керілген Найман да бір керегесі.
Қаншама белшемізден сорға баттық,
Қызыл қан жарамыздан сорғалаттық.
«Мың өліп, мың тірілген» шағымызда,
Әйтеуір бағымызға келді Азаттық!
Қайтадан тірілмейді өлген әсте,
Айналды қаралы күн енді елеске.
Қылыштың қиып түскен жазығы жоқ,
Сілтеген барлық кінә қолда емес пе?!
Сөзімді соза берсем кеңге кетер,
Ұшады көбіктенсе желге бекер.
Тасыған тыным көрмей асау тірлік,
Аунатып түбінде бір дөңгелетер.
Сұрасаң, бабаларым, міне, осындай,
Қайнаған Қаратаудың тұмасындай.
Суаты сарқылмайтын әңгімесі,
Мәңгіге тастап кеткен мұрасындай!...

Қытайдағы қазақ фольклоры Орта жүз Найман шежіресі

Жаздым қолыма қағаз, қалам алып,
Білгенді жариялап хатқа салып
Бетінде ақ қағаздың сөзім қалсын,
Бір күні тағдыр жетіп, кетсек тайып.
Бар еді Майқы биде екі бала,
Балалар деп ат қойған Қазақ, Созақ.
Созақтан Қарақалпақ бөлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді.
Атамыз Қазақтан да үш ұл туып,
Ұрпағы өсіп-өніп келіп еді.
Ақарыс, Жанарыс пен Бекарыс деп,
Үш жүз деп оған есім беріледі.
Ұлы жүз Ақарыстан Дулат, Үйсін,
Қанша жұрт ендігісін өзі білсін.
Бекарыс – ең кенжесі кіші жүз боп,
Бөлініп өз бетімен ол да тұрсын.
Осылай шежіреде қалды сөз боп,
Жер-жерге қазақ халқы тараған көп.
Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ-Керей,
Бөлініп келе жатыр орта жүз боп.
Сөз берген сөйлесін деп Тәңірім бізге,
Сөз кетер сөйлемесе құла дүзге.
Бар екен Жанарыстың төрт қатыны,
Айталық мағлұм қылып білсең сізге.
Тарақты үлкенінен жалғыз еді,
Арасы сақ түстегі бұқан бізге.
Қоңырат, Қыпшақ екінші қатынынан,
Жат болып жаман безер жақынынан.
Ойпырмай, жамандыққа жаза көрме,
Құдайдың ешкім қалмас мақұлынан.
Үшінші әйелінен Арғын, Найман,
Таратар білген адам ата ұлынан.
Төртінші қатынынан Уақ. Керей.
Кей адам мұны білмес қапылынан.

Аты-жөнін білмеген нәмәрт дейді,
Жарайма біле тұра жасырынған.
Бұл сөзім орныменен тараса екен,
Қараса тамам сөздің сарасы екен.
Найманнан Сарымырза, Шуақ дейді,
Бұл сөзге білмегендер талас екен.
Өліпті Шуақ ерте тұқым қалмай,
Шуақтың Сарымырза ағасы екен.
Қатын алған кезінде өліпті Сарымырза
Құданың құдіреті тамаша екен.
Бопты өстіп басқа кемтар Найман бабам,
Мәзбура жетім қалған анам екен.
Тұяқ қалмай қала ма деп бұл атамнан,
Қан жұтып жесір келін қапаланған.
«Бір перзент Алла берсе көрер-ау деп,
Үмітін үзбепті ол Найман шалдан.
Бұл істің қайла бар ма шарасына,
Найман шал келді тоқсан шамасына
Қан жұтып жесір келін қайғырады,
Ешкімнің қосылмаған жаласына.
Құдайдан таза отырып тілейін деп,
Мұндай ой Алла салған санасына.
Бір қызды атасына алып берді,
Көп қалған иен малды аясын ба?
Ол қатын алысымен жүкті болып,
Ұл туған дәл он айдың шамасында.
Балаға Сүгірші деп атын қойған,
Жағау қып жүрегiнiң жарасына.
Кешікпей Найман бабам дүние салды,
Мәзбура меңгеріпті иен малды.
Өмірін Сүгіршінің күтейін деп,
Жетер деп тірі болса ниет алды.
Арада бірнеше жыл кетті өтіп,
Мәзбура Сүгіршіні бақты күтіп.
Сүгірші балиғатқа толған кезде,
Ата ұлы деп некеленді ниет етіп.
Ернияз Мәзбурадан туды дейді,

Мұратқа жеткен екен сабыр етіп.
Баласы Мәзбураның Ерниязды,
Теңгеру ғажап емес көп пен азды.
Ақылы Мәзбураның болмағанда,
Тұяқсыз Найман бабам кете жазды.
Баласы Ернияздың Ергенекті,
Қалдырмай баяндайын арғы текті.
Баласы Ергенектің Сарымұрат,
Бұлар да көп ел болып тарап кетті.
Сүгірші балиғатқа кәміл жетіп,
Алуға бір жас қатын талап етті.
Ақыл сұрап жеңге алған қатынынан
Сабырмен танбады ол ақылынан.
Мәзбура төркінінен қыз әперді,
Өзінің бір туысқан жақынынан.
Туыпты бұл анамыз Құрманайды,
Жария жасап білген адам жұртқа жайды.
Баласы Құрманайдың Төлегетай,
Төлегетай лақабы дейді «Қытай».
Құрманай жас кезінде қайтыс болып,
Жасында жетім қапты ол бейшара-ай.
Жасында жетім қалған бабам Төлек,
Семілер жетім көңіл кімге еркелеп.
Қылышқан деген қожаның қойын бағып,
Өсіпті саясында көлеңкелеп.
Қожаның ақырында қызын алып.
Ол төртбұрыш кісі екен дөп-дөңгелек,
Дөртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Қожа қызы анамнан туған ерек,
Төрт ру ұрпағынан ел таралып.
Шашыпты, сөйтіп бұтақ бұл бәйтерек.
Қырғыздан бір қыз алып екі ұл туып,
Қырғыз Шора, Қырықсадақ келсе керек.
Айтайын шежіреден көргенімді,
Ол екеуі нағашысында өссе керек.
Сонымен тоғыз таңбалы Найман болып,
Құлашын көп өңірге керсе керек.

Демек біз Төлегетей баласымыз,
Таралған бір өзеннің ағашымыз.
Нәсілі екі ананың қожа, қырғыз,
Тегінде қожа, қырғыз нағашымыз.
Атамыз одан бергі Қаракерей,
Адамға біліп айтса ол да мерей.
Байсиық, Байыспенен екеу туып,
Елге ұйтқы Сарыарқада жатқан шырай.
Баласы Байсиықтың Байторы еді,
Байыстан тек туғаны Ерторы еді.
Ұрпағы екеуінің өсіп-өніп,
Байсиық пен Байыс деп ел жүреді.
Байсиықтан Қызылым, Тайлақ атам,
Сөзімде ғайып етпе болса қатам.
Тайлақтан Жанғұлы атам жалғыз туып,
Құлмамбет Жанғұлыдан туды дархан.
Есеке, Туат туған Қызылымнан,
Қысқасы сөздің дәмі ұзынан.
Туаттың бел баласы Жаңбыршы еді,
Қысқартып айтып кеттік шұғылынан.
Есекеден Маңлыбай, Ағыспайды,
Атаны білген адам нақ ұстайды.
Баян қып аталардың жаздым атын,
Өлмес деп өзім өлсем жазған хатым.
Руым-Қаракерей семіз найман,
Бердібек ұлы Сүлеймен мұны жазған.
Менің де нағашы атам Бәйдібекті,
Домалақ нағашы анам заты текті.
Домалақтан туыпты Мұрын, Қызай,
Тоқталып осы жерден сөзім бітті.



Байсын руынан

Бұрыннан тәжірибе ата қуған,
Білмесе ата жөнін болар күмән.
Баласы Ерторының Айрам, Мейрам,
Тағы да Айрамнан үш ұл туған.
Балық пен Байыс атаң Жалықбекпен,
Бұлар да өсіп-өніп тарап кеткен.
Қожбанбет, Жарболды да Халықбекпен,
Қалдырмай баяндайын арғы тектен.
Халықбектен Сылбыр, Боран екі ұл туған,
Жаһаннан қаза жетіп қайтып кеткен.
Сылбыр, Боран шешесін Байыс алып,
Мәмбет қыржы атанған содан біткен.
«Үкілі ақ найман» деп аталады,
Айырар білген адам көзі жеткен.
Сол кезде Сылбыр, Боран өктем екен,
Бұл елмен барымталас кектес екен.
Екі елдің арасында тоқтам болмай,
Мейрамды жау өлтіріп кеткен екен.
Байыс пен Байсиық кісі жиып,
Баруға жауға талап еткен екен.
Сылбыр, сыбан дейтұғын елді шауып,
Мұратқа кегін алып жеткен екен.
Бұлардың жауын алып кегі бітті,
Бір қатын шабындыдан алып кепті.
Сығыр, сыбан елінен келген қатын,
Жүкті болып тауыпты Ахметбекті.
Сол қатынды келген соң Байыс алып,
Көңілінен қасіретпен қайғы кетті.
Тағы да сол қатыннан бір ұл туып,
Баланың аты болсын Сыбан депті.
Сығыр Сыбан елінің жиені деп,
Баланың аты Сыбан бопты.

Тума, Тоқпақ атасынан

Байыстың, Шөрөнбайдың бір баласы,
Атаны біліп айтса сөз сарасы.
Шөрөнбайдан Мұңайтпас, Тума, Тоқпақ,
Айрылар өсіп-өніп ел арасы.
Мұңайтпастан байыған Тоқпақ дейді,
Белгілі одан бергі ел жобасы
Қисса қып бұл өлеңді жазып
Білгенді жариялар ел данасы,
Білмеген аталарын айырсын да.
Осылай келе жатыр рисаласы,
Үкілі ақ найман деп айрылады,
Байыстың бұл да болды бір баласы.
Байыстың бәйбішесі Мұрын еді,
Мақта апай Сарымырзаны туып еді,
Байжігіт, Жанжігітпен Мақта апайдан,
Мұрынға сол себептен жуық еді.
Сөйлесе сөз табылар әр тұрғыдан,
Не пайда жалған айтып сөзді бұзған,
Бейсеқан бұл Мұрынның шын аты екен,
Атанған мұрны үлкен боп сөз қылудан.
Үйсін ұлы Бәйдібек байдың қызы,
Нәсілі шықса керек сол рудан.
Жолымбет, Бәйімбет пен Жолболайдай,
Тағы да Сарымырзадан үш ұл туған.
Ұрпағы Жолымбеттің өнімді боп,
Көбейіп ел тараған ата ұлынан.
Бәйімбеттен Құлаке, Сейіт дейді,
Сөйлейін Жолымбеттің руынан.
Әжіғұл, Әжі менен Ырақ, Ырсақ,
Қос Мұрат, Назар, Қыдыр ата кусам.
Баласы Әжіғұлдың Мырзас, Дәуіт,
Дәуіттен Айдар, Кенже, Бағам, Қысам.
Ырақ ұлы Қошымбет жалғыз болып,
Туыпты онан алты ұл санап тұрсам.
Қазымбет, Тілеуімбет және Орыс,

Қараменде, Қол, Етек есең қылсам.
Орыс ұлы Жантүгел, Дауыл, Дулат.
Атығай, Сексенбаймен қалмас жырақ.
Малтүгел, Барлыбаймен екеу болың,
Сонымен жеті бала түп-тура-ақ.
Назардан Жанболат пен Құттықадам,
Жанбике, Садыменен болды тәмәм.
Болыпты Жанболаттан алты бала,
Жарықтық тұқымы көп неткен адам!
Жанболаттан Тоқабай, Жанай, Сары,
Шойтабан, Ырсақ пенен Қожет тағы.
Тоқабайдан туыпты Атан, Жомарт
Шойтабан Жарылғаппен туған бәрі.
Бұлардың туысында міні бар ма?
Өнімін мақтаушы еді ескі кәрі.
Жомарттан туған екен тоғыз бала,
Тусашы осындай боп жанның бәрі.
Жомарттан Кегенбай мен Қоқан, Мақпал, Бәйел,
Бұларға бала тапқыш түскен әйел.

Сыбан атасынан

Шежіре Сыбанның да жолын қуды,
Байгөбек, Жангөбек пен Жарасқұлды.
Бөрі менен Бөлтірік енді екеуі,
Соныменен Сыбаннан да бес ұл туды.
Байгөбектен Құлымбет, Түге дейді,
Түгеден Тоғалы өзі жалғыз туды.
Қапан, Қамбар, Қаратай немересі,
Ұрпақтары Түгенің солар дейді.
Жанкөбектен Белгібай, Нарымбайды,
Нарымбай хан болыпты жұртқа жайлы.
Бөріден Сақара мен Сәліп дейді,
Атаны білген адам орындайды.
Бөлтіріктің баласы Сарын дейді,
Қалдырмай мен жазайын бәрін дейді

Туыпты Құлымбеттен алты бала,
Бұларды таратайын тыңдап кара.
Бір ұлы Сағыбалды, Сақа, Марқа,
Төленді, Жәдігермен туған дана.
Бұларды да қалдырмай таратайын,
Нарымбайдан Байқара, Ботақара.
Байқарадан Ақтайлақ, Келесбайды,
Байсал менен Жантайлақ, Жарасбайды.
Жарасбайдың баласы Жарқынбай би,
Білімге Ақтайлақтан қалыспайды.
Озбақан, Жұмақан мен Жарқынбайлар,
Бұлар да қысталаңда көп саспайды.

Байжігіттің атасы

Қош енді айтылсын-ақ Тоқтарқожа,
Нәсілі хан баласы, тегі таза.
Сол кезде хан баласын қалмақ шауып,
Қашқын боп шабындыда келген бала.
Қашқын боп хан баласы келген шеттен,
Байысқа бала болды келген беттен.
Байысқа күйеу бала қызын алып,
Сұлуға Мақта апайдай қолы жеткен.
Байысқа күйеу бала қызын алып,
Сүйіпті Мақта апайды затын танып.
Байжігіт, Жанжігіттей екі бала,
Байыстың жиені ғой жұртқа қанық.
Қыздан туған баланың қиығы жоқ,
Қалған ғой сол себептен болып Байыс
Баласы Байжігіттің Жұмық, Тоғас,
Мамбет пен Қаракұрсақ бұған жалғас.
Қожағұл, Күшік дейді Мәмбет ұлы,
Бұлар да өсіп-өнген бәрі аралас.
Тоғастың болған екен тоғыз ұлы,
Тұсында батыр болды дейді мұны.
Қалмаққа бір соғыста қарсы шауып,
Кетіпті тұтқындалып бірнеше ұлы.

Туыпты Жұмықтан да жеті бала,
Бұларды таратайын тыңдап қара.
Сайболат, Саты, Ақнайман, Қожанболат.
Үлкен үй тиген екен Қарашаға.
Бәйбішеден бес бала туған екен,
Тоқалдан Тәуке жалғыз туған және.
Қазадан Жұмық атаң қайтыс болып,
Артында қалған екен алты бала.
Жіктелді бәйбіше, тоқал екі арасы,
Еншіге екі жағы енжар болып.
Бес ұлы бәйбішенің ыңғай болып,
Тәукені өлтіріпті бес ағасы.
Қалайша ар-иманы сатылды екен,
Туысқан бір әкеден бауырласы,
Тағдырда осындай да жазмыш бар.

Садырдың атасы

Садырдан үш ұл туған Тоң мен Шүйе,
Саржетім кенжесі еді орнына ие.
Болыпты Тоңнан үш ұл сұрастырсам,
Бұлар да бөлінеді жүйе-жүйе.
Есенғұл, Түгелбаймен және Өзбек,
Пендесі жан айдаса жиһан кезбек.
Түгелбайдан туыпты Жәндік жалғыз,
Білуге ата жөнін бәрі тізбек.
Байкеліс пен Діңкелес Жәндік ұлы.
Есенғұлдан Ақшабек, Адырамбектей,
Бұлар да өсіп-өніп тарап кетті-ай
Өзбектен Шәрке, Дәулет, Ақын, Жанбай,
Ел болып өсіп-өніп осы арадан,
Таралып Садыр келді жөні осылай.

Матай атасы

Матайдың үшеу екен бел баласы,
Қаптағай, Аталық пен Кенже деген.
Өнімі бұлардың да артық болып,
Болыпты Матай ағаң ел ағасы.
Баласы Қаптағайдың Дәулет, Күшік,
Дәулеттің қолдас еді бел баласы.
Тоқалынан Қарауыл, Жасық еді,
Бөлінген бәйбіше тоқал екі арасы.
Аталықтан үш бала болған екен,
Бұл жерде таратуға жөні келген.
Құттыболат, Тәттіболат, Сүттіболат,
Осы еді Аталықтың үш баласы.
Баласы Құттыболат Құтым, Шағыр.
Құтымнан екі ұл туған Айт пен Шағыр,
Құтымға каза берген Жаппар Қызыр.
Артынан Естемес пен Есен туған.
Шағырдан төрт ұл туған екен Қызай,
Итемген, Меңіс, Дербіс, Бегімбеттің,
Ұрпағы өсіп-өнген жерге сыймай.
Сүттіболаттан Есней, Қанбар дейді,
Саршокпар бір баласы болар дейді.
Тәттіболаттан Қоңырбай жалғыз болып,
Ел болып өз алдына тарар дейді.

Ескерту: Кенжені ары қарай таратпады



Найман тарихын тарихи тұрғыдан қарасақ

Дулат Бабатайұлы бір өлеңінде «Сөзімді менің сұрасаң – сары алтынның буынан, Сойымды менің сұрасаң – қалың Найман нуынан» – деп өзінің шыққан ата-тегін үлкен мақтанышгерлікпен жырлаған еді. Сол Дулат ақынның мақтан тұтқан Сойы - Найман елі туралы тарихи деректер тым арыдан, көне жазбалардан айдай әлемге мәшһүр болғаны тайға таңба басқандай анық екені және рас. Қандасымыз ноғай елінде: «Сөз анасы Қыпшақ, ел анасы Найман деген сөз бар екен, бұл да көп нәрсені аңғартатын секілді. Қазақ хандығы құрылмай тұрып, тіпті қазақ сөзінің өзінен бұрын шыққанына, Алтайдан Балқашқа дейінгі кең байтақ жерді мекендеген үлкен мемлекет болғанына да ешкімнің дауы жоқ. Найман мемлекетінің мекендеген өлкесі Орхон өзенінің бойында. Кейін Монғол империясының астанасы болған Қарақорым – осы Найман мемлекетінің ежелгі орталығы. Наймандар сол кездегі көршілес ру-тайпалардың ішіндегі ең мәдениеттісі еді, – деген жазбаларды монғол тарихының сөзінен оқимыз.

Негізінен Орхон өзенінің бойын мекендеген Найман жұртын сол маңнан табылған «Орхон» жазу ескерткішінің тікелей мұрагері деп толық айтуға құқымыз бар. Ал жапон ғалымы Мураяманың, тағы да басқа тарихшылардың жорамалына қарағанда Найман – «Сехиз» деген өзеннің атымен аталған. Монғолияда Сехиз өзені бар. Наймандар сол өзенді мекендеген. Қалай болғанда да Алтай – Ханғай аралығын, Долы, Ертіс, Қобда, Тамыр, Қараөлең өзендері бойын ата жұрты санайтын наймандар Шыңғысхан жорығына дейін жазу-сызу мәдениеті өркендеген үлкен мемлекет болғанына күмән келтіре алмаймыз. Қарабалық немесе Қарақорым деп аталатын қаланың 1220 жылға дейін Найман елінің астанасы болғаны да дәлелдеуді қажет етпейді. Наймандардың «Орхон» жазуында 1048-1098 жылдарда «бері Найман» деген атпен белгілі болғаны анық. Сол секілді Наймандарды Қарасулық мәдениет – Бағазы – Дандыбай, Пазырақ Қорған мұрасына да иегер ретінде санайды. Міне, осындай асқар таулар мен кең жазира даланы қамтып жайлаған ұлы мемлекетке тікелей шабуыл жасауға Шыңғысханның өзі жасканып, ең әуелі өзіне одақтастар іздеді.

Белгудей Шыңғысханға:

*«Артқы Наймандар,
Асқар таудай елі бар,
Айтса сенгісіз жері бар.
Ат-көлігі сайма-сай
Айқайлай берер жөні бар,*

Бұларды құртпаса болмас, - деп ақыл бергені монғолдың «Құпия шежіресінде» жазылған.

Тарихи деректерге қарағанда, 1200 жылдың басында Наймандар мен Шыңғысхан әскерінің арасында Арай асуында болған шешуші шайқаста Жамуханның екі жүзділігінен Наймандар амалсыздан Алтайды тастап, батысқа шегінді. Бұл жөнінде Л.Н.Гумилев: «... Как и почему сложилась монгольская империя и отчего проиграли с ней войну ее кочевые соседи: найманы и керейты, меркиты и татары. Как мы увидим ниже, роль Джамухи тут была не меньшей, чем роль Темуджина», - деп әділ бағасын береді.

Ия, Шыңғысханның жарты әлемді жаулап алуына түркі тектес тайпалардың бір-біріне деген сатқындығы ғана емес, Найман хандығындағы, яғни ағайын арасындағы алауыздық та себепкер болды. Бұхтырма өзенін құлай шегінген наймандардың Ертістен кешіп өте алмай, бірсыпырасы суға кеткені де «Құпия шежіреде» жазылған. Міне, сол 1204 жылдан бастап ешкімге дес бермей, дүркіреп тұрған Найман мемлекеті ыдырап, ата-мекендері Алтайды тастап, Жайық бойына дейін шашырап, қазақ даласының әр жеріне бытырай қоныс аударды. Наймандардың ата-жұрттан аууына Жоңғар қалмақтарының, одан кейінгі тарихи кезеңдердің де әсері үлкен болды.

Олардың Сыр бойын мекендеген, Орталық Қазақстан, Жетісу өңірін жайлағаны белгілі. Тоғыз таңбалы Найманның да, Керей атаның едәуір бөліктері әртүрлі жағдаймен Алтай мен Тарбағатайға қайта алмай, Орталық Қазақстанда, Сыр бойында, Сарыарқада Ертістің төменгі ағысының бойында қалып та қойған. Найманның Балталы, Бағаналы деген аталарының ұрпақтары, Ергенектінің екі баласы – Сарыжомарт пен Бура ұрпақтарының едәуір бөлігі қазіргі Көкшетау, Қарағанды облыстарында, Кереку, Ақмолада мекендеп қалған. Тіпті бізді қойып, көршілес қанаттас жатқан монғол

...жында да «Ата тегін білмеген адам орманда адасқан аңмен тең» деген қанатты сөз бар. Ал атамыз қазақ «Жеті атасын білмеген бала – жетім бала», «Жеті атасын білген ұл, жеті елдің қамын жер. Өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер" – деп бекерден бекер айтпаса керек. Жеті атасын білу тек тақуалық емес, тарихты білу, ағайынның қанын араластырмау оның негізділігін ғылым дәлелдеп отыр.

Асқар Алтайды мекендеген бүгінгі ұрпақ әр түрлі саясат пен әнербақандардың әлегінен мәңгіріп қалғаны рас. Енді-енді ғана етек-жеңін жинап ел бола бастаған шақта туған жері мен ата-тегінің шежіре тарихын білуі – өсер, өнер ұрпақтың үрдісі. Бүгінде әркімдер көз алартып жүрген туған өлке, тарихи жұртымызға пәле-жала жуытпай қорғау, айналайын Алтайды аялау – әр азаматтың жүрегіндегі парызы, мойнындағы қарызы.

Оралхан Бөкей

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Қызылорда облысындағы Тоқабай бабамыздың атымен аталған елді мекендер

Қызылорда облысы, Арал ауданының, Жіңішкеқұм ауылдық округінің орталығы Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Тоқабай елді мекеніндегі, 25 орындық аурухана да Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Осы аурухана Тоқабайдан 110 шақырымдағы Жіңішкеқұм мен одан әрі 70 шақырым жердегі Атанши ауылдарының тұрғындарына да дәрігерлік қызмет көрсетеді. Емхананың меңгерушісінің есімі Мәдина Сермағанбетова.

Дерек Республика баспасөз басылымдарынан алынып дайындалды. №5.2012.16-бет

Ықылым замандағы патшалы Ресейдің архивтік құжаттарында бүкіл қазақ еліне белгілі болған атақты билердің аты-жөндері мен өмір сүрген уақыты және билік басында болған мерзімдері туралы архивтік құжат деректері

№	Қазақ билерінің аты-жөні	Өмір сүрген уақыты		Билікті бастаған жасы	Жасаған жасы	Билік басында болған уақыты
		туған жылы	өмірден өткен жылы			
1	Ноғай Едіге би Қабанұлы	1352	1419	9-10	67	57
2	Үйсін төле би Әлібекұлы	1660(68)	1750(56)	9	90	81
3	Қаракесек Қазбек би Келдібекұлы	1667	1764	13	97	84
4	Алшын Әйтеке би Бәйдібекұлы	1644	1700	7	56	46
5	Найман Кегенбай-би	1735	1835	13	100	87
6	Жалайыр Балпық би Дәріжалыұлы	1696	1784	12	88	76
7	Керей Жобалай би Байсейітұлы	1730	1818	10-12	88	76
8	Сырым би Датұлы	1712	1802	-	90	-
9	Қарауыл Бекболат би Қанаұлы	1714	1795	-	81	-
10	Матай Қыдырәлі би Бөрібайұлы	1740	1807	9-10	67	57
11	Есентемір Бөкен би	1771	1856	17	85	68
12	Найман Сасан би Мынбайұлы	1780	1830	12	50	38
13	Матай Мұжық би Байжанұлы	(XVIII ғ екінші жартысы мен XIXғ бірінші жартысында өмір сүрген) – 13 жасында				
14	Абай би Құнанбайұлы	1845	1904	10	59	49
15	Шорман би	(XIX ғасырда өмір сүрген) – 11 жасында				
16	Сыбан Аққожа би	(XVIII ғ аяғы мен XIXғ басы) – 13 жасында				
17	Киікбай Айтуған ұлы	(XIX ғасыр) – 17 жасында				

Найман руынан шыққан шешен-билер

1. Найман Кетбұға би Серікбай-ұлы / 1185-1260 /.
2. Найман Байжігіт шешен Тоқтарқожа-ұлы. 17 ғ.
3. Найман Боранбай би Қалқаман-ұлы. 1709-1801ж.
4. Найман Нар дауысты Нарынбай би . 16 ғ.
5. Найман Қу дауысты Құттыбай би 17 ғ, Нарынбай бидің ұлы.
6. Найман Байғара би 1699—1775 ж. Құттыбай бидің ұлы.
7. *Найман КЕГЕНБАЙ би Жомарт-ұлы 1735-1835 ж.*
8. Найман Ақтайлақ би 1720-1816 ж. Байғара бидің ұлы.
9. Қаракерей Әлдебек шешен Абыз-ұлы 18 ғ.
10. Найман Саржан би Томаныш-ұлы! 19 ғ.
11. Найман Шәкі би 1805-1885 ж.
12. Найман Күдері би 19 ғ. Қ.Жұмаділовтың әкесі.
13. *Найман Кенжалы би Ырғызбай-ұлы, 19 ғ.*
14. Найман Аймырза шешен 19 ғ.
15. Найман Шиырбай шешен Келдібай-ұлы, 1846- 1917ж.
16. Найман Бидаш би Құдабай-қызы, 1849-1927ж.
17. Қаракерей Бекбосын би Домбай-ұлы, 19-20 ғ.
18. Найман Сары Шуаш шешен, 19 ғ.
19. Найман Құл би , шешен 19 ғ.
20. Найман Мүсіреп би Жаманбала- ұлы 19 ғ.
21. Орта жүз Үбіс би 1781-1874.
22. *Найман Сасан би 18 ғ.*

Сасан би туралы Ш.Уалиханов былай деп жазады, аударма жасалмай түп нұсқада берілді «Тугасовым же отделением заведует бий Сасан» Ч.Валиханов. Том 4. стр 305.

«Сасан бий одного из отделений байжигитцев, и человек между ними влиятельный.»

Ч.Валиханов. Том 4. стр 313.

Адольф Янушкевич
«Қазақ даласына сапар туралы жазбалар»

А. Янушкевич «..1846 жылдың 8 мамырынан 10 қазанға дейінгі Омбы, Семей, Аягөз, Лепсі, Шыңғыстау, Қарқаралы, Баянауыл, Омбы бағытында алты ай сапар шегеді. Осы сапарында Қазақтың сол кездегі толағай тұлғалары – Мәуке би, аға сұлтан Құнанбай, батыр Барақ, күйші Тәттімбет, ақындар Түбек, Жанақ, Орынбай, Сырым батыр мен Кенесары жөніндегі пікірлерін кең жазып қалдырған.

Аға сұлтан Құнанбаймен табақтас - дәмдес болып, оның кескін - келбетін былай деп суреттейді: «Бұл да дала өңіріне аты кең жайылған адам. Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталарының игілігі туралы қам жейді. Дала Заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі. Қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Бір топ сұлтан мен бес мырза біздің үйде болып, шәй ішті. Басқаларға ықпал ететін осы рулық топ жөнінде: «Сарай Панға, Пан сарайға татиды» деген біздің поляк мақалын айтса болар еді. Барақтың қасында ақсүйектер, ақсүйек емес, сұр сүйек болып көрінеді. Ал, барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды».



Архивтік құжаттар

1843 г, апреля 24 – Рапорт Аягузского внешнего окружного приказа о пограничном управлении сибирскими казахами

№1543

Пограничному управлению Аягузский окружной приказ имеет честь представить при сем именной список султанам, биям, старшинам, почетным киргизам и тем из киргизов, кои имеются почему – либо на особом замечании, за 1842г.

Заседатель Серебряков (1)

Заседатель Сейтенов

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 3893. Л.1.Подлинник.

Приложение. Пограничному управлению Аягузский окружной приказ имеет честь представить при сем именной список султанам, биям, старшинам, почетным киргизам и тем из киргизов, кои имеются почему – либо на особом замечании, за 1842г.

30. Бокбасар, сын Джамантаев, бий, 52 лет. Умен, сметлив, заслуживает уважение народа. Богат. Назаровской волости, рода Сары. Награжден не был. Под судом не был, в преданности нет сомнения. Летние кочевки по речкам Богасу Клы, р. Иртыш к северо – востоку, потом к востоку по речкам Буконь, Чигилек, Кокбукты, Чар и Кызылка и горе Калба, за 310 верст; зимние – при горе Джилытау и речке Карбуга, за 280 верст к востоку от приказа.

№ 60

1851г – Формулярный список о службе старшего султана Кокбектинского внешнего окружного штабс – капитана старшины Кийсыка Тезекова.

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду, вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание. Штабс – капитана Кийсык Тезеков, исправляющий должность старшего султана Кокбектинского окружного приказа, 61 года, вероисповедания магометанского. Имеет золотую медаль на

аннинской ленте. Жалованье 343 руб. 10 коп. Высочайше награжден золотой медалью – 1822, мая 23.

По выбору народа Кендже – Муруновского волости допущен с разрешения пограничного начальника к управлению той волостью – 1831г, июня 17. Произведен в чин поручика – 1833г, апреля 12. Штабс – капитана – 1843г, января 22. С утверждения его сиятельство генерал – губернатора Западной Сибири допущен к исправлению должности старшего султана Кокбектинского окружного приказа – 1844г, июня 4. Вновь утвержден на следующее трехлетие – 1847г, сентября 20. Вновь утвержден на следующее трехлетие – 1850г, ноября 26. Женат на киргизкой дочери Ойбале Сапаковой, имеет детей: сыновей Апсеита – родившего 1 марта 1825 г, и Нурпеиза – родившегося 7 мая 1828 г, находится при нем. Жена и детей вероисповедания магометанского (1).

*За председателя исправляющий должность советника
Яценко. Советник К. Сопозько*

*Заведующий отделением ассессор Суомлинков. Секретарь
Згерский. За столоначальника Кобылянский.*

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2552. Л.115 – 116. Подлинник.

№78

1852г, июля 24. - Формулярный список о службе управителя Назар – Муруновской волости Кокбектинского округа бия Тана Тилемисова.

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду, вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание. Тана Тилемисова, управитель Назар – Муруновского волости Кокбектинского внешнего округа, 47 лет, махомеданского исповедания. Жалованье 42 руб. 88 коп. Из какого звания происходит? Из киргизких детей Средней орды.

В учебных заведениях не обучался. По выбору народа допущен к управлению Назар – Муруновской волостью – 1842г, ноября 10.

Был под судом за передержательство в своих аулах, будучи властным управителем, преступника из киргизов Биту Джеманова и по решению Пограничного управления сибирским:

киргизами, состоящемуся 23 августа 1849г, в присутствии Кокбектинского приказа сделан ему строгий выговор с внушением избегать связей с людьми подозрительными и кроме того, взысканы с него издержки по сему делу, следователем употребленные, в количестве 94 руб. 74/1 коп. серебром. Женат на Бастан Джоломановой и Бексулу Кошкалгиной, имеет детей: сыновей Умыра – родившегося 3 мая 1839г, находиться при отце. Жены и детей магометанского исповедания.

Заседатель Попов.

Секретарь Попов.

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2695. Л.113 – 114. Подлинник

№ 102

1854г - Формулярный список о службе заседателя от казахов Кокбектинского внешнего окружного приказа Чирубай Кулова.

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду, вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание. Чирубай Кулов, заседатель от киргизов Кокбектинского внешнего окружного приказа, 46 лет, магометанского исповедания. Знаков отличия исповедания. Знаков отличия не имеет. Жалованье 57 руб. 18 коп. Из киргиз – кайсацской Средней орды.

По выбору народа с утверждения начальство определен заседателем от киргизов в Кокбектинский внешней окружной приказ – 1846г, ноября 19.

Вновь утвержден на следующее – 1852г, ноября 7. Женат на Айбале Бесембаевой, имеет детей: сына Байуака – родившегося 1829г, мая 1 и дочь Сулу – родившуюся 1835г, марта 12, оба они находятся при отце. Жены и детей магометанского исповедания.

Старший султан Кузубаев Заседатель Кузубаев

Заседатель ДужанСекретарь Корзун

ЦГА РК. Ф.И – 345. Оп.1. Д. 481. Л.9 – 10. Подлинник.

Передержать сов. Что Кешеуїлдету, көп ұзату, ұзатып жіберу? Созу \уакытты\ . Исповедание ср. діни, дін жолы

258. Чотук, сын Баубеков, бий, 65 лет. Умен. Богат. Кулюке – Каржаской волости, рода джаныгеровского. Летние кочевки в северо – западе через Еремен до Селеты: зимние – в Дальбе, в 60 верстах от приказа.

259. Чимыр, сын Комамбаев, бий, 72 лет. Умен и справедлив. Порядочного состояния. Айтей – Басентеинской волости, рода сагановского. Летние и зимние кочевки на внутренней стороне около станцы Черной, в 235 верстах на восток от приказа.

260. Чалка, сын Курпебаев, бий, 51 года. Справедлив и честен. Порядочного состояния. Аджибай – Канжигалинской волости, рода кудияровского, отделения джыдыгеровского. Летние кочевки на юго – западе через урочища Аккозен. Карасор, Кайдаул, Койтас, Айна – Кудук до Кудук – Карача; зимние – при урочище Каратас – Аккоз, в 45 верстах на восток от приказа.

261. Чабанбай, сын Кортабаев, почетный киргиз, 36 лет. Умен и хитер. Порядочного состояния. Айдабульской волости, рода бабыр – каракозинского. С 1835 г – аульным старшиною. Летние кочевки в северо – западе через речку Алыкуль до Чокомана; зимние – при урочище Дальбе, в 70 верстах от приказа.

262. Шарикпай, сын Есенгельдин, почетный киргиз, 45 лет. Честен и справедлив. Зажиточен. Аджибай – Канжигалинской волости, рода саринского, отделения тлеумбердиновского. Летние кочевки на северо – западе при урочищах Аккозен, Карасоре, Кайдаул, Сары – булак, Катын – Чоку, Айна – Кудук до Кудук – Карача; зимние – при урочище Ащи – Джиек, в 25 верстах на восток от приказа.

263. Ширгозы, сын Буленев, султан, 21 года. Скромн. Богат. Самек – Басентеинской волости, рода султанского. Летние и зимние кочевки против станицы Подстепной на урочище Маралдах.

264. Янус – Хожа, сын Айбасов, почетный киргиз, 43 лет. Скромн и прост. Беден. Джангозу – Айдабульской волости, рода баянского. Летние кочевки на западной стороне, по речкам Ащи – су, Чидырте, Уленте, Карабулак, Чийлы до Селеты; зимние – при урочище Кара – Адыр, в 14 верстах от приказа (2).

В должности заседателя Смельницкий

В должности секретаря Очосальский

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2545. Л. 221 – 305. Подлинник.

№56

1851г, август - Формулярный список о службе старшего султана Кокбектинского внешнего окружного приказа хорунжего Кунанбая Ускенбаева

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание. Хорунжий Кунанбай Ускенбаев, старший султан Каркаралинского окружного приказа, 47 лет, вероисповедания магометанского. Жалованье 343 руб. 10 коп. серебром. Из какого звания происходит? Из бийских детей. Есть ли имение? Имеет скотоводство. Где получил воспитание и окончил ли в заведении полный курс наук; когда в службу вступил, какими чинами, в каких должностях и где проходил иную; не было ли каких особенных по службе деяний или отличий; не был ли особенно, кроме чинов, чем награждаем и в какое время; сверх того, если, находясь под судом или следствием, был оправдан и признан невиновным, то когда и за что именно был предан суду и чем дело кончено? По выбору народа утвержден управителем Кучук – Тобуклинской волости – 1844г, июля 30. Произведен в хорунжие – 1846г, июня 14. По выбору утвержден старшим султаном Каркаралинского округа – 1849 г, октября 27. Был ли в походах против неприятеля и в самых сражениях, и когда именно? Не был. Был ли в штрафах, под следствием и судом; когда и за что именно предан суду; когда и чем дело кончено? Не был.

К продолжению статской службы способен и повышения чином достоин ли; если же нет, то каким причинам? Способен и достоин.

Был ли в отпусках, когда и на сколько именно времени; являлся ли на срок и если просрочил, то когда именно явился, и была ли причина просрочки признана уважительную? Не был.

Был ли в отставке с награждением чина, или без иного, когда и с которого по какое именно время? Не был. Холост или женат.

на ком, имеет ли детей, кого именно; год, месяц и число рождения детей; где они находятся и какого вероисповедания? Женат и имеет детей; сыновей Худайберды, 22 лет, Изумберды, 21 год. Тангрыберды, 13 лет, Ибрагима, 7 лет, Исхака, 5 лет и Халила, 3 лет, дочерей Кунбалу, 19 лет, Манли – балу, 17 лет и Залиху 6 лет. Находятся при нем, вероисповедания мухамеданского (1).

*За председателя, исправляющий
должность советника Яценко.*

*Советник К. Сопоцько., Заведующий
отделением, ассессор Сухомлинов.*

Секретарь Згерский.

За столоначальника Кобылянский.

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2552. Л. 394 – 395. Подлинник.

№57

1851г - Формулярный список о службе старшего султана Акмолинского внешнего окружного приказа, майор султана Арыслана Худаймендина

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду, вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание. Майор Арыслана Худаймендин, старший султан Акмолинского окружного приказа, 41 лет, вероисповедания магометанского. Имеет две золотые медали на аннинской и владимирской лентах. Жалованье 343 руб. 10 коп. серебром. Из какого звания происходит? Из султанских детей. Есть ли имение? Не имеет. Где получил воспитание и окончил ли в заведении полный курс наук; когда в службу вступил, какими чинами, в каких должностях и где проходил иную; не было ли каких особенных по службе деяний или отличий; не был ли особенно, кроме чинов, чем награждаем и в какое время; сверх того, если, находясь под судом или следствием, был оправдан и признан невиновным, то когда и за что именно был предан суду и чем дело кончено? Неграмотен. Согласно выбору, народа Теналы – Карпыковской волости утвержден областным начальником волостным управителем – 1832 г, сентября 3. Всемилотивейше награжден золотой медалью аннинской ленте – 1833 г. апреля 3. Всемилотивейше награжден чином майора – 1838 г. июня 26.

Награжден золотой медалью на владимирской ленте – 1840 г, июля 23. Согласно просьбе, уволен в отставку указом Пограничного управления – 1844 г, февраля 5. С выбора киргизского народа и представления Акмолинского окружного приказа утвержден его сиятельством, г. генерал – губернатором Западной Сибири старшим султаном в Акмолинский окружной приказ – 1849 г, ноября 18. Был ли в походах против неприятеля и в самых сражениях, и когда именно? Не был. Был ли в штрафах, под следствием и судом; когда и за что именно предан суду; когда и чем дело кончено? Не был. К продолжению статской службы способен и повышения чином достоин ли; если же нет, то каким причинам? Способен и достоин. Был ли в отпусках, когда и на сколько именно времени; являлся ли на срок и если просрочил, то когда именно явился, и была ли причина просрочки признана уважительную? Не был. Был ли в отставке с награждением чина, или без иного, когда и с которого по какое именно время? Был с 1848 г, января 13 – го по 18 ноября 1849 г. без награждения чином. Холост или женат, на ком, имеет ли детей, кого именно; год, месяц и число рождения детей; где они находятся и какого вероисповедания? Женат на дочери султана Онбая – Нурджан. Дети его: сыновья Сеит – родившийся 1830г, февраля 5, Рустем – 1833г, марта 8, Нурпеис – 1838г, 8 июня Искендар – 1842г, 18 мая, дочери Айза – родившаяся 1835г, 18 января, Райбиха – 1845г, 13 августа, Зогря – 1847, 3 марта. Жена и дети находятся при нем, магометанского вероисповедания (1).

За председателя, исправляющий должность советника Ив. Яценко. Заведующий отделением, ассессор Сухомлинов. Секретарь Згерский.

За столоначальника Кобылянский.

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2552. Л. 29 – 32. Подлинник

№60

1851г - Формулярный список о службе старшего султана Кокбектинского внешнего окружного приказа штабс – капитана старшины Кийсыка Тезекова

Чин, имя, отчество, фамилия, должность, лета от роду, вероисповедание, знаки отличия и получаемого содержание.

Штабс – капитана Кийсык Тезеков, исправляющий должность старшего султана Кокбектинского окружного приказа. 61 год. вероисповедания магометанского. Имеет золотую медаль на аннинской ленте. Жалованье 343 руб. 10 коп. Из какого звания происходит? Из киргиз – кайсатской Средней Орды. Есть ли имение? Не имеет. Где получил воспитание и окончил ли в заведении полный курс наук; когда в службу вступил, какими чинами, в каких должностях и где проходил иную; не было ли каких особенных по службе деяний или отличий; не был ли особенно, кроме чинов, чем награждаем и в какое время; сверх того, если, находясь под судом или следствием, был оправдан и признан невиновным, то когда и за что именно был предан суду и чем дело кончено? В учебных заведениях не был.

Высочайше награжден золотой медалью – 1822, мая 23. По выбору народа Кендже – Муруновского волости допущен с разрешения пограничного начальника к управлению той волостью – 1831г, июня 17. Произведен в чин поручика – 1833г, апреля 12. Штабс – капитана – 1843г, января 22.

С утверждения его сиятельство генерал – губернатора Западной Сибири допущен к исправлению должности старшего султана Кокбектинского окружного приказа – 1844г, июня 4. Вновь утвержден на следующее трехлетие – 1847г, сентября 20. Вновь утвержден на следующее трехлетие – 1850г, ноября 26. Был ли в походах против неприятеля и в самых сражениях, и когда именно? Не был. Был ли в штрафах, под следствием и судом; когда и за что именно предан суду; когда и чем дело кончено? Не был.

К продолжению статской службы способен и повышения чином достоин ли; если же нет, то каким причинам? Способен и достоин.

Был ли в отпусках, когда и на сколько именно времени; являлся ли на срок и если просрочил, то когда именно явился, и была ли причина просрочки признана уважительную? Не был. Был ли в отставке с награждением чина, или без иного, когда и с которого по какое именно время? Не был.

Холост или женат, на ком, имеет ли детей, кого именно; год, месяц и число рождения детей; где они находятся и какого вероисповедания? Женат на киргизской дочери Ойбале Сапаковой.

имеет детей: сыновей Апсеита – родившего 1 июня 1820 г, Джоломбета – родившегося 1 марта 1825г, и Нурпеиза – родившегося 7 мая 1828 г, находятся при нем. Жена и детей вероисповедания магометанского (1).

За председателя исправляющий должность советника Яценко

Советник К. Сопозько

Заведующий отделением ассессор Суомлинков. Секретарь

Згерский. За столоначальника Кобылянский.

ЦГА РК. Ф.И – 374. Оп.1. Д. 2552. Л.115 – 116. Подлинник

№260 1758 жылғы 25 қазан

Абылай сұлтан мен Қабанбай батырдың атынан Қытай императорына жолданған мәлімхаттан

1758 жылғы қазанның 9 күні «Қабанбай өз ұлы Едіге мен Төлетайға 50-ден астам адамды бастатып, біздің елшімен бірге Букучағанның ұлын Үрімжіге айдап барып, ол жердің қаншалықты қашық екендігін білу үшін келе жатыр» - деген хабар алдық. Олар өздерімен бірге 500 жылқы айдап әкеле жатыр. Оларды қарсы алу үшін лауазымды кісілер жіберілді. Науан әлі Қазбектің жерінде екен, Абылайға кезіге алмапты. Біздің білуімізше, Қабанбай – қазақтың орта жүзінің Қожаберген сынды төрт-бес адамының ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр Шундана мен Нұсан мәлімдеме жазып, рұхсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлығы ретінде берген оқалы тон тігуге арналған «молун» торқасының біразын Қабанбайға бөліп берген соң, патшаның шапағатына бөленген Қабанбай риза болды. Олар келіп саудаласқанда, біз қалайда болсын көбірек жылқы сатып қалуды мақсат етуіміз керек те бағаны өте жоғары да, өте төмен де ұстап тұрмай жағдайға қарап, олармен сауда жүргізуіміз керек. Олар қайтқан кезде дәстүрімізге сай, Қабанбай мен оның ұлын, інісін марапаттау керек. Егер олар әрі қарай барып патшамен дидарласқылары келсе, онда ыңғайына қарай шешім қабылдауымыз керек.

Дерек сөздер: Қазақ хандығы мен

Цин патшалығының сауда қатынастары туралы

Қытай мұрағат құжаттары.

1 том, 40-41 бетте

№215 1758 жылғы ақпан айы

Қазақ тайпаларының саны туралы

Орта жүзде: таракты, арғын, найман, керей, уақ, төлеңгіт қыпшақ қатарлы 7 тайпа бар. Төлеңгіт тайпасының 1000 отбасы Жаназар батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Елдің айтуына қарағанда бұл тайпаның ханы Тәуке хан болған. Мұнда әртүрлі адамдар бар.

Терістаңбалы тайпасының 1000 отбасы Жарылған батыр билігінде; Қаракерей-Байжігіт Найманның 10000 отбасы Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырдың билігінде; Матай-Найманның 10000 отбасы Олжабай мен Аталықтың билігінде; Төртуыл-Найманның 1000 отбасы Тұңғатар бидің билігінде; Болатшы-Найманның 500 отбасы Таз батырдың билігінде -бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Көкжарлы-Найманның 1000 отбасы Барақ батырдың билігінде; Бура-Найманның 2000 отбасы Жаубасар батырдың билігінде; Бағаналы-Найманның 2000 отбасы Малар батырдың билігінде-бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізімде болмаған.

Осылар Найман тайпасының 10 руы болып табылады.

Дерек көздері: Қазақстан тарихы қытай деректемелері 3 том, 38-42 беттер

№3811765 жылғы 25 ақпан

Қытай патшасының жарлығы

Тарбағатай шекарасына таяу жерлерде отырған Дәулетбай. Көтештердің адал еңбектерін, сондай-ақ қазақ ішіне қашып барған шақарлар мен ұйғырларды тауып, патшалығымызға тапсырғаны үшін оларға сыйлық ұсыну керектігі жөнінде Миц Жуйдің жолдамасы жайында жарлық етемін: Дәулетбайға төртінші дәрежелі ұлықтық жыға, тауыс айдарлы бөрік берілсін; Көтешке алтыншы дәрежелі ұлықтық жыға, көк қауырсынды бөрік тарту етіліп, медет берілсін.

100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар)

1998 жыл 68 парақ

К.Дауталиев

Қазақ ру – тайпаларының отбасы туралы тізім
дәптер (мәңжу тілінде)

/ Цяньлун жылынамасының 23 – жылы 1-ай /
(1758 жылғы ақпан айы)

Орта жүзде: тарақты, арғын, найман, керей, уақ, төлеңгіт, қыпшақ қатарлы 7 тайпа бар.

Тарақты тайпасының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың билігінде; Қанжығалы арғынның 2000 отбасы Бөгенбай батырдың билігінде;

Қаракесектің 2000 отбасы Қазыбек бидің билігінде;

Алтай арғынның 3000 отбасы Нияз батырдың билігінде;

Атығай арғынның 1000 отбасы Жәпек батыр билігінде;

Қарауыл арғынның 2000 отбасы Итқара батыр билігінде;

Бәсентиін арғынның 2000 отбасы Жанұзақ батырдың билігінде;

Тобықты арғынның 1000 отбасы Қарпық бидің билігінде;

Қозған арғынның 1000 отбасы Төлеуке бидің билігінде;

Төртуыл арғынның 2000 отбасы Бабеке (?) бидің билігінде;

Арғын Майлыбалта руының 1000 отбасы Итқара батырдың билігінде;

Баба арғынның 500 отбасы Бабаназар бидің билігінде;

Жоғарыда аталған арғынның 11 руы жыл бойы төрт маусымда Обаған – Тобыл, Ганчаган – Модо қатарлы жерлерде көшіп - қонып мал бағып жүреді. Абыралыдан аттанып 40 күн жол жүргенде олардың көшіп-қонып жүрген жерлерінің орталығына жетеді. Биыл Алтай арғындардың Қазыбақ би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқара (?), Қазалақ (?) жерлеріне қоныстанған.

Төлеңгіт тайпасының 1000 отбасы Жаназар батыр билігінде.

Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған. Елдің айтуына қарағанда бұл тайпаның халқы Тәуке ханның иелігінде болған, мұнда әр түрлі адамдар бар, олар жыл бойы төрт маусымда Ақтау (?) жерінде мал бағып жүреді.

Терістаңбалы тайпасының 1000 отбасы Жарылқап (Жарылғап?) батырдың билігінде;

Қаракерей байжігіт найманның 10 000 отбасы Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырдың билігінде;

Матай найманның 10 000 отбасы Олжабай мен Аталықты билігінде;

Садыр (?) найманның 1000 отбасы Малай батыр билігінде;

Төртуыл (?) найманның 1000 отбасы Таңатар (Тұңғатар) батыр билігінде;

Болатшы найманның 500 отбасы Таз батырдың билігінде.

Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Көкжарлы найманның 1000 отбасы Барақ батыр билігінде;

Бура найманның 2000 отбасы Жолбасар (Жаубасар) батырдың билігінде ;

Бағаналы найманның 2000 отбасы (Малар) Малар батырдың билігінде ;

Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Балталы найманның 500 отбасы Етушы батыр билігінде;

Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Осылар найман тайпасының 10 руы болып табылады.

Ашамайлы керейдің 10 000 отбасы Тұрсынбай батырдың билігінде.

Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Ашамайлы керейдің құрқар руының 2000 отбасы Мазаркелді батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Абақ керейдің 1000 отбасы Қожаберген батырдың билігінде;

Абақтың 500 отбасы Нияз батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Итәлі керейдің 1000 отбасы Жантөре батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған;

Бұл керейдің 5 руы.

Уақ тайпасының 1000 отбасы Сары Баянның билігінде;

Уақ тайпасының 1000 отбасы Тілеу батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Уақ тайпасының Бармақ батыры 500 отбасын басқарады. Бұрынғы тексеруде бұл тізім дәптерінде болмаған;

Ергенекті уақ руының 1000 отбасы Есенқұл (?) батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тізім дәптерінде болмаған;

Жаңа уақтың 500 отбасы Сары батырдың билігінде. Бұрынғы тексеруде бұл тайпа тізім дәптерінде болмаған.

Бұл уақтың 5 руы.

Қыпшақ тайпасының 3000 отбасы Қошқарбай батырдың билігінде.

Жоғарыда айтылғандай үлкендеу ру – тайпалардың жалпы саны 35, олардағы отбасының саны 68 000-нан астам.

Дерек көзі: Алматы 2009 «Дайк Пресс» Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси – дипломатиялық қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. 1-том. 49 – б.б.

Қазақ билер сотындағы гендерлік теңдік немесе ақыл – ой теңдігі

Қазақ құқығы – жазылмаған құқық, бірақ қатаң тәртіптелген құқықтық нормалар (қағидалар) мен жұмбақ әрі икемді соттық нұсқалар (прецеденттер) оның құқықтық әлеуметі мен күшін адам танғаларлық деңгейде көтере алады. Көшпелі халықтың құқықтық сауаты өте жоғары және соншалықты қарапайым болды. Ысқаяқ болған дауларды шешу және бітістіру үшін бес жастағы баланың құқықтық сауаты (атақты билердің биліктерінің үлгісін жөнімен, жолымен пайдалана алуы) жеткілікті еді. Құқықтық сауаттылық кәмелетке (балиғатқа) толмай жатып-ақ (13 жас) құқықтық сана-сезімінің ерте жетілуіне мол әсерін тигізді және бұл қазақ құқығының басты мәдени ерекшеліктерінің бірі еді. «Он үште отау иесі болу» – толық әрекет қабілеттілікті көрсетті. Әрбір құқық субъектісіне тән құқық нормаларын иелену, жарату, сақтаумен қатар оны құқықтық мәні бар дауларға бала билердің жөнімен қолдана білуі билер сотының тамаша дәстүрі. Қазақ билер сотының тарихында бала кезінен билікке араласқандар өте көп және олардың көбі тіпті жасы ұлғайған кезде де өз есімдерімен аталмай «Бала би» (Шорман би, Бөлтірік би, Бименбет би және т.б.) аталып жүрді. № «Биге» деген халықтың көзқарасы жас мөлшерімен, жыныстық ерекшелігімен және т.б. ценздермен шектелмеген. «Қой асығы деменіз, қолыңа жақса сақа ғой, Жасы кіші деменіз, ақылы асса дана ғой», «Ақыл жастан, асыл тастан» деген шешен сөздердің шығу тарихына зер салатын болсақ, бала кезінен шаршы тонға бір рулы елдің не тұтастай

қазақ елінің сөзін ұстап, билік айтқан бала билердің тапқырлықтарынан туындағанына көзіміз жетеді. Бала кейін келесі билер билікке араласқан.

Ноғай Едіге би Қабанұлы (1352 - 1419) – шамамен 9 – 10 жасынан¹,

Үйсін Төле би Әлібекұлы (1660 (63) – 1750 (56) – 9 жастан²,

Қарақесек Қазыбек би Келдібекұлы (1667 – 1764) – 13 жасынан,

Алшын Әйтеке би Бәйдібекұлы (1644 – 1700) – 7 жасынан³,

Найман Кегенбай би (1735 - 1835) – 13 жасынан,

Жалтайыр Балпық би Дәріпсалұлы (1696 - 1784) 12 жасында,

Керей Жобалай би Бәйсейітұлы (1730 - 1818) 10 – 10 – 12 жасында⁴,

Сырым би Датұлы (1712 - 1802),

Қарауыл Бекболат би Қанайұлы (1714 - 1795),

Матай Қыдыралы би Бөрібайұлы (1740 - 1807) – 9 – 10 жасында⁵.

¹Бала дауына берген прецеденттік билігі мен бала би атанған дейді.

²Төле би \ құраст. С.Датұлы. Алматы: ҚазАқпарат, 2008. 175 – 179.

³Қараңыз: Қуандық Б.Ж. Әйтеке бидің билік – шешімдері. Алматы, 2001.

⁴Ана тілі. 1999. №4 (9).

⁵Қазақ батырлары. 1999. №4 (9).

«Жеті жарғы». Ж.Ш.С. 2008 жыл. №9 т.

Есентемір Бөкен би (1771 - 1856) – 17 жасында¹,

Найман Сасан би Мыңбайұлы (1780 - 1830) – 12 жасынан²,

Мағай Мұжық би Байжанұлы (XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген) – 13 жасында³,

Абай би Құнанбай (1845 - 1904) – 10 жасында,

Шорман би (XIX ғ. өмір сүрген) – 11 жасында⁴,

Сыбан Аққожа би (XVIII – XIX ғ. басы) – 13 жасында⁵,

Киікбай Айтуғанұлы (XIX ғ.) - 17 жасында⁶ және т.б. көптеген қазақтың іргелі билері билікке жасайтынын түскен саңлақтар. Бала би атану мерзімін анықтау көбіне жергілікті елді – мекендердегі ел аузында сақталған әңгімелерге негізделеді. Ал кей билер туралы мұндай нақтылы деректер кездеспейді, сондай – ақ олардың бәрінің жас кезінен билікке араласқанын да жоққа шығармайды. Сондықтан да бала билердің жарамды билікке араласу мерзімі көп жағдайда 13-

15 жас аралығына келіп тоқғайды деп топшылаймыз. Бала би атанған билердің бәрі дерліктей аузы дуалы, ел – жұртқа белгілі билер мен батырларды ізлеп барып бата алып, сол батадан аумай өмір сүруді өзінің кәсіптік және адамдық борышы санаған. Бұл дәстүр «Гипократтың антындай» қазақ арасында кең жайылған жолдың бірі еді. «Бата – бата, батамыз – бәтуамыз емеспе, батаны бұзған – құнсыз» деген жолдардан батаның көшпелілер үшін құдыретті күштің бірі болғанын байқауымызға болады. «Уәде – Тәңір аты» деп сөз байланысқан соң, оны бұзу, орындамау ең сорақы іс деп саналып, тіпті бата бұзушыны мүдделі жақтың адамы өлтіріп кетсе «Ер – құнсыз, нар – пұлсыз болмайды» дегеннің өзінде құны сұралмайтын іс деп даулауға жол бермеген. Қазақтың билер сотының тарихында «Алты атасын арқалап, Жеті атасын жетелеп жүріп» құн даулап, өндіріп алып жатқан биліктер кездесе береді. Бірақ қанша уақыт өтсе де, іс ақ болса салауатқа салмай орайын тауып сөз айтып «Жарқын» аталатын құнмен бітірген прецеденттік билік қалған. Ал құнсыз кету – арға сын, рудың абыройына нұқсан деп есептелген. Өйткені қазақ заңдары бойынша құл ғана – құнсыз болуы мүмкін. Сондықтанда көшпелілерде «отыз тістен шыққан сөз – отыз рулы елге жайылып» халық хабардар болып, берілген бата мен уәдеге әрдайым сыншы, бақылаушы, бағалаушы болып отырған. Бала билерде аталған дәстүрді қатаң сақтап, батаны аөтауға тырысқан. Би берілген батадан ауа бастаса – дауда жақ «би билігінен, алған батасынан ауды» деп бидің беделі түскен, сенім азайған.

¹ Атамекен⁷ 1998. 11 желтоқсан.

² Қазақ батырлары. 2003. №8 (61).

³ Жерұйық. 1996. 19 қаңтар.

⁴ Қазақ әдебиеті. 1991. 4 қазан.

⁵ Астана хабары. 2005. 26 наурыз.

⁶ Тура би. 2003. №2. 124 – 127 беттер.

⁷ «Хан қашықтатады, жан дақындатады, Жарлық кіммен болса, жабдық та сонікі» деген прецедентті биліктің шығу тарихына себеп айтылған Үйсін Төле бидің қағымна сөзі. Үлгіге айналған бұл билікті Шекті Мөңке би, Едіге би Телебайұлы, Ескелді би айтты дейді. Өлген кісі Арғынның баласы – Құлназар, соған қарағанда Сүйіндік (Арғынның бір атасы) Едіге бидің бала кезінде айтқан тапқыр биігі болса керек. Бірақ бұл үлгілі билік қазақ арасында кең тараған соттық нұсқалардың (прецеденттердің) бірі.

Бидің өмір сүрген заманында Арғын, Матай, Қарауыл жасық, Саржомарт елдері шекаралас отырады. Осы елдердің бірінің өте бай адамы, жесір дауында ма, жер дауында ма, өзі сияқты мінезі өркөкіректеу, ұрт мінезді бай адаммен сөзге келіп қалып, қамшыласып сабаласып жүріп, әлгінің көзін шығарып алады. Артынан арада дау көбейіп, екі ауылдың арасы егес болып, ел арасы бүленіп, кісі өліміне дейінгі жанжалдарға барады. Ел арасын тынышталдырып тітімге келу мақсатында аяқ жетер жердегі билердің барлығына да жүгініске барады. Алайда, билердің мал кесіміне өзі онсыз да қисық мінезді адам келіспейді: «Кескен малының үстіне сондай мал қосып берейін, көзімді шығарған байдың көзін ойып беруге кесім шығарып бер», - дейді екен. Бұдан арғы арада да ел арасындағы егес тоқталмайды. Бұрын ешбір шешімін таппаған, асқынған даудың шешіміне жүгініске Кегенбай биге баруды ауыл ақсақалдары мен ел жақсылары ұсыныс жасап, келісімдерін береді. Осы ұйғарымнан кейін жанына бірнеше адам алып, Кегенбай бидің ауылына келіп түскен екен. Би ауылының күтуші азаматтары бұларды қонақ асын беріп күтеді. Ертеңінде би келген қонақтардың бұйымтай шаруаларын сұрайды. Қонақтар келген істің мән-жайын, егжей-тегжейін айтады. Наразылықтарын толық тыңдап ұғынысқан соң, Кегенбай би ойланыңқырап, сөзді одан әрі жалғастыра отырып, сөз арасында: «Қарсыластарыңыздың қыз баласы бар ма?» - деп сұрапты. Жүгініске келушілер: «Бар», - депті. Әңгіме тетігі шешімге тақар кезде: «Олай болса құда болғайсың, құда болсаң немерең ұл болар, егер немерең ұл болса, шамайға мінуге жарағанда келерсің, билігіңді сонда айтармын», - деп келісімге келіпті. Бидің айтқанындай, айы-күні толғанда келін ұл тапса керек. Кегенбай бидің ауылына қайта оралады. Кегенбай би құн даулап жүрген адамнан: «Көзің жетілді ме?» - деп сұраған екен. Сонда құн даулаушы: «Жетілді», - деп жауап беріпті. Кегенбай би «Судың түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер», - деген осы десе керек.

¹Жеті жарғы ЖШС. 4 том. ж. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық, 2 - басылым. (Бағдарлама жетекшісі - С.З.Зиманов). 3 том. Алматы: Жеті жарғы, 2004. 317 - 318 беттер.

Торайғыр би

Қаз, үйрегі болмаса,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Әділ биі болмаса,
Бірлігі кетіп ел ғаріп.
Қадірін елі білмесе,
Қайратты туған ер ғаріп.

* * *

Бақытты адам қаласа,
Қар үстінде от жанар.
Бақытсыз адам қаласа,
Құрған үйден су тамар.
Жақсы туған баланың,
Атасы жаман болса да,
Тәрде отырып сый табар.
Жаман туған баланың,
Атасы жақсы болса да,
Түйе үстінен ит қабар.

Тоғас – Байжігіт би

Байжігіт Тоқтарқожаұлы әділ билік, адалдық, адамдық туралы айтқан терме, толғау, нақылдары жинақтала қоймаған. Ел аузында айтылып жүрген бірлі – жарымы мыналар:

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,
Жәбірлікті бекерге істетпейді.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.
Қылар жақсы түйеден түйемейді.
Жөнін тауып әр істі жүйелейді.
Жаман болса төреңіз ептей алмай,
Ақ ісінді қаралап күйелейді.
Дұшпандарды әділ би дос қылады,

Жаман би дауына дау қостырады.
Бұл бір мақал киікті ата алмаған,
Атамын деп киікті бостырады.

«Мәдени мұра» №9 том. 2007 жыл.

Ұрысқанды жақсы би табыстырар
Ақылменен жапсарын жабыстырар.
Жаман адам от қылып жақсыларды,
Сөніп жатқан шаланы қағыстырар.
Жақсыларға жақсылық сөз оздырады,
Жамандарға жаман сөз қоздырады.
Жақсы менен жаманның нарқы басқа,
Айта берсек бірталай сөз болады.

* * *

Қараша үй екен деп,
Көп ауылдан қашпаңыз.
Тамаша үй екен деп,
Бай отауына қадам баспаңыз.

* * *

Құм үстінде ине сабақтама,
Түсіп кетсе табылмас.
Қонған үйді бір күнде адақтама,
Қоналқы ертеңге табылмас.

* * *

Берекесі кеткен ауылдың –
Айтқаны өсек болар.
Жатқаны төсек болар,
Берекелі ауылдың –
Айналдырғаны шаруа болар,
Еккені тары, жегені жарма болар.

Есенкелді би

Есенкелді биді қартайғанда ауылдастары «Есепші ата» деген екен. Олай айтатын себебі: би ауа райын күн бұрын болжап айта беретін бопты. Айтқаны дәл шығып, жаңбыр жауады деген күні жаңбыр, қар жауады деген күні қар жауады екен. Ол өзі қызықтайтын аңшылық мергендік жайынан не бір тапқыр таппақ, шешендік сөздер айтып отыруды әдетке айналдырыпты.

Қасқыр жүйрік жылыс жоқ,

Түлкі жүйрік дыбыс жоқ,

Қоян жүйрік тыныс жоқ.

Қыран қияда аңдиды.

Жылан ұядан аңдиды.

Қаршыға қанжыға қызартады,

Ителгі күнді ұзартады.

Ителгінің қызығына батқан,

Қаршығасын қамшы етер.

Бұл нақылдар Есенкелді би айтуынан ел арасына таралып, кейін келе-келе халық мұрасына айналып кетсе керек.

Кегенбай би

Келесі жылында Кегенбай бидің өзі атқа мінеді. Басқа жаққа бет бұрмастан, ат тұмсығын Қаз дауысты Қазыбек немересі Тіленші Бекболатұлының ордасына тірейді. Күтуші жігіттер бұларды оңаша үйге апарып түсіреді. Тіленші би Кегенбай бидің сырттай даңқын естігенімен, өзін көрмепті. Келесі күні қонақтармен бірге болған сыншыдан мән-жайын сұрағанда, сыншының айтқаны: «Өңменіңнен өтердей көзі бар, шоқпармен ұрғандай сөзі бар, шоқша сақалды, сары сұр біреу отыр орталарында. Бір айыбы денесі тамшыдай ғана екен. Тымағының бір құлағы жымырулы. Бүктеулі қамшысы жанында. Өзі қонышына пышақ жанып отыр, қауіпті жауыңыз сол, басқалары дәнеңе емес» – депті.

Бұл дауға барған екен Кегенбай би,

Тіленші көрсетіпті құрмет пен сый,

Тай сойып, қонақасы жегеннен соң,

Тіленшіге айтыпты: «Халқыңды жый».

Шабуылды бұрын бастауды жөн көрген Тіленші сәлемдеседі де, Кегенбайдан көзін алмай, іле сөйлеп кетеді.

Уа, заманның тозғаны – ай,

Аттан тайдың озғаны – ай,

Шернеуіштен би қойып,

Қайран елдің азғаны – ай, – деп саңқылдай жөнеліпті. Кегенбай би іркілместен:

Аргы атаңды білуші ем,

Аруақты қарт еді,

Өз әкеңді білуші ем,

Жақсылардың арты еді,

Келген қонақты сыйламау,

Қай қазақтың салты еді?

Малдың зоры соғым болар,

Адамның зоры боғым болар.

Шойынның батпандайы құм болады,

Алтынның мысқалдайы пұл болады.

Құм жиылып тас болмас,

Құл жиылып бас болмас,

Сен шойын мен алтын шығармын, – дегенде

Тіленші одан әрі айтқызбай, таяп келіп иығындағы шапанын Кегенбайдың үстіне жаба салыпты. Тегі, одан әрі айтса, ұлы әжелерінің ұялмақтығын айтар деп қауіптенсе керек. Кегенбай би сол сапарында дау аяғын біржола тындырып қайтады.

Бекболат би

Бекболат бидің жастарға айтқан мына бір ғибрат нақылы ел аузынан жазылып алынғанды:

Тәрбиелі бала жасынан,

Талаптыға ой табылар.

Талпынбаса басынан,

Талығар кейін зарығар.

Ер ақылды болғанда,

Елден қайрат табылар.

Қыз дауының шешімі

1830 жыл шамасы болу керек. Найманның Мұрын, Қызай тайпаларының барымташылары Ұлы жүз Суан руынан шыққан Салпық бидің \Апахан\ ауылына тұтқиылдан барымта жасап, бірнеше үйірлі жылқымен бірге қаңлының жігітіне атастырып, қалың малы төленіп қойған сұлу бойжеткен қызын тартып алып кетеді.

Бұл дақпыртты естіген Байсуан руы уыттанып, қол жиып, өңшең ығай мен сығайларын Найманға аттандырмақ болады. Бұны естіген Салпық би елінің батырлары мен мергендерін, жолкескіш зеректерін, болыс, билерін жиып, ақыл-кеңес құрып, Найманға кімдерді жіберу керектігін шешеді.

Суан елінің жақсы-жайсаңдары елшілікке бірауыздан жас би Салпық биді жіберуді мақұл көреді. Сол жылғы жаз айының соңғы күндері би елдің ақылшы ақсақалдарын, белгілі батыр билерін, атұстар қосшыларын ертіп Найман руының Мұрын, Қызай тайпаларына аттанады. Жол-жөнекей қонған түстенген ауылдардан Мұрын мен Қызайдың жөн-жосықты білетін зерделі, беделді ақсақалдары мен батыр, билерін сұрастыра отырып, Мұрын ауылындағы шынжырбалық, шұбартөс, жеті атасынан билік үзілмеген Шонжар \Сасан\ дат ауылына келіп, ат басын тежеп, тізгін тартады.

Ауыл жігіттері шақырусыз, беймезгіл келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алып, аттарын кермеге байлап, өздерін Шонжардың ақ ордасына орналастырады.

Есендік-саулық сұрасып, жайғасып отырғаннан кейін дастарханға ас, табақпен бас, қазы-қарта, жал-жая, сапырылған сары қымыз – бәрі-бәрі рет-ретімен өз орнын тауып, әңгіме-дүкен басталып, ас соңында бата мен бұйымтай да ұмыт қалмайды. Салпақ би аз-кем ойланып барып, қасындағы ақылдастарына көзінің қиығымен қарап, маңдайын алақанымен бір сипап жіберіп, Шонжарға тура қарап:

Келіп тұрмын Найманға

Мекендеген өр Алтай,

Жесір қайда? Мал қайда?

Тұтқын қыз бен мал іздеп,

Азаматтар қартайды.
Ұлы жүздің ұлымен.
Жоқ іздеген жоқшымын.
Жолы болар жігіттің,
Ел сыйлаған бірімін.
Бар әлемге аламын,
Жарқышақ боп атанған,
Құдайберді бабамның,
Байтақ жатқан елі едім,
Барымталап елімді,
Атастырған ұрыннан.
Қызай, Мұрын білсеңдер,
Ұлы жүзден таралған.
Күйеу болдың жүз жылдық,
Мың жылдық құда болуға
Ұлы жүзбен Орта жүз,
Бүгінге дейін жараған.
Татып едім бұрын да,
Талай дәм мен тұзды.
Қайтарыңдар аман-сау,
Ұрлап кеткен қызымды.
Мен естіген бұрыннан,
Мұрын, Қызай сендерсің,
Менен талай қыз алып,
Сіз де бізге бергенсің.
Кетті ұрлап қызымды.
Шып-шырғасын шығармай,
Алдыма сал малымды,
Шаршап келдім алыстан,
Қыздырмандар қанымды.
Мұрын деген әпкемнің,
Аруағын сыйлап, мен келдім.
Ат-шапан айып түгендеп,
Алдыма қазір ап келсін.
Аялауда мұшам жоқ,
Келгенім жоқ ұрсам деп,
Жүгінсеңдер алдыма,

Тастап кетем малымды,
Тастамаймын жанымды.
Таптамаймын арымды, – деп тоқтап барып,
басын тік көтеріп, денесін ширатып ап:
Мен Сауанның биімін,
Ел түсетін үйімін.
Мұрын, Қызай аралап,
Көрген талай жиынын.
Тез арада шешіндер,
Тоқ етер сөздің түйінін,
Күнес жағын Жоғардың,
Жетісуды жайлағам,
Қоңтайшының талқандап,
Аяқ – қолын байлағам.
Ақтылы қой, сал жорға,
Ойсыл қара бастатып,
Шұбыртып мал айдағам.
Шоқынған жоқпын қалмаққа,
Қорғап қалған бай далам.
Майлықара үстінде,
Долаңқара, Жоршының,
Басын алып соғыста,
Қалғандарын шұбатып,
Қара табан құс өкше,
Құлдыққа сап айдағам, – дегенде, төрде қатар
отырған Шонжар қозғалақтап барып, қасындағы ақылшыларына иек
көтеріп, сұстана қарап:

Шығындар датқалар, далаға
Жік салмайық араға.
Жосығын тапқан сөз ортақ,
Қара менен данаға,
Тұтқын қызды алдырып,
Алдына мал салдырып,
Алтын алқа тақтырып,
Гауһар жүзік салғызып,
Жақұт тағып шашбауға,
Ақ айырға мінгізіп,

Доқаба, торғын кигізіп,
Мына Суан биінің,
Алдына әкеп көрсетіп,
Құрметтеп еліне,

Шығарып ертең салыңдар – деп, береке-бірлігін, туыстығын ойлап, тұтқын қызды босатып, Салпақ биге ақ атан түйе жетектетіп, Бораталаға дейін сардарларына шығарып салғызыпты. Жолда қайтып келе жатып, Салпық би \Апахан\ серіктеріне қарап, жайдары жүзбен: «Егер Мұрын әпкеміз мұндай бір рулы ел болып тұрмаса, ұрпақтары болмаса, бізге мұндай құрмет көрсетпес еді, қыз өссе – құдағи болады деген осы әпкеміздің аруағы қолдауы деген осы» – деп еліне олжалы қайтыпты.

Ел аузынан жазып алған
Салпақ би шөбересі
Әдейхан ТӨРЕХАНҰЛЫ



Қаракерей тарауы

Жанарыс–Аққожа–Найман–Шұбартай–Төлегетай Қаракерей. Енді Қаракерейді сөйлейік. Қаракерей баласы: Ерторы, Байторы.

Ерторы баласы: Қызылым, Жиренім. Жиренім баласы: Байасық (Байсыйы), өздері беске бөлінеді: Мыңдыбай (Меңдібай), Төбет, Жаңғұлы, Жаңбыршы, (Жанбыршыны «Ақбелбеу» деп атайды), Қарамолда – үш қатынның баласы. Бұларды «Семіз Найман» дейді.

Байторыдан: Тайлақ, Жайнақ, Айрам, Майрам. Айрамнан – Қожамбет. Майрамнан – Байыс. Байасық қолы малға түссе, Байыс ата малындай көріп, төлеу бермей кетеді екен. Байыстан бесеу: Сыбанқұл, Ақымбет, Мәмбетқұл, Сары, Тоқабай. «Тоқабай Сарыны сэнге сабайды» делінген сөз мәтел болып қалған. Тоқабайдың жуаны Кегенбай елі болады: «Білсең Кегенбаймын, білмесең Дегенбаймын» – дейтұғыны тағы бар. «Қаракерей Қабанбай осы Тоқабайдан, онан бергісі Кегенбайдан шыққан» – деседі. Байыстың бір баласы – Сыбанқұл: бұл «Сыбан–Найман» атанды, бір баласы Мәмбетқұл, бұл жасында асқа өкпелеп, қыржиып отыра бергеннен «Қыржы» атанды.

Мәшһүр Жүсіп
Ит дүние.363 бет



Қаракерей Қабанбай Қожаұлы



Сарыарқа самалының 13 наурыз 2012 жылы шыққан санында облыстық қазақ тілі орталығы қоғамдық бірлестігі төрағасы орынбасары Алпысбай Қонжының «Қабанбай Жумонгтың ағасы ма?» мақаласы шыққан. Осы мақаладан төмендегідей сөзбе-сөз үзінді келтіре кетейін: «Сәбилердің қуаныштарында шек жоқ, үйді бастарына көтеріп, атысып–шабысып ойнап жүр. Бір уақытта олар жауынгер батырларша

жекпе–жекке шықты. Бірі мен «ханзада Жумонг боламын (Жумонг деп отырғаны «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан көрсетілген кәріс сериалындағы батыр) –дейді. Екіншісінің еншісіне тигені ханзада Тә Соның ролі. Мен шыдай алмай кеттім. «Өзгелердің батырларын қайтесіндер? Біреуің Қабанбай батыр, біреуің Бөгенбай батыр болмайсыңдар ма?» дедім. Екеуі кілт тоқтап аңтарылып қалды да, қылыш ұстаған жиенім: «Нағашы олар кімдер, Қабанбай Жумонгтың ағасы ма?» – деді. Телеарнадан үнемі көретіндері кәріс, қытай, түрік сериалдары болғаннан кейін, балалардың санасында осы ел кейіпкерлерінің жатталып қалуы табиғи нәрсе. Ал өзіміздің «Батыр Баян», «Жаушы», «Сардар» кинофильмдері ұзын-сонар сериал болмағаннан кейін, теледидардан жылына бір рет көрсетілгеннің өзінде, балалардың санасында тәуелсіздігіміз үшін күрескен батырлардың атын білмегендіктен, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасының рухани кедейленіп кетуі өте заңды жағдай. Егер жағдай осылай жалғасып кете берсе тәуелсіздік үшін күрескен батырларымыздың аты мүлде ұмытылып қала ма деген қорқыныш та жоқ емес. Осы орайда бірнеше жүз жылдан бері аңыз-эпсана ретінде біздің заманымызға жеткен тарихи деректермен толықтырылған Қаракерей Қабанбай Қожаұлы туралы төмендегідей деректерді жас ұрпақ санасына ұсынуды жөн көрдім.

Орта жүз құрамындағы найман тайпасының Қаракерей руынан шыққан Қабанбай батыр 1692 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданының Барлық таулы жерінде дүниеге

келген. Азан шақырып қойылған есімі –Ерасыл. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Орта жүз құрамындағы Ноқта ағасы Арғын тайпасының Қанжығалы руынан шыққан Бөгенбай батыр Ақшаұлымен, Арғын тайпасының Момын руынан шыққан Шақшақ Жәнібек, Уақ тайпасынан шыққан Баян Қасаболатұлы, Бәсентейін Малайсары сынды батырлармен тізе қосып, білек бірістіріп, қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы ерен ерлік көрсеткен батыр. Тарихта жоғарыда аталған батырлардың ауызбірліктерін Бұқар жырау былай деп жырлаған:

*Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбай
Осы үшеуі тұрғанда
Дұшпанның көрі қазулы...*

Қаракерей Қабанбай алғаш рет жоңғарларға қарсы 1717 жылы Аягөз шайқасында ереше көзге түскен. 1723 жылы Түркістан қорғанысына, 1726 жылы Бұланты шайқасына, 1730 жылы Аңырақай – Алакөл шайқасында қатысып, Абылай ханның бас батырларының бірі болды. 1741 жылы Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында Ақбозатпен топ жарып, жауға шапқаны үшін «дарабоз» атанды. 1752-1755 жылдары Жетісу, Тарбағатай, Алтай өлкелерін, Іле Балқаш, Қаратал өңірлерін Жоңғар басқыншыларынан азат ету ұрыстарына қатысты. Қабанбайдың жеке басының ерлігін төмендегідей тарихи жазба деректі көрсете кету де артық болмайды. 1729 жылы «Қарқаралы сыртындағы Қарағайлы» деген жерде он жеті күн болған соғыста Ерасыл бір күні кешке дейін майдан алаңында жекпе-жек өткізіп алты қалмақтың басын алған. Сонда Жабын дұшпан (қалмақ) мынау алған беттен қайтпайтын нағыз қабан екен деп мойындаған. Дұшпан болса да Жамбын аузына Құдай салған шығар, шынымен Ерасыл бұдан кейін бет қаратпайтын Қабанбай батыр болды. 1757жылы Тарбағатай, Алакөл төңірегінде болған ұрыс кезіндегі жекпе-жекте алпыс бестегі Қабанбай жоңғардың жиырма жастағы Арқауыл деген жас батырын өлтіреді. Белгілі жапон ғалымы Зокота «Россия және Орта Азия» деген кітабында Қабанбайдың соғыста өз өмірінде 103 рет кіргенін, оның көбінде жеңіске жетіп отырғанын баяндайды. Бізге жеткен деректер бойынша Қабанбай

1770 жылы, науқастанып жатып қалды дегенді естіген қырғыздың Қарабек батыры Қабанбай ауылын шауып алуға келгенде, науқастанып жатқан Қабанбай жорық атын алдырып, денесіне сауыт киместен жекпе-жекке шығып, Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшыраған. Қалыптасқан жекпе-жек шарты бойынша батыры өлген қырғыз қолы кері қайтқан. Кім біледі қаншама жыл ұрыста болып, көптеген ауыр жекпе-жектер өткізген батыр жүрегінің тоқтауы да осы жекпе-жекке сәйкес келген шығар. Қабанбай өз өсиеті бойынша жасырын жерленген. Жер ананың қойнына мәңгілікке барған Қабекеннің «тыныш жатайын, жауларым қорламасын» деген ойы орындалды – дейді бізге жеткен ауыз екі деректер. Қабанбай өз өмірінде тек қана ел қорғаған батыр болмаған сонымен қатар Абылай ханның елшісі ретінде Қытаймен екі арадағы саудасаттық жұмыстарын реттеуге де белсене кіріскен қайраткер. Мұны төмендегі құжаттар былай деп дәлелдейді:

№ 247 1758 жылғы қыркүйек

Қазақтардың Үрімжі базарына мал әкелгендігі туралы
«Қабанбай 300-ден аса жылқыны айдап әкеліп, қыркүйектің 17 жұлдызы күні Үрімжіде сауда жасады. Ол қайтарда Абылай ханның басқа да адамдары келіп сауда жасайтынын айтты».

№281 1759 жылғы 11 тамыз

Абылай, Әбілпейіз, Қабанбай атынан Үрімжіде сауда ашу жөніндегі мәлімдеме

Сонан соң біз, патшаның құлдары, Қарабарақ қатарлыларға патшаның Үрімжідегі сауда жөніндегі жарлығын оқып беріп едік. Қарабарақ «былтыр біздің Қабанбайымыз өзінің ұлы Едіге мен інісі Төлетайға Үрімжідегі сауда жағдайын бақылап келгізген қазақтарды Үрімжіге сауда жасауға барғызу мақсатында цзянь-цзюнь-амбан сіздер біздің Абылай сынды көсемдерімізге бір дана хат жазып жіберулеріңізге болады. Ол хатты мен апарып беруіме болады». Біз патшаның құлдары оған былай дедік: «осыдан бұрын біздің Чжаохуэй есімді цзян-цзюніміз сіздердің Абылай, Әбілпейіз, Ханбаба, Қабанбай, Қожаберген және Дәулетбай

қағарлы адамдарыңызбен ақылдасқаннан кейін барып, Үрімжіде көп мөлшерде тауар апарылып, базар ашылған».

Дерек көзі Қазақ хандығы мен Цинь патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттарынан алынған.

№260 1758 жылғы 25 қазан

Абылай сұлтан мен Қабанбай батырдың атынан Қытай императорына жолданған мәлімхаттан

1758 жылғы қазанның 9 күні «Қабанбай өз ұлы Едіге мен Төлетайға 50-ден астам адамды бастатып, біздің елшімен бірге Букучағанның ұлын Үрімжіге айдап барып, ол жердің қаншалықты қашық екендігін білу үшін келе жатыр» - деген хабар алдық. Олар өздерімен бірге 500 жылқы айдап әкеле жатыр. Оларды қарсы алу үшін лауазымды кісілер жіберілді. Науан әлі Қазбектің жерінде екен, Абылайға кезіге алмапты. Біздің білуімізше, Қабанбай – қазақтың орта жүзінің Қожаберген сынды төрт-бес адамының ішіндегі мәртебесі биіктеуі. Былтыр Шундана мен Нұсан мәлімдеме жазып, рұхсат алып, патшаның Абылай мен Қожаберген екеуіне сыйлығы ретінде берген оқалы тон тігуге арналған «молун» торқасының біразын Қабанбайға бөліп берген соң, патшаның шапағатына бөленген Қабанбай риза болды. Олар келіп саудаласқанда, біз қалайда болсын көбірек жылқы сатып қалуды мақсат етуіміз керек те бағаны өте жоғары да, өте төмен де ұстап тұрмай жағдайға қарап, олармен сауда жүргізуіміз керек. Олар қайтқан кезде дәстүрімізге сай, Қабанбай мен оның ұлын, інісін марапаттау керек. Егер олар әрі қарай барып патшамен дидарласқылары келсе, онда ыңғайына қарай шешім қабылдауымыз керек.

Дерек көздер: Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары.

1 том, 40-41 беттер

№381 1765 жылғы 25 ақпан

Қытай патшасының жарлығы

Тарбағатай шекарасына таяу жерлерде отырған Дәулетбай, Көтештердің адал еңбектерін, сондай-ақ қазақ ішіне қашып барған

шақарлар мен ұйғырларды тауып, патшалығымызға тапсырғаны үшін оларға сыйлық ұсыну керектігі жөнінде Миң Жүйдің жолдамасы жайында жарлық етемін: Дәулетбайға төртінші дәрежелі ұлықтық жыға, тауыс айдарлы бөрік берілсін; Көтешке алтыншы дәрежелі ұлықтық жыға, көк қауырсынды бөрік тарту етіліп, медет берілсін.

*100 құжат (Қазақ хандығы мен Чин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар)
1998 жыл 68 парақ*

Алпыс жыл бойы аттан түспеген батырдың есімі қазақ халқының жат-жұрттық шапқыншыларға қарсы күрес шежіресінде ерекше құрметпен аталады. Соның бір көрінісі Қытайдағы «Қабанбай шыңы» (биіктігі 4257м); Жетісудағы «Қабанбайдың кара төбесі»; Арқадағы «Қабанбай тауы»; Ақсуаттағы «Қабанбай шатқалы», «Қубастың жалы», «Қубастың суаты»; Алакөлдегі «Қабанбай арасаны»; Тарбағатайдағы және Талдықорғандағы «Қабанбай асуы»; Қытайдағы «Түйебасы» және т.б. жерлердің атауында батыр есімінің сақталуы. Қабанбай батыр және оның жақын туыстары Қазақ хандығының Қытай мемлекетімен жүргізген келіссөздерінде Абылай ханның білікті елшілері ретінде көзге түскен. Мысалы, Дәулетбай мен Төлетай би – туған інілері; Жұмық Құттыбай би – Қабанбайдың жақын туысы; Үмбетей, Мырзагелді, Құдайәлі, Едіге батыр ұлы.

*Нұрғалиев С.А.
Дәрігер-зейнеткер*



*«Өмірді аңсай туып, асық өскен
Дүниеге адам қонақ түней көшкен».*

Салық Шегедекұлы (1904 -1982 ж.ж.)

Басынан не қилы тарихты өткізген Ақсуат жерінің аумағында ұлағатты ұлдар мен инабатты қыздардың қаншама ұрпағы өсіп өнбеді дейсіз. Иісі қазаққа аты әйгілі осынау қасиетті мекеннен түлеп ұшқан аға ұрпақтың біразының есімі қазақ тарихына алтын әріппен жазылды десек артық айтқандық емес.

Бүгінгі әңгімеміздің арқауы сондай ерен еңбегімен ел есінде қалған ардақты азаматтардың бірі Салық Шегедекұлы туралы болмақ. Сәкеңнің есімі иісі қазаққа белгілі болмағанымен, ол Семей өңіріне кеңінен танымал тұлға. Сәкең ақсақалдың өмір жолы сонау 1920 жылдардағы азамат соғысымен, 1930 -1932 жылдардағы ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келіпті. Бұл кісі осы ауыртпашылық жылдарында туған халқымен бірге болып, өмірдің аңысын да, тұшысын да бірге көрген, ашаршылық пен зобалаң жылдарында ұлтымыздың жас өскіндерін сақтап қалуға барлық күш - жігерін жұмсаған атпал азамат. Сәкең ақсақал 1904 жылы бұрынғы Нарын болысы Сарыбұлақ қыстағында дүниеге келген. Алдымен ауылдағы молладан сауатын ашқан. Одан кейін жалпы білім беретін мектептің жетінші класын бітіреді. Бұдан кейін Семейдегі семинария (медресе) мектебін тамамдайды. Ескіше де, жаңаша да білімі бар көп құрметіне бөленген өте қарапайым адам болды. Молдалар бас қосқан жерде көп мәселе де молдалардың аузын аштырмайтын. Жаңашаға келгенде өзіміздің әдебиетімізді айтпағанда Бальзак, Шекспир, Гете, Байрон, Г.Моппсан шығармаларынан оқыған-дарын айтып тәржімалап отыратын. Осы кісімен кейде бір әңгіме үстінде кезігіп қалғанда мен мынандай бір әдеби кітаптар оқып жүрмін деп айтуға да жасқанатынбыз. Жоғарғы оқу орнына түсіп оқымағанымен, сырттай оқуы мол, білері көп ақылды адам еді. Кейде ел ішінде ауқатты тұрмыс, байлық жөнінен сөз болғанда Сәкең «байлық жолдас емес, оқу оқып білімдеріңді көтеріңдер, басыңды сөйлет, ішер асың болсын, денсаулығыңды сақтай біл, бір киер киімің мен жақсы жатар орның болсын. Халқыңа қалтқысыз қызмет етіп, адал бол, қамқор бола біл -байлық деген осы», - дейтін. Бұлай айтуында

да үлкен мән бар. Өйткені, Сәкең байлықтың да, барлықтың да тұтқасын ұстаған адам. Ата тегі бай болған, байдың, бидің, (тұқымысың) Алашорданың тұқымысың - деп көп қудалауға ұшырап, жер ауып Өзбекстанға, Тәжікстанға дейін барып қайтқан адам. Сөйте тұра Семейге оралып, Семейдің денсаулық сақтау басқармасында кадр бөлімін басқарып тұрғанда, Ақсуат ауданын дәрі-дәрмекпен, медициналық құралдармен жабдықтауда қомақты көмек көрсетіпті - деген сөзді тегіндегі қариялар жырдай қылып айтып отыратын. Қандай қызметте жүрмесін туған елімен жеріне қол ұшын беріп көмегін аямаған аптал азаматтың бірін осы Сәкең ақсақал деп айтсақ артық айтқандық болмас. Заманында Салық Шегедекұлы өңірге танымал, ел жұрты мақтан тұтар өте ірі тұлғалардың бірі болыпты. Ел жұрты Сәкеңді ерекше жақын тартып жақсы көреді екен. Оның мінезінің сыпайылығы, жан жүрегінің тазалығы, айнала төңірегіне ерекше бір шуақ шашып жүретін адамгершілік қасиеттері, ізденімпаздығы, өз ісіне соншалықты берілгендігі, қажет кезінде халқынан көмегін аямайтын принципшілдігі кісіні қайран қалдырмай қоймайтын ел азаматы болыпты. Кейінгі жылдары Семейден Шар ауданына қоныс аударып зейнеткерлікке шыққанға дейін Шар автобазасында бас бухгалтер болып қызмет атқарады. Онда да өте абыройлы ұжымына сыйлы адамның бірі болады. Сол автобазада көп жылдар еңбек етіп зейнеткерлікке шығады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін көп ұзамай алпысыншы жылдары туған еліне қоныс аударып көшіп келеді. Тұрып жатқан жері Ақсуат ауданы болса да, тегіндегі қызмет істеген Шар автобазасы ұзақ жылдар ақшалай көмек көрсетумен қатар жылма-жыл 5 тонна көмірмен қамтамасыз етіп отырды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Сәкеңді ерекше сыйлап, оған деген ізетімен құрметінен ел жұрты жаңылған емес. Көп адамдардың бойынан табыла бермейтін қайрат-жігерімен еңбек етіп өзінің ағалық ақылымен, өмірлік ұстанымымен, күнделікті жүріс тұрысымен үлгі болып өмірден озған ағамыздың бірі осы Сәкең десек қателеспейтін шығармыз.

Ағайымызды 1982 жылы ақырғы демі таусылғанша жанында Әбдікәрім мен Ұлықбек ақсақал үшеуіміз болып, мәңгілікке қош айтысқан едік. Өзінің туған жер өскен елінен топырақ бұйырды. «Бір жарқ етіп өте шыққан өмір» деген осы болар.

Бижамал Ыдырышқызы (1909 – 2001) ж.ж

Бәйбішесі Бижамал да, ауқатты текті жерден шыққан, тұрмыс құрарда мінгізген атына күміс білезік тағып мініп келген келін екен. Шегедек ақсақалдың табал-дырығын аттағанда жас әрі байдың қызы бола тұрса да, келін болып түсуі келген жерінің тіршілігін тез ажарландырып, алдымен кішкентайларды бауырына тар-тып, бара-бара бүкіл үйді аузына қаратады. Ер азаматына арқа сүйеп, алтын басын бағалап өз орнын біліп бір шаңырақтың ұйтқысы, ағайын арасының алтын көпірі атанып, енесін туған анасындай сыйлап, қылықты қыз, ұлағатты ұл тәрбиелеп, ерін емеуірінен танып барын базарлап отырған аналардың бірі болды.



Халқымыз әйел барша тіршіліктің бастауы, көркемдік пен жылылық көзі, шуақ пен мейірім әлемі, өмірдің сәні деп қасиет тұтып оған көңілінің төрінен орын беріп ардақтап аялаған. Өйткені, әйел-ана әрбір үйдің отбасының алтын дінгегі, ажары, шамшырағы, берекесі. «Ер адам азамат тәрбиелейді, әйел адам ұлт тәрбиелейді» деген даналықтың түп төркіні де тым әріде жатыр.

Қолында билігі жоқ болғанмен, ауыл аймағының айналасының қадірлі келіні атанып, шаңырақтың ұйтқысы, ағайын арасының дәнекері болып жүрген Әлібек, Мұрат, Дәлел, Бағлан, Ерлан сияқты ұл, Рая, Ләкә, Құралай, Дариға сияқты алтын асықтай қыздарды дүниеге әкеліп, оларды өсіріп жеткізіп қоғамның болашақ зор күші-ұрпақты тәрбиелеп жеткізген ұлағатты аналардың бірі осы Бижамал апа.

Бижамал апа сексеннен асқан кезінде де «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпеген» жүзі ажарлы, бойы тіп-тік, сөзі салиқалы, көзі ашық көкірегі ояу, «қартың болса үйінде, жазып қойған хатпен тең» дегендей өткен-кеткен әңгімені нақышына келтіре айтып отыратын, өмірден білетіні көп, бейнетті де, зейнетті де, ащының да, тұщының да, дәмін татқан көнекөз қария

ретінде өзі өмірден өткенше ағайын-туыс ел арасына дәнекер, балаларына басшы болып өмірден озған қасиетті ана.

Қорыта айтқанда, ерлі зайыпты Сәкең мен Бижамал апа бірін-бірі тәрбиелеген, бірін-бірі жетілдірген, бірін-бірі ұлыландырған, бір-біріне адал жар әрі ақылшы бола білген жанұя өкімі деуге болады.

Бижамал апаның бойында ақындық дарын да бар болатын. Сөзімнің дәлелі ретінде мен 50 жасқа толғанымда «Апайыңнан тарту» деген бір арнау жазып жіберіп, қуанышқа келгендерге оқып бер деп шегелеп айтыпты, сол арнауын оқырмандарға ұсынуды жөн көрдім.

Апайыңнан тарту (16.01.1983)

Құтты болсын туған күнің Төлеуім,
Толтырыпсың өткен аға төлеуін.
Қуаныпты ата-ана ауылың,
Орап алып орауышқа бөбегін.
Ата-ана тілегіне жеткізіп,
Сол ордаға бүгін ие болыпсың.
Кім қуанбас жылда аман жас толса,
Ақыл жетіп ағайынға бас болса.
Жалыны көп 50 деген жақсы жас,
Табан тірер таймайтұғын дос болса.
Өмір деген жылдам жылжып өтеді,
Біреу жетпей тілегіне кетеді.
Ұзақ өмір бақыт берсін баянды,
Келінменен бірге өмір кеш енді
Алды-артыңа қарай алмай жүргенде,
Арттан келген жас ұрпақта жетеді.
Осы сөзді сақта келер тойыңа,
Жазып бердім түскен сөзді ойыма.
Қуанышқа келгендерге оқып бер,
Досың келсе туған күннің тойына.

Біздің де осыншама уақыт өмір сүріп келе жатқанымыз осындай киелі адамдардың тілеуін Алла қабыл еткен тілегі болар демекпін.

Мырзабаев Әрін ақсақал туралы

Тоқабай елінің ішінде Шақабай деген ру бар. Шақабай көп өспеген шағын ел. Шақабай елі Нарын болысына қарайды, қонысы Қарғыба өзендерінің бойында.

Шақабайдың зираты Ақсуат селосының батысынан шығатын пионер лагеріне баратын жолдың бойындағы шошак зираттар. Осы зираттарды Шақабай зираты дейді.

Мырзабаев Әрін 1880 жылдары 10-12 жасында Көкпекті селосындағы екі кластық орыс мектебінен оқып орысша хат таниды, одан кейін оқымаған. Өзінің оқу-жазуға ынтасы мен зеректігі арқасында орысша кітаптарды көп оқып, орысша газет-журналдарды оқып, өзінің сауатын өзі көтеріп орысша еркін оқып, жаза алатын сауаттылығы болады.

Әрін 16-17 жасқа келген кезінде Нарын болысына Зайсан уезінен бір орысша жазылған қатынас келеді. Сол қатынаста не туралы жазылғанын оқыта алмай, бір болыс елден орысша оқитын кісі таба алмай әбден сасады. Сонда біреулер Мырзабабайдың Әрін деген баласы орысша біледі, орысша оқып, жаза алады деп, болыс Әрінді алдыртып оқытады. Әрін оқыса «Таяуда Нарын болысына Зайсан уезінен ГПУ-дің бір орыс азаматы барады. Соны баласы жоқ үйге түсіріп, жақсылап күтіндер» - деп жазылған екен. Әрінге риза болған болыс 17 жасар баланы өзіне тілмаш етіп алады. Содан Әрін бірнеше жыл болыстың тілмашы болып жұмыс істейді.

Ақсуат Көкпектіден бөлініп жеке аудан болып тұрған 1928 жылдарда ауданға И.В.Черных деген адам дәрігері жұмыс істейді. Дәрігер өзіне көмекші етуге орысша білетін адам іздейді. Әрінмен сөйлесіп, ұнатып өзіне көмекші дәрігер етіп алады. Әрінге жеңіл-желпі ауруларды емдеуді, балаларға шешек егуді үйретеді. Әрін ауыл-ауылды аралап жүріп, балаларға шешекке қарсы вакциналар егіп шешек ауруынан бала өлімін тоқтатады. Сондай-ақ осы кезде үлкендерде қотыр ауруы етек алған кез еді. И.В.Черных пен Әрін дәрі жасап, қотырға қарсы қолданып, елдің қотыр ауруынан айығуына да көмек жасайды.



1930 жылдарды И.В.Черныхтың жанына Алматыдан жоғары білімді Розбакиева деген адам дәрігері келеді. Бұл дәрігер Алматы өңірінде революционер болған Розбакиевтің әйелі екен. Ұйғыр. Розбакиевті халық жауы деп ұстаған кезде әйелін Ақсуатқа жер аударып жіберген. Оқыған, білімді дәрігер Әріннің сауатын, дәрігерлікке ынтасын танып, Алматыға 6 айлық курсқа жібереді. Курсты жақсы аяқтап, медицинадан біраз хабар алған Әрін медициналық кітаптарды оқып жеңіл-желпі ауруларды емдеп жүріп жатады. Сөйтіп жүргенде білімді екі дәрігердің екеуі де елдеріне кетіп қалып, аудандық денсаулық сақтау ісін басқару міндеті Әрінге жүктеледі. Әрін денсаулық сақтау ісін 2-3 жыл басқарған соң, соғыс жылдарында ауданға білімді дәрігерлер келе бастайды. Арнаулы білімсіз - адам дәрігері болу өте қауіпті екенін түсінген Әрін 1940 жылдан бастап мал дәрігері қызметіне ауысады. 1940-50 жылдарда Әрін Ақсуат, Комсомол совхоздарының мал фермаларында ветфельдшер болып істейді. Ешқандай мамандығы жоқ адамның адам дәрігері, мал дәрігері болып істеуі адам таң қалатын жағдай. Әрін жұмыс істеп жүрген жылдарда, одан кейін пенсияға шыққан кезінде де үнемі Орталық партия комитетінің органы «Правда» газетін оқып жүретін. Сондықтан да үкімет, партия саясатын, халықаралық жағдайды біліп отыратын еді. Халықаралық жағдай туралы әңгімелескенді жақсы көретін.

*Әрінді білетін баласы Әрінов Қалиахметтен,
күйеу баласы Қалелов Қализададан жазылып алынды*



Халқы үшін еңбек еткен азамат еді

*Ел үшін еңбек етсең халқың сүймек,
Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп,
Ер өлсе де еңбегін еш өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек.*

С.М. Торайғыров

XX-ғасырдың 30 жылдарында Қазақ жерінде қолдан жасалған ашаршылықтың салдары миллиондаған қазақты зобалаңға ұшыратты. Малмен күн көріп отырған ел аша тұяқ қалмаған соң қырыла бастағаны тарихтан белгілі. Сол кезде шамасы келгендер ұрпағын аман алып қалу үшін қалаға қарай көшкен. Елдегі ауыр жағдайдан әкешесін қорғауды, әрі інілері Кәдіржан мен Есенжанның болашағын ойлаған көзі ашық көкірегі ояу Игенбек Төлеутайұлы өмірдегі ең жақын адамдарын 1932 жылы атамекендері Абыралы өңірінен Семейге көшіріп алады. Бұл оқиғаны өлеңмен өрсек:

Жиырмасыншы ғасырда,
Отызыншы жылдары
Аштық қолдан жасалып
Елдің есін шығарды.
Миллиондаған қазақ қырылып,
Көп шаңырақ құлады.
Ұрпағым аман қалсын деп
Қазақтар амал қылады.
Аспанда ай-күн аманда
Сан түрлі ой санада
Шамасы келген қазақтар,
Шұбырады қалаға.
Айтар болсақ жүйелеп,
Адамды тұрмыс билемек.
Қиындыққа қамалғанның бірі
Төлеутайұлы Игенбек.
Әкесі мен шешесін ауылдағы,



Інілері Кәдіржан, Есенжанды
Жылы атамекені Абыралыдан
Семейге көшіріп қондырады.
Көзі ашық Игенбек туыстарын
Қорғайды қиындықтан жолындағы
Ол кезде Есенжан жаңа өскен,
Он екі жастағы бала екен.
Атасы Игенбек жоғарғы оқу
орнында балаларға сабақ берген.
Есенжан атасының ақылымен
Семейде техникумға бірден түскен.
Оқуды бітірерде Қарағандыда
Өндірістік жұмыста жараланды да,
Оқуы аяқталмай қала берген.
Қалаға білім іздеп жігерленіп барғанында,
Мектепте де, техникумда жақсы оқыпты.
Өмірін білімге арнап бас қатырған
Облыстық «Егеменді» газетінде,
Корректорлық қызмет ол атқарған.
Семейдің облыстық сотында да,
Қызмет етіп ұмтылып отырды алға.
Ұлы Отан соғысы жылдарында
Үн қосқан Үкіметтің ұранына
Жастарға бірінші хатшы болып,
Қызмет етті Ақсуат ауданында
Есейді еңбекпенен қыр түлегі,
Жаны жайсаң азамат гүл мінезді.
Ар-ожданы жоғары парасатпен,
Отанға адал еңбек сіңіреді.
Басшы болып ел-жұртты аралады,
Көкпекті, Ақсуатта дараланды.
«Қызыл ту» орденін де иеленді,
Еңбегін елі биік бағалады.
Семейде мұғалімдік оқу орнын,
Есенжан бітіреді озық болып.
Ақсуатта мектепте ұстаз болып,
Толықтырды жастардың білім қорын.

Үкінің баласындай ұлбіреген,
Аппақ сұлу әдемі күлімдеген.
Он бес жас үлкен ағасы сол Игенбек,
Есенжанды еркелетіп жақсы көрген.
Есенжан Игенбектің кенже інісі,
Игенбек оған қамқор болған кісі.
Есенжан мен Игенбек отбасының,
Бірліктері жарасқан сондай күшті.
Бір шаңырақ астында екі отбасы,
Тату-тәтті тамаша ғұмыр кешті.
Керемет келістіріп тұрған бәрін
Арқасы Құлжанқызы Гүлзаданың.
Ол кісі мейірімді, жомарт жанды,
Көрсеткен мәңгі артында із қалғанын.
Игенбек зайыбы Рашидамен,
Арадан қыл өтпестей тату жүрген.
Екі шаңырақ шаттығын берекесін,
Арттырып көмкеріпті қызыл гүлмен.
Бір мың алпыс тоғызыншы жыл келеді,
Есенжанның денсаулығы сыр береді.
Қайғырып інісінің науқасына,
Игенбек үйде жатып түнереді.
Бауырымнан өзімді бұрын ал деп,
Тәңірге жалбарынып жүдей берді.
Іш құса Игенбек ауырмай-ақ,
Көз жұмады, ел жоқтап күңіренді.
Сол жылы араға қырық күн салып,
Қараша айында туған жарық,
Есенжан бақиға аттанады.
Қазір тұр ел егіліп еске алып.
Еңбегін елге тұрмас бағыштамай,
Пәниде бір-бірінен алыстамай.
Бір шаңырақ астында өмір сүрген,
Аға-іні Махшарда табысардай.
Қызарып, алаулап күндей батқан,
Ақсуат топырағында бірге жатқан.
Ағайындылар рухының мықтылығы-ай,

Пәниде адамдардың көңілін тапқан.
Өмір сүрген ешкімге жалтақтамай,
Ел тұрмас арыстарын ардақтамай.
Мейірім шуағын жан жылуын,
Таратып асқақтатқан Алаш туын.
Білімді ұлағатты ұл-қызы бар,
Игенбек Төлеутайұлы аға буын.
Игенбектің баласы Шахмұратым,
Курчатовта хатшысы маслихаттың.
Құрметті азаматы сол қаланың,
Түлегі арайланған Ақсуаттың.
Шахмұраттың зайыбы Нұбила да,
Жақсы кісі жайдары әрқашанда.
Сүйікті екі бала, бес немере,
Игенбектің өмірі жалғасуда.
Есенжан өтсе де бұл дүниеден,
Гүлзада тез ес жиып, мүжілмеген.
Тәрбиелеп өсірді ұл мен қызын,
Үкілеген үміті үзілмеген.
Гүлзада ұстаз болып, сәуле септі,
Қырық жыл бір мектепте еңбек етті.
Жүрегі нұрға толған қайран ана,
Есімін ел ұмытпай әспеттейді.
Семей-Павлодар тас жолы бойындағы,
Қарағайлы орманға қойды-дағы.
Ұл-қызы зират тұрғызып анасына,
Ажалдың мейірімсіздігін мойындады.
Тағдырдан түрлі-түрлі сый алыпты,
Ағайын-туысқандар жиналыпты.
Қысылып қатты Есенжан ауырғанда
Гүлзада жары бірге қиналыпты.
Өзінің балаларының дәрігерлік
Мамандық алуларын ұйғарыпты.
Қабыл болып ананың ақ тілегі,
Бір үйден бірнеше дәрігер шықты.
Гүлнар, Райхан менен Мұхтарғазы
Жоғарғы санаттағы дәрігер мықты.

Есенжан ұлы Мұқтардың артқан даңқы,
Медицина ғылымының кандидаты.
Денсаулық сақтау ісінің үздігі де,
АҚШ, Германия, Австрия, Жапония,
Израиль елдерінде білім алды.
Жоғарғы санаттағы хирург,
Мұқтармен мақтанады қазақ халқы.
Ал Нәйлә әкесінің жолын қуды,
Биіктен көрінуге белін буды.
Қазақ экономика болжау институтын,
Ең үздік бітірген сегіз қырлы.
Қалықтап аққу арманы жүзді көкте,
Нәйләнің үлгі-өнеге ізі көпке
Болды Семей қаласының әкімінің,
Аппаратында жауапты қызметте,
Жүргенде бұл өмірден ерте өтті,
Ажалға ара-тұрар амал бар ма?
Жақсының алтын сандық жан сарайы,
Ата берсін тағылымды таң арайлы.
Төлеутайдың қазіргі ұрпақтары,
Ел бағын көтеруді армандайды.

Мен Есенжанмен аудандық жоспарлау комитетінің төрағасы 1962 жылы Ақсуат совхозы құрылғанда совхозда бірге қызметтес болып, жұмыс істедік. Қай салада қызмет істемесін өзінің іскерлігімен, білімділігімен, адамгершілік қасиеттерімен елге белгілі азамат болды. Осы жұмыс бабында жүріп тигізген пайдасы, көрсеткен үлгісі мен өнегесі туралы жақсының жақсылығын айту, өмір жолын баян ету бірге істеген біз үшін, аға буынды сыйлау, құрметтеу біздің міндетіміз ғой.

Бір совхозда бірге істегендіктен партия ұйымының хатшысы ретінде ферма аралап келгенде, уақыт тауып сырласатын кездеріміз де болды. «Айлас әйел мұңдас» дегендей, ол заманда: бидің, байдың, Алашорданың тұқымы десе шошынатын кез болатын. Бір сырласу әңгімеде менің әкем Алашорда Сәрсеновтың жақындары деп, қудалауға түсіп, туған жерінен еріксіз кетіп, Көкпекті ауданының Комминтерн совхозында бірнеше жыл жұмыс істеп, бой тасалап еліне қайта оралған еді дегенімде, Есекең мен де

елімнен жырақ жүрсем де арызқой ағайындар менің өскенімді көре алмай, «арсылдаған иттей қалмай жүр емес пе » дей келе, осы арыздың ішіндегі баяндалған мәтіндерді қазіргі басшымыз білмесе екен - деп қауіп ойлаймын дейтін. Әңгімелесе келе екеуміз де тағдырлас адамдар болып шықтық. Сөйтіп сырлас болып жүргенде, Әлдиман ақсақалдың баласы Игенбектің қызы Розаға үйленгенде мен Әлдиман жағынан бас құда болып барғаным бар. Содан былай әрі қызметтес, әрі құдалық жанұялық сыйластығымыз әлі күнге дейін жалғасып келеді. Есенжан өте сақ жүретін, қорқақ адам еді. Анда-санда жол сапармен келгенде қазақ жөнімен үйіңізге бір мал алып кетіңіз дегенде, өзі мініп жүрген көлікпен алып кетпейтін, берген малды үйіне апарып беремін десем де алмайтын, мен Әлдимандікіне апарып беретінмін. Көп уақытқа дейін сол Әлдекеңнің үйі арқылы байланыс жасап тұрдық. Өмір бір орнында тұра ма? Сол жылдардан кейін мен Алматыға бір жылдық совхоз директорларын даярлайтын оқуға кеттім. Оқу бітіріп келгеннен кейін, Ақсуаттан алыс Карл Маркс совхозында жұмыс істедім де, бұрынғыдай араласа алмадық.

Есенжанның қызмет бабында алған медаль-ордендері жетерлік. Жалпы ол кісі жайлы менің «Ел іші шежіре кеніші» кітабымда жазылған. Бір білетінім үлкен байлығы сүйіп қосылған жары Гүлзада апай мен балалары болатын. Есенжан өмірден өтерде қиналғанда қоса қиналған Гүлзада апайдың ең үлкен арманы - балаларым адам жанының арашасы болатындай дәрігер болса, соны көрсем дейтін тілегі еді. Сол тілегі қабыл болып, бір жанұядан бірнеше дәрігер шыққанын көріп кетті.

Есенжан әулеті кезінде Семей өңіріне танымал болса, бүгінде сол Есенжан ұрпақтары тәуелсіз еліміздің зиялы қауымына жатады.



Жақсы жүрген жерінде із қалады

Кезінде Бейімбет ағамыз «Гүлденсе ауыл гүлденеміз-бәріміз» деген екен. Бейімбет айтқан сол ауыл бәріміздің өсіп-өнген түп-тамырымыз Оразбаев Ділдәбек Тәжібайұлының Тарбағатай ауданының тізгінін ұстағанына бір жылдан сәл асты. Әрине, бұл ойға алған істі жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей көп мерзім емес. Десе де, аудан дәулетінің биікке көтерілуіне аянбай еңбек етіп өз үлесін молынан қосып келе жатқан ақиық абзал азаматтың бірі.



Ділдәбек Тәжібайұлы адалдықтың ақ туын жықпай, ала жіпті аттамай, Алла алдында да, адамдар алдында да халқының сенімін адал еңбегімен ақтап, еліне қалтқысыз қызмет көрсетіп, Тарбағатайдың талай ақсақал үлкендерінен ақ бата алып келе жатқан облыстағы үлгілі ауданның бірінен саналады. «жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегендей Ділдәбек Тәжібайұлы қандай мемлекеттік қызметте болмасын уәдеге берік, ісіне адал, қолға алған игілікті ісін тура межесіне жеткізбей тыным таппайтын ер мінезді ел азаматының бірі.

Оразбаев Ділдәбек Тәжібайұлы 1961 жылы 8 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Қасқасу ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 1988 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылығы институтын ғалым агроном және 2009 жылы Алматы экономикалық университетін қаржыгер мамандықтары бойынша бітірген.

Өзінің алғашқы еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы Ленгер ауданының Абай атындағы ұжымшарында механизатор болып бастады. Әртүрлі жылдарда ұжымшарда экономист, бригадир, бас агроном, ұжымшар төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы бойынша салық бөлімінде аға салық

инспекторы, “Ағжан-Мағжан” ЖШС директоры, Оңтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бастығы, басқарма бастығының орынбасары, департамент директорының орынбасары, басқарма бастығының міндетін атқарушы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің “Шығыссушар” республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры қызметтерін атқарды. Тарбағатай ауданының әкімі қызметіне тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің “Қазсушар” республикалық мемлекеттік кәсіпорны Шығыс Қазақстан филиалының директоры, облыс мәслихатының депутаты болып қызмет етті. 2013 жылдың 28 маусымынан бастап Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімі болып тағайындалды.

Ауданға Ділдәбек Тәжібайұлы әкім болып келгеннен бері аудан тұрғындарына мол пайдасын тигізіп, көптеген игілікті жұмыстар атқарды. Көгалдандыру ісі жіті қолға алынды, аудан орталығында жаңа саябақ ашылып, көпшілікті демалыс күндері мәдени дем алатын орнына айналды. Көшелерді асфальттау, жол бойларын электр лампаларымен жарықтандыру ісі соңғы бір жыл ішінде жедел жүргізілуде. Жол бойларынан жаяу адамдар жүретін тротуарлар салу қолға алынуда. Сондай-ақ биыл аудандағы соғыс және еңбек ардагерлері бас қосатын пікір алысатын іші заманауи құралдармен жабдықталған кабинет ашып берді.

Әкім тарапынан аудандағы шаруа қожалықтарына шағын және орта бизнес өкілдеріне тұрақты көңіл бөлініп, жұмыстарын жандандыруға тұрақты көмек көрсетіліп келеді. Шаруа қожалықтарына лизингтік техникалар алып беріп, мал азығымен каматамасыз етуді тұрақтандыру мақсатында 5000 гектарға көп жылдық жоңышқа себу көзделіп, тұқымы дайындалып 1000 гектарға жоңышқа себілуді камтамасыз етті. Сонымен қатар, егіннен мол өнім алу және көкөністі өсіру де қолға алынуда. Аудандағы экономиканың негізгі салаларындағы даму тұрақтылығының сақталуы ағымдағы жылдардағы қаңтар-маусым үстіміздегі жылдың 6 айлық қорытындысы әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтап отыр.

*Тарбағатай ауданының 2014 жылдың
қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму
қортындылары туралы*

Өнеркәсіп саласы бойынша ауданда есепті мерзім ішінде 690,5 млн (934,2) теңгенің өнімі шығарылып, өнеркәсіп өнімінің көлемі 136,9 пайыз болды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі аудан бойынша 5727,6 млн теңгені құрап, табиғи индекс көлемі 104,0 % болды. Есепті мерзім ішінде барлық өндірілген ет тірі салмақта 6381,2 тоннаны, сауылған сүт 30779,1 тоннаны, алынған жұмыртқа 1771,8 мың дананы құрап, ет өндіру 3,4 пайызға, сүт өндіру 4,5 пайызға, жұмыртқа өндіру 8,7 пайызға орындалды.

Шаруашылықтың барлық санаттарында мал басы мен құс санының өсу қарқыны қамтамасыз етіліп. Ірі қара саны 126,5 мың басқа (2,1%), қой-ешкі 481,7 мың басқа (өсім 2,3%), жылқы – 25,0 мың басқа (өсім 2,6%), құс – 29,3 мың басқа (өсім 4,9%) жеткізілді.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 1952,4 млн теңге немесе өсу қарқыны 204,6 пайызды құрап, нақты көлем индексі 200 пайыз болды.

Қаржыландыру көздері бойынша жеке тұлғалар мен кәсіпорындардың меншік қаражаттары 819,2 млн теңгені, республикалық бюджет қаражаттары 364,8 млн теңгені, жергілікті бюджет қаражат есебінен 718,4 млн теңгені құрады. Оның ішінде экономиканың нақты секторына жеке меншік қаражат есебінен тартылған инвестиция көлемі 819,2 млн теңгеге немесе өсу қарқыны 155,8 пайызға орындалды.

Есепті мерзім ішінде 1256,3 млн теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылып, былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда (376 млн теңге) 3,3 есеге ұлғайды. Тұрғын үйді пайдалануға енгізу 2013 жылмен салыстырғанда 124,3 пайызға орындалып, 2625 шаршы метрді құрады.

Шағын бизнес субъектілері бойынша ауданда шағын бизнестің 55 кәсіпорыны тіркелді. Оның ішінде белсенді жұмыс істейтін кәсіпорындарсаны 39 болып, былтырғы жылдың есепті

кезеңімен салыстырғанда 7 кәсіпорынға көбейіп, өсу қарқыны 121,9 пайызға орындалды.

Бөлшек тауар айналымы. Аудан бойынша бөлшек тауар айналымы бойынша тоқсан сайын есеп беретін 4 кәсіпорын тіркелген. Бөлшек тауар айналымының салыстырмалы бағала 1623,6 млн теңгені құрап, өсу қарқыны 113,2 пайызды құрады.

Мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер 394,9 млн. теңгені құрап, болжам (353,3 млн. теңге) 41,6 млн теңгеге немесе 111,8 % артық орындалды. Өткен жылмен салыстырғанда түсімдердің өсу қарқыны – 109,7 % құрады. Меншікті кірістер бойынша аудан бюджетінің болжамы 306,0 млн теңгеге орындалып, (немесе 9,7 % артық орындалып), аудан бюджетіне жоспардан тыс қосымша 27,1 млн теңгенің салық түсімдері түсірілді. Өткен жылмен (279,1 млн. теңге) салыстырғанда өсу қарқыны – 109,6 % құрады.

Қосымша кіріс көздерін іздестіру алгоритмі бойынша 4910,9 мың теңгенің салық түсімдері бюджетке қосымша түсірілді. Өткен жылмен (4120,5 мың теңге) салыстырғанда өсу қарқыны – 119,2 % құрады.

Әлеуметтік қорғау саласында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ресми тіркелген жұмыссыздар 27 адамға азайып, 165 адам болды. Тұрғын үй көмегін алушылар – 3 алушы отбасына немесе 4,2 пайызға көбейіп (73-70), мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар – 139 адамға немесе 81,8 пайызға (627-766), балалар жәрдемақысын алушылар – 725 балаға немесе 89,7 пайызға азайған (6321-7046).

Мектепке дейінгі білім және тәрбиені қамту бойынша 16 бала бақша 79 шағын орталық жұмыс істейді. Онда аудандағы мектеп жасына дейінгі тіркелген 2740 баланың 97,4 пайызы немесе 2671 бала қамтылған. Мектепке дейінгі білім және тәрбиені қамтылған балалардың өсу қарқыны былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 114,6 % құрады.

Денсаулық сақтау саласы бойынша. Есепті мерзім ішінде 400 бала дүниеге келіп, туу көрсеткіші былтырғы жылдың ұқсас мерзімімен салыстырғанда (425 бала) 25 балаға азайды. Былтырғы жылмен салыстырғанда қайтыс болу көрсеткіші 63 адамға азайып, қайтыс болғандар саны 105 адам болды. 2014 жылдың қаңтар-маусым айында аудан бойынша туберкулезбен алғаш ауырған 8

адам тіркеліп, былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда туберкулезбен алғаш ауырған адамдар саны 80 % болды.

Қылмыстылық. Есепті мерзім ішінде 87 қылмыс тіркеліп, былтырғы жылмен салыстырғанда тіркелген қылмыс саны 19 бірлікке азайған. 10 мың халыққа шаққандағы қылмыстың ашылу деңгейінің өзгеруі былтырғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 65,7 пайызды құрады.

Үстіміздегі жылдың 6-айында ауданның әлеуметтік – экономикалық даму барысында біршама жұмыстар атқарылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өсу қарқыны қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығы. Аудандағы мал басы былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 2-5 пайыз аралығында өсіп, мал шаруашылығынан алынатын ет, сүт, жұмыртқа өнімдері 3-9 пайызға артты. Соның нәтижесінде 2014 жылдың бірінші жарты жылдығында өндірілген ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 5 млрд 728 млн теңгені құрап, былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда нақты көлем индексі 104 пайызға орындалды. Мал басын өсіру, мал тұқымын асылдандыру, селекциялық жұмыстарды жетілдіру, мал бордақылау аландарын ашу, мал өнімдерін қайта өңдеу, егістік көлемін ұлғайту, жаңа технологиялар енгізу бағытында біршама жұмыстар атқарылуда. Өткен 6 айда 66 шаруа қожалығы 342 бас қазақтың ақбас асыл тұқымды ірі қара малын, 1 шаруа қожалығы 24 бас асыл тұқымды жылқы, 2 шаруа қожалығы 261 бас асыл тұқымды қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой малдарын сатып алды. Жыл аяғына дейін асыл тұқымды мал үлесі, ірі қарада 2 пайызға немесе 1900 басқа; қойда 12 пайызға немесе 36900 басқа; жылқыда 7 пайызға немесе 1500 басқа жеткізілетін болады.

Ауданымызда 2013 жылы асыл тұқымды мал өсіретін 19 шаруашылық болса, бүгінгі күні 36 асыл тұқымды мал өсіріп отырған шаруашылық жұмыс істеуде. Оның 5-уі жылқы, 13-і қой, 18 ірі қара малын өсірумен бағытында.

Жыл аяғына дейін асыл тұқымды шаруашылықтар санын 48-ге жеткізу межеленуде, оның 25-і ірі қара өсіретін, 16-сы қой өсіретін, 7-і жылқы өсіретін шаруашылықтар болады. Аудан шаруашылықтары сатып алынған асыл тұқымды малдары үшін

81 млн 588 мың теңгенің, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында 28 млн 136 мың теңгенің, жиыны 109 млн 724 мың 680 теңгенің субсидиясы алынды. Немесе былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20 млн теңгеге артып отыр. Жыл аяғына дейін алынатын субсидия көлемі 550 млн теңгеге жетіп, өсу қарқыны 124 пайызды құрайтын болады.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша 2014 жылдың 6 айында 19 шаруа қожалығына 131 млн 760 мың теңгенің несиесі берілді. Жыл аяғына дейін «Сыбаға» бағдарламасы бойынша алынатын несие көлемі 280,0 млн теңгені құрап, өсу қарқыны 102 пайызға жеткізілетін болады.

Дала шаруашылығы бойынша биылғы жылы 12200 га егістік жер игеріліп, былтырғы жылмен салыстырғанда (9247 га) 32 пайызға ұлғайды. Ол барлық суармалы жердің 42 пайызын құрады. Оның ішінде биылғы жылы алғаш рет 20 гектар жерге тамшылатып суару әдісі іске қосылды. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егумен айналысатын шаруашылықтар былтырғы жылы «Жанар-жағармаймен басқа да тауарлық материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға» 6,7 млн теңгенің субсидиясын алса, биылғы жылы 64 млн теңгенің субсидиясын алуға құжаттары дайындалды.

Ақжар ауылдық округіне қарасты «Толғанай» шаруашылығы алғашқылардың бірі болып несие алып, аумағы 225 шаршы метр болатын жылыжай салып іске қосты. Суармалы егістік алқаптың көлемін ұлғайту мақсатында Республикалық бюджеттен 2014 жылға 355 млн 286 мың теңге бөлініп Тебіске, Базар өзендеріндегі суғару желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталатын болады. Лизингке техника алу жұмыстары бойынша ағымдағы жылы 27 ауыл шаруашылығы техникасын алу көзделуде. Қазіргі уақытта барлығының қажетті құжаттары өткізіліп, «Қазагроқаржы» АҚ-ы арқылы жаңадан 14 трактор сатып алынды.

Өнеркәсіп саласы. Ағымдағы жылдың 6-айында өнеркәсіп саласында қолданыстағы бағамен 690 млн. 500 мың теңгенің тауарлы өнімі өндіріліп, былтырғы жылмен салыстырғанда өнім өндіру индексі 136,9 % болды.

Шағын кәсіпкерлік. Аудан экономикасын дамытып, әлеуметтік мәселелерді шешуде шағын кәсіпкерліктің ықпалы мен орыны артып келеді. Бұл салада ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, саудамен, халыққа қызмет көрсетумен шұғылданатын жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары еңбек етеді. 2014 жылдың І шілдесіне әкімшілік тіркеуге 2655 шағын кәсіпкерлік субъектісі алынған. Мұның ішінде 365 дүкен, 44 қоғамдық тамақтандыру, 87 тұрмыстық қызмет көрсету орындары, 21 жанар-жағар май құю станциялары мен 44 шағын наубайханалар жұмыс істейді. Бұларда еңбекпен қамтылғандардың саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1%-ке өсіп, 3796 адамға жеткен. Сонымен қатар ауданда шағын бизнестің 55 кәсіпорыны тіркелген, оның ішінде белсенді жұмыс істейтін кәсіпорындар саны 39 бірлікке жеткізіліп, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда (32 бірлік) өсу қарқыны 121,9 пайызды құрады. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 1 млрд 952 млн. теңгені құрап, өткен жылғы 6-аймен салыстырғанда 2 есеге артты. Оның ішінде жекеменшік қаражаттар есебінен тартылған инвестиция 1,5 есе өсіп 819 млн теңгені құрады. Ол барлық инвестицияның 42 пайзын құрайды. пайыз болды. Мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер 394,9 млн. теңгені құрап, болжам (353,3 млн. теңге) 41,6 млн теңгеге немесе 111,8 % артық орындалды. Өткен жылмен салыстырғанда түсімдердің өсу қарқыны – 109,7 % құрады. Меншікті кірістер бойынша аудан бюджетінің болжамы 306,0 млн теңгеге орындалып, жоспардан тыс қосымша 27,1 млн теңгенің салық түсімдері артық түсірілді. Өткен жылдың 6-айымен (279,1 млн. теңге) салыстырғанда өсу қарқыны – 109,6 % құрады.

Оның ішінде қосымша кіріс көздерін іздестіру алгоритмі бойынша 4 млн 911 мың теңгенің салық түсімдері бюджетке қосымша түсірілді. Өткен жылмен (4,1 млн теңге) салыстырғанда өсу қарқыны – 119,2 % құрады.

Білім беру. Жалпы білім беретін 34 орта, 4 негізгі орта, 12 бастауыш мектептерінде 8364 оқушының білім алуы қамтамасыз етілді. Бұның сыртында 2 саз мектебі, 2 спорт мектебі, 1 өнер мектебі, 1 қосымша білім беру орталығы жұмыс жасайды. Оған оқушылардың 78,6 пайызы немесе 6705 бала қамтылып отыр. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту және оқыту

бойынша 7 бала бақша мен 74 шағын орталық жұмыс істейді. Онда аудандағы мектеп жасына дейінгі 2-5 жастағы тіркелген 2740 баланың 97,4 пайызы немесе 2685 бала қамтылды.

2014 жылы оқушыларды ыстық тамақпен қамту үшін аудандық бюджеттен 70,7 млн теңге бөлініп, 3431 бастауыш сынып оқушылары мен 1-11 сыныптардағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған 616 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. ҰБТ-ға (ұлттық бірыңғай тест) 611 мектеп бітірушіден 435 оқушы немесе барлық мектеп бітіруші түлектің 71,2 пайызы қатысты. Аудан бойынша орта балл 76,65 болып, өткен жылмен салыстырғанда 5 балға жоғары болды. «Алтын белгі» белгісіне ұсынылған 22 үміткердің 7-і өз білімдерін қорғаса, «Үздік» аттестатқа үміткер 5 оқушының 3 өз білімдерін қорғады.

Денсаулық саласы. Жыл сайынғы халықты скринингтік профилактикалық тексерулердің нәтижесінде қатерлі ісік пен туберкулез аурушандығының көрсеткіштері, жүйке, наркологиялық және мерез аурушандықтары былтырғы жылмен салыстырғанда төмендеді. Аудан бойынша ВИЧ – инфекциясы тіркелген жоқ. Есепті мерзім ішінде 386 бала дүниеге келсе, 105 адам қайтыс болып, халықтың табиғи өсімі 281 адамды құрады. Есепті мерзім ішінде 2 бала өлімі тіркеліп, былтырғы жылмен салыстырғанда 4 балаға азайды. Туберкулезбен алғаш ауырған 8 адам тіркеліп, былтырғы жылмен салыстырғанда 2 адамға азайды.

Әлеуметтік қорғау саласында халықты жұмыспен қамту, еңбекке қабілетсіз және тұрмысы төмен азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру саясаты жүйелі жүргізілуде. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі 0,4 пайызға, тұрғын үй көмегін алушылар – 4,2%, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар – 18,1% азайды. Есепті мерзім ішінде қайта оқытуға 30 адам, қоғамдық жұмысқа 190 адам жіберіліп, 675 жаңа жұмыс орындары ашылды.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша. Аталған бағдарламаны іске асыруға 2014 жылы ауданға 870 млн. 219 мың теңге қаржы бөлініп, 221 млн 866 мың теңгесі игерілді (25%). Оның ішінде:

І-ші бағыт: инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен халықты жұмыспен қамтуды

қамтамасыз ету бойынша 7 ауылдағы мәдениет үйлерін ағымдағы жөндеу, Тұғыл ауылына кіре беріс жолды орташа жөндеу, Ақсуат ауылындағы орталық саябақты абаттандыру және Жетіарал, Жанаауыл ауылдарындағы дәрігерлік амбулатория құрылыстарына барлығы – 347,7 млн теңге бөлініп, оның 117,3 млн теңгесі игерілді. Аталған жобалар бойынша 54 адам маусымдық жұмысқа қабылданды. Бағдарламаның аталған бағыты бойынша шілде айында 2 мектеппен 1 мәдениет үйін ағымдағы жөндеу және Ақжар ауылының абаттандыру жұмыстарына қосымша 31,7 млн теңге қаржы бөлінді.

II-ші бағыт: Ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту бойынша 125 адамның бизнес-жобасы бойынша 220 млн теңге қаржы бөлініп, облыстық комиссияда қорғалды. Аталған жобалар бойынша қазіргі уақытта несиелендіру жұмыстары жүргізілуде.

III -бағыт: жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру бойынша 45 шаруа қожалықтары және жеке кәсіпорындармен жасалынған келісім-шарт бойынша 72 адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды. Оларға аталған бағдарлама бойынша 15 млн. 882 мың теңге қаржы бөлінді.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының III-бағытының 2-ші құрамдас бөлігі жұмыс берушінің қажеттілігіне сәйкес еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру арқылы, Ақсуат ауылында 10 жеке тұрғын үй және Ақжар ауылында 10 жеке тұрғын үй салуға республикалық бюджеттен 108 млн. 045 мың теңге қаржы бөлініп, бүгінгі күнде тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

Мәдениет саласы. Аудан бойынша мәдениет саласында 25 кітапхана, 20 мәдениет және клуб үйлері, 1 тарихи өлкетану мұражайы аудан халыққа мәдени-ақпараттық қызмет көрсетуде. Жыл басынан аудан бойынша мәдениет және клуб үйлерінде 700 мәдени-көпшілік шара өтіп, оған 120000 адам қамтылса, кітапханаларға 9291 оқырман 81836 рет қатысып, оларға 180200 кітап беріліп, ақпараттық-танымдық жұмыстар көрсетілді. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 2014 жылдың 6 айында 2 млн 600 мың теңге жұмсалынды. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту-2020» бағдар-

ламасы бойынша 7 ауылдық клуб үйлеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілу үстінде. Бұдан басқа осы шілде айында Жаңа тілеу ауылындағы клуб үйін ағымдағы жөндеуге аталған бағдарлама арқылы 5,0 млн теңге қосымша қаржы алынды.

Денешынықтыру және спорт. Ауыл тұрғындарының арасында салауатты өмір салтын орнықтыру, дене шынықтыруды күнделікті өмір салтына айналдыру, бүгінгі күні маңызы зор әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл бағытта ауданда біршама жұмыстар атқарылды. Аудандағы дене шынықтыру мен спортпен тұрақты айналысушылар саны 10900 адамды болып, аудан тұрғындарының 25% пайызын құрады. 2014-жылы Тарбағатай ауданында кең тараған қазақша-күрес, волейбол, футбол, баскетбол, допты хоккей, тоғызқұмалақ, шахмат, дейбис, стол теннисі, еркін күрес, ұлттық ат спорты түрлерінен 40-тан астам спорттық көпшілік шаралары ұйымдастырылып және бұл шараларға 10000–жуық адамның қатысуы қамтамасыз етілді. Соның айғағы соңғы төрт жыл қатарынан облыс әкімінің жүлдесі үшін өткізілетін халықтық спорт ойындарында аудан құрама командасы жалпыкомандалық есепте I-орынға ие болды. Құны 197,5 млн теңге болатын Ақсуат ауылындағы спорттық модуль құрылысы биылғы басталатын болады. Бұның сыртында Ақсуат ауылындағы орталық стадионды қайта жаңғырту жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, құжаттары облыстық спорт басқармасына өткізілді. Ауданда тұрғын үй, құрылыс, инфрақұрылымды дамытуда жоспарлы жұмыстар іске асырылуда.

Тұрғын үй алаңын пайдалануға беру. Есепті мерзім ішінде жекеменшік секторда жалпы алаңы 2 мың 625 шаршы метр болатын 24 тұрғын үй салынып пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың I жарты жылдығымен салыстырғанда 25 пайызға артық. Бұның сыртында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен 120,0 млн теңге қаржы алынып, оған Ақсуат және Ақжар ауылдарынан 20 бір пәтерлі тұрғын үй салу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы жыл аяғына дейін 6 мың 504 шаршы метр тұрғын үй алаңы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық.

Құрылыс монтаж жұмыстары. Қазіргі уақытта ауданда 3 мектептің (Чкалов, Даулетбай, Жамбыл мектептері) 3 дәрігерлік

амбулаторияның (Ойшілік, Жаңаауыл, Жетіарал) 2 ауылдағы су құбырының (Қарасу, Қабанбай) 20 тұрғын үйдің (Ақсуат, Ақжар) құрылыстары аяқталатын болса, Ақжар, Ақсуат ауылдарындағы су құбырының, Ақсуат ауылындағы спорт модульдің, Ақжар ауылындағы 600 орындық мектептің құрылыстары басталды. Бұл мақсаттарға Республикалық және облыстық бюджеттерден жиыны 2 млрд 250 млн 776 мың теңге қаржы бөлініп, игерілуде. Есепті мерзім ішінде 1 млрд 256 млн. теңгенің құрылыс жұмыстары атқарылып, былтырғы жылдың 6-айымен салыстырғанда өсу қарқыны 303 пайызды құрады.

Сумен қамтамасыз ету бойынша: Қарасу және Қабанбай ауылдарындағы сумен қамтамасыз ету жүйесін қайта жаңғырту жұмыстары мен Ақсуат ауылындағы су құбырларын жеке үйге жеткізу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілетін болады. Оған республикалық және облыстық бюджеттерден 566 млн 297 мың теңге қаржы қарастырылды. Сонымен қатар Ақжар ауылының су құбырын қайта жаңғырту жұмыстары басталып, оған республикалық бюджеттен 103 млн 687 мың теңге қаржы бөлінді. Ақсуат және Қызыл кесік ауылдарының су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстарының жобалық сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Бұдан басқа Жетіарал, Үштөбе, Тұғыл, Қарғыба, Жаңалық, Құмкөл ауылдарындағы су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстарының және шағын 13 елді мекенге скважина бұрғылау мен жайластыру жұмыстарына жобалық сметалық құжаттар әзірлену үстінде.

Жол саласы бойынша: Қазіргі уақытта облыстық маңыздағы «Қарасу-Ақжар» автокөлік жолының 20 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Оған облыстық бюджеттен 210,0 млн теңге қаржы қарастырылған. Тұғыл ауылына кіре беріс 5 шақырым жол толығымен орташа жөндеуден өткізілді. Оған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы арқылы 55,0 млн теңге бөлініп, игерілді.

Бұның сыртында аудандық бюджеттен «Құйған - Жалаңаш» автокөлік жолын күтіп ұстауға трактор сатып алуға 6,3 млн теңге бөлінсе, 4 елді мекеннің (Серіктес, Екпін, Ақмектеп, Байтоғас) ішкі көше жолдарын ағымдағы жөндеуге 8 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыстар атқарылуда.

Аудан бюджетінен елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарына 37,7 млн теңге бөлініп тиісті жұмыстар атқарылуда. Биылғы жылы Ақсуат және Ақжар ауылдарынан осы жұмыстармен айналысатын мекемелер құрылып жұмыстар атқаруда. Олардың материалдық техникалық базасын нығайтуға аудан бюджетінен 49,6 млн теңге бөлініп, қажетті техникалар сатып алынды.

Аудан халқының әл-ауқатын, тұрмыс деңгейін одан әрі жақсартуда, бәсекеге қабілетті өндіріс орындарын құру, ауылшаруашылық құрылымдарын ірілендіру, мәдениет білім беру мен денсаулық сақтау орындарының кәсіптік деңгейін көтеру, жастарымызға әлемдік стандарттарға сай білім мен тәрбие беру, әлеуметтік-тұрмыстық нысандардың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсарту бағытында жұмыстар жүргізіле беретін болады.

Әкім тек Тарбағатай өңірі үшін емес бүкіл халықтың бақытты болашағын ойлаған Ділдәбек Оразбайұлы Зайсан көлінің суы азайып бара жатқанын көзімен көрген соң, оның себеп-салдарын білу және Зайсан көлінің су деңгейін азайтпау мақсатында жергілікті көнекөз қариялармен дөңгелек стол өткізіп, көл суын толықтыру жөнінде пікір алысқан еді. Зайсан көлінің су көлемінің азаю себебі Зайсан көліне Қытайдан бастау алатын Қараертіс өзеніне құятын бес өзеннің үшеуін Қытай елі бөгеп алғандықтан болып отырғанын ескерген әкім Қытай бекітіп алған үш өзеннің баламасын сұрап, оны жергілікті жерде толықтыру мүмкіндігі бар екеніне көзін жеткізген болатын. Міне ол мүмкіндіктер тегінде Қарғыба, Базар, Тебіске, Талдыбазар өзендерінен ірі су қоймаларын салу жөніндегі проектiлер болғандығын анықтап, осы проектiлердi iске асыруға кiрiсудi колға алуды жөн көрген едi. Бұл жоба iске асқанда: Өскемен, Семей, Павлодар, қала бердi Ресей мемлекетi үшiн де өндiрiс орындарының қалыпты жағдайда жұмыс iстеуiне мүмкiндiктер туғызатындығы сөзсiз. Ресей мемлекетiнiң Омбыдан iрi су қоймасын салып жатқандығы да, осы Зайсан көлiнiң су көлемiнiң азаю салдарынан болар.

Сонымен қатар Дiлдәбек Оразбайұлы әңгiме төркiнiн тегiндегi Жанғыз-төбе стансасынан Ақжал руднигi арқылы темiржол мен тасжол салынатындығы туралы жобаның болғанын және сол кезеңде тегiндегi Карл Маркс совхозынан сол жобаға сәйкес

жанар-жағар май стансасы салынғандығын да анықтап біліп алды. Күнделікті көзге ұрып тұратын тегіндегі аэропортты қалпына келтіру жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстарын тілге тиек етті. Қасиетті құранда: «Кімде-кім бұлақтың көзін ашса, өткен-кеткен жолаушыға арнап көпір салса және жұмыр жердің бетіне мінәжат егер Алланың үйі мешіт салса – сол адам екі дүниеде де Жаратқанның нығыметіне бөленеді» - делінген екен. Осы қағидаға байланысты әкім бұрынғы Ақшағылдағы таумен байланысып тұрған бұзылған көпірді қалпына келтіру жөнінде де өз пікірін ортаға салды. Жиналған жұртшылық әкімнің Алла үйі мешітке автокөлік сыйлаған иманжүзділігіне, адамгершілік парасатына риза болған қариялар ізгі тілектерін айтып, ризашылықтарын білдірді. Сөзінің соңында әр ауылдық округтерден халықты жеміс-жидекпен қамтамасыз ету мақсатында питомниктер аштыру да ойда барын айтқан еді. Әкім өзінің сөзін аяқтай келе: «менің айтарым бір-ақ нәрсе, егер қандай да бір елге сауапты жұмыс атқарып жатсақ, ол мақтау үшін, жақсы ат алу үшін емес – азаматтық парызымызды өтегеніміз болады» - деді. Ендеше атақ алу үшін емес, сеніп тапсырған бұқараның үмітін ақтап жатсаң, халық ризашылығына бөленсең, халқымыздың алға қойған мақсаттарын толығымен орындасаң одан асқан абырой болмас. Біздің басты мақсатымыз – халыққа адал қызмет ету. Ол адамдық борышымыз. Сондықтан біздің есігімізтұрғындар үшін әрқашан ашық.

Әкімнің өз ісіне өте үлкен байыппен қарайтынын оның бізге айтқан әңгімесінен байқадық. Әңгіме соңында әкімге біз осыған қуанамыз, асулардан аса беріңіз, еңбекте шабыт, мол денсаулық, отбасына қызық-қуаныш тілектестігін білдірдік.

Енді осы айтқанымызды өленмен өрсек:

Қара Ертіске бес өзен құйылады,
Үшеуін Қытай өзіне бұрып алды.
Судың тапшы болғанын білген орыс
Омбыдан платинасын салып алды.
Зайсан көлі азайса мүмкін ертең,
Шығыста өндірістің құлдырауы.
Өскемен, Семей менен Павлодар,
Шығыстың үш қаласы шұғылалы.
Зайсан көлін молайту керек бізге,

Пайдасы зор ел үшін мұның-дағы,
Қарғыба, Базар, Тебіске, Талдыбазардан
Ірі су қоймалары салынып берілетін.
Болса одан Зайсанға мол су ағылар,
Пайдалы бүкіл шығыс өңірі үшін.
Салынса төрт өзеннен су қоймалар,
Толығып жатса солай Зайсан көлі,
Мол пайдаға кенелмек Шығыс елі.
Жалғыз төбеден Зайсанға
Тартылса тас жол, шойын жол
Пайдасы елге оның мол.
Аэропорт Ақсуаттағы
Ашылып қайта жөнделмек
Екі мың он жетінші жылы
Игілігін ел көрмек.
Ақшағылдан көпір салынбақ,
Тарбағатайға көлік ағылмақ.
Жол қатынасы жақсарып,
Ел ырысы дамымақ.
Питомниктер орнығып,
Жеміс-жидек мол шығып,
Тарбағатай аймағы,
Тұр бүгін өркен жайғалы.
Ақсуаттай қоныста,
Бес мың гектар жоңышқа,
Өсірілмек ең құнды,
Мың гектары егілді.
Ділдәбек аудан әкімі,
Жүргізіп жұмыс қарқынды.
Шаруа қожалықтарын,
Техникамен қамтыды.
Қыруар істі қолға алып,
Ділдәбек отыр толғанып.
Елге жасап басшылық
Аудан даңқын арттырып
Оның игі ісіне
Біз тілейміз сәттілік!

Руслан Зауытханұлы Нұрбатчанов

Төтенше жағдайлар ұжымының апаттық жағдайда атқаратын сан қырлы, жанкешті қызметтерін бұхара Халық біле бермейді. Өйткені Қазақстан Республикасының ТЖМ ақпарат жаршысы ретінде шығатын «Пожарный и спасатель» журналын өз әріптестерінен басқа бұқара халық алып оқымайды. Сондықтан табиғаттың тосын сиына беретін тойтарысты төтенше жағдайлардың ержүрек сарбаздарының дер кезінде көрсеткен көмегінің арқасында жүздеген адамдар



мен көлік құралдарының қауіп қатерден құтылған, төтенше жағдайда әрекет еткен құтқарушылар тобымен жақынырақ танысболу үшін олар жайында тереңірек білу мақсатында Шығыс Қазақстан облыстық ТЖМ мамандандырылған жасақтың бастығы еңбегі елге тараған азамат, елі үшін тер төккен, полковник Руслан Зауытханұлы Нұрбатчанов туралы толғауды ұсынуды жөн көрдім.

Мамандығы бойынша қалап алған,
Оқу орнын бітіріп дараланған.
Танытқан іскерлік пен белсенділік,
Әскери қызметкер сараланған.
Әскери бөлімінің абыройын,
Арттырған еңбегі ерекше оның.
Руслан ақтады сенімді артқан,
Иығына полковник шенін таққан.
Ішкі істер басқармасының мемлекеттік,
Өрт бақылау саласында еңбек етіп,
Аға инспекторлықтан бастаған еңбек жолын.
«Марқакөл» ауданына барып бекіп.
Шырайлы Шығыстың өңірінде,
Оныншы өрт сөндіру бөлімінде,
Титан-магний комбинатта жұмыс істеп,
Адал еңбек жемісін көрді күнде.
2005- 2007-ші жылдардағы,

Қызметінен көрінді шыңдалғаны.
Өрт сөндіру авариялық құтқаруда,
Бастан кешті қиындықты жеңе білді.
2007- ші жылдан бері
Русландай қазақтың қыран ері,
Шығыстағы төтенше жағдайлардың,
Алдын алып қуантты туған елді.
Департамент бастығына тағайындалған,
Тапсырыстар тиянақты орындалған.
Табиғат тосын мінез танытқанда,
Ел жұрты зардап шегіп қамыққанда
Төрт мезгіл тыным таппай жүгірді де,
Көмек берді қиналған барша жанға.
Синоптиктер болжағандай алдын-ала,
Ақпанда аяз, боран, қарлы дала,
Алдыменен қаланы қыспаққа алып,
Қиын болған қырдағы шаруаға.
2010- шы жылы қыс кезінде,
Күн жылынды тұрған көк күмбезінде.
Тасқын су басып кетті ауылдарды,
Үрейленді сұмдықты жұрт сездіде.
Азап шекті Тарбағатай аймағы да,
Қалың қар қарасаңыз қай жағына.
Жаяу адам омбыдан омақа асып,
Жүре алмай қардан жіпсіз байланды да.
Жолаушылар далада аязға үсіп,
Көліктер қарға кептеліп жайрады да,
Құтқарушылар жетеді вертолетпен
Олардың ерліктері ерен екен.
Құтқарып жүз жиырма алты жолаушыны,
Ержүрек сарбаздар терде төккен.
Жолда қалған жандарды тасып жүрген,
Русланның шұғыл шешім басшылығымен.
Алты жүз сексен тоғыз адам аман қалып,
Қауышты отбасымен кәсібімен.
Үш мың бір жүз адам жедел түрде,
Қауіпсіз мекен жайға көшірілген.

Дайын әркез өмір гүлін солдырмауға,
Адамдардың шығынын болдырмауға.
Қол жеткізді құтқарушы ер жігіттер,
Қатерге басын тігіп мойымауда.
Өртпенен жол апаты болған шақта,
Сарбаздар көмекке қол созған жоқ па?
Ел бақыты ертеңгі күні үшін,
Ерлері бар түсетін жанған отқа.
Халқының амандығын тілеп жүрген.
Өрт сөндіріп қыста қар күреп жүрген.
Су тасқыны кезінде халық үшін,
Қызмет етті барлық күш жігерімен.
Үйінде оны баласы жары күтті,
Ел одан көмек күтіп тарығыпты.
Техника құтқару құралдарын,
Басқа да облыстардан алдырыпты.
Қайықтар, вертолеттер келіп жетті,
Апаттан құтқаруға төңіректі.
Техника сарбаздармен шоғырланып,
Халықтың ауыр жүгін жеңілдетті.
Төрт жүз қырық тоғыз адамға қас –қағымда,
Дәрігерлік көмекте жасалды да,
Осының бәрі беделі Русланның
Қорғаны болды талай қысылғанның.
Атқарған қызметтері барысында
Қазақстан министрлігінің алғысына,
Бөленген, алды «Құрмет» орденін де,
Бірнеше медаль иегері таныс тұлға.
Алаштың азаматы алтын ердей,
Кім дейін Русланды батыр демей.
Шексіз алғыс айтамыз ел атынан,
Риза оған Өскемен, жалпы Семей.
Тілейміз зор денсаулық Русланға,
Қабылдар сәлемімізді салқын көрмей.

Дос туралы үзік сыр
Кәрім Жарқынбайұлы
(05.01. 1931 – 26.11. 1996 жс)



Кәрімнің өмір жолын сөз етсек:
Кәрім досым үш жаста,
Әкесінен айырылған.
Есті болып есейіп,
Кез келген іске сай тұрған.
Мәруадай жеңгесі,
Нұржақыптай ағасы.
Тәрбиелеп өсіріп,
Бола білген панасы,
Отан соғысы жылдары,
Бала Кәрім сыналды,
Серіктестей колхозда,
Еңбек етіп шыңдалды.
Оқып кейін бітірді.
Қаржы техникумын Семейдің,
Жоғарғы қызметтерді
Атқарған мінсіз ер деймін.
Азаматы едің Алаштың,
Оған кімдер талассын.
Қалаулысы болды халықтың,
Кеңге жайған қанатын.

Істеген жұмысы, атқарған қызметтері, алған марапаттары 2008 жылы жарық көрген «Ел іші–шежіре кеніші» кітабының 177 бетінде жазылған. Кәрім өмірде сыпайы да сырбаз қалпынан айнымаған, жан-жағына шапағатын шашып жүретін, адамгершілігі мол қайырымды азаматтың бірі болатын. Ол қандай салада істемесін, өзіндік қолтаңбасын ізгіліктің ізін қалдыра білген азаматтың бірі еді.

Біз Кәрімменен әуел бастан жұлдызымыз жарасқан, мінезіміз қабысқан, көңіліміз табысқан, бір-бірімізді сыйлап құрметтейтін, кастерлейтін, өзара әзіл қалжыңымыз жарасқан «Бір өзеннің арнасы, бір ағаштың алмасындай» достар едік. Бір-бірімізбен кездесе қалғанда өзекті ойларымызды, құпия сырларымызды түгел жасырмай айтысушы едік.

Орта мектептен кейінгі соңғы ұмтылыс қызығымен өзіндік қиыншылығы мол, жастықтың куәсі – студенттік шақ қой шіркін! Студенттік белесті артқа тастаған әр адам бұл кезеңді тебірене еске алады. Кәрім екеуіміздің студент кезіміз, Сербатыр досымыз ол кезде тегіндегі Карл Маркс колхозында Степан деген шоферда стажер (көмекші), біздің ауылға келгенімізді естіп түннің бір кезінде бізге келіп: маған салған төсектерің қайда? - деп тиісе келетін, біздің де базыналы әзілге, қазыналы қалжыңға толы кезіміз ғой, «Әй, бензин сасымай бізден аулағырақ жат» – деп қалжыңдаймыз ғой. Сонда Сербатыр екеуіміздің үстіміздегі көрпені жұлып алып, ортамызға келіп жататын. Сөйтіп, таң атқанша әңгімелесіп жатып, таңертең жұмысқа барамын деп тұрғанда, бізбен бірге бол деп етегінен ұстап жібермейтінбіз. Сонда Сербатыр мен немене сендер сияқты жұмысы жоқ "бездельник" дейсің бе? - деп жұмысына кететін. Біз болсақ енді қашан келер екен деп күтіп жүретінбіз. Қайран сол бір қызықты шақтар-ай десеңші. Осындай сыйласқан достарымызбен әр бір кездесудегі оқиғаларды жаза берсек бір таусылмас көлемді әңгіме болып шығар еді. Бәрін қағаз бетіне түсіру мүмкін емес.

Нағыз достар бірақ қалып,

Шындап берік сүйіскен.

Бір-біріне сыр ақтарып

Сыр түйінін түйіскен – дегендей, бұл дүниеден

озғанша сырымыз да, жырымыз да, жүрісіміз де, тұрысымыз да бір болған туыстай болып кеткен достар едік.

*Мінсіз біткен шынардың
Жайқалып шыққан бұтағы
Үнемі тұрмыс құрамай
Басы шаттық дүниенің
Ақыры қайғы бір ойбай.*

Бұл пәни дүниеде туыстай болып кеткен досымнан 1996 жылы ажал айырды. Артында сүйіп қосылған жары Ақтөлеу қалды. Жақсылықтан үміт етсең сабыр ет. Ақтөлеу апа үлкен сабырмен, төзіммен бүгінгі күнге жетіп отыр. Еңбек ардагері Кәрімнен қалған Балқаш, Естай, Елтай, Талғат, Сандуғаш, Айман балаларына бас болып; немере, шөбере, жиен сүйіп отыр. Ұрпақ қызығы осы балалар.



Сербатыр Семжанұлы (1932-1965)



Балалық жастық шақтарым,
Қызыққа толы сәттерім.
Сербатырмен бірге өтті,
Сол кездер қандай тәтті едің.
Әзілге толы сөздері
Күлімдеген көздері.
Сербатырдың достығы,
Алатын баурап тез мені.
Еркелейтін бәріміз,
Батыр аға деуші едік.
Бойында тұнып тұратын,
Тәрбие қасиет көркемдік.

Сербатырдың жаны жомарт, пейілі дархан, ойы да, бойы да биік азамат еді. Заманында біздер арманы асқақ, мақсат мүддесі ортақ, әр күнді әзіл-қалжыңмен шығарып салар, жаны құрдас, тағдыры мұндас жандар едік.

Менің институтта оқып жүрген кезім еді, каникулда үйге келген кезімде Сербатыр үйге амандаса келіпті. Үсті-басында көнетоздау киім, өзі де шаршаңқырап жүрген адамға ұқсайды. «Сербатыр саған не болған мұншама жүдеушілікке ұшырайтындай» - деп қалжыңдағанымда, Сербатыр: «Рас айтасың, мені сыртымнан көрген қыздар бір қайыршы дейді ғой, менің қалтамда қанша ақша барын қайдан білсін» – деп күлгені бар. Төлеуғазы жүр енді бұл жағдайды дұрыстайық – деп, магазинге ертіп барды. Орталық магазиннің

сатушысы Хамит деген жігіт болатын. Сол магазиннен костюм-шалбар, басынан аяғына дейін жаңа киімдер алып, шыттай болып шыға келгені бар емес пе. Үстіне киіп келген ескі киімдерінің барлығын магазиннің полкасының астына тастай салды. Енді саған амандаса келгендегі бұйымтайым, сені жайлауға апарып қайтайын деп едім – дегені. Сонымен қойшы екеуміз біздің үйде бір күндей дамылдап, ауданды аралап, ертеңісін жайлауға жол тарттық. Құн сәскеге көтеріле бергенде қырдағы Қасайдың кілетінің тұсына келгенде, Төлеуғазы мына қырмандағы ақсақалдарға сәлем беріп, бидай көже ішіп аттаналық – деді. Ой, батыр аға жол ұзақ қой, айналып қалмаймыз ба, межелеген жерге жеткеніміз дұрыс шығар дегенге қарамай, қырманға ат басын бұрып, кілеттің сыртына аттарды байлап, қопынға қарай бет алғанымызда, тегіндегі Карл Маркс колхозының бастығы болған Қынашев Ризабек деген бастық қырмандағы барлық жұмысшыларды жинап, машинаға астық тиетіп жатыр екен. Сәлем бере келген бізге - «жас келсе іске деген» - деп келдіңдер, мына астықты тиесіп жіберіңдер деген соң, астық тиесіп екінтіге дейін жүрдік. Бастық кетерінде қырымды басқарып жүрген адамға: мына екі жігітті пайдаланындар, машина жіберемін – деп жүріп кетті. Ал Батыр аға енді тағы сәлем беретін жерің бар ма? – дегенімде, «бұл шұнақтың бұл жерде жүргенін қайдан білейін» - деп күледі. Ымырт жабыла Сорбастау деген жерге әрең жеттік. Сол күні осы ауылда қонып, ертеңінде жайлауға жетіп, Байжүніс деген ақсақалдың үйіне ат басын тіредік. Ол үйдің іші бізді бір туған баласы келгендей, қойын сойып, қолын қуырып күтіп жатыр. Қашан қайтасындар дегенде, бір-екі күнде қайтамыз - дегенбіз. Біздің сол үйде жатқанымызды естіген барлық бақташылар қонаққа шақырып, бір жұма қалай өткенін білмей қалдық. Енді қайтамыз ба деп отырғанда, сол ақсақалдың күйеу баласы Көкенай деген жігіт Большевик совхозының отгонында сатушы болып істейді екен, сол кісі қонаққа шақырып, алып кетті. Ол үйде болғаннан кейін тіпті бейтаныс адамдар қонаққа шақырып, тағы бір жұма қалып қойғанымыз бар. Бұл жерде айта кететін бір жәйт, біз қызметкер болмаса бір лауазым иесі емеспіз, бар болғаны Маркстың сөзімен айтқанда «мәдениетті қайыршылармыз». Солай бола тұрса да осыншама құрмет көрсетілуінің негізі қазақта ертеден келе жатқан от басы тәрбиесі, салт-сана, әдет-ғұрып қатаң түрде атадан балаға

әкеден немереге бұлжымай сақталған ата дәстүрдің нәтижесі болар. Қазір қолыңызға «шырақ алып іздесеңіз» де ешбір мемлекеттен мұндай әдет-ғұрыпты таппайсыз. Қазіргі нарықтық шақта, шөлдей қалсаңыз ақшасыз шөл қандыра алмайсыз. Тіпті шөлдеушілер саны көп болса, суға он есе қосып сататынның да куәгері болып жүрміз. Алла әдет-ғұрпымыздың, ата дәстүріміздің ұмыт болуынан сақтасын.

Меніңше, әдет-ғұрып – әр халықтың тілімен теңдей қымбат. Қазақ батырлары кезінде туған жерімізді қандай жанқиярлықпен қорғаса, біз ата-бабамыздан сақталған әдет-ғұрыптарды да дәл сондай жанқиярлықпен қорғауға міндеттіміз. Өйтпесек, өз көрін өзі қазатын ұрпақ боларымыз айдан анық. Мәселенің үлкені, әрине ұлтыңның қандай әдет-ғұрпы болғандығын білу ғана емес, оны сақтау, құрметтеу, қасиеттеп күнделікті өмірде қолдану және оны өз ұрпағыңның қанына сіңіру. Алайда қазақ «білмеген у ішеді» - дейді. Қазіргі ұрпақ өз ұлтының дәстүрі мен әдет-салтынан кәдімгідей көз жазып қалды. Олар тұрмақ үлкендердің өзі әлтірек-тәлтірек біледі. Сондықтан әуелі әдет-ғұрпымызды еске түсіріп екшеп, саралап алғанымыз да жөн.

Тағы бір каникулда ағайым Әбубәкір (Әбен) ферма меңгерушісі болып жұмыс істейтін «Жалғыз тал» елді мекенінде ағайдың үйінде демалып жатқанымда, түн ортасында біреулер есік қағады. Шығып қарасам, Сербатыр мен Кәрім, қосақтарында жетелеген аттары бар. Ой, неғып жатырсың тездеп киін, орталықта алтыбақан құрылып ауыл жастары жиналып ойын-сауық құрып жатыр, Ақсуаттан да қыздар келіпті, тездеп кетейік деп мені түн ортасында алып кеткені бар. Келсек расында да жастар жиналған үлкен ойын-сауық болып жатыр. Біз де орталарына кіріп, алтыбақан теуіп, ән айтып, ақ сүйек ойнап таңды атырып қайтқанымыз бар. Өткендегі достарыммен бірге болған кездерім еске түскенде ойыма мынандай өлең жолдары оралады:

Алтыбақан құрылып жайнаған жер,

Жастардың жиын тобы қайнаған жер.

Көзіме от жалындай басылады,

Жас күнде құлын-тайдай ойнаған жер.

Бұл жастықтың жарасымды жылдары екен ғой шіркін! Уақыт қайта оралмайды, әйтпесе сол дәуреннің бір күнін қазіргінің бір жылына айырбастар едім. Осындай он шақты күнгі қызықты

күндерден кейін колхоз шаруашылығында жұмыс істеп, тиын-тебен құрап алып оқуымызға кететінбіз. Жұбымыз жазылмай қаншама жылдарды бірге өткіздік. Біздер жай дос қана емес бірге туғандай туысып кеттік. Содан бері де жарты ғасырдай уақыт өтіп кетіпті. Кезінде жоғалтқанымызды еске алмаған, сақтап қалғанымызды қастерлеп қадір тұтпаған күніміз жоқ-ау сірә. Қазірде сол достардан көз жазып қалып отырмыз. Сербатырдың бір ерекшелігі адамгершілігі, адалдығы, қайырымдылығы, елге болса екен, жұртқа жетсе екен – деп тұратын ниеті еді. Ендігі бір ерекше қасиеті кішіпейілділігі, баламен де, бағланмен де тең сөйлесіп кішіпейілділік көрсетіп тұратындығы, кімге де болса жақын жүретіндігі көзге ұрып тұратын. Оны айтып отырғаным, мен институтты бітіріп келгеннен кейін екеуміз Ақсуат МТС-ында біріміз бас зоотехник, біріміз мал шаруашылығын асылдандыру, өндіріске озық тәжірибе енгізу жөніндегі зоотехник болып жұмыс істедік. Ақсуаттың орталығында тұрдым. Менде «Кавровец» мотоциклі болды. Сербатыр екеуміз сол мотоциклмен МТС-қа жұмысқа келетінбіз. Бір күні жұмысқа келе жатсақ ауылға кіре берісте алдымыздан «Батыр аға» деп айқайлап оншақты бала жүгіріп келді. Еріксіз тоқтадым. Қарап тұрсам, Сербатырдың екі қалтасы толған конфет екен, соны балаларға үлестіріп беріп жатыр. Кимелеп алдыға шыққан бір балаларға Сербатыр: әй, қарі ит, сен тоқтай тұр артынан аласың – десе, әлгі бала сол сөзге тоқтап, күтіп тұрғанын көргенім бар. Одан әрі тосып тұруға уақытыңыз, мен жұмысқа кеттім, Сербатыр жұмысқа 10-15 минуттай кешігіп келді. Осындай үлкенді қойып, балаға деген сүйіспеншілігіне таң қаласың. Міне, осыдан кейін Сербатырды сырты нұрлы, іші сырлы азамат демей не дейсің. Ол істің ретін де білетін, адамдармен тіл табыса алатын, кісілігімен, кішілігімен жақсы адамдар сыр ғып, жыр ғып айтатын.

Сербатыр жаны жомарт, жолы биік, ақиық азамат жалтаны жоқ жан дүниесін жазбай танысың. Жүрегі кең, жаны жайсаң азамат еді. Ол адамдар мен адамдар арасын жақындатуға, жүректер мен жүректер арасына көпір орнатуға даяр тұрушы еді. Кәрім екеуміздің де қалыңдығымызды алуда үлкен еңбек сіңіріп, күйеу жолдас болып, қосылуымызға көпір болған осы Сербатыр болатын. Осындай қимас досымыз қатты науқасқа шалдыққанда

аурудың меңдеген кейінгі жұмасында Кәрім екеуміз жұмыстан кейін көңілін аулап келіп-кетіп жүрдік. Соның бір ақырғы күндері қатты шөлдеп тұрмын мұз керек дегеннен кейін, май заводына барып мұз әкеліп бердік. Сол кездегі май заводының директоры Рахымжанов Сағындық еді. Соның ертеңінде суық хабар алып 1965 жылы маусым айында өмірде айрылмастай болған досымызбен мәңгілікке қоштастық. Туған ел, өскен жерінің киелі топырағы бұйырды. Артында жылап жан жары Күлбағыш қалды. Бейбіті жас, Арманы өзі дүние салғаннан кейін өмірге келді. Бұған да жарты ғасырға жуық уақыт өте шығыпты. Жан жары Күлбағыш қай қиындықта да қабырғасы қайыспай, өмірдің талай сынында майыспай, сынбай өнегелі өмір сүріп келе жатқан қазақтың сабырлы да салмақты, қайратты да қайсар аналарының бірі деуге болады. Осы уақытқа дейін Сербатырдың шаңырағын шайқалтпай, түтінін түзу шығарып ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған асыл ана. Бүгінгі таңда немерелерін өсіріп жеткізіп, ұрпақ қызығын көріп отыр. Қазақтың «орнында бар оңалар» дегені осы болар. Күлбағыш тек жанұяның ғана емес, қаншама жас өскінге дәріс беріп, қанаттандырып ұшырып отырған ардагер ұстаз.



Мирлан Карлұлы Әбілмәжинов



Мирлан /Мико/ Карлұлы Әбілмәжинов 27 желтоқсан 1974 жылы бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген.

1981 жылы Ақсуат орта мектебінің бірінші сыныбына барып, 1991 жылы 10 сыныпты оқып бітіреді. Он жылдықты бітіргеннен кейін көп ұзамай отбасын құрып шаңырақ көтереді. Үй болып шаңырақ көтергеннен кейін жанұяны асырау керек. Бұл тұс еліміз егемендік алған жылдарға тұспа-тұс келді. Алғашқы жылдары елдің маңдайы шалқып кетпегені баршаға аян.

Ауылдағы жұрт қорадағы малынан айырылып, дүкен сөрелері бос қалып, ел экономикасы күрделі жағдайға тап болып, жұмыссыздық көбейді. Халық қатты күйзеліске түсті Сол бір кезде Мирлан жанұясымен ақылдаса келе саудамен, үй жанынан көкеніс өсірумен айланысуға бел шешті. Ала дорба арқалған аруларымыз бен азаматтарымыздың арасына барып қосылды. Алғашында үй жанындағы көкеністен өндірілген картоп, сәбіз, сарымсақ т.б. өнімдерді жайма базарда сатып саудалары еңбектерін ақтап өз жемісін берді.

«Түстік өмірің болса, кештік мал жина», «Тамшыдан тама берсе дария болар» демей ме халқымыз. Мико бұл кәсіппен тоқтап тұрмай, шағын қожалық құрып, асыл тұқымды ірі қара, жылқы, қой өсіреді. Тіпті асыл тұқымды жылқының жүйрігін де ұстап, құс өсіріп иттің түлкі алатын тазысы мен қасқыр алатын төбетін қолға ұстаған азамат болатын. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында барлықтың да, байлықтың да тұтқасын ұстауға жетеді. Шаруашылығын дөңгелетіп ұстаған азамат білім алуды да естен шығармай жоғарғы оқу орнына түсіп шаруашылығын да қоса атқара жүріп зейнетақы төлеу мекмесіне жұмысқа орналасады. Өмірінің соңына дейін осы зейнетақы төлеу орталығында жұмыс істейді. Дүние тұрмас тұрақтап дегендейін іскер де парасатты бағалы азамат қапияда намыстан жанып 12 тамыз 2009 жылы 35

жасында дүниеден өтті. «Басы шаттық дүниенің ақыры қайғы бір ойбай» дегендей бір жарқ етіп өмірден өте шыққан деген осы.

Көзі тірісінде замандастарының арасында шоқтығы биік сыйлы да, құрметті азаматтың бірі болды. Қандай да бір тентек, мінезі шадыр, азаматтарды Миконың мысы басып тұрушы еді деп достары еске алады.

Миконың тірі күнінде байқала бермейтін ақындық өнері бар екенінде қайтыс болардағы қойын кітапшасында жазылған мына бір «мінез» деген өлең дәлелдеп тұрғандай:

Мінез

*Туыспен қарсы қойма бір өзіңді,
Байқамай болып жүрме тірі езінді.
Сыйлы болып төрден орын алам десең,
Әуелі түзеп алғын мінезіңді.
Түбіне дүниенің ешкім жетпес,
Алдағы өміріңе көзің жетпес,
Сыйлай біл үйге келген туысыңды,
Оған сенің қарағым түгің кетпес.
Есерлік естен кетпес жасыңдағы,
Бақытты болжау қиын басыңдағы.
Ерттеулі тұлпар аттай белдеудегі,*

Туыстың қадірін біл қасыңдағы - деген өлең жолдары қасыңдағы жарына аңғартқандай жазылғанға ұқсайды. Осындай ақынжанды тумысынан сұңғыла азаматтың, өзіне де арналып естелік жазылатынын қайдан білсін.

Мирлан дүниеден өткеніне 40 күн болғанда туыстары (Аманкүл Әбілмәжінов, Ахметов әулеттері) төмендегідей естелік жазыпты:

*Әулеттің арқа сүйер ұлы едің,
Жігіттердің сұлтанының бірі едің.
Көрсем деген бала-шаға қызығын,
Орындалмай қалды – ау шіркін тілегің.
Аңқылдаған аққөңіл ең, нар едің,
Арманыма жетсем деген жан едің.
Өзегіңді өкінішпен өртке орап,
Басқа салды-ау, тағдыр талай әлегін.
Азамат ең асауменен алысқан,*

*Ақ жүректер адалдықпен табысқан
Көк аспаннан ағып түскен жұлдыздай,
Қапияда жанып кеттің намыстан.
Жүректерді қайғы – мұңмен жандырдың,
Анашыңды ақыл-естен тандырдың.
Үміт күткен төрт құлыншақ балаңды,
Сұм жалғанда кімге сеніп қалдырдың?!*

«Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» – дегендей, «ажалға себеп болыпты-ау, намыстың қатты ағысы», «Уа, тура келген ажалға, айтатұғын сөз бар ма?, бағынбайтын Аллаға басып өтер зор бар ма?!» – деп айтылғандай Алланың жазуына қанша ауыр болса да көнесің.

«Ұшқыр уақыт ұрланып өтер, өткен жан жүрегіңді тіліп-өтер» дегендей, анасы Күләштің ауыр қайғысына үлкен-кіші қабырғалары қайыса ортақтасты. «Артында інің, қарындасың, ағаң, балаларың бар» - деп жұбатқанымыз - ау. Бірақ дүниеге келген әр баланың өз орны бар ғой.

Ал, ағайын, туыс, достары түгіл сырт ағайынның санасына орныққан Миконың тіршіліктегі орны бөлек қой.

Миконың өмірінің келте болғаны өзекті өртейтін өкініш. Алайда, артында қалған ұлың Әбілсейіт, қыздарың: Айғаным, Тоты, Диналар аман болып, атыңа кір келтірмей, өзің секілді ақкөңіл, көпшіл, бауырмал, мәрт мінезді болып өсулерін Алла нәсіп етсін! «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей Миконың бұл дүниеде жетпеген белестеріне, арман мақсаттарына Алла тағала осы артында қалған ұрпақтарын жеткізсін.

*Қимайтұғын жан едің зой өлімге,
Құштар едің мынау жарқын өмірге.
Қыршын кеттің, амал қанша қайран жоқ,
Мәңгілікке жүзің қалар көңілде.*

Алла артқы ұрпағыңа, туыстарыңа береке беріп, жатқан жерің мамық, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, орның жұмақтың төрінен болсын. Бақұл бол бауырым!



Ақсуаттың ардагер азаматы

Смағұлов Сәкенбек Малгаждарұлы 1950 жылы 9 шілде де бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданы Қызыл Кесік ауылының Көктөбе деген жерінде дүниеге келген. 1957 жылы үлкенді де, кішіні де сыйлауға үйретіп, тағылым тәрбие берген, өзі оқыған Қызыл-Кесік ауылындағы А.М. Киров атындағы орта мектебіне барып, 1968 жылы бітіріп шығады. 1968 жылы Семей «Аң-тері» техникумына түсіп, 1971 жылы тамамдап ауылына оралады. 1971-1973 жылдар аралығында армия қатарында болып, Хабаров өлкесіндегі Красная речка қаласында сержанттар даярлайтын мектепті бітіргеннен кейін, Комсомольск қаласының ішкі әскери бөлімінде бастапқыда кіші, кейіннен аға сержант дәрежесіне көтеріліп бөлім командирі қызметін атқарады. 1973 жылдың тамыз айынан бастап Ақсуат мұнай базасында оператор болып жұмыс істейді.



«Ойлы адам орнықты келеді, озбыр адам зорлықты келеді» - дегендей табиғаты өте сабырлы, уақытпен санаспай, салмағы зор, жауапкершілігі мол міндеттерін мүлтіксіз атқарған Сәкенбек 1978 жылдан бастап мекеме басшысының орынбасары болып қызмет істейді. Осы қызметте істей жүріп мұнай базасының жұмысының қыр-сырын ұғып жан-жақты білімді маман болды. Осындай іскерлігімен көзге түскен Сәкенбек сол кездегі мұнай базасына басшылық ететін өкілетті орган басшысының ұсынысымен 1985 жылдың қараша айынын бастап Ақсуат мұнай базасының директорлығы қызметінің тізгінін ұстайды. Мұнай базасының жұмысы өте күрделі, іскерлік қабілетті талап ететін өте маңызды жұмыс болатын. Олай дейтінім сол кездегі бүкіл аудан мекемелері мен ауданға қарасты сегіз совхозды жанар жағар маймен қамтамасыз ету осы мұнай базасының мойнында болды.

Жоғарыда аталған мекемелер мен совхоздардың, оның сыртында жеке меншік жанар жағар маймен жүретін техникалардың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ететін «күре тамыры» да осы мұнай

базасы болды. Онымен қоса мемлекеттік қордың да иелігін нысанды жұмсау жауапкершілігін осы мұнай базасы атқаратын.

Мемлекеттік қорды жұмсау сол кездегі министрлер кеңесінің төрағасының рұқсатымен ғана жұмсалатын. Осы қордағы жанар-жағар майдың құпиясын берік сақтап, мақсатты түрде пайдалану ережесін қолдана білген Сәкенбек, сол кездегі қарулы күштердің жаттығуларға қатынасқан алып техникаларын жанар жағар маймен мүлтіксіз қамтамасыз етіп әскери жаттығулардың жоғары дәрежеде өтуіне үлес қосқан азаматтың бірі және бірегелі деп айтуға болады.

Сексенінші жылдардың ортасында «Жалғыз төбе» темір жол стансасынан «Ақжол» руднигі мен бұрынғы Карл Маркс совхозы территориясы арқылы Зайсанға темір жол және тас жол тарту жобасына байланысты бұрынғы Карл-Маркс совхозынан, облыстық мұнай базасының монтаждау бригадасы жанар жағар май стансасын салуда, осы станса құрылысы аяқталғанша сол кездегі мұнай базасына басшылық ететін аудандық атқару комитетінің орынбасарының басшылығымен Сәкенбек басы қасында болды. Жанар жағар май стансасының құрылысы аяқталып пайдалануға берілгеннен кейін, ол бас операторлыққа сол жердің тұрғыны Ұлы отан соғысының ардагері Смағұлов Сағындықтың баласы Сағындықов Қойшыбекті қабылдап кезекшілікке 2-3 адамды алып жанар-жағар май станциясын ашып жұмысқа қосқан болатын. Сол жанар-жағар май станциясы мемлекеттік меншікті жекешелендіру нарығы кезінде жұмысын тоқтатты.

Сол кезде Сәкенбек өзіне тапсырылған қандай жұмыс болмасын оған өте жауапкершілікпен қарап, партия, совет, мемлекет саясатын жүзеге асыруға бар күш қайратын білімін жұмсайтындығына көзім жетіп еді.

Сонымен қоса «Қызыл кесіктен», «XXII партия съезі атындағы» совхоздан, «Жәңтікей» ауылынан жеке меншікке арналған жанар жағар май сататын станцияларын ашып, пайдалануға берген болатын. Тоқсаныншы жылдардағы қайта құру, жекешелендіру нарығы кезіндегі жанар жағар майдың тапшы болуына қарамастан, мұнай базасының жұмысын өте жетік білетіндіктен 2000 жылы мұнай базасы жабылғанға дейін бұрынғы мұнай базасына қарайтын мекемелермен өндіріс орындарының

ырғакты жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызып отырды. Нарықтың қатты қыспағына енген шақтарда, жедел жәрдем, өрт сөндіру, жол жөндеу техникалары мен апатты жағдайда пайдаланатын техникалардың тоқтаусыз жүріп тұруына бар күш жігерін жұмсап аянбай еңбек етті.

Еңбек бәрін жеңеді, бақытқа жеткізеді, шабытқа кенелтеді дегендей кейінгі жастарға үлгі боларлықтай адал еңбек етіп маңдай терімен ел құрметіне бөленген азаматтарымыз ауданымызда баршылық. Солардың бірі көп жылдар мұнай базасында директор болып қызмет еткен Сәкенбектің есімі еліне мәлім. Туған халқының зор сеніміне ие болған, үлкен құрметке бөленген мұнай базасының тізгінін ұзақ жыл ұстаған танымал азамат.

Сәкенбек аса кішіпейіл, иман жүзді, қадірлі, ел арасында абыройлы, сертке берік, екі сөйлемейтін, ел игілігі үшін адал еңбек ететін азамат.

Кезінде өз жұмысын жоспарлы түрде басқарып, қарапайым жұмысшыларға алаңсыз жұмыс жасайтын мүмкіндіктер туғызып, бәрімен ортақ тіл табысып, берекелі іс тындыру Сәкенбек сияқты іскер ұйымдастырушылық қабілеті мықты азаматтың ғана қолынан келетін еді. Сәкенбек өз қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын өте еңбекқор, тынымсыз еңбек етіп, өзгеге де талап қойып жұмыс істете алатын жан-жақты қабілетті, абырой беделі биік тұлға. Сонымен қатар қарауындағыларға ақыл айтып, қол үшін беріп, көмектесіп отыру оған тән қасиет болатын. Кезінде қарауында жұмыс істеген соғыс ардагері Ахметқалиев Дәлел, мұнай базасының күзетшісі болып жұмыс істеген Хасенов Рафаэль, мекеменің бас есепшісі Сапарова Гулбаршын, екінші есепшісі Сейфуллина Сабира, бас оператор Рахымбаев Құмарбекке, оператор болып істеген Таласбаев Мәутбек, мекеме электригі Көшербаев Ержан, жүргізуші Бияхметов Әдилерді мекеменің есебінен тұрғын үймен қамтамасыз еткен іскер де қайырымды азаматтың бірі.

Мекемедегі тәртіп, тазалық, ұқыптылық қатты ұсталатын. Бұл әрине өз басы өте жоғары мәдениетті Сәкенбектің еңбегінің нәтижесі деуге болатын.

Сәкенбек алдына көмек сұрай барғандарды құр жібермеуге тырысатын азамат еді. Осы әңгімеге орай Сәкенбек Ұлы Отан

соғысынан оралмаған Бейсен деген ағасының жазған хатын осы уақытқа дейін бойтұмардай сақтап жүреді екен. Сол хаттың мәтінін жаза кетуді жөн көрдім:

Малгаждардын баласы Бейсеннің соғыста жүргенде ауылына жазған хаты:

Қайтейін қайран жұртым қалдың кейін,
Жүрегім жұртым демей мен не дейін
Атамның жайлы қоныс Сарыарқасы
Сағынып жүрегімнен жыр төгейін.
Дондағұл атам едің отыз ауыл
Найманға о да болған үлкен сауық
Тараған қайран атам кіндігінен,
Бұл күнде қайда кеттің аға- бауыр.
Тарап ек қайран әкем кіндігіңнен
Найманға дінін ашқан Шалқажы ата
Айналдым Шалқажы ата аруағыңнан.
Ішінен бір терең су балық көрдім
Көп екен көзді тігіп анық көрдім
Алмақ боп менен бұрын Әшім қазан
Таласпен суға тұзақ салып бердім
Сол жерде аяқ тайып құлап кеттім.
Қыдеке (Қыдырмолла) ұстай бер деп жылап кеттім
Аруағы Би бабамның жар болғай деп
Алладан иманымды сұрап кеттім.

Осындай жазылған хаттардың да әсері болар, дегенмен халқымыз «жомарттың қолы алтын» дегендей Сәкенбектің жүрегі дархан, елге жаны ашитын, үлкенді аға тұтатын, кішіні іні деп сыйлай білетін азамат. Әсіресе нарықтың қыспаққа алып тұрған алғашқы жылдарында Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлерінің көлікпен жүріп тұруына қол үшін беріп көмек көрсеткен азаматты, осындай қасиеті арқылы да өз тұрғысынан дара тұр деуге болады.

2000 жылы Ақсуат мұнай базасы жабылғаннан кейін өзі тәрбие берген, қарауында істеген азаматтарға қамқорлық көрсетіп, өзінен кейінгі жастарды тәрбиелеп Сапарова Гулбаршынға бұрынғы жанар жағар май станциясын жекешелендіріп беріп. Разханова Кулмәкеннің балаларын АЗС ашып алуларына ақыл кеңес беріп, Мұқышев Серік пен Байтемиров Ерболды кәсіп-

керлікке баулып, Көшербаев Ержанды әскери комиссариатқа орналасуға көмек жасапты. Өзі де жанар жағар май станциясын ашып, одан кейін сауда дүкенін ашып, ауыл ақсақалдарын жинап лентасын қиярда жиналғандардың ішінен біреуі:

Ел айтса айтқандай-ақ, мінез қандай,

Дүкені Сәкенбектің заманға сай,

Ішінде неше түрлі дүние бар

Бағасы көтерілмей қалыпта тұр

Товарына қалтаңнан аз шығар нұр

Көмек қой аз да болса халыққа бұл- деген жүрек

жарды тілегін айтыпты.

Міне Сәкенбек осындай халқына сыйлы, еңбегімен тер төгіп шыңға шыққан азаматтың бірі. 2010 жылдың қаңтар айынан 2013 жылдың қазан айына дейін Қазавтодор Ақсуат аудандық жол мекемесін басқарды. Қазмемлекеттік жолдардың Қарағанды-Аягөз-Боғас жолдарының 800 километрінен 941 километріне дейінгі 141 шақырым жол оның қарауында болды.

Өзі істеген бұл салада да жұмысшы қызметкерлермен бірге жақсы тіл табысып, жемісті еңбек етті.

«Демалысы үскірік аяз бен қар,

Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» - деп данышпан Абай айтқандай, 2010 жылдың табиғат тосын мінез көрсеткен қатаң қысында үш ай бойы үйін көрмей қалың қар бұғауында қалған адамдарды аман алып қалу, машиналарды қардан шығару, жол ашу жұмыстарында қиындыққа қарамай аянбай еңбек етті. Қар ерігеннен кейінгі жолды жырымдап кеткен жерлерді қалпына келтіру, ағымдағы жолды жөндеу де онайлыққа түскен жоқ.

Сәкенбек қандай қызметтерді атқармасын әрдайым өзінің кішіпейілділігі, еңбек сүйгіштігі және адалдылығы, талап қойғыш тиянақтылығы, жауапкершілікті терең сезінгенімен елге беделін арттырып танымал болды. Ұзақ жылғы жемісті еңбегінің нәтижесінде мақтау мен марапаттан да кенде болған жоқ.

Жұбайы Жунусова Бақытжан Сәкенбектің шаңырағының бесігін тербеткен, ұрпағын өсірген, ошағының отын жаққан, шаңырағын көтерген, керегесін ұстаған балаларының бағытын байқап, Сәкенбекке құндыздай екі қыз, жұлдыздай төрт ұл әкеліп мәпелеп өсірген ұлағатты ананың бірі. Ұлдары мен қыздарын адалдықпен

еңбекке баулыған, ұлдарын ұяға қыздарын қияға қондырған әулеттің ұрпақтары да еліміздің білімді азаматтарының санатында.

Қыздары: Ақерке Ішкі Істер бөлімінде бас есепші болып қызмет атқарса, ал Ақмарал Семей қаласында Қорғаныс бөлімінде жұмыс істейді.

Ұлдары: Серікбек Тарбағатай аудындық құрылыс бөлімінің бас маманы, Бақытбек капитан шенінде, ішкі істер бөлімінде қызмет етеді, Еренбек Ақтөбе қаласында қаржы полициясында қызмет атқарады, кенжесі Ерасылбек Қайнар университетінің заң факультетінің студенті.

Әке өмірін жалғастыратын балалардың міндеті, әке атына кір келтірмей, адал еңбегімен халыққа қызмет ету екенін есінде ұстағаны абзал.



Даңқты балуан Қайырбек Дүрмекбаев туралы

Абай тойында бас балуан атанған Тельмандық Қайырбек Дүрмекбаев 1949 жылы Абай ауданы, Саржал ауылында дүниеге келген. Саржал ауылының ірге тасын қаласқан Дүрмекбай ақсақалдың бес баласының кенжесі болған ол бала кезінен алғыр да зерек, ат құлағында ойнап, еңбекке ерте араласып мектеп атты білім бұлағынан да қатарластарынан қалмай сусындап өсті. 1966 жылы педагогикалық институттың тарих факультетіне оқуға түседі. Институт қабырғасында Қайырбек тек білім алып, бағдарламадағы пәндерді оқумен ғана шектеліп қалмады. Бойды кернеген бұла күш өзінің іске жұмсайтын арнасын іздеді. Жас жігіт оны кейін өмірлік құштарлығы, сүйікті ісіне айналған таңдау жолы - күрес өнерінен тапты. Қазақтың қай баласы болса да, әсіресе ауыл балалары көптеген спорт түрлері ішінен күрес десе ішкен асын жерге қоятыны белгілі. Соның бірі Қайырбек болды. Әрине, армандау, талаптану бар да, қолға алған істен нәтиже шығару бар. Сол жылдары Семейде жаңа күрес түрі – самбоньң атағы дүркіреп тұрды. Оған басты бапкер болған - Ақсуат ауданынан шыққан Марат Имашев еді. Ол кісі қазақ жастары арасынан шыққан тұңғыш спорт шебері, Москва қаласы мен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы болған талантты азамат болатын. Марат ашқан самбо секциясына Қайырбек те жазылып, күрес әліппесін үйрене бастайды. Бұл 1966 жылдың күзі болатын. Тұлғасы да таудай, бойы 185 см болатын, табиғатынан спортқа бейім жасты батылдық пен естілікті, шымырлықты қажет ететін самбо күресі бірден баурап алды. Ұдайы талмастан жүрген жаттығулар арқасында ол бірте-бірте әр түрлі әдіс-айланы тез меңгеріп, шеберлігін арттыра түсті. Тіпті жарты жыл өтпей облыс құрамасы сапында Кентау қаласында өткен Республикалық жарысқа да қатысады.

Бірақ көп ұзамай алғашқы бапкері М.Имашев Украинада өткен жарыста аяқ астынан қайтыс болады. Сөйтіп, 1967 жылдан



бастап ол кісінің орнына келген тәжірибелі бапкер Төлеухан Әміржановтың басшылығымен жаттығады. Ол кісі туралы Қайырбек: – Мені осы самбоға баулығаны, шыңдап жетілдіргені, алуан түрлі әдістерді қажымай, табандылықпен үйреткені үшін өз бапкерім болған Төлеухан ағаға борыштымын. Бүгінде марқұм болған Төкенді әр уақытта тек жақсылық сезіммен еске аламын, – дейді. Шынында Т.Әміржановтың қажырлы еңбегі, ақыл-кеңестері арқасында алғыр шәкірт алғашқы табыстарға да жете бастайды: 1969 жылдың жазында Қайырбек Семейде өткен «Динамо» ерікті спорт қоғамының Республикалық біріншілігінде чемпион атанды. Ал бүкілқазақстандық студенттер ойындары аясында өткен самбодан жарысында қатарынан үш жыл (1968-1970) топ жарып жеңімпаз атанды.

Қазақстан біріншіліктерінде де көзге түсе бастайды. Республиканың таңдаулы балуандарымен күш сынасып, жас та болса қайратын көрсеткен сәттер көбейді. Одақтық жарыстардың жүлдегері, Қазақстанның үш дүркін чемпионы, ҚСРО спорт шебері Евгений Волгинмен өткен тартысты жекпе-жекте тең түседі. 1970 жылы Томск қаласында өткізілген РСФСР-дің жекелей ашық біріншілігіне қатысып, тек финалдық кездесуде Свердловскіден келген спорт шебері И.Антоновқа ғана жол береді. Сөйтіп жартылай ауыр салмақта күміс жүлдеге қол жеткізеді. Жарыс сайын шеберлігі арта түскен Қайырбек 1969 жылы Алматы облысы Шелек ауданында қазақша күрестен «Айханов» ережесі бойынша өткен Қазақстан біріншілігінде екінші орынға ие болады. Жарыс жүлдесін атақты еркін күрес шебері ҚСРО чемпионы Әбілсейіт Айхановтың өзі тапсырады. Боз кілемнің тарланы жас спортшыға ризашылығын білдіріп, сәттіліктер тілейді. Осы жарыста Қайырбек талай қарсыласын тік көтеріп әкетіп, табанын жерге тигізбей үйіріп тастайтын әдісімен кілемге сылқ еткізіп бірақ соғады. Сол жолы оған әріптестері мен жанкүйерлері «домкрат» деген ат қойып, күш-қайратына тәнті болады.

Сөйтіп, спортта біршама табыстарға жеткен ол 1970 жылы институтты бітіріп, Семейдегі қалалық жасөспірімдердің спорт мектебіне жаттықтырушы болып еңбек жолын бастады. Сол жылдың күзінде әскер қатарына шақырылды. Алматыда орналасқан әскери бөлімнің спорт ротасына қабылданған

Қайырбек бара салып орта Азия әскери округінің еркін күрестен біріншілігіне қатысты. Бұған дейін самбо мен қазақша күресті еркін меңгерген талапты жасқа еркін күрес те онша қиындық келтірмеді. Алғыр балуан ауыр салмақта күресіп, ешкімге дес бермей чемпион атанды. Мұндай додада бірінші күрескеніне карамай спорт шеберлігіне кандидаттың нормасын орындады, яғни еркін күрес бойынша.

Әскер қатарында борышын атқарып жүргенмен Қайырбек жаттығуларын үзбей түрлі жарыстарға қатысып жүрді. Бір күні ол мүлде күтпеген жағдай болды. Әскери бөлімнің командирі полковник шақырады дегенге, – аякастынан не болып калды, – деп қобалжи барады. Сөйтсе, Орта Азия әскери округінің қолбасшысы армия генералы Лященконың арнайы бұйрығы шыққан екен. Қ.Дүрмекбаевқа тікелей байланысты оның мәнісі – Семей облысының спорт комитетінің басшылары Абайдың туғанына 125 жыл толуына байланысты 1971 жылдың мамыр айында Қарауылда өтетін тойда қазақша күрестен Республикалық сайыста облыс намысын қорғау үшін өз түлектері Қайырбек Дүрмекбайұлын жарысқа жіберуін сұрайды. Бұл жағдайда Ұлы Отан соғысын бастан өткерген даңқты генерал әрі Республикамыздың Семей өңірінен Одақ Парламентінің депутаты Лященко өзінің мыңдаған сайлаушыларының тілегі деп қабыл алады. Сөздің тоқетері генералдың бұйрығын қолға ұстаған Қайырбектің жүрегі алып-ұшып елге жетеді. Алдымен туған жері Саржалға жетіп ата-анасы, туған-туыс жолдастарымен қауышып, ақсақалдардың батасын алып, Қарауылға бет алады.

Абай тойына еліміздің түкпір-түкпірінен қазақша күрестің жілігін шағып майын ішкен небір марқасқалары жиналды. Бұл кезде Қайырбектің шеберлігі әбден толысып, талай жарыстардан жүлде алып, салмағының өзі 120 кг-ға жетіп, нағыз нар тұлға, ауыр салмақтың барлық талабына сай келетін балуан мынау деген деңгейге жеткен шағы болатын. Қайырбектің қалай күрескенін, сол кездегі кілемде қалыптасқан ахуалды баяндауды бірге күрескен командалас серігі спорт шебері Фибрат Ибрагимовке бергенді жөн көрдім.

Балуандар бәсекесі мамырдың 30-31 күндері Қарауылтөбенің баурайында өтті. Оған Семей облысы, Павлодар, Талдықорған,

Өскемен және т.б. жерлерден 80-90 балуан қатысты. Төрт категорияда күш сынастық. 70 кг салмаққа дейін Шұбартаулық Дәлел дейтін жігіт чемпион атанды. 80 кг салмақта мен жеңдім. 90 кг дейінгі салмақта Бекежан Жұмажанов (Ақсуат), ал 90 кг жоғары салмақта Қайырбек Дүрмекбаев жеңімпаз атанды. Жарыстын екінші күні түс ауа түйе балуандыққа сайыс басталды, оған 15-ке таяу балуан түсті. Менің салмағым ол кезде 70-72 кг болатын. Қайырбек досым қолқалап бақ сына деген соң мен де абсолюттік чемпиондыққа түстім. Өйткені, Қайырбек екеуміз институтта тарих факультетінде бір топта бірге оқыдық. Екеуміз де Марат Имашевтің шәкіртіміз. Мен жартылай финалға шығарда Алматы жақтың бейтаныс бір жігітінен ұтылып жарыстан шығып қалдым. Ендігі үміт Қайырбек доста қалды. Ол бабында, спорттық формасы жоғары деңгейде еді. Жартылай финалда бәрін таза ұтып шықты. Жартылай финалдағы қарсыласы облыс чемпионы өте мықты Бекежан Жұмажанов деген балуан еді. Белдесу өте тартысты өтіп. Қайырбек ұпай санымен жеңіске жетті. Финалдық кездесу одан да ауыр болды. Төреші қазіргі атакты жазушы Роллан Сейсенбаев болатын. Қарсыласы мен ұтылған әлгі бейтаныс жігіт болатын. Әдіс-айласын білмейміз, ұзын бойлы қара жігіт еді. Қайырбекті басында ұпай санымен жеңіп жатты. Қатты састық. Алайда досым жерге қаратпады. Белдесу аяқталар сәтте Қайырбек өзінің атакты әдісін қолданды. Әлгі жігітті белден көтеріп алып, кеуде тұсына дейін көтеріп иіріп лақтырғанда, жауырынымен жер қаптырды. Сол кездегі жанкүйерлердің қуанышын көрсеңіз! Айғайлаған у-шу қошеметтен дала жаңғырады. Міне, қарағым, бұл тарихи есте қалатын белдесу осылай болған.

Туған жердегі жеңіс жаңа жетістіктерге жол ашты. 1972 жылдың ақпанында самбодан космонавтар Добровольский, Волков, Пацаев атындағы Бүкілодақтық турнир өтті. Бұл жарысқа 8 одақтас республиканың мықты деген самбошылары қатысты. Белдесулер барысын Қайырбекпен бірге Семей облысынын намысын бірге қорғаған спорт шебері Рашид Сапарғалиевтың аузынан естідік. Бұл жарысқа 300-дей балуандар келген. Оның ішінде алпыстай спорт шеберлері, үш жүздей спорт шеберлігіне кандидаттар болды. Қайырбек ауыр салмақта күресті. Басқа салмақтың бәрі бір төбе де, ауыр салмақтың орны бір төбе.

Жарыста ауыр салмақты он алты адам екі топқа бөлініп күш сынасты. Олардың арасында 3 спорт шебері болды. Қайырбек осы топта күш сынасып, бірінші Шорановпен, екінші Соколовпен кездесіп, екеуінде ұпай санымен, ал Башкириялық спорт шебері Ярулинді сәл ғана басымдықпен ұтты. Сөйтіп, жартылай финалға шыққан жерлесіміз Өзбекстандық спорт шебері Саидовпен текетіреске шықты. Арпалысқан бұл айкаста тәжірибесі мол Саидов сәл басымдықпен ақырғы минутта жеңіске жетті. Сонымен үшінші орынға табан тіреген Қайырбек қола медальды кеудесіне тақты. Ең басты олжа, яғни Қайырбек үшін бұл жетістік – ҚСРО спорт шебері атағына ие болды. Самбодан мұндай атаққа өзінің ұстазы М.Имашевтан басқа ешкім жетпеген кез еді бұл.

Үлкен спорттан кейін Қайырбек туған ауылына оралып, орта мектепте мұғалім, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, ауыл әкімі қызметтерін абыроймен атқарды. Спортын да ұмытпады. Ауыл жастарына күрестің қыр-сырын үйретіп, жаттықтырды. Олардың арасынан кейін облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі төреші Бейсен Төлеубаев, спорт шебері Бегалы Жұмасияновтар шықты. Ал Берік Қанапин болса қазақша күрестен Қазақстан чемпионы, «Түйе балуан» атанып 2007 жылы Ташкентте самбодан ардагерлер арасында әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Міне, бұл республикамызда қазақша күрес пен самбо өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып, айшықты із қалдырған, ауыл-аймағының абыройлы азаматы Қайырбек Дүрмекбайұлының өмір жолының өнеге боларлық кейбір сәттерінен ақтарылған ақжарма көңіл толғанысы еді. Оның тағылым боларлық тұстарын оқырманның өзі бағалап, ой санасына сіңіретін деген сенімдеміз.

Даңқты балуан, ұлағатты ұстаз, еңбек және спорт ардагері, самбо күресінен ҚСРО спорт шебері Қайырбек Дүрмекбаевты еске алып, өлеңмен өрсек:

Абай елі тындашы,
Жайылған кеңге құлашы.
Тарбағатай, Шыңғыстау,
Шежірелі десек дұрыс-ау.
Бөле-жармай Абайды,
Ақсуат жақын санайды.

Батырлар мен ақындар,
Ауылдан шығып тарайды.
Қарауылдай құтты өлкеден,
Дарындар шыққан көптеген
Дүрмекбаев Қайырбек
Даңқты балуан ел сенген.

Биік шыққан тауы да,
Сыйлы азамат қауымға.
Дүниеге Қайырбек келіпті,
Абайдың Саржал ауылында.
Қайырбек балуан Алладан,
Медет сұрап талмаған.
Елі атақты Тобықты,
Самұрықтай самғаған.
Шақар менен Сағындық
Базар және Дүрмекбай
Ермекбай мен Оразбай
Одан кейін Нұрлыбек
Аталары Қазыбек.
Балуанның бапкері,
Имашев Марат нақты еді.
Ақсуаттың түлегі,
Талай бәйге алып келді.
Мұғалім болған Қайырбек,
Парасатты пәк көңіл.
ҚСРО спорт шебері,
Бұршақтап төккен ақ терді.
Күресіп қадам басты өрге,
Алматыда әскерде,

Жүргенде Абай тойына
Шақырылып Қайырбек жетті
елге.

Білімді де, ойлы да,
Тасыған күші бойында.
Қайырбек балуан Абайдың
Жүз елу жылдық тойында.
Аталған даусыз бас балуан,
Шын мықты жеңбей қойсын
ба?

Жаттығу жасап пайдалы,
Меңгеріп әдіс айланы
Шеберлігін шыңдады
Қанжығасы майланды.
Шыңғыстаудың шынары,
Қарауылдың қыраны.
Қайырбекті әркез Ақсуат,
Еске алып тұрады.
Жеңіске жеткен сан дүркін,
Боз кілемде сындарлы.
Ұмытылмас қазақ балуаны,
Қайырбектей тау тұлғалы!



Ауданда экономист сегіз едік

17 желтоқсан 1970 жыл Семей қаласы

Облыстық экономикалық семинар-кеңеске қатысушылар



Ақсуат ауданының экономистер тобы

1-қатар солдан оңға қарай:

1.Рахимбаев Нурмахмет – Сұлутал совхозының бас экономисті

2.Турлыбеков Қадыр – Ақсуат ауданының жоспарлау-экономикалық бөлімінің бастығы

3.Ахметова Афлиха – Ақсуат совхозының бас экономисті

4.Нұрғалиев Төлеуғазы – Комсомол совхозының бас экономисті

5. Кайырханов Мәлік – Амангелді совхозының бас экономисті.

2-қатар

6.Қалимжанов Тұрарбек – Ленин жолы совхозының бас экономисті

7.Абильмажинов Сләмбек – КПСС XXII съезді атындағы совхоздың бас экономисті

8. Адильханов Қалиқан – Сатпаев совхозының бас экономисті

Кезіндегі совхоздар өте ірі, әр совхозда кемінде мыңнан астам адам еңбек ететін өндіріс орындары болды. Одақ кезінде мемлекетке өнімдерді сату бағасы тұрақты болатын. Совхоз өндірісі өзінде өндірілетін өнімдерді мемлекетке сатуда, өнімнің

өзіндік құнын арзандатуға жұмыс істеп, мемлекетке сату бағасымен арадағы айырымнан миллиондап пайда табатын. Міне, осы алынған пайданы совхоздар өз ішіндегі мұқтаждарға пайдаланғаннан тыс, оқу ағарту, денсаулық сақтау, мәдениет салаларына, жеке адамдарға да қомақты қаржымен көмек жасап отыратын. Осындай шараларды іске асыру мақсатында совхоз экономистері бүтін бір шаруашылықтың жыл бойына атқаратын, істелетін жұмыстарын қағаз бетіне түсіріп 110 беттік кітапша етіп тапсыратын «бағдаршамы» болатын. Шаруашылық осы бағдарламада көрсетілген жоспарға сәйкес жұмыс атқаратын және барлық жұмыс түрлері осы жасалған жоспармен талдау жасалынатын. Бұл жасалынған жоспарда қамтылмайтын жұмыс түрі қалмайды: мемлекетке өткізетін өнім түрлері, жер ресурстарын пайдалану, оны өңдеп жақсарту, өндірілетін өнімдердің өзіндік құны, өткен жылдан игерілмей қалған өндіріске кететін шығындар, тұқыммен қамтамасыз ету, тыңайтқыштардың қолданылуы, қолда бар барлық техниканы пайдалану және ремонт жұмыстарына кететін шығында, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан алынатын өнімдер, мал басының өсімі, оған қажетті азықтар, мал өнімдері мен егін шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны, қосымша шаруашылықтар мен оның өндірілген өнімдерінің өзіндік құндары, шаруашылыққа ғылым мен техниканың озық әдістерін енгізу. Шаруашылықтағы жұдырықтай темірден бастап ірі теникаға дейінгі тозу құны анықталып, ағымдағы жөндеу жұмыстарының шығындары анықталатын. Совхозда еңбек ететін адам күштері, оған кететін жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық шығындары, ұжымның әлеуметтік даму жоспары (тұрғын үй құрылысы, көгалдандыру, қоныстандыру, демалыс орындары және т.б.); жыл қорытындысындағы табыстың есебі, меншікті және айналымдағы қаржылардың нормативті және оны толықтандыру көздері, күрделі қаржы көздері және оны пайдалану жолдары, кіріс пен шығыс балансы, мемлекеттік банктерден қысқаша мерзімді қарыз алу есебі. Жоспар жасауға дайындық маусым айынан басталып желтоқсан айында табыс етілетін жоспардың мазмұны жоғарыдағыдай. Бұл бірінші кезең.

Екінші кезең: осы жасалған жоспарды одан әрі совхоздың фермаларына, қосалқы шаруашылықтарына жеткізу.

Үшінші кезең: Осы шаруашылықта істейтін еңбек адамдарының жыл қорытындысына қосқан үлесін анықтап, кіргізген пайдасы мен зиянын анықтап халықтандыру. Бұл әр адамның қосқан үлесі мен істеген ісін түсіндіре отырып, еңбекке ынталандырудың тиімді жолы болғандығын айта кеткен жөн болар. Ең бастысы халықпен тығыз бірлікте, қоян-қолтық жұмыс істеп шаруашылықты көркейтіп, экономикасын көтеру еді. Бұл әрине қиын да, күрделі де, өте ауыр істелетін жұмыстар болатын. Осындай қиындықтарға қарамастан аудан экономистері совхоздың экономикасын көтеру жолында аянбай еңбек еткен азаматтар еді. Қаншама еңбек етсе де сол экономистердің мақтау, марапатқа ұсынылғандарын естіген емеспін.

Адам қартайған шағында алдынан гөрі артына көп қарайлайтын секілді. Өйткені алдына қараса тұсау бойы қалған өмірін бағамдап, арман үмітінің сағымға сіңіп бара жатқанын көргендей болады да; артына қараса өткен өмірі көңілінде құс жолындай сайрап жатады. Содан кейін ұшы-қиыры жоқ ойлар қаптайды дейсің. Өйткені қарттардың өмірден көргені мен көңілге түйгені көп, есінде қалғаны көрген-білгенін кейінгі ұрпаққа айтып кетсем екен деп тұрады. Көкірегін кернеп тұрған ой-арманын төгіп-төгіп алса, көкірегі жаңбырдан соңғы жұпар ауадай тазарып сала бермей-ме? Кейде мені де осындай ойлар мазалап, көрген-түйгенімді айтып қалғым келіп тұратыны да содан. Сондайда өз-өзіммен мазам кетіп қаламға жүгінетінім бар. Бірде қағазға мынандай жолдар түсіріппін:

Алдымнан гөрі қарадым арт жағыма
Болсадағы сіңгендей ақ сағымға
Көңілімде құс жолындай сайрап жатыр,
Ұшы-қиыры жоқ ойлар қаптағанда.
Ұзақ жылдар өмірден көргенімді
Халқыма қанша көмек бергенімді
Айтып кетсем екен деп жас ұрпаққа,
Менің тұлпар көңілім елегізді.
Көңілімнің жауқазыны солған емес,

Көңілімде, көзімде толған елес.
«Елес» деген естелік парақтасаң,
Естеліксіз тарихта болған емес.
Көкірегімде мол арман,
Төгілсе қуат сол маған
Жұпарлы кәусар көктемдей,
Жадырап жаным дем алам.
Осындай ойлар мазалап,
Қолыма қағаз қалам ап
Өткен өмір жолымды,
Жария еттім жамағат.
Қиындықтар жастық шақтағы,
Қызықты күндер арттағы.
Алыста қалып қойыпты-ау
Көп еді достар мәрт жаны
Жоғарғы оқу орынын,
Бітіріп келген кезімде
Жүздестім жайсаң жандармен,
Дос болды олар өзіме.
Зоотехник жұмыстан,
Еңбек жолым басталды.
Бас экономист те болғанмын,
Сыйлады әркез жас-кәрі.
Аудандық атқару комитетінің
Орынбасары болып әкімнің,
Жүргенімде менімен,
Өткізген бірге әр күнін,
Қызметтес замандастарым.
Ойлаған қамын халқының,
Жоғары адамгершілік
Табылатын бойынан
Замандас әріптестерім,
Кетпейді ылғи ойымнан.
Мың тоғыз жүз жетпістен,
Жетпіс бесінші жылдары.
Бес жылдай астам өзіммен,

Еңбектес болған қырдағы,
Қадыр, Қалихан, Сләмбектер,
Елдің данқын шығарды.
Мәлік пенен Тұрарбек
Афлиха мен Нұрахмет
Қабілетті дарынды
Табиғи мол тағылымы.
Ел еркесі атанған,
Жақсы адамдар барлығы.
Бәріміз қатар келгенбіз,
Экономистік жұмысқа.
Бір ұжымда істедік,
Кенелттік елді ырысқа.
Жалғыз әйел болатын,
Арамызда Афлиха.
Басшының жары болса да,
Кішіпейіл еді соншама.
Қатты айтып, қатты күлмейтін,
Кісімсуді білмейтін,
Қарапайым жан еді,
Еліне құт тілейтін.
Осындай әріптестерінді,
Ұмыта алмайды екенсің.
Сансыз сағынасың да,
Достарға тағзым етесің.
Мұны қазақ салтында,
«Ақіреттік дос» дейді.
Дүние тұрмас тұрақтап,
Өтіпті жылдар жүк артпақ.
Бір түйір ойда болсашы,
Кетерміз деген жырақтап.
Жұмылып еңбек етті ел,
Мол ырыс болсын деп тілер.
Сағыныш болып қалды есте,
Келмеске кеткен көп күндер
Экономист тарландар,

Сәулелі ұрпақ аңғарар.
Ауыл экономикасының,
Жілігін шағып, майын жеген мамандар.
Олар шаруашылықтың,
Жыл бойына атқаратын жұмыстарын
Қағаз бетіне түсіріп дұрыс бәрін,
Тапсырған жүз он беттік кітапша ғып,
Бағдар шамын совхоздың ұлыстардың.
Сезілген істерінен асқақ леп,
Ел көшін болашаққа бастады дөп.
Экономист достарым жар салмаған,
Тас шағып, тау көтеріп тастадым деп.
Айылы босатылмай ауыздықпен,
Жайылып қоң жинаған нағыз тіптен.
Қойшының ақ айыл торысындай,
Ұлы еңбекке бастарын бәрі тіккен.
Экономист достарым адал жандар,
Ел жұртының бағына жаралғандар.
Бәрінің бейнеті көп мен білемін,
Елеусіз қалып қойды қара нарлар.
Ел байлығын арттырған қиырдағы,
Оларға еш марапат бұйырмады.
Қазіргі экономика мүлде қиын,
Тым қымбат азық-түлік, барлық бұйым.
Қашанғы қымбатшылық қыспаққа алмақ,
Ашытып адамдардың күнде миын.

Колхоздастыру

1926 жылы ВКП(б) 16 съезінде тұңғыш бесжылдық жоспар және ауыл шаруашылығын коллективтендіру туралы тарихи қаулы қабылданғандығы мәлім. Келесі жылы орталық аймақтарда, ішкі Ресейде қара топырақты өңірде осыған байланысты алғашқы колхоздар құрыла бастады. Ал 1926 жылы социализмнің барлық бағыттары бойынша ұлы бетбұрыс

жасалды. Бұған дейін толқуда жүрген орта ауқатты шаруалар кедей шаруалармен одақтасып, колхозға жаппай кіре бастады. Ал кулактар тап ретінде жойылуға тиіс болды. Міне осы тұста атағы шыққан байлар колхоз болуға қарсы шығып, колдарындағы мал-мүліктерін алтын-күміске айналдырып, мергендер жалдап бандаларға айналдырған кез болатын. Бұларға ілескендер үкіметке қарсы адамдар ретінде қырғынға ұшыраған кез екен. «Көлеңкелі», «Нарын», «Кандюрин» заставасындағы Қытай еліне асып бара жатқан кандастарымыздың аяусыз қырғындары байлардың осындай іс-әрекетінен болғанға ұқсайды.

Міне, осындай дүрбелең тұста өмір сүрген «Төрт оба» ауылдарының ақсақалдары Тергемесов Қонақ пен Нұрғали, Сапоров Қапор, Отыншин Қапас, Әзімбеков Қазтай, Әміров Зәкен, Шалабаев Сағади, Сары Қонақ, Шәкербек, Темірғали, Әлімжанов Әбдікәрімдер колхоз мүшелігіне кірді. Тергемесов Қонақ пен Нұрғали бір айғыр, екі көк биесін; Сапоров Қапор бір тор биесін; Отыншин Қапас төрт бие; Әзімбеков Қазтай төрт бие, екі ат; Әміров Зәкен бір жирен бие; Шалабаев Сағади бір көк бие, бір тор бие; Сары Қонақ бір бие; Шәкербек пен Темірғали екеуі екі бие; Әлімжанов Әбдікәрім бір биесін колхоз меншігіне беріп, жалпы жылқы санын бір үйірге жеткізіп, осы жылқыларға иелік жасауға Әлімжанов Әбдікәрімді бекітіп беріпті. Әміров Қайырхан он түйесін колхозға беріп «Төрт оба» колхозы болып ұйымдасып, колхоз төрағалығына жоғары жақтың ұсынысы бойынша Өмірбек деген азаматты, Қонақов Әбдуғалиды бас бухгалтерлікке, завхозға Мұкатжанов Мырзағалиды сайлапты. Қазақтың «төртеу бір болса, төбедегі келеді» дегендей бір ауыздылығынан колхоз дүрбелеңнен аман қалыпты. Осы колхоздастыру кезінде берілген жылқылар «Жаңа тілек» колхозына қосылғанда 150-ге жеткенін көзіміз көрді. Сол жылқылардың барлығын Әбен ақсақал суды құдықтан қауғамен тартып суғаратын. Осы жылқылар Карл Маркс совхозы болып ұйымдасқан кезде 500-ге жетті. Ал, Әміров Қайырханның берген түйесі 50-ге жеткен болатын. Оны Оқан

деген ақсақал бақты. Әбдікәрім де, Оқан да осы баққан малдарымен зейнеткерлікке шыққан болатын. Төрт оба колхозы Жаңа тілекке қосылғанда сол арадан мектеп ғимараты бой көтеріп, осы мектептің алғашқы мұғалімдері Шегебаев Заманбек, Мұстафин деген азаматтар болыпты. Сол мектеп ашылған жылы Қапор Жаңа-тілектен үй салып, сол кісінің үйінде Дүйсеш, Нуркамал тағы да 4-5 бала сол мектептен білім алыпты. Қапор қарапайым егіншілік жұмыспен шұғылданса да «Құдай көңілмен ниетке береді» дегендей, ниеті тұзу, сабырлы, көпшіл, адал, әділ, кайырымды, өте еңбекқор, кісі көңілін қалдырмайтын ақкөңіл адам екен. Кімде-кімге болсын есігі ашық, дастарханы жаюлы бауырмалдықпен қарайтыны сондықтан болар. Сөз арасында, замана лебі өзгермей тұра ма? Міне, осы колхоздастырудан кейін қуғын-сүргін зобалаң жылдар да басталып кетеді. Артынан НКВД қызметкерлері халық жауы деген ат қойып, айдар тағып бір күнде Нұрмуханбет, Әзімбек, Қазтай, Тұрғожа молланы, ертеңінде Өрісбаев Муталапты, кілетші болып істейтін Бекбосын дегенді, Қасымбайды, Күтүсізов Кәрібайларды халық жауы деп әкетіп, Ақсуатта Қасымхан деген азамат пен Жармақов Смағұлды атқызыпты. Тұрғожа молла айдауда Көкпектіге жетпей қайтыс болып, Нұрмуханбет, Күтүсізов Кәрібай, Қасымбайлар сол кеткеннен оралмапты. Бұлардан басқа осы ауылда тұратын тоғыз ұлы бар, мал дегенде бір тайыншасы ғана бар әйелі өлген бір азамат таңертең ерте тұрып тайыншасын жетектеп, тоғыз кішкентай ұлдарын ертіп «Құмырсқаның тасқа басқаны тәңірге аян» деп масақ теруге әкетеді екен. Осы сөзі үшін оны да халық жауы есебінде айдап әкетеді. Әкесін әкеткен сон балаларын интернатқа қабылдайды. Бірақ сол балалардың келешек тағдыры қалай болғанын әлі күнге дейін ешкім білмейді деп әңгімелеп отыратын сол кездегі көнекөз қариялар. Құрғын-сүргін зобалаң жылдардың халық басына төнген тауқыметті жылдары осылай өтіпті.

Әңгімемізді түйіндеуге әйгілі қаламгер Мұхтар Мағауиннің мына сөзі тұздық болғандай-ақ. «Қашанда зорлықшыл империя атаулының түпкі саясаты біреу-ақ : үстемдік,өктемдік. Қарсылық

серпін ғана емес, әлде нендей наразылық лебінің өзін аяусыз жаныштаумен қатар, бұра тартуға жол қалдырмай, бәрін алдынала реттеп отыру, яғни билеуші әулеттің бүгінгі кеңшілік, ертеңгі кеніш ғұмырын қамтамасыз ету. Осы орайда, большевиктер өкіметі нендей күнәсі үшін бүкіл қазақ халқын өлім жазасына кесті деген жұмбақты сауал шығады. Жалғыз-ақ жауабы бар – кең-байтақ жері үшін.

Демек, өткенді елеусіз қалдырсақ болашаққа қай бетімізбен қарамақпыз? Жас ұрпақ тек жеңістеріміз бен жетістіктерімізді ғана емес, қорланғанымыз бен ошағымыздың ойрандалғанын, орасан ауыр қайғы-қасіреттерді, небір шытырман тарихи кешулерді бастан кешкенімізді білуі тиіс! Сонда ғана олардың ұлттық рухы мен намыс-жігері қалыптасып, тәуелсіздік пен бейбіт заманның қадірін ұғына түседі.

Енді алдыңғы тақырыбымызды одан әрі жалғастырайық: Жаңа-тілек колхозының экономикасы әлсіз, техникасы қарапайым еді. Небәрі 350-ге тарта жылқы, сол шамалас ірі қара өсірілді, қой саны бес жүзден астам ғана болды. Негізгі күш көлігі өгіз. Бар техникасы шөп шапқыш машина мен лобогрейка, шаңтасты атпен айландыратын. Егіндік көлемі де 100 гектардан аспайтын. Дегенмен жұрт ұйымдасқан шаруашылықтың артықшылықтарын түсінген соң, көздері жеткен соң колхоздастыру жаппай басталды. Ұлы Отан соғысы басталар алдында ауданымызда 36 колхоз болғанын анық білеміз.

Колхоздарды ірілендіру кезеңі 1954 жылы басталған болатын. Сол жылы көптеген ұсақ шаруашылықтар ірілендіріліп сегіз ірі колхозға ұйымдасқан болатын. Мұның бәрі уақыт талабынан туындаған еді. Машина, трактор станцияларының (МТС) құрылуы, индустриялық қарыштау ауыл шаруашылығын да сол негізге көшіруді талап етті. Әйтпесе бұрынғыдай бытыраңқы қалыппен егіншілік мәдениетін көтеруге, техниканы ұтымды пайдалануға есте болмайтын еді. Қуаты небәрі 15 аттық «СТЗ», «ХТЗ», «ЧТЗ» маркалы жаңа тракторларға МТС құрған соң ғана қол жетті. Міне колхоз шаруашылығы жайында есте қалғандар осындай.

Қайта құру. Жекешелендіру нарығы

Бұрынғы Ақсуат совхозында 200 трактор, оның ішінде 16 К-700 тракторы, 150 автомашина, 14 астық шабатын комбайн, 8 кукуруза шабатын комбайн және басқа да ауыл шаруашылық техниклары жетіп артылатын. Осыншама техниканы жөндеп іске қосып тұруға совхозда машина-трактор мастерскойы, автогараж ауласы болды. МТМ-да құны миллиардтан асатын токарь станогынан бастап төрт станок, техниканың жеке бөлшектерін жөндейтін қондырғылар, аспалы крандар (подъемный кран), ұста дүкені, техникалардың қажетті бөлшектерін сақтайтын төрт қойма (склад) болды.

Маусымды жұмыстар аяқталғаннан кейін техникаларды жуып, майлап қоятын машина ауласы, құрылыс мастерскойы - онда да ағаш станогынан бастап ағашты өңдейтін түрлі қондырғылар, екі пилорам, бір теректің бұтақтарын сындыратын станок т.б. құрылысқа байланысты қолданылатын жабдықтар болды.

Одан әрі мал сойып ет тоназыту комбинаты, тері-жүн мал өнімдерін сақтайтын қоймалар, тұз сақтайтын, көмір сақтайтын жабық алаңдар болды. Осы көрсетілген объектілердің (нысандардың) бәрінде қырық метрлік етіп қазылып 150 мм сеткасымен трубалар салынған және ЭЦВ-10 насостар орнатылған құдықтар болды. Осылармен қатар жанар-жағар май стансасы жұмыс істеп тұрды. Статистикалық дерек бойынша: совхозда 3500 ірі қара, 2500 жылқы, 60 мың қой, 42 мың саулық, 120 түйе болыпты. Статистикалық деректерге жүгінсек, тегіндегі Ақсуат совхозының №1 фермасының орталығында сегіз жылдық мектеп, интернат, кіші дәрігерлік орын, сауда дүкені, монша, ұста дүкені, шағын техника жөндейтін цех, құрылыс материалдарын өңдейтін цех, азық дайындайтын цех (кормодробилка), астық пен мал өнімдерін сақтайтын қойма, күш көліктерін бағып-күтетін орындары болыпты. 1676 тұрғыны бар ауыл екен. Мал шаруашылығын өсіруге байланысты ферма орталығынан 2-15 шақырым аралығында Қаратал, Хасен базы, Наштай-зәкір, Шитөбе, түйе базы, Сүттіген, Шифер базы, Қамыс базы, Қызыл қайың, Қабдеке, Откорм базы, Ақбаз қыстақтарында 627 адам еңбек етіп 20 мал қаралары мен 2257 шаршы метр тұрғын үй құрылысы болыпты.

№2 ферма совхоз орталығынан 78 шақырым қашықтықта таулы аймақта орналасқан, орталығы Нарында 10 тұрғын үй, сауда орны, мед пункт, мәдениет орны, жем тартатын қойма, монша ғимараттары болыпты. Осы фермаға қарайтын қыстақтары: Нұртаза, Ақбоз, Қазанқап, Шалабай, Бесбастау, Манақ, Күнбосын, Әлжан, Сәрсенбай, Кәкебай, Самархан, Нарын (ЛСП), Құлама, Жұмахан, Қызай, Құлжа, Түйте, Күдері қыстақтарында 186 адам еңбек етіп, 1454 шаршы метр тұрғын үй құрылысы, 22 мал қоралары болды.

№3 ферма совхоз орталығынан 66 шақырым таулы аймақта орналасқан, орталығы Нәуімде бір бастауыш мектеп, интернат, жатақхана, дәмхана, дәрігер орны, кітапхана, сауда орны, мед пункт, монша, жем сақтайтын қоймалармен 15 тұрғын үй болыпты. Осы фермаға қарайтын қыстақтарда: Мұхаметжан, Зекен-1, Пыштахан, Дос, Қонақбай, Теміртек, Жанұзақ, Атахан, Закен-2, Сылдырама, Мәнжу, Нәзіке, Жалпақ, Шонтайбек қыстақтарында 220 адам еңбек етіп, 1554 шаршы метр тұрғын үй құрылысы, 22 мал қорасы болыпты.

№4 ферма совхоз орталығынан 45 шақырым таулы аймақта орналасқан, орталығы Көк жол, онда дәрігер орны, кітапхана, сауда орны, монша, жем сақтап тартатын қойма, 8 тұрғын үй болыпты. Осы фермаға қарайтын қыстақтарда: Солтабай, Бердібай, Күйген қора, Бәкітай, Ақтас, Бектұр, Қанафия, Қажы, Қасенғазы, Сарсозақ, Атахан, Қармыс, Арғынғазы, Оралбай, Шымылдық қыстақтарында 183 адам еңбек етіп, 1492 шаршы метр тұрғын үй құрылысы, 20 мал қоралары болыпты.

№5 ферма совхоз орталығынан 80 шақырым таулы аймақта орналасқан, орталығы Өскенбай, онда медпункт, сауда орны, жем сақтайтын және тартатын қойма, 10 тұрғын үй болыпты. Осы фермаға қарайтын Мұқыш, Батырбек, Көкей, Орақбай, Сүбейбай, Қасым, Молда қырдасын, Батиха, Оразалы, Ғазез, Сары, Шетқонақбай қыстақтарында 194 адам еңбек етіп, 1199 шаршы метр тұрғын үй құрылысы, 18 мал қоралары болыпты.

№6 ферма совхоз орталығынан 6 шақырым жерде орналасқан. Орталығында бастауыш мектеп, дәрігерлік орын, сауда дүкендері, шаруашылық ғимараттары болған. 213 тұрғыны

50-ге тарта үйі бар орталық. Фермаға қарайтын қыстақтарда: Байбалта, Төрт оба, Тасбике, Жасұлан, Төбе баз, XXV партия съезі атындағы бригада, Жастілек, Тірібейіт, шұбарши, Қамыс баз, Түйе баз қыстақтарында 427 адам еңбек етіп, 1782 шаршы метр тұрғын үй, 15 мал қыстайтын қоралары болыпты.

Совхоз орталығынан 6 шақырым қашықтықта орналасқан Егіс бригадасында бүкіл егістік алқабынан алынатын дәнді дақылды астықтарды сақтайтын үлкен қойма, жабық қырман дәнді дақылдарды тазалап кептіретін түрлі техникалар тұратын орындар, жұмысшылар жататын жатақхана, асхана, мәдениет ошақтары, сегізден астам тұрғын үйлер болды. Осы бригададан бір шақырым қашықтықта ірі қара бордақылайтын алаң, бордақы малдарға көже дайындайтын цех, қатаң мал азығын турап беретін техниклар мен қоса қатаң мал азығын сақтайтын орындар мен сүрлем салатын сыйымдылығы 2-3 мың тонналық төрт сүрлем салатын (траншея) орындар болды. Осы ірі қараны бордақылау орнымен қатар орналасқан он қой бордақылауға арналған қой қоралары болды. Осындай бір егіс бригадасы №6 ферманың қырында «Қасай» деген жерде орналасты.

«Лагерь» деп аталатын елді мекен Ақсуат совхозының қаражатымен салынған, кейін ауданға қарайтын сегіз совхоз сегіз үй салып Ақсуат совхозының қарауына (балансына) берілген. Бұнда демалыс орнына жасалынған барлық жағдайлармен қамтамасыз етілген орын болатын.

Міне, Ақсуат совхозына қараған елді мекендердің жәйі осындай болатын.

Ақсуат совхозына қарайтын фермалардың жазғы жайлауы №1 ферманікі совхоздан қашықтығы 150 шақырымда орналасқан Тарбағатай тауындағы Қызыл бастау, №2 ферманікі 60 шақырым қашықтықта орналасқан Жон, №3 ферманікі 50 шақырым қашықтықта орналасқан Тама, №4 ферманікі 70 шақырым қашықтықта орналасқан Тарақты, №5 ферманікі 45 шақырым қашықтықта орналасқан Түгел, №6 ферманікі 150 шақырым қашықтықта орналасқан Жасыл көл жайлаулары болды. Осы жайлаулардың өзіне мал сыймай жататын кезең еді.

Қатаң мал азығын дайындау

Совхоз қаруындағы төрт ферма тау қыстақтарында орналасып көбіне жайылымдықпен шығатын, арық малдарды төлдеме кезінде жұмсалатын, жұмыс аттарына берілетін қатаң мал азықтары ойда орналасқан №1, №6 фермалардан дайындалатын қатаң мал азықтарынан тауға тасылып берілетін. Мысал ретінде сол тұстағы №1 фермадан дайындалатын қатаң мал азығының мөлшері мынандай болатын:

№1 ферманың Шитөбе дейтін жерінен 12 зал 1093 тонна

Престелген шөп..... 329 тонна

Жиыны 1422 тонна

Жаңа тоған 2 зал 289 тонна

Шифер баз 4 зал 585 тонна

Шопан базы 11 зал..... 1104 тонна

Престелген шөп..... 732 тонна

Жиыны 2710 тонна

Сүттіген базы 6 зал 1054 тонна

Қаратал 3 зал 276 тонна

Наштай Зәкір 2 зал..... 368 тонна

Хасен базы 2 зал..... 285 тонна

Қазанқап 1 зал 167 тонна

Түйе баз 4 зал 812 тонна

Қабдеке 1 зал..... 79 тонна

Қара бұлақ пресс 45 тонна

Откорм баз пресс 1280 тонна

ЛСП 1 зал..... 191 тонна

Жиыны 4557 тонна

Ферма №1 барлығы 8689 тонна

Ферма №2 барлығы 152 тонна

Ферма №3 барлығы 29 тонна

Ферма №4 барлығы 124 тонна

Ферма №5 барлығы 34 тонна

Ферма №6 барлығы 6792 тонна

Барлығы совхоз бойынша ... 15820 тонна

Ақсуат совхозына қарайтын фермаларда

Ферма нөмірлері	Еңбек еткен адам саны	Тұрғын үй құрылысы 1000 шаршы метр	Мал қарасының саны
№1	627	2257	20
№2	186	1454	22
№3	223	1554	22
№4	183	1492	20
№5	194	1199	18
№6	427	1782	15
жиыны	1837	9738	117

Жоғарыдағы статистикалық деректерді келтіре келе осыншама халық игілігінде болған мүліктерді жекешелендіру, болмаса сол қалпында сақтап халық игілігіне пайдалану, өмірде бәрі де адамға, оның іс-әрекетіне қатысты. Демек кез-келген шаруашылық өз жүйесін тауып, сәтімен бітуі де оның кімнің қолына түскеніне тәуелді. Соған орай қабылданатын шешімдердің ел-жұрттың көңілінен шығып жатқаны абырой. Бірақ, әттеген-ай дегізе сан соқтырып, биліктегілердің немесе соған қатынастылардың құлақтарын шулатып қоятындары да аз емес. Әсіресе сананы тұрмыс билеп, ақша ақылды ауыздықтаған заманда экономика, ақша-тауар қатынастары саласында өкінішке орай, қабылданып жатқан шикілі-пысылы шаралар аз емес. Бұған әлбетте, экономика емес жаңа айтқанымыздай іс құлағындағылар кiналы. Кейбір жылпостар мен алаяқтардың 90-шы жылдары көз алдап сан алуан айдалар құрып совхоздың халық меншігіндегі мүліктерін заңсыз жекешелендіріп талан-таражға салғаны кеше ғана. Олардың көздерінің әбден тұнып кететіндері соншалық, тіпті адамгершілік, жақынына туған табиғатына жанашырлық деген адами құндылықтарды былай қойып, «өзімнен кейін күл болмаса, пұл болсынның» кебін киіп, көпе-көрнеу жапа шектіргендері мәлім. Еңірегінде етектері жасқа толғандарды да көріп білмегендей, тіпті естімегендей

«бейкүнә» кейіпке еніп, жүректері таска айналып көз орнында қомағай құлқын ғана қалды.

Жылпостар мен алаяқтар жекешелендіріп алғаннан кейін, ең әуелі автокөлік, тракторларды сатуға келгенде алдына жан салмайтындығы белгілі болды. Ең әуелі К-700 тракторларын Ресейге асырудан бастап, түгел техниканы саудалаумен аяқтады. Техника кеткеннен кейін төрт қойма запас бөлшектер соның соңынан кетті. Енді қалған МТМ-дағы миллиард тұратын станоктар автогенмен кесіліп металллом ретінде Қытайға сатылды. Онымен қоса астық оратын комбайндер қоса кетті. Сөйтіп техникаға байланысты орын МТМ, автогараж, техника сақтайтын алаң бос қалды. Осыдан әрі қарай орналасқан құрылыс цехы, шаруалық ғимараттар осының шапанын киді. Қаңырап қалған ғимараттар бұзылып сатылып тек МТМ салынған орында кененің көзіндей болып аспалы крандар, басқа ғимараттардың орны ғана жатыр. Совхоз иелігіндегі малдар түгелдей сатылды. Сол салада істеген бақташылар мен шопандар жиыны 1897 адам қоныс аударды. 9738 шаршы метр тұрғын үй, 117 мал қоралары иен қалды. Бұларды да алаяқтар сатып қалтасына басты. Егіс бригадасы, Лагерь деп аталатын елді мекенді совхоз өндірісіне қатынасы жоқ адамдар иемденіп саудаға салды. Жоғарыда көрсетілген қаншама өнім беріп тұрған шабындықтар нарық кезіндегі малдың бағусыз иен кеткендігінен көгалға айналды. «Бәрін айт та, бірін айт, коллективтің жырын айт» демекші бәрі өтті ғой, бірақ осы жалпы жекешелендіру саласынан түскен қаржы-қаражаттың көлемі қандай, ол қай қалтаға түскені халыққа беймәлім күйінде қалды. Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой: «Іші арамдыққа толы қара ниетті, жаман іске ойланбастан бара алатын адамдар неге тез бірігіп кетеді? Олар тез бірігеді де, қара пиғылдарын оңай іске асырады. Қиянат жасайды. Одан халық зардап шегеді» - деген екен. Не деген көрегендікпен айтылған сөз нарық кезінде «алаяқтар» байыды да, бұдан халық зардап шекті. «Уа, нарық, нарығым!» деген толғауында сықақшы Сейіт Кенжеахметұлы былай толғапты:

Уа, нарығым, нарығым,
Жеткізіп көптің зар үнін
Шындықты айтсам шыңғырып,
Барасың сақты сындырып.
Жан біткенді жат қылып,
Үйреткенің жат қылық
Әкелдің қандай тағылым?!
Қыз сатылды ақшаға,
Ұл сатылды бопсаға.
Мал бітіп тұр сараңға,
Жал бітіп тұр арамға.
Әл бітіп тұр жаманға
Таусылып барады сабырым
міне осылай кете береді.

Осы нарықпен бірге туған параны да Махамбет Сапармуратов былай деп тәржімалапты. Кім көп пара алады? – деген елдің үлкен ұлығына, әйгілі әншінің берген жауабы:

*Сен де,
Мен де
Анау да,
Сан жетпейді санауға,
Бәріміз іске жұмылдық
Туған елді тонауға,
Егемендік үйретті,
Ешкімге жалтақтамауға.
Алаула жаным, алаула,
Кірістік енді тонауға,* - дегенде

Ұлық музыка үнін шорт кесіпті. Міне, өткен кезеңдегі жекешелендіру қалай өтті дегенде осындай жайлар ойға оралады. Ендігі болатын жағдайды уақыт өзі көрсете жатар.

Жау табылды досымнан
Дау табылды тосыннан
Жанарың суық, жан суық
Қабағың суық, қан суық
Тамағың суық, тән суық
Жанды аяздай қарыдың!
Арды барды саттырдың
Тапшылық дәмін таттырдың
Достыққа сына қақтырдың,
Асқазанның бүрі жоқ,
Ас болатын түрі жоқ,
Сен жегізген арығың—



Дарынды құрметтейік тірісінде

«Әр ақын бір жанар тау» десек, әр ақынның өнер әлеміндегі орны бөлек, жұлдызы биік ақындардың бірі арамызда жүрген ақын Қожа-Ахмет деуге болады. Ақындардың өмірде ерекше адамдар екенін, олардың бәрінен биік, әрі жоғары тұратынын ескерген жөн. Қожа-Ахмет Садуақасұлы да өлең өлкесінде өз өрнегін салып келе жатқан айтулы ақындардың бірі. Ол жұрт көкейіндегісін дәл тауып, шымыр ойлармен өрілген шырайлы шумақтар жазып келе жатқан ақындардың бірі деуге болады. Қожа-Ахметтің қай өлеңін алсаңызда, адамның өміріне, тылсым тіршіліктің иірімдеріне терең бойлап, сезім зерделерін дөп басуда. Әрбір көркем шығарма өмірдегі шындықтың әсерінен өмірге келетіндігі белгілі. Мысалы: «Бұрынғы ауыл өмірі» мен «Қазіргі ауыл өмірі» деген өлеңін алсақ осының дәлелі деп айтуға болады. Қожа-Ахметтің өнерпаз талантты ақын екенін, келешекте ақындық өнердегі шығар шындары бұдан да биік болсын дей келе, қаламы ұшталып, шабытына шабыт қосыла берсін деген тілек білдіре келе, өмір жолымен таныстыра кетуді жөн көрдім.



Қожа-Ахмет Кіндікті елді мекенінде, қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Садуақас Молдаханұлы орта бойлы, қараторы, зор денелі, имандылықты игерген ауылдың молдасы болыпты. Әрі совхозда қой өсірумен шұғылданған –шопан болған. Қожа-Ахметтің анасы Гүлзада өнерге қара жаяу болмаған. Өнегелі өмір өткізген. Бір ғажабы – су, тау, балық, аспан әлемін қамтитын қазақтың қара өлеңінен көп хабардар болған. Жатқа айтқан. Биік таудан бастау алған бұлақ сияқты Қожа-Ахметке ақындық өнер анасынан дарығанға ұқсайды. Қожа-Ахметке өлең деген азабы көп өнер Кіндікті ауылында мектепте оқушы кезінде пайда болады. Абай, Мұқағали,

Кеңшілік сияқты басқа да ақындардың жырларымен сусындап ер жеткен. «Жас жүрек жайып саусағын,

Талпынған шығар айға алыс»- деп данышпан Абай хакім айтқандай Қожа-Ахметте қиял құсын қияндарға шарықтатады. Он ойланды, тоғыз толғанды, терең тебіренді. Мөлдір сезімі мөлт етіп, жүрегінің түбінен өлең шықты шымырлап. Қағазға қалам батырып жаңа жырлар жазды. Өмірдің жағымсыз – жағымды тұстарын, адамдардың мұң-мұқтажын, сағынышын жырға қосты.

«Тарбағатай ақындары жырлайды» атты кітапта төрт өлеңі жарияланған. Сол туындылар туралы жазушы ақын Тұрғазы Құқайұлы облыстық Дидар газетінде жақсы пікір білдірген мақала жарық көрді. Тегінде өлең жазғандардың бәрін ақын десек, ағаттыққа ұрынамыз. Кімнің ақын екенін және қандай ақын екенін өлеңнің өзі-ақ айтады. Қожа-Ахметтің ауыл өмірі, еңбек, өнер адамдары туралы жазған маңызды мақалалары облыстық, республикалық баспа сөз беттерінде жарияланған. «Еңбек туы», «Ақсуат арайы» деп аталатын аудандық беделді басылымдарда қоғамдық тілші болып қызмет атқарған. Ол өлең жазумен қатар, айтыскер, шын ақындығын, домбыраның сүйемелдеуімен дәстүрлі әндерді жақсы орындаған әншілігінде алқалы топ алдында дәлелдеген. Айтыс алаңында суырып салма өлеңнің сүлейлері Шұбартаулық Дәулет Сметовпен, Тоқтар Серікковпен, Көкпектілік Қылышбек Нүрпейісовпен, Ақжарлық Ержан Әділбековпен, Мариям Демежановамен, Талдықорғандық Айтақын Бұлғақовпен, Көкжыралық көкжал ақындар Сембай және Дулатпен сөз қағысқан. Жұлделерде алған. Кейіннен жас перілерге жол беріп бабалар дәстүрі айтыстан қол үзеді. Қожа-Ахмет жастайынан кітаптардан жақсы өлеңдерді оқуға қатты қызығады. Жақсы өлеңнен жан даусына жауап табады. Бала кезінде Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін, Тұманбай ақынның «Асанбай ата үйінде», «Арманмен», «Бота» басқа да жыр кітаптарын қайталап оқып жанына жақын тұт қан. Тұманбай ағасы қоңыр күзде қайтыс болғанда Қожа-Ахмет:

*Қалың қазақ ғана емес қастерлеген,
Ақынды азалады басқа да елден.
Таңғажайып Тұмашын жоқтағандай,
Қаңқылдап қаздар ұшты тас төбемнен – деп*

толғанып ұзақ өлең жазыпты.

Қожа-Ахметке ақ берен ақын ағалары Мерғали Ыбырайұлы, Тыныштықбек Абдікәкімұлы, Жаңабай Тайшөгелов, Серік Зейнетайұлы, Бейбіт Құсанбек кезінде ақжол тілеп, рухани тірек болған. Қожа-Ахмет қазір ауылда күнделікті тіршілік күйбеңімен жүр. Қалайда шығармашылығын шыңдап, талантын тот бастырмай, темір қанат жырларының томағасын сыпырып, биіктерге самғай бреуіне тілектеспіз. Менің нәзік жанымды кім түсінер – деп ғасыр ақыны Мұқағали жырлағандай Қожа-Ахметтің жан-дүниесін, шаттығын, жан күйзелісін кез-келген адам түсіне бермейді. Түсінуге тырысуымыз керек. Талант тәңірдің сыйы. Соны өз тұрғысында ұғынып, бағалай білуіміз керек. Биік біліммен дамиды. Дарындыны қолдайық тірісінде!

*Ақындар жыр жазбаса тұра алмайды,
Оңайлықпен жыр жолдары құралмайды.
Жас ақын жаңа қосылған арғымақтай,
Жырлармен әр жерден қылаңдайды.
Қожа-Ахмет бұл өңірде дара тұлға,
Ақын болып түсіпті жаңа жолға,
Іздену мен еңбектің арқасында,
Шығып отыр мінеки биік шыңға.*

Қожа-Ахметтің өзін қоршаған ортаға аса байқағыш, сыншыл көзбен қарайтындығын «Бұрынғы және қазіргі ауыл өмірі» деген өлеңдерінен байқауға болады. Ауыл өміріндегі адамдардың іс-әрекетін суреттеу арқылы жаңарған қоғамның сипатын, тыныс тіршілігін, кескін-келбетін ашып көрсетеді. Қоғамды жаңартып қоймай, сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың мінез-құлқын, тірлігін, жан дүниелеріндегі өзгерістерді де дәл шынайылықпен суреттей білген. Төменде Қожа-Ахметтің бірнеше туындыларын оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Бұрынғы ауыл өмірі
Кешегі Кеңес укіметі кезеңінде,
Үлкен пайда келтірген өз еліне.
Шопандар шаруашылық шамшырағы,
Болған ғой, қиындықты жеңген күнде.

Ширатқан қыста боран, жазда жауын
Даланың ер перзенті малшы қауым.
Төрт мезгілде тер төкті еңбек етіп,
Ордендерге самсатқан омырауын.
Ауыл еңбеккерлері дамып тұрған,
Ай сайын еңбек ақы алып тұрған.
Төрт түлікті өсіріп өз төлінен,
Малшылардың еңбегі жанып тұрған.
Қойшылар, сиыршылар, жылқышылар,
Жылқышылар жылда топ жарып тұрған.
Кезінде қала мен ауылдардың
Қазанын етке толтырып қарқ қылған.
Еңбектен бақыт тапқан жақсы жандар,
Еліне игілігін арттырғандар.
Өндірістік жоспарды жылда орындап,
Табыстың тайқазанын тасытқандар.
Өткізген бесжылдықтар белестерін,
Нағыз еңбек ерлері жерлестерім
Тоғасбаев және Уалихан, Нұркен
Сайып қыран Қайырбек, Қазбектерім.
Совхоздың жылқысы мен сиыр, қойын,
Өсіріп жасатқан шопан тойын.
Жоғарыда аталған алты батыр
Ауданның асқақтатқан абыройын.
Оларға совхоз әркез сендік деген,
Олар көмекшілерін ренжітпеген.
Тұтасқан татулықпен еңбек еткен
Озаттарға аудан жаңа көлік берген.
Ол кезде қымбатшылық жоқ еді ғой,
Қайғысыз көңіліміз тоқ еді ғой.
Іздедік дамуға дамыл жолды,
Орындалмаған ой-арман көп еді ғой.
Ақша құнды болатын тиімді еді,
Арзанға алдық азық пен киімдерді.
Барлық бұйым сапалы болушы еді,
Бүгінгі күн толғандырады жиі мені.

Ақсуат тыңы түлеп жаңғырған жер,
Соқасын диқан бабам қалдырған жер.
Масағы кере қарыс егін өсіп,
Астыққа қырман толып ән қылған жер.
Табылғанбыз ең биік тұғырдан біз
«Ырыс алды –ынтымақ» ұғынғанбыз.
Табыс кілті татулық дегенді ойлап,
Ұлы еңбекке ұмтылып жұмылғанбыз.

Бірінші тарау *Қазіргі ауыл өмірінен*

Кейбір шаруашылықтың осы күнгі,
Бастықтары берекесіз жосып жүрді.
Соның бірі «Ақшоқы» ауылында,
Жұттан соң мал бағудан шошып жүрді.
Жалдап қорғансыздарды өзеуреді,
Ай сайын еңбек ақы төленбеді.
Ағалы-інілі Даубай мен Сойқанбектің
Қойын баққан малшылар не көрмеді
Жаманға жүзінді салма малды екен деп,
Жақсыдан үміт үзбе жарлы екен деп.
Даубайды ел атағын жырынды деп
«Су жұқпас суайт» - дейді қулығы көп.
Өзгені өзі алдап біреулерге
Айтады екен кінәнді жуып жүр деп
«Ортақ өгізден оңаша бұзау артық»-
Деп шаруашылық құрған шалқып
Ұжым малын аударған меншігіне,
Осы Даубай есепші бұра тартып.
Қойларын талайларға бақтырды-ақ,
Ала алмаған шопандар ақы сұрап.
Шықбермес Шығайбайдай Даубай залым,
Шопан біткен шақ келмей жатты шулап.
Жексұрын жетесіздер сұрланады,
Ақысыз қой бақтырса қуанады.
Сұраса еңбек ақы шопан келіп,

Асылған етте оған ұнамады.
Ку Даубай малшыға да жарымады,
Еңбек ақы төлемей тарылады.
Қыстау мен жайлауда малы өсіп,
Даубаймен қатыны қаржыланды.
Қаражаттар қолында әйелінің,
Даубай байғұс еріксіз бағынады.
Шопан жақсы өткізген қыстаманы,
Қойды-қонды бағуға күш салады.
Сәуірде су ағып үй төбесінен,
Пеш дұрыс түтін тартпай ыс шалады.
Жалшының жағдайы да қай жарасқан,
Кетемін деп ескерткен айдан асқан.
Кім ақысын жеп жүрген күнәкерлер,
Даубай мен әйелі майдан ашқан.
Даубай мас теңселіп сүрінеді,
Әйелі қос білегін түрінеді.
Әйелге тән әдеп жок әулекі ғой,
Шопанның әйеліне жүгіреді.
Көргенде кенеттен пәлекетті,
Шопанның әйелінен зәре кетті.
Арашалап төлшілер тоқтатады,
Қылмысты әлім жеттік әрекетті.
Шабан ат желмей секеңдеп,
Қара қойшы тепеңдеп.
Ойламаған біреуге,
Жалшы болып кетем деп.
Адасар адам алмаса,
Болашағын бекемдеп.
Қыстауларда қираған,
Қой қоралар өте көп.
Біреулердің қойы бар,
Қойшы тапсақ екен деп,
Қиялымен қулығын,
Жылпостар жүр жетелеп.
Малшы ғып момын жалғызды

Тықпалайды төтелеп.
Төленбей жоғары жалақы,
Өтуде өмір алдамшы.
Малсақ байлар мазасыз,
Қабақтарын қар жапты.
Ғажап қой ауыл таңы, тау кеші де
Не жетсін сыйластықтың сәулесіне.
Бірлік болмай тірлікте түзелмейді,
Әр адам түсу керек тәубесіне.

Екінші тарау

Талқандалған тағдырлар (Ауылдастың жыр дәптерінен)

Сәрсенбай сайқал сөзге судай аққан,
Елу жаста есерсоқ құдай атқан.
Бала кезден бұзақы болып өскен,
Күршімде мектеп шулап дабыл қаққан.
Нашарлаған оқуы-тәрбиесі,
Жиренбей жамандықтан жан дүниесі.
Мектептен қуылған төбелескіш,
Үзілген киімінің бар түймесі.
Ержеткен күтіп оны соры тұрған
Ұрлап елдің жылқысын жорыққылған.
Ұрлығымен ұсталып он үш жылға
Сотталып темір торға тоғытылған
Түрмеден шірімей шығады да
Түзілмеген тәртібі лаңы да
Сәрсенгүл де жазасын өтеп келген
Сәрсенбаймен отбасын құрады да.
Сәрсенбай өз бақытын басқа тепкен
Бірінші әйелі тастап кеткен,
Сөндіріп сәулесін шаңырақтың,
Көр болғыр көздерінен жаста төккен.
Бұралаң жолға түсіп мантирады
Абай да азып-тозып қаңғырады

Қызыл туда бір байдың малын бағып
Ішер ас киер киім табылады.
Жалданып қой бағып ең алыста
Семейге келеді дем алысқа
Еңбекпен тапқан ақша желге ұшып
Көксейді кенелуді мол табысқа.
Аңсайды жандарына жайлы маңды,
Мейірімді бола бермес байдың бәрі
Семейде біреулермен келіседі
Қой бағуға Сәрсенбай сай тұрады.
Алыстағы шаң елді мекеніне,
Жол жүріп түні бойы жетеді де
Қой бағу жұмыс күні басталады,
Сәрсенбайдай сабаздың ертеңінде.
Сәрсенбай қорбандап қонады атқа,
Күз айы. Сарғайып солған бақша.
Ренжіскен қой бақтырған залымдармен
Жаңа жыл босаға аттап кірер шақта.
Сәрсенбай мен Сәрсенгүл шала маста
Түнде барған ауылға «Армандасқа»
Түні бойы көше кезген мастарменен,
Адаспай қайтсін олар қара басса.
Қаңтар айы таңертең аяз болып,
Жаяу жүру тұрады ауыр соғып.
Шүбірек жыртық аяқ киімдері
Сәрсенбай мен Сәрсенгүл қатты тоңып.
«Ашудас» қыстағынан бірақ шыққан,
Жол бойы қарға батып көріп қорлық.
Сойқанбек мал иесі малғұн еді,
Ит мінезді малы да шағын еді.
Қояды Сәрсенбайды сиыршы ғып,
Төленбей айлап жалақы әйгіленді.
Сәрсенбай мен Сәрсенгүлді азғын кулар,
Қойшыға қоқандайды кейде бұлар.
Өздерінше ашынған алда-жалда
Қарау қажет қыстауда қалған малға.

Он бес мың теңге табысы Сәрсенбайдың
Сәрсенгүл ерінеді нан салғанға
Қар жауып қаңғыбастар қабағынан
Табысы аспай тамақ арағынан.
Түнде шатып Сәрсенбай бақырады,
Албастысы басқандай жан-жағынан.
Қыстауда аяз бен боран жиі
Азайған малшылардың жағар қиы.
Қой өрісте, сиырлар қолда шөбі нәрсіз
Мал қораны қар басқан сұмдық сиқы,
Қар күреліп қора есігі тазарады.
Малшылар жан беріп, жан алады
Қалың қардың астынан қазып алған
Сиырларға шашқан шөпті шанадағы.
Қәрі сиыр тұралаған суға батып,
Бұзаулаған қорада жарты ай жатып.
Сәрсенбай таңертең барып көрсе
Екінші сиыр өлген арам қатып
Сойқанбек өкініпті қарнын қасып
Сәрсенбай тағдырына теріс қарап
Боқтайды қой-сиырды орысшалап
Абай жеріне жетсем деп армандайды
Қиялмен кошқар бағып, өріс барлап

Үшінші тарау

Үш қасқыр Сойқанбектің тайын жеді
Қойы құнсыз көбейген қайғы шері
Сәрсенбай шопан болмай қойғаннан соң
Қолданған құйтырқы айла тәсілдерді.
Сойқанбек Сәрсенбайды тексіз деді
Қыстаудан ауылға жеткізеді.
Сәрсенбайдың ескі соткі керзі етігін,
Сойқанбек тартып алып кесірленді.
Күн жылынған жазға да таяу арты,
Сәрсенбай мен Сәрсенгүл жаяу-жалпы
Кіндіктіден кеш шығып таң атқанда,

«Байжасар» қыстағына аялдапты.
Қатысып қыстақ тағы құрылысқа
Бұрақы итгей жатады бір бұрышта
Сәрсенбай сергелденнен жуасыған
Айдалаға лағатын жыны қисса
Жұмыста иіп-қашты шет қырдағы
Тұрмыстық тауқыметтің өтті зары
Сөмкелерін сүйретіп киім салған
Жолға шығып Семейге бет бұрады.
Қой бағуға жапанда жалданғандар,
Сиқырлы суды сіміріп алданғандар.
Өткізіп өмірлерін өксітумен,
Қоғамда қателесіп қалған жандар.

Төртінші тарау

Сойқанбек малшы іздеп миы қатып,
Сорлы ғой құдай өзін жиі атып.
Бес жүз қойы азайған жұтқа ұшырап,
Қыстауда шығынға тұрды батып.
Сыпсындап саудагер Сайра деген,
Жүреді алпыс екі айламенен
Байы екеуі жалдаған малшылардың
Бермей еңбекақысын пайда көрген.
Оңбаған отбасы екені білінеді,
Әлсізге жұдырық ала жүгіреді.
Өздері танытып тексіздікті
Өзгелерді тексіз деп түңіледі.
Қойшыны боқтап Сойқанбек анасынан,
Әлсіздің жармасыпты жағасынан
Керек кезде өтірік өбектеген,
Қиналған қаржы шықса қалтасынан.
Біреулерді дәулетті даңқы дардай,
Сөз қылады көре алмай, артыла алмай.
Қатынының талағы тарс айрылса,
Сойқанбектің бойынан жан шығардай.
Ауылдың тұрғындары байқағандай

Ақша десе жандары жай таба алмай
Дүкенінде зат қымбат, алушы аз
Теңге сауған тоғыштар сойқалдар-ай.
Ақшаға арын сатқан дәл осылар,
Кір іздеп тырнақ астынан аласұрар,
Оларда жоқ ар-иман, обал, сауап,
Арақ, сыра, темекі саудасы бар.

Бесінші тарау

Қойшылар қолғаптай ауысады,
Өртенген қой өрісі тау пұшпағы.
Болмысында бір тоға момын жандар,
Өмірін мал бағуға бағыштады.
Қыс ауыр шаруа адамын белден басқан,
Қар борап астасады жер мен аспан.
Мазасыз мезгіл малшылар қауымы үшін
Қылышы қыстың жалаңдап ызғар шашқан.
Ашудас қыстағы дардай мекен
Малшы, жалшы қасірет талай шеккен
Жыл сайын қиындық көп қыстамада,
Малшылар құтыла алмай зарлайды екен.
Суық жел мен қар, жаңбыр араласып,
Тондырады көктемге малда асық.
Су киімнен тоназып тұла бойы
Жалшы шопан қой баққан тауда қашық.
Жалшының бейнеттенген азба тұсы
Жетпейді жыртық жамауға жалақысы,
Бөгделерден былапыт сөз де естіп
Тапталған азаматтың ар-намысы.
Су аққан жөңкіліп жылғалардан,
Тыңдатқан көктем әнін тырналардан.
Наурыздың аласапыран ауа-райы
Аспанда үйіріліп бұлт тараған.
Наурыз келіп жеткен ұзынсары,
Еріген тау-даланың мұзы, қары
Қыстауда малшы-жалшы жүрегінде,
Тағдырдың сары аязы сызы қалды.

2013 жыл.

Ауылбай мен Дауылбайдың айтысы

Ауылбай:

Ауыздыға сөз бермей
Артық айтып тежелмей
Алыпсатар Сайра да
Ақша десе өлердей
Көкейін теңге тесіп жүр
Есерханды есіп жүр
Кулықтарын асырып
Шаруаларын шешіп жүр

Дауылбай:

Өрістері мал толған
Кулар да қашан арболған
Қойшылары қан қақсап
Еңбек ақыға зар болған
Арамзалар ұрты қан
Құйрықтары бір тұтам
Жалақысын жарлының
Қомағайланып қылғытқан.

Ауылбай:

Бар машина дүкені
Теңгені белден бүктеді
Опық жегендер оларға,
Құдайдан жаза күтеді.

Дауылбай:

Қанаған талай пақырды,
Есерхан бірде аһ ұрды.
Шығындалды бәрібір
Талқандалып тракторы.

Ауылбай:

Есерхан сөйлеп күйіне,
Тұрмын деп құтты үйімде.
Кім жазса егер жамандап,
Жетемін –дейді түбіне.

Дауылбай:

Қалай айбар шегеді,
Айдаһардай тек өзі.
Күпигенмен көргенсіз,
Қарабет қанша көгерді.

Ауылбай:

Басынған әлсіз шопанды,
Емес қой қол тоқпағы.
Қойшының боқтап анасын,
Аруақтан Есер қорықпады.
Кеңірдегін суырап
Жолықтырса сотқарды.

Дауылбай:

Ауылбайжан ашынба,
Шаппасын іс насырға.
Үйсіз-күйсіз жүргенің
Ойыншықтай ойсыз тасырға.
Сенің ауыр тағдырың
Жігерлен бақ тап басыңа.

Ауылбай:

Залымдары заманның
Пайда үшін ашқан аранын.
Дүние боққа қызыққан,
Тірлігін кешіп қарғаның.

Дауылбай:

Талайлармен сыйыса алмай,
Мінездерінің қиқары-ай
Жамандар солай сызданар
Ши сұғылған шикандай
Арсыз ауызы, мұрыны
Есерханның жұлынды.
Қатынкұмар пәтшағар
Әшкерленді былығы
Көп асқанға-бір тосқан
Қанды қасапқа ұрынды
Тапталып пасық кеудесі
Өзі сағын сындырды

Әлі де бар мастықпен
Есерсоқтығы бұрынғы

Ауылбай:

Дүкенінде өтпей тұратын,
Арзанға сатпас бір затын
Сайқал сол бір Сайраны
Кез келер құдай ұратын.
Құныққан сауда-саттыққа
Алыпсатар қу катын.

Дауылбай:

Тұрғамыз жоқ табалап,
Шындықты айттық шамалап.
Өздерінше Есер адал-ақ
Қорғансыздарды қаралап.

Ауылбай:

Қайыр зекет бермейді,
Ондайды жөн көрмейді.
Беріліп малға көбірек,
Имандылыққа көңіл бөлмейді.
Кеудеден кетпей қышқылы,
Қулардың мұздай мысқылы.
Жиырма бес мың теңгеге,
Қойшы таппай қысылды.

Дауылбай:

Қойшы қылған қиықты,
Жалдаған бір жыл тұйықты.
Ойық қазір бас шопан,
Бейнеттен жаны күйіпті.
Толтырған малға жайылымды,
Есердің көп айыбы.
Қарбайдай қатты екен
Халыққа жоқ қайырымы.

22 маусым 2014 жыл

Түс

Уақыт емші жан-дертімді жазардай,
Өткен түнде түсімде менің ғажап-ай.
Өліп жатыр қасқырлар қарға көміліп,
Бастары ғана көрінеді қазандай.
Жау жоқ деме жар астында сұр жылан,
Шаққанына талайдың көзі жұмылған.
Түсімдегі қырылып қалған қасқырлар,
Жауыздар шығар ата көріне тығылған.

Кіндіктің көктемі

Қар еріп «Сылдырама» сеңгірінде,
Көктем келді Кіндікті өңіріне.
Тоғыз тарауы түледі таңғажайып,
Халықтың көтерілді көңілі де.
Жасыл шөп, бәйшешектер қырдың үсті,
Хош иісті көп гүлдер түрлі-түсті.
Барады көктем әнін аспанда айтып,
Қарлығаш, қаз бен үйрек жылдың құсы.
Тасыды өзен ауылдың маңайына,
Бүршік жарды бусанып тал-қайың да.
Қыстан кейін келіп тұр кәусар көктем,
Төңіректі толтырып арай-нұрға.



Нұрғалиев Совет Әбенұлы



1971 ж Семей мемлекеттік медицина институтын дәрігер-педиатр мамандығы бойынша бітірген. 1971-2010 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында дәрігер болып қызмет істеді, зейнеткерлікке шықты. Қазір

Павлодар облысында тұрады. «СССР шекара әскерінің үздігі», қызыл тулы Шығыс шекара округінің әскери бөлімінің «Құрмет грамотасымен», ҚКП Семей облыстық партия комитетінің «Лениндік құрмет грамотасымен» марапатталған.

Өмірден ой түйіп, алпыстың асқарына шыққан Совет Әбенұлы зейнеткерлікке шықса да қарап жатпай, денсаулық сақтау тарихының кітабын жазумен қатар, осы шыққан «Өмір өзен» кітабының алтын қорына Омбы архивімен байланыс жасай отырып қымбат қазына сыйлаған, адам денсаулығын сақтау мақсатында қымыздың қасиеті, жүрегіңізді сақтай біліңіз атты көлемді мақалалар жазып, сол өзі тұрған жердің тарихи тұлғасы болған. «Мәшһүр Жүсіп Көкейұлы» туралы көлемді материалды оқырмандарға тарту етті.

Денсаулық сақтау саласында да халқы үшін аянбай еңбек етіп, ел құрметіне бөленсе, зейнеткерлікке шыққаннан кейінде көлденең сөз ермеген адал еңбегімен көзге түсіп келе жатқан, әр саладан бір кісідей хабары бар зерделі азаматтың бірі.

Қазақтың ХХ ғасырда өмір сүрген ғажайып ақындарының бірі Мағжан Жұмабаевтың: «Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор немесе кішілігінде емес, елге деген жүрегінің таза болуында», - деген екен. Осындай жүрегі таза, елімен тілегі ортақ болған, қай жерде істемесін жері мен елінің аты мен абыройын көтеріп келе жатқан өр тұлғалы азамат екенін айтса артық айтқандық болмас. Қыз өсіріп қыздарын қияға қондырған, балаларының барлығы өз орындарын тауып, халқы

үшін аянбай қызмет етіп, өз үлестерін қосып келе жатқан берекелі шаңырақтың ұрпақтары. «Ұлт болам десең, ұрпағыңды түзе» - дегендей Советтің сүйіп қосылған жары Тамара да, еңбегін балаға шашқан ұрпақтың көзін ашқан ұстаздардың бірі. Ол 1972 ж Қазақ мемлекеттік қыздар институтын бітірген соң Тарбағатай ауданында мұғалімдік қызметте болды. Тоғас батыр орта мектебінде партия ұйымының секретары, кәсіподақ комитетінің председатели қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздік қызметкері.

Төменде Советтің бірнеше құнды мақаласын оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Қымыздың қасиеті

Бала кезімізде ата-аналарымыз: «нанды тастамаңдар, обал болады, ұнтағын шашпай жеп қойыңдар, бай боласыңдар» - деп отыратын немесе «арпа-бидай ас екен, алтын - күміс тас екен» - деп, ата-бабаларымыздың, ұлттық тағамдарымызды қасиеттеп, осындай ұлағатты сөздер айтып өткен. Сондай, қазақ үшін қасиетті ұлттық тағамымыз, өкінішке орай ұмыт болып бара жатқандай. Шипалы сусын, дәмді тағамның киелісі қымыз екеніне ешкім күдік келтірмейді. Жыр алыбы Жамбыл атамыз қымыздың қадір –қасиетіне тарихта ұмытылмастай былай деп баға берген «үйірілген сары алтындай сары қымыз, ауруға- ем, сауға қуат дәрі қымыз»

Біздің ғасырға дейінгі 5-інші дәуірде өмір сүрген тарихшы Геродот біздің жерімізді жайлаған скифтердің биенің сүтінен «қымыз» деген шипалы сусын жасағанын жазып кеткен. Бергі тарихи деректерге жүгінсек 16 март 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің 6-шы номерлі санында Ахмет Байтұрсынов мынандай дерек жазады «Русияның құрт (туберкулез) ауруға қарсы күрес қоғамы, осы дертті дала қымызымен емдеу үшін Ырғыз уезінің Шөңгел болысына қарасты Бершүгір станциясының қасынан 100 аурулы адамды емдеу үшін

қымызхана ашуға, 5 мың десятина жерді хукмет тарапынан сұрайды». Немесе, 1882 жылы Семейге жер аударылған орыстың революцияшыл демократы, дәрігер Н.И. Долгополов денсаулығына байланысты, әскери генерал губернаторға төмендегідей өтініш жазады: «Қымыз ішіп, таза ауа жұтып, емделу үшін, Шыңғыс болысындағы Құнанбай Өскенбаевтың ауылына 15-інші август 1882 жылға дейін болуға рұқсат етіңіз». Қымыздың қазақтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайында өте зор маңызы бар екенін төмендегі деректенде байқауға болады. 1985 жылы Мұса Шормановтың асына арнайы шақырылған 10 мың қонаққа арналып 20 мың шелек қымыз дайындалынған. Ас 18-23ші июль аралығында Шідерті өзенінің Шүршітқырған (қалмаққырылған) деген жерде берілген. Осындай мөлшерде қымыз дайындаудың сол кезде мүмкін екендігін, мына деректерден көруге болады. 1897 жылғы Ф.Щербина экспедициясының дерегінде Павлодар уезінде 1 миллион 293 мың 126 бас малдың бар екендігін, оның ішінде жылқы малының 303586 бас екендігі көрсетілген.

Қымыздың құрамының витаминдер мен минералдық заттарға өте бай екендігін мына айғақтанда байқауға болады: 2 немесе 3 күн ашытылған қымыздың 1 литрінің құрамында 1,8 -2,2 % белок, 200-250мг «С» витамині, 265 мг фолий қышқылы, 200мгВ1 витамині бар.

Қымыз организмді (дене құрылысын) нығайтады, денедегі зат алмасуын жақсартады. Қазақ қымызды ас, әрі сусын, дертке дауа ем ретінде де пайдаланған. Халық емшілері қымызды өкпе ауруын, көк жөтелді, қыркұлақ ауруында, қан аздықта, асқазан, ішек ауруларын емдеуге пайдаланған.

Шикі қазыны түнемел қымызға ақжем болғанша шайқап, тосабын асқазан, өңеш жолдарының қатерлі науқасын емдеуге қолданған. Қымызбен емшектегі сәби мен қарияларға дейін емделген. Себебі жаңа сауылған бие сүті биологиялық және химиялық құрамы жағынан ана сүтіне өте ұқсас болады. Қыс кезінде созылмалы дертке ұшырап, әлсіреген науқастарды, жазда жайлауға шыққанда қымызбен, емдік қасиеттері өте жоғары тағамдармен-марқаның етімен, жылқының қазы-

қартасымен, жал-жаясымен қосып емдеген. Ал сентябрь-октябрь айларында жайлаудан түсерде созылмалы наукастарды қымызбен, семіз ешкі еттерімен қосып емдеген.

Қазіргі көзқарас тұрғысынан қарасақ, емдеудің осы тәсілдері – қазақтың санаториялық-курорттық емдеу әдістерін сол кездің өзінде-ақ меңгергенін көрсетеді. Ал ешкі малына келетін болсақ, бұл түлік күз кезінде тек қана дәрілік шөптер мен өсімдіктерді таңдап жеген. Атап айтар болсақ, қарақаттың, тошаланың дәндері мен жапырақтары.

Жоғарыда аталған қасиеттерімен мәлім киелі қымызды кейінгі жылдары ұмытып бара жатқандаймыз, қолда бар алтынның қадірін кетіріп алмайық..

Оны айтып отырған себебім соңғы 50 жыл ішінде Германияда қымыз өндіру мемлекеттік дәрежеде жолға қойылған, қымыз бен шұбат өндірумен 50-ге жуық кәсіпорын айналысады екен. Қымыздан сабын, түрлі иісті сулар, балалар тағамын жасау өте жақсы жолға қойылған. Қымыздан сабын жасаудың өзі ерте кездегі боз биенің сүтіне шомылған деген сөзді еске түсіреді. Европаның көп жерлерінде жылқының қазысын емдік тағам ретінде дәріханалардан арнайы рецепт арқылы босатады.

Сөз соңында айтарым, мүмкіндік болған жағдайда жаз кезінде, аудан орталығының кісі көп жиналатын Юбилейный базарының маңында жаңадан ашылуға дайындалып жатқан мешітке қарсы орналасқан дәмхананың бір бөлмесінде үнемі қымыз сатуға қол жеткізсек игілікті іс болар еді.

Сондықтанда араққа телміріп, сыраға сұқтанбай

Әрі сусын, әрі дәрі

Емге ішеді жас пен кәрі

Бие сүті, елдің құты

Деп бағалар жұрттың бәрі -деп,

бабаларымыз айтқан киелі қымызбен сусындайық ағайын.

25 ші наурыз 2012 жс.

Жүрегіңізді сақтаңыз

Жүрек денедегі қан айналысын реттеп, іске асырып отыратын басты орган. Жүрек қызметінің қажеттілігін мына деректерден байқап, түсінуге болады. Мысалы, жүрек күніне 100000 рет соғып, өзінен 170 литр қанды 1 тәулікте өткізеді. Болмаса бір айда 3000000 рет соғады. Әдетте, жақсы жұмыс істейтін жүрек бізді мазаламайды. Біз тіпті жүрегіміздің бар екенін ұмытып та кетеміз. Алайда, жүрегім жақсы екен деп, оны назардан тыс қалдыруға болмайды. Жүрек науқастары әр түрлі, қазіргі заманда жүрек науқастары жасарып келеді. 30-45 жас аралығындағы адамдардың жиі ауруы таңғаларлық жағдай емес.

Жүрек ауруларын мынандай екі топқа жатқызуға болады. Бірінші: жүректің ишемиялық науқасы. Екіншісі: арақты жиі ішетіндердің арасында кең тараған - жүрек бұлшық етінің арақтың әсерінен май басып кетуі. Өкінішке орай, арақ ішу ауруының ауылдық жерде кең таралуын ескерсек, қаншама жастардың о дүниеге мезгілсіз аттанып кетуі қайғылы оқиға. Мысалы, арақты өте жиі ішетіндердің 15%-ы осы науқастан ерте қайтыс болса, 10%-ы ешқандай себепсіз кенеттен өліп кетеді.

Жүрек бұлшық етінің май басып кету ауруының негізгі белгілері төмендегідей: көбінесе арақ ішкен сәттерден кейін ауа жетпей қалуы мүмкін, аяқ- қолы суып, жүрек соғуы жиілейді. Арақты жиі ішкеннен кейін жүрек тұсында мазасыз ауру белгісі пайда бола бастайды. Асқынған жағдайда адам енгігіп аяғына ентік түседі. Сол сияқты жүректің ишемиялық науқасының жиі пайда болуының бірден-бір себебі мөлшерсіз темекі тарту, көп қимылдамау және семіріп кету. Ишемиялық науқастың ең негізгі белгісі мөлшерден тыс темекі тартқаннан кейін, 200-250 гр. арақ ішкеннен кейін немесе жүйке күйзілісінен кейін жүрек тұсы кенеттен шағып және қысып ауырады. Ауру көбінесе науқастың сол жақ қолына тарап, белгі береді. Дер кезінде дәрі ішпеген жағдайда аурудың созылуы 15-20 минутқа дейін барады. Адам емделмесе, дәрігердің айтқан ақыл-кеңесін орындамаған жағдайда, жүректің ишемиялық науқасы миокард инфаркты науқасына ұласуы ықтимал. Жоғарыда аталғандай жүрек тұсында

ауру белгісі пайда болған кезде, тілдің астына нитроглицерин, валидол дәрілерін салып, сорып отыруға болады. Жүректің ишемиялық ауруы әдетте қан қысымының жоғарылауына байланысты. Сондықтан қан қысымы жоғары адамдар дәрігердің айтқан мерзімінде емдеу мекемелеріне барып, мерзімді бақылаудан өтіп отырғаны жөн. Жоғарыда аталған екі науқас та әйел адаммен салыстырғанда ер адамдардың ерте кетуіне жиі себепші болады. Оның себебі: арақ ішу, темекі тарту ер адамдардың арасында жиі кездеседі және ер адамдар әйел адамдарға қарағанда күнделікті өмірдің ауырлығына шыдамай жүйкелері тез сыр береді. Сондықтан әр кез өз денсаулығымызға өзіміз ұқыппен қарап, сақ жүргеніміз абзал.

15.05.2011



Ескелді құпиясы – Мәшһүр құпиясы



Жалғыздық бір Аллаға ғана жарасқан. Одан басқа еш керемет жалғыз жаратылмақ емес. Байтақ әлемнің бір шетінде болмаса, келесі бір шетінен қайталамасы, сыңары кезігетін әулие-әнбиелер де еліміздің топырағында санаулы ғана.

Батырды әйелдің ілуде бірі туса, Әулие деген «ақ-шариғат» ғасырда бір-ақ рет өмірге келіп, ғұмыр кешуі мүмкін. Осындай «ақ-шариғаттың» бірі – Керекү өңірінің «Киесі», ғарыштың нұры Ескелді топырағындағы мәңгілік жататын орнын тірісінде сәулелендіріп берген, жарық дүниенің есігін Адам-Жүсіп болып ашып, Жер-Ана құшағынан жәннәтын тапқан Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп әулие!

Ауыл молдасынан алғаш сауатын ашқан Адам-Жүсіп ерекше дарындылығымен ел аузына ерте ілінген. Сегіз жасынан бастап оқыған қисса-дастандарын жаттап алатын болған. Бір отырыста бала Жүсіптің қабілетіне куә болған, Баянауыл округінің Аға сұлтаны Шорманның Мұсасы «Тіл-көзім тасқа, сен өзің Мәшһүр болайын деп тұрған ұлан екенсің, осыдан былай сен енді «Мәшһүр Жүсіпсің» - деп, батасын берген екен. Жас кезінде Байжан молла, Нәжимеддин хазірет, Камареддин ахон ұстаздарынан білім алған Мәшһүр, 17 жасынан бастап Ташкент, Бұхара, Самархан шаһарларына барып, білімін толықтырады. Бұхара шаһарында жүргенде Мәшһүрге екі мәрте ақсақалды қария аян береді. «... Бірінде: «ғұмыр-дарияң 72-73 жасында суалады» десе, екіншісінде: «балам, Құдай жарылқаған екен, саған Қожа Бахауеддиннің назары түсті. Енді рухыңа қасиет қонды, аузыңнан шыққан сөздің бәрі лепес, қабыл

болады!» деп, қолын жайып батасын беріпті. Осы батадан кейін Мәшһүрдің әулиелік жолы басталды десек ешқандай қателеспейміз. Діни оқуларымен сусындаған Мәшһүр Жүсіп табиғи дарыны, қасиет қонған рухының арқасында философия, психология салаларына байланысты, осы күнге дейін құнын жоймаған пікірлер айтып, еңбектер жазып қалдырған.

Мысалы: «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» еңбегінде: «Дене – бір қараңғы үй. Жан – сол үйдегі жарық қылып тұрған бір сәуле. Әркімнің Жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Жақсы мен жаманның жаны бір ме? – дейді. Алайда, Жан бар, дене бар. Екеуі бірінен бірі жасырын емес, бірақ Жан деген нәрсені ешкім көрген емес. Адамның денесі өзіне де, басқаға да көріністе тұр. Жан өзі көрінбейді, бірақ белгісі көрінеді, Жанның барлығы соңынан танылады. Барлық белгісі – адамда бір нәрсені ойына салып ойлау бар, сезу бар.

Ойланып, сезген нәрсесін орындап, орнына келтіру бар. Жылынады, тынығады, бір нәрсені жақсы көреді, бір нәрсені жек көреді. Міне, осындайлар Жанның барлығының белгісі. Денедегі жанға серік болуға жарайтұғын нәрсе – қан деп ой толғайды ғұлама!

Зер салып қарасақ, Мәшһүр әулиенің Жан туралы философиялық ой-тұжырымы ежелгі грек философы Аристотель Стагириттің, Шығыс Аристотелі, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің жан туралы зерттеулерімен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Аристотель жан туралы арнайы психологиялық трактаттың авторы былай деп анықтама береді: «Жан – тәннен бөлінбейтін мән» десе, Әбу Насыр Әл-Фараби: «Жанның ойдағыдай дамып, қалыптасуы үшін тән саулығы қажет. Тән саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ» деп қорытынды жасайды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Мәшһүр әулие Аристотельмен, Әл-Фарабимен тең дәрежедегі философ. Басқадай теңеу орынсыз.

Бабаның әулиелік қасиеттері сонда:

1. Көзі тірісінде жамиғатпен арыздасып ас беруі.
2. Ғарыш нұры сәулелендірген Ескелдідегі мәңгілік мекенін өзінің таңдауы.

3. Ешқандай бальзамдаусыз, беті ашық қабірде денесінің бұзылмай 21 жыл сақталуы.

Денесінің бойынан Жан кеткеннен кейін бальзамдаусыз 21 жыл сақталуы, әрине, сирек кездесетін оқиға! Әлемде осындай жағдайлар бұрын да кездескен, бірақ өте сирек болған. Олар құпиясы ашылмаған, бар-жоғы төртеу ғана, ғажайып оқиғалар.

Біріншісі. Біздің заманымызға бальзамдаусыз жеткен оншақты «мумие-денелер» Жапонияның солтүстік таулы аймақтарындағы монастырлерінде, өте құпия жағдайда сақтаулы тұр.

Тарихи деректер бойынша, 1713 жылдары Жапонияның Сингон будда-монахтар мектебінің діндарлары, тірі кездерінде өз денелерін «мумияландыруға» дайындалған дейді. Дайындық 3000 күнге созылған.

Алғашында 2000 күн ішінде арнайы диетамен тамақтанған. Пайдаланған өректік тағамдары құпия сақталған шөп өскіндері, қызыл сояның дәні, балқарағайдың қабығы мен тамырлары, лак ағашы қабығының тұнбалары. Соңғы 1000 күн өмірлерін монахтар жерасты бөлмелерінде, Лотос қалпында отырып өткізген. Бөлмелердегі ауа үнемі тазартылып, күні-түні майшамдар жанып тұрған. Сыртқы тіршілікпен байланыс кішкене қоңыраулармен дыбыс беру арқылы іске асып отырған. Монахтар өмірден өткен сәтте қоңырау дыбысы тоқтап, ерекше жерлеу рәсімі орындалған.

Екіншісі. Қытайдың Синьхуа агенттігі 1998 жылы мынадай тақырыпта ресми хабар таратты: Данту провинциясында 1997 жылы бальзамдаусыз сақталған «мумия-дене» табылған. Ғылыми зерттеу болжамы бойынша мүрде 1644 жылы жерленген. Зерттеу жұмыстарын Цзянсу провинциясының әкімшілік орталығы, Нанкин қаласының ғалымдары жүргізген.

Қытайдың Цигун орталығының өкілдері XVI ғасырда жерленген адамның көзінің тірісінде құпия «Ци қуат көзін» басқаруды меңгергенін айтады. Бұл «қуат көзі» қайтыс болған денеден бөлінбей, ағзаның клеткалық деңгейде бұзылмай сақталуын қамтамасыз етеді. Ғалымдарды таңғалдырған тағы

бір жағдай – «мумия – дененің» өкпесінен өте жақсы сақталған қанның қызыл түйіршіктерінің табылуы.

«Денедегі жанға серік болатұғын нәрсе – қан» - деп пәлсапалық қорытынды жасап кетті емес пе, Мәшһүр ғұлама.

Үшіншісі. 1927 жылы 75 жасында қайтыс болған Хамбо-Лама Итигэлов.

Ламаның денесі майқарағайдан арнайы жасалған табытқа салынып, оған тұз толтырылып, 1,5 метр тереңдікке көмілген. Мүрдені 2002 жылы қазып алып, ғылыми тексеру жүргізілген. Қорытындысында дененің бүлінбегені анықталған.

Төртіншісі. Ескелді құпиясы. Мәшһүр Әулиенің «хош иісті» денесі.

Ерекшелігі: Қандай да бір арнайы табытқа салынбаған, тұздалмаған, жапон монахтары тәрізді тірісінде ағзаларын мумияландыруға дайындамаған дененің хош иісті қасиетімен, 21 жыл табиғи қалпында сақталуы.

Әдетте, ұлы тұлғалар өмірден өткеннен соң: 1) көкірек, 2) іш-күрсак қуысының мүше-ағзалары, 3) ми заттары алынып, тазарған мүрде хош иісті, асыл затты дәрілер сіңіріліп арнайы шыныдан жасалған орынға қойылады. Белгілі бір жылдар өткеннен кейін бальзамдау ісі қайталап орындалады. В.Ленин, Мао Цзе Дун, Хо Ши Мин, Ким Ир Сен, т.б. тарихи тұлғалардың денелері осындай жолдармен бальзамдалған.

Мәшһүр құпиясы 2043-2045 жылдары ашылуы мүмкін. Оқырманның «Неге?» деп сауал қоюы орынды.

Жауап төмендегідей: Жалпы, «72» немесе «73» сандары әулиенің өмірінде мистикалық, көріпкелдік ұғымдармен ұштасып жатады. Бұхарада, ақсақалды қария өңінде аян бергенде Мәшһүрді денесінің о жер, бұ жерінен таяғымен түртіп, «жетпіс екі, жетпіс үш» - деп үш рет айналып кете береді. Аң-таң болған бабамыз 72-73 сағаттарда өмірден аман өтіп, ғұмырының 72-73 күндерін артқа тастап, 73 жасында фәниден бақиға аттанады ғой! «Мен өлген соң, 40 жылға дейін денем бұзылмайды» деген Әулие 1971-72 жылдарды нысанаға алды емес пе (1931+40=1971). Осы жылдарға 72-73 сандарын қоссақ, 2043-2045 жылдар шығады, ғасыр құпиясының ашылу

жылдары емес пе екен? Зират тосыннан бұзылмаған жағдайда 1971-72 жылдардың күзінде Ескелді өңірінде бір ғажайып оқиғаның болуы да мүмкін бе еді, әлде болып кеткен де шығар! Көнекөз қариялар не дейді екен?

Өмірден өтерінде Әулие мынадай өсиеттер айтып кеткен:

- Қысы бар, жазы бар, әрі-бері өткен жолаушылар түнер болса, барлық мүлкімді пайдалансын, бірақ жуып, тазалап, қайтадан орнына қойып кететін болсын.

- Мен өлген соң 40 жылға дейін денем бұзылмайды, тірі адам көзі көреді. Тек жаздың ыстық айларында акыретімді айырбастап отырындар. Қыста қажеті жоқ.

- Мен өлген соң келіп бата жасамақ түгілі, әркім өз басының қайғысымен кететін «тұрымтай – тұсына» деген заман болады, - деп көріпкелдік болжам жасаған екен.

Осылай көріпкелдік жасаған Әулие 1931 жылдың күзінде бақиға аттанады. Сонынан Әулиенің айтқандары айнымай келіп: 1931-1932 ж.ж. ашаршылығы; 1935-1937 ж.ж. қуғын-сүргіні; одан кейін Екінші Дүниежүзілік соғысқа жалғасқаны белгілі.

Көріпкелдік дегеніміз – адам мінезіндегі сезімталдық пен пайымдағыш қасиетті білдіретін сипат, адамның даралық ерекшелігі. Көріпкелдік қасиет – оқиғаны, болар істі «осылай болады екен» деп болжамдап ашуды білдіреді.

Бабамыздың әулиелік, көріпкелдік ерекшеліктерден басқа «жеті қат, аспан періштелерімен» дидаласатын қасиеті де болған. Яғни, рухпен сөйлесу, жүздесу. Нострадамус деңгейіндегі Ғұлама Мәшһүр әулиенің (осылай деп атауымызға толық қақымыз бар) қандай да бір ғажап құпияны сақтап жатқаны ғажап емес пе?

«Ертіс өңірі» 2014 жылғы 9 сәуір



Тоқабай елі

Ата шежіресі келте болмас үшін қазақ фольклоры Орта жүз Найман шежіресінің бастапқы екі шумағымен бастауды жөн көрдім. Ол архивтік деректерде мынандай деп бастау алады:

*Қолыма жаздым қағаз, қалам алып,
Білгенді жариялап хатқа салып.
Бетінде ақ қағаздың сөзім қалсын.
Бір күні тағдыр жетіп кетсек тайып.*

* * *

*Бар еді Майқы биде екі бала,
Балалар деп ат қойған Қазақ, Созақ.*

* * *

*Созақтан Қарақалпақ бөлінеді,
Осылай шежіреден көрінеді.
Атамыз Қазақтан да, үш ұл туып,
Ұрпағы өсіп - өніп келіп еді.
Ақарыс, Жанарыс пен Бекарыс деп,*

Үш жүз деп оған есім беріледі, - дегенді, басшылыққа ала келе, шежіре дерегіне жүгінсек Орта Жүз деп аталатын Бекарыстан Келімбет мұнан Көсем, Көсемнен Сарманай, Сарманайдың бәйбішесінен Ақсопы, Ақсопыдан Найман, Найманнан Белгібай. Осымен Найманның немерелері: 1) Әлпештен туған Сүйініш; 2) Ақсұлудан туған Шүкірші. Белгібайдың үшінші әйелінен туған Келбұғы, Кетбұғы, Бағаналы, Балталы. Бұл алтауы Белгібайдың үш әйелінен.

Қызенейді алған Елатаннан туған Қоңыратты деген баламен жетеу, Көкжарлымен сегіз Бурамен тоғыз болады.

Тоғыз таңбалы Найманның яғни, тоғыз баланың үлкені Сүйініш – теріс таңбалы атанып кеткен.

Белгібайдың екінші әйелі Ақсұлудан Шүкірші бұдан Сармырза жалғыз. Сармырзадан Төлегетай жалғыз. Төлегетайдан Қытай бай жалғыз. (Осылай үш ата жалғыз – жалғыздан болғандықтан, Төлегетай бабамыз немерелерім көп болсын деп баласының атын Қытай қойған екен деген аңыз

бар). Қытайдан төрт бала туады. Үлкені Төртуыл, екіншісі Қаракерей, үшіншісі Матай, төртіншісі Садыр. Қытай балаларының жас кезінде қайтыс болып, төрт бала үлкен атасы Төлегетай тәрбиесінде ер жетеді. Олар күні бүгінге дейін төрт Төлегетаймыз дейді. Мына бір шумақ өлең содан бері үзілмей ел аузында айтылып келеді.

*Найманның шөбересі Төлегетай,
Айтады туады деп одан Қытай.
Қытайдың төрт баласы деп айтады,
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Жасында Қытай мырза дүние салып,
Білмеген балалары атын атай.
Төрт бала үлкен ата қолында өсіп,
Атанған сол себепті төрт Төлегетай.*

Қаракерейден Мейрам, Мейрамнан Байторы, Байторыдан – Байыс. Ал Байыстың бәйбішесі Мұрыннан: Сары менен Мақта деген қыз туады.

Ал Қаракерей туралы Сапарғали Әлімбетов былай деп жазыпты:

*Найманның Қаракерей сауыры еді,
Төртуыл, Садыр оған бауыр еді.
Інісі Матай келіп қосылғанда,
Салмағы Орта жүзге ауыр еді.
Арғында мұның теңі Алтай – Қарпық,
Үйсіннің Дулатындай өсімі артық.
Албан менен Адайдай сырды қоршап,
Атырабы Алатаудай жатқан шалқып.
Бір өзінен отыз аудан ел тарайды.
Орыс пенен Қытайға тең қарайды.
Қаракерей көлемі алып жатыр,
Үрімжі Семей менен екі араны.*

Ал, Сарының бәйбішесінен Жолымбет туады. Жолымбеттен: Ажы, Рақ, Ажықұл, Арызбек, Қыдыр, Назар.

Арызбек жас кезінде жоғалып кетіп, Жолымбет бай іздеп барып, Арызбекті Арғыннан тауып, Қазыға жүгініске барғанда «Өзімнің аппақ Найманым» деп жанын беріп алып, содан

Ақнайман, бір болыс ел. Ертістің арғы жағында Алтай тауында, Ақнайман, Қожамбет деген елмен көршілес Қытаймен шекарада тұрады.

Ақнайманның қолында Жолымбет бай 136 жасқа келіп қайтыс болған.

Жолымбеттің бар кара шаңырағы Ақнайманның қолында қалыпты. Қазірде маңдайша таяныш бар деседі. Қой дерттеніп ауырса, сол маңдайша таянышқа түнетеді екен.

Жолымбет бабам Найманның кейінгі ұрпағы, кезінде көп жасаған адам екен. Бір көрнекті ерекшелігі, жүз жеті жасында Дана деген әйелді алып осыдан келер жылы бір ұл туып ат қойыпты.

Ат қою деп еске саларда Матай Жақсыбай би, біздің ойымызға келмеген іс еді, осы баланың атын Қосмұрат қояйық. Бұл қарияның жүзден асқанда көріп, жеңгем мен екеуінің мұратына екінші рет куә болсын деп азан шақырып ат қойып және мынандай бата беріпті:

Қосмұрат болсын бала аты,

Жеткізсін, өссін қанаты.

Ат аспаннан дейтұғын,

Бұрынғының санаты.

Алланың берген баласы,

Тәңірдің барма таласы.

Жүз жаста көп ел алжиды,

Жүруге келмей шамасы.

Асқанда жүзден ұл берген,

Айналайын, Алланың,

Құріретіне қарашы.

Елесімізге гибрат,

Асыл менен жасықтың,

Жермен көктей арасы.

Он үшке ортақпыз,

Қайырлы болсын нағашы, - деген екен.

Сонда Назар дейтін баласы қуанышқа кенеліп, Жақсыбай биге ат мінгізіп иығына шапан жауыпты дейді.

Жолымбет баба атақты шежіреші, әрі батыр, әрі бай, ұрпағы мол, төрт түлігі сай адам болыпты.

Ақмола облысында Жолымбет атындағы темір жол станциясы мен ауылы бар екендігі, қазақтың сырда тұрып Сарыарқаға келіп, қалмақтарды қуып жерін босатқаннан кейінгі тұрақтаған мекені екенін көрсетіп тұрғандай.

Енді Назарға тоқталсақ: Қаракерейден бері жеті Жолымбеттің ең қалыңдап өскені Назар руы екен. Сол себепті: Қарғыба мен Базарым, қалың елім Назарым деп мәтелге айналған. (Сапарғали Әлімбетов).

Ішінде бес Байыстың Мұрын кесек Мұрынның Назарына жетпейді есеп, - деп айырықша көрсетеді.

Үш Назар бұл Найманның думан жері.

Найза ұшы, ноқта басы, асқар белі.

Тоқабай, Жанай деген екі ауылдың,

Маңайын басқан емес дию – пері.

Шерубай, Тана мырза заманында,

Сан күлген тақымында ердің – ері.

(Қали Аманбалайұлы)

Назардан Жанболат одан Тоқабай. Архивтік деректерге жүгінсек: Қызылорда облысындағы, Тоқабай бабамыздың атымен аталатын елді мекендер: Қызылорда облысы, Арал ауданының, Жіңішкеқұм ауылдық округінің орталығы Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Тоқабай елді мекеніндегі 25 орындық аурухана да Тоқабай бабамыздың атымен аталады. Осы аурухана Тоқабайдан 110 шақырымдағы Жіңішкеқұммен одан әрі 70 шақырым жердегі Атаншы ауылдарының тұрғындарына да дәрігерлік қызмет көрсетеді. Емхананың меңгерушісінің есімі Мәдина Сармағанбетова деп көрсетіліпті. Енді бір айта кетер Тоқабай бабамыздың екі баласы да батыр адамдар болыпты: фольклорлық аңыз әңгімелерге құлақ ассақ Тоқабай бабамыз алып денелі өте ірі адам болыпты. Бір жылдары құдыққа түсіп кеткен атан түйені беліне арқан байлап құдықтан суырып алыпты. Осы оқиғаға байланысты сол жылы туған баласының атын Атан қойыпты. Сол себепті, Атан атанып кеткен көрінеді.

Архивтік құжаттардағы Атаншы ауылы деп көрсетілген ауыл осы кісінің атына берілген ауыл атауы болу керек.

Екінші баласы Жомарт та қалмақтармен ақырғы шайқаста қарсыласын жер қаптырып, қайтама соғыста жараланып жарасы асқынып барып, қайтыс болыпты. Зираты қазіргі Көкпекті ауданының шығыс жағына қарай 9 шақырым жерде жатыр.

Қазақтың сыр бойында болғандығы туралы Кәрібай ақынның мына бір өлеңі дәлелдей түсетіндей:

*Біз келдік Сарыарқаға сырда тұрып,
Шығыпты сол мекеннен қалмақ құны
Айырылып алдағы мал, бастағы үйден
Күрке ғып үш ағаштың басын буып
Қалмақпен біздің қазақ соғысқалы,
Болыпты дәл жеті жүз жылға жуық,
Қан төгіп бейбіт елді қырғаннан соң,
Кәбірден сескеніпті көңіл суып - делінген «1723*

жыл қазақтың сыр бойында болғаны аңыз» деген сөз де осыны бекіте түседі.

*Халық шежіресінде Жанболат бабамыз туралы:
Жанболаттан Тоқабай, Жанай, Сары,
Шойтабай, Ырсақ пенен Қарабай, Қожет тағы.
Тоқабайдан туыпты Атақ жомарт.
Шойтабан Жарылғаппен туған бәрі
Бұлардың туысында міні барма,
Өнімін мақтаушы еді ескі кәрі.
Жомарттан туған екен тоғыз бала
Тусашы осындай боп жанның бәрі.*

*Жомарттан Кегенбай, Бәйел менен Қоқан, Мақпал,
Бұларға бала тапқыш түскен әйел.*

Тоқабай бабамыз туралы халық ақыны Сапарғали Әлімбетов «Молдабай балуан дастанында» Тоқабай руының көптігін былайша сипаттайды:

*Тоқабай Жанболаттың өскен ұлы,
Жайлауға ши бойынан көшкен күні.
Қырық ауыл ауа көшсе жоқтамайтын,
Көптігінің белгісі дескен мұны.*

Немесе Қали Аманбайұлының Нұрғали Тұңғатаровпен айтысуында:

*Әрине сөзге құлақ салар едім
Қолыма қу тақтайды алар едім.
Үстіңнен көп Тоқабай қаптап өтсе,
Астында аяғымның қалар едің.*

Немесе Қыдырдың ізін басқан деген теңеу өлеңі кезінде Тоқабай елінің ел ішінде өскелең ауыл екенін көрсетеді.

Тоқабай руынан атақты адамдар өте көп шыққан. Мәселен: Қара қылды қақ жарған Кегенбай би, ол туралы Қали Аманболайұлы: *Құт қонған Кегенбай мен Кокебайға
Жалғанда ісі жаққан бір Құдайға.
Қадірін Арғын-Найман анық біліп,
Ұқсаған жомарттығы Атымтайға.*

Ықылым замандағы патшалы Ресейдің архивтік құжаттарындағы бүкіл қазақ еліне белгілі болған атақты 17 билердің аты жөндері мен өмір сүрген уақыты, туған жылы, өмірден өткен жылы, билікті бастаған жылы, жасаған жасы, билік басында болған уақыты көрсетілген құжатта Найманнан Кегенбай би мен Сасан би Мыңбай ұлы енгізіліпті.

Сол құжат бойынша билік басында 87 жыл болған Кегенбай би ғана екен.

Қазақ ел бірлігін сақтаған әділ билері мен қол бастаған батырларын ардақ тұтқан ғой.

Біздің өңірде бүкіл Найманға билік айтқан қазақтың бір туар перзенті халқына жол нұсқаған, қара қылды қақ жарып әділдік жолын ұстаған, қазақ халқы басынан не бір қиын кезеңдерді өткерген тұста әрдайым халқының қасынан табылып, туған даласын жат жұрттың басқыншылардан қорғауға белсене араласқан, дала демократиясын одан әрі дамытып орнықтыруға барынша күш жұмсаған Кегенбай би бабамыз туралы әңгімелер сөз қастерлей білетін адамдардың көпшілігіне таныс. Осы атақты бидің есімі Қаракерей Қабанбай дастанында, Мәшһүр Жүсіп Копейұлының шежіре кітабында, сондай-ақ біздің өңірде ел аузындағы әңгімелерде жиі ұшырады.

Осындай деректерге сүйенген Серік ақын:

*Сексен жеті жыл би болған
Кегенбай атаң пір болған
Өмір сүріп бір засыр
Қаймана жұртқа нұр болған- деп жырлапты.*

Осы рудан шыққан Шерубай туралы Сабырбай ақын былай деп жазыпты:

*Мұрыннан Шерубай мен Пана шықты.
Өз тобын заманында жара шықты.
Орыспен патша алдында заңдасқанда,
Бұларды Арыс танып, Алаш ұқты.
Батырдың Қожакелді құнын жоқтап
Сексенбай Хабаровпен таласыпты
Айтқаны Шерубайдың заңға сиып,*

Немесе Біржан мен ақын Сараның айтысында:

*Найманнан Қаракерей, Сыбан, Мұрын,
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.
Шерубай, Тана мырза, ер Тоқабай,
Қай қазақ сөз бастаған одан бұрын-делінген*

Не шықса көптен шықпай ма? Атақты адамдарға Тоқабай руы өте бай. Кешегі қара қылды қақ жарған Кегенбай-би, Шерубай, Құнанбайдың атасы Ағанас батыр, Қаптағай батыр, Құнанбаймен құдандаласқан Нұран бай, жауырыны жерге тимеген Молдабай балуан, Аякөз, Малбағар батырлар, Ресей отаршылығына қарсы шығып қаза тапқан Қожакелді батыр, Абылай, Қос Омар, Әулие Тұяқ, Бәйел-би шықты.

Енді сөз етіп отырған Ағанас батыр туралы Шәкәрімнің Қабыш деген баласы былай деп жазыпты:

*Қайын атасы Ағанас әділ кісі
Бәйбішеден жалғыздың нағашысы
Найманның биі болған соған барған,
Аты жеткен қазақтың жүгінісі.
Өскелең Тоқабайдың қауымынан,
Атан, Жомарт дейтұғын ауылынан
Алтайдан түлеп ұшқан ақиықтай,
Ебінің екпіні артық дауылынан.
Осындай сол ауылдан туды бір ұл,*

Өзі – нар, өзі – балуан, өзі бір-гүл.
Өскеменге, Семейге, Шәуешекке,
Белгілі бас балуан Молдабай бұл.
Аузымда ә дегеннен сөзім дайын,
Қаныда келтіремін сөз ыңғайын.
Ежсен мен Руссия атын білген,
Балуан қайраты асқан Молдабайым
Ташкенттен Бұхар барған Қызыл жармен,
Ат бастатқан бір тоғыз былай тұрсын,
Алаштан кілем алған қара нармен
Молдабай міне осындай болған мықты,
Бәрі де кездескеннің тізе бүкті.
«Көк бөрі» кеудесінен кеткен күні,
Жалғыз-ақ ол кісіні ажал жықты.

* * *

Халық биі Абылайдың мінезі ауыр көп сөйлемейтін, қандай биліктерге қатынасып отырса да, сөздің артын бағып, түйінді жерге келгенде шешімді бірақ айтады екен.

Омар қажы қоштасу жырында:
Ақылдың кені Абылай,
Қайраты асқан Молдабай.
Алладан Әмір келген соң,
Заманым болды – ау осылай, - деп жазыпты.

Екі Омар туралы жазылған жыр жолдарына назар аударсақ былай деп жазылыпты:

Екі Омар өз тұсында жаннан асқан,
Дұшпанның ерегескен көңілін басқан.
Атағы Абылайдай ардақты ерім.
Үш жүздің ортасында үлгі шашқан.
Аузына дуа қонған, басқа бақыт,
Сөйлесе сөзі ділдә, гауһар жақұт.
Бас қосқан Арғын – Найман съезінде,
Талайды тамсандырған таңырқатып.
Топ бастаған торының тұқымы еді,
Кешегі Шерекеңнен қалған сарқыт, - депті.

1826 жылы Қожакелді батыр Ресей патшалығы жендеттерінің қолынан оққа ұшады. Қожакелді батыр дүниеден көшерінде артындағыларға «Орысқа бодан болмауды» өсиет еткен екен.

Айдабол, Шанат, Қожамжар.

Орысқа бодан болмаңдар.

Орысқа бодан болсаңдар,

Өркештіде қом қалмас,

Құйрықтыда жал қалмас.

Жеріңде шұрай сән қалмас.

Адамыңда оң қалмас.

Кіргізбе іштеріңе жат халықты,

Деп батыр қауіп ойлап сақтаныпты.

Өлген соң құнын сұрай Петерборға,

Үш кісі Жолымбеттен аттаныпты, - депті

деген өлеңді батырдың балалары мен немерелеріне арналған толғауының үзіндісінен аңғарамыз. Осы рудан шыққан Бөкенші де заманында Тобе би болған адам екен. Кәрібай ақынның Әсетпен айтысында Бөкенші туралы:

Мұрынның ақсақалы Бөкенші нар,

Билеуші Тлебалды, Жанабай бар.

Асылбек, Қыдырмолла, би Бексолтан,

Омары Шерекеңнің өңкей дегдар – делініпті.

Зейтенғазы ақын, қазіргі Қытайдың бас ақыны болып жүрген Зейтенғазыұлы Құрманбек те осы рудан. Қытай жерінде руы Уак Жамалхан Қарабатыр қызымен айтысынан қысқаша үзінді:

Жамалхан: Құрманбек сөз сөйлейсің өрлегендей,

Айтыста ешбір бәйге бермегендей.

Өкіріп Найман шалдай өле қалсаң,

Тақыр шапқа көмейін, жерге көмбей.

Құрманбек: Жамалхан сөздерімнің жалғаны жоқ,

Мен әйелден жеңіліп қалғаным жоқ.

Тоқсанда атам өлген қыз құшақтап,

Мен солай өлсем егер арманым жоқ.

Сен болсаң айтыстағы нағыз айым.

Мен дағы тілдің майын тамызамын.

Айтыстың ай – жұлдызы өзің болсаң,

Төбеңнен Лазарт болып ағызайын.

Жамалхан ұнай ма екен бұл әдісің,
Өзінді өзін ауызға ұрамысын.

Айтыста, жалаң бассың саханада,

Қай өртке жанып еді шылауышың.

Алаш өкілдері Бияхмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Жағыпар Мұхаметжанов, Жүмәділ Мұхаметжанов, атақты қызыл комиссар, Екпін ауылында қола мүсіні тұрғызылған Ысқақ Кабековтер мен Сәрсенов Жанахмет пен Дәлелдер.

Алаш өкілі Бияхмет Сәрсенов туралы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» деген поэмасында:

*Оқыған біреуі Бияхмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғиға ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екенін біле алмайсың қандай қыры.
Ақылы да оның көп айласы да,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт ететін таймасы да,
Ісі де таланты да қалыспайды.
Жұмсаса тегінде халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
«Қазақ» деп жүрегінің қайнасы да,
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,
Шолпандыққа жарайды ай қасында.
Әуелде қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жақтыдағы,
Еріксіз туысымен алар тартып, - деп жырласа.*

Жүсіпбек Аймауытов: Бияш өте досшыл, жолдасшыл, жал-ғыз қалуға жарайтын, жанын қиюға шыдайтын ер еді. Еш нәрседен тауы шағылып, тез қайтпайтын қуаңқы пысық еді. Бияш қысқаша айтқанда, алмас қылыштай, қырағы қаршығадай жігіт еді - деп жазыпты.

Қолға алған әрбір жұмысы өрге басып, зор құлшыныс бар ынтамен еңбектеніп жүрген іскер Бияхметтің жас ғұмыры кенеттен үзілді. 1920-1922 жылдардағы Қазақстанда болған жойқын ашаршылық салдарынан қазақ даласын кеңінен шарпыған оба ауруына душар болған Бияхмет Сәрсенов 1921 жылы 17 шілде күні 36 жасында Орынбор қаласында мезгілсіз қайтыс болды. Бияхметтің мезгілсіз қазасына алыстағы ел-жұрты, туған-туыстары, қызметтес дос-жарандары қатты қайғырып аза тұтты.

Сол кездегі халық ағарту комиссариатының орынбасары көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытов Түркістан Республикасы мен Қазақстанның губерниялық қалаларына түгелдей телеграмма жазып Бияхметтің мезгілсіз қазасын хабардар етті.

Түркістан Республикасының бас газеті «Ақ жол» басқармасы: «Қазақ елінің көгіндегі үркердей азғана жұлдыздарының бірі сөнді. Бияхмет сол саналы жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендерінің біреуі еді. Оның өлімі қазақ жұрты үшін орны толмайтын қаза, қаруы қайтпайтын шығын», - деп өкініштерін білдіре қайғыра жазды.

Ал мұраттас досы Ғалымбек Бірімжанов осы газетке арнайы азнама мақала жазып өз өкінішін: «Оның алдан көздеген нысанасы, жүрек түпкіріндегі мақсаты қазақ халқының өз тізгіні өзіне тиіп, өзін - өзі билеу дәрежесіне жеткізу еді. Бұл тұрғыда жанын аямай, өлімге басын байлап, қызмет қылды» - деп білдірді.

Семей қаласында шығып тұратын губерниялық «Қазақ тілі» газетінде Бияхмет туралы газет редакторы Маннан Тұрғанбаев пен жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Бияш» атты көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақала Бияхмет Сәрсеновтың өмірі мен қызметі хақында мол мағлұмат беретін дерек көзі болумен бірге, оның азаматтық биік тұлғасына қойылған мәңгілік ескерткіш десе де болғандай. Мақала авторлары Бияхметтің өмір кезеңдеріне толық тоқтала отырып, оның азаматтық кәдір – қасиетіне жете баға берген. Төңкеріс заманға душар боп, әлеумет ісіне оқыған аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Бияшты керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады.

Билік тұрғысында (тұғырында)

*Жылжымен жылдар өтті, бала ер жетті.
Кегенбай жігіт болды асыл текті.
Ер құны, елдің дауын шешетұғын,
Би болды ел ішінде қабілетті.*

Енді осы Кегенбай Жомартұлы Найманның Байыс (Мұрын тармағынан) оның ішінде Тоқабай табынан шыққан. Ұзақ жасап 100 жасында дүние салған. Он үш жасынан билікке араласқан. Оның төменде баяндалатын биліктері шешендік сөз қақтығысы елдің есінде жақсы сақталған.

Кегенбай би бір сапарында қалмақпен шапқыншылықтағы кісі құнына байланысты Шыңжаң оөлкесіндегі Орқашар тауынап әрі асып, қалмақ ішіне дейін барыпты. Бұл жолы да, қалмақ биін сөзден жығып әділ билік айтып екі елдің дауын бітіріп қайтқан.

Қалмақ елі Кегенбай биді «Білдірмей шешетін, қан шығармай кесетін би екен» деп бағалапты.

Бидің жоңғар-қалмақ басқыншыларының шабуылынан құтқарудағы азаматтық орасан зор еңбегі ел аузындағы шешендік сөздер, әңгімелер мен аңыздар арқылы жарқын көрініс табады.

Қонтажы болған екен қаһарлы хан
Жанына батып адам бара алмаған
Ер құнын шешу үшін Кегенбай би
Алдына Қонтажының барған адам
Қазақтың жерін алып, малын алған
Ел шауып, қызды әкетіп, ойран салған.
Жанына отыз адам ертіп барып
Құтқарған қазағымды осы даудан
Қонтажы Кегенбайды қабыл алған,
Бір жұма дау шешілмей дамылдаған
Үш түрлі сұрағыма жауап берсең,
Билігіңді болайын орындаған
Бұл сөзін Кегенбай би мақұл алған,
Сұра деп сұрағыңды айтып қалған

Тындаған сонда тұрып хан сұрағы,
- Кімге опа береді дүние жалған?
Бар екен еліңізде үш жақсы адам,
Біріншісі - Серікбай «Матайлаған»
Екіншісі - Мүсәпір деп естідім
Үшіншісі - Кегенбай деп ойланам.
Дегенде Кегенбай би күлген екен,
Жеңілгенін Қонтажы білген екен.
«Жесе тоймайды, құйса толмайды,
Бұл нағыз Серікбай» деген екен.
Мүсәпір деп қойылған аты жаман
Екіншіңіз Мүсәпір деген адам.
Көргенін айтпайды, алғанын бермейді
Дегенде Қонтажы хан көп ойланған.
Үшінші сұағыңыз қиын екен,
Халқыңыз бүгінгі күн жиын екен.
Ауыртпай кесіп, білдірмей шешетұғын.
Мен Кегенбай биіңіз, - деген екен.
Ел дауын, ердің құнын тура шешіп,
Еліне олжалы боп келген екен.
Жерін беріп, жесірді қайтарып ап,
Қазаққа Қалмақ теңдік берген екен.

Бұл дәуірде өз ұлтының ұйтқысы болып талай тағдыры таразыға түскенде, ел жұртының бірлігі мен тірлігін көксеген Кегенбай бидің алатын орны ерекше. Сол заманда өмір сүрген аса ақылман ірі қоғам қайраткері, дала демократиясын дамытып егемен ел болу үшін жұмсаған қажыр қайраты, азаматтық қызметі аз емес.

Кегенбай міне осындай болған адам,
Басына бақ пен қыдыр қонған адам.
Кіндігінен 16 бала өрбіп, өсіп,
Жомарттан 11 бала ол тараған.
Кегенбай Жанболаттың өскен ұлы,
Ер құнын, елдің дауын шешкен ұлы.
Аруағы риза болсын бабамыздың,
Өмірде шығармайық естен мұны.
Қаз дауысты Қазыбектің немересі,

Бекболаттан Тіленші деген кісі.
Кісі өліміне билігін дұрыс бермей,
Дауга айналған аяғы мұның тұсы.

Әлкисса, бұған дейін Найман елінен барған билер тобына Қаракесек руы жуандық көрсетіп, жөнді жауап бермей қайтарса керек. Келесі жылында Кегенбай бидің өзі атқа мінеді. Басқа жаққа бет бұрмастан, ат тұмсығын Тіленші Бекболатұлының ордасына тірейді. Күтуші жігіттер бұларды қонақ үйге апарып түсіреді. Тіленші би Кегенбай бидің сырттай даңқын естігенмен, өзін көрмепті. Сондықтан да қандай адам екенін байқап келуге сыншы жібереді. Келесі күні қонақтармен бірге болған сыншыдан мәнжайын сұрағанда сыншының айтқаны: «Қаршығыдай шағын денелі, өңменіңнен өтердей көзі бар, шоқша сақалды, сары сұр біреу отыр орталарында. Бір айыбы денесі томшадай ғана екен. Тымағының бір құлағы жымырулы, етек жеңін қымтап, бүктеулі қамшысы жанында, жүресінен отырып сөйлесті. Өзі қонышына пышақ жонып отыр – қауіпті жауыңыз сол, басқалары дәнеңе емес», - дейді қайтып оралған сыншы. Сонда Тіленші: етек-жеңін қымтап ұстауы – елін шашыратпай, іргесін бүтін ұстайтын адам екен. Қамшысының бүктеулі жанында жатып, жүресінен сөйлеуі – елім үшін бәріне бекеммін дегені ғой. Қонышына пышақ жанып отырғаны – ойпырмай, жауласуға да, дауласуға да дайынмын дегені ғой бұл – депті.

*Бұл дауга барған екен Кегенбай би,
Тіленші көрсетіпті құрмет пен сый,
Тай сойып, қонақ асы жегеннен соң,
Тіленшіге айтыпты: Халқыңды жи*

Шабуылды бұрын бастауды жөн көрген Тіленші келе сәлемдеседі де, Кегенбайдан көзін алмай, іле сөйлеп кетеді:

*-Уа, заманның тозғаны-ай,
Аттан тайдың озғаны-ай,
Шернеуіштен (кішкентай дегені) би қойып*

Қайран елдің азғаны-ай! – деп саңқылдай жөнелгенде Кегенбай би іркілместен:

*-Арғы атаңды білуші ем
Аруақты қарт еді
Өз әкеңді білуші ем,*

*Жақсылардың арты еді
Келген қонақты сыйламау,
Қай қазақтың салты еді.
Малдың зоры соғым болар
Адамның зоры боғым болар,
Шойынның батпандайы құм болады,
Алтынның мысқылдайы пұл болады.
Құм жиылып тас болмас
Құл жиылып бас болмас.*

Сен шойын мен алтын шығармын, - дегенде

Тіленші одан әрі айтқызбай, таяп келіп иығындағы шапанын Кегенбайдың үстіне жаба салыпты. Тегі, одан әрі айтса, ұлы әжелерінің қалмақтығын айтар деп қауіптенсе керек. Кегенбай би сол сапарында дау аяғын біржола тындырып қайтады.

*Жеңілген соң Тіленші,
Әділдікке сеніпті
Ертеден қалған аңыз боп,
Тіленшіні жеңіпті.*

Кегенбай айтқан осынау аталы сөз Ақсуат, Көкпекті, Жарма, Аякөз аудандарын мекендейтін сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім. Тегі Тіленшімен болған осынау сөз қағысы бүкіл Арғынға тараса керек. Атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің шежіре кітабында Найман ішінен бірінші кезекте Кегенбай биді дәріптейді. Тоқабайдың жуаны Кегенбай, бай ел болды. «Білсең Кегенбаймын, білмесең деген баймын» дейтұғыны мығымдығын көрсетеді.

Қаракерей Қабанбай сынды батырлар осы Тоқабайдан, онан бергісі Кегенбайдан да шыққан деседі деп жазылыпты (400 бет)

*Кегенбай би тоқсаннан асқан кезеңінде,
Үш сұрағы сөз болған өз елінде.*

«Мойынынан, белден, аяқтан түскен кісен не?» - дегенде, Бөкбасар би шешіпті үшеуінде: Мойнындағы кісен – Алланың сүйген ұлының мойнына түсер, халық жүгін көтерер өзіңіз ғой. Белден түскен кісен – жетесіз балаңыз ғой, аяқтан түскен кісен – ағайынның жаманы, әйеліңіз. Шешуі осы үшеуі болады ғой, - дегенде риза бопты Кегенбай би.

*Олай болса сол кісенді мойныңа ілдім, - деп
Би батасын Боқбасарға берген ұдай.
Ер дауын, ердің құнын шешер кезде,
Ертіпті Боқбасарды содан былай.*

Билікті өз балаларына бермей руы Сары Жамантайұлы Боқбасарға беруі бидің өз мүддесінен ел мүддесін жоғары қойғаны. «Тура биде туған жоқ» - деген халықтық қағидадан табаны таймай өткен кемеңгерлікті, даналықты көреміз.

Осындай қасиетті қып жаратыпты,
Кегенбай бабамызды патша құдай.
Артында аз болса да сөзі қалған,
Үш жүз үй шаңырағы көзі қалған.
Әкесімен екеуін қатар қойып,
Мәңгілік ұрпақтары зират салған.
Кегенбайдың бір жүзге жасы жеткен,
Көз жұмғанша бабамыз билік еткен.
«Екі арманым айтылмай бара жатыр»
Деп арманын өлерде айтып кеткен.
Бірінші арманым-жақсы әйелді ер құнына,
Жақсы атты нар құнына кесе алмадым.
Екінші арманым – мылтық ұстамаған,
Ерді әйел құнына кесе алмадым.
Ғажап қой ойлап тұрсаң қиялдары
Дұрыс қой шеше білсек ой-арманы.
Жақсы әйел ер қанаты серігі ғой
Мылтық алған батырлар ел қорғаны.
Баланы жай көріпті атам Найман
Тілепті бала бер деп бір құдайдан.
Құдайым шын тілегін қабыл етіп
Мұншама ел боп өстік Белгібайдан.
Ортасында Сүгірше бабамыз бар,
Төрт ру халық болдық Төлегетайдан.
Дастаным ел есінде зерделеніп,
Жазылды Жомарт ұлы Кегенбайдан.

Бидің өмір сүрген заманында Арғын, Матай, Уақ, Қарауылжасық, Сарыжомарт елдері шекаралас отырады. Осы елдердің бірінің өте бай адамы, жесір дауында ма, жер дауында ма,

өзі сияқты мінезі өркөкіректеу, ұрт мінезді бай адаммен сөзге келісіп, камшыласып, сабаласып жүріп, қарсылас байдың көзін шығарып алады. Артынан арада дау көбейіп, екі ауылдың арасы егес болып, ел арасы бөлініп, кісі өліміне дейінгі жанжалдарға барады. Ел арасын тыныштандырып бітімге келу мақсатында аяқ жетер жердегі билердің барлығына да жүгініске барады. Алайда, билердің мал кесігіне өзі онсыз да қисық мінезді адам келіспейді. «Кескен малының үстіне сондай мал қосып берейін, көзімді шығарған байдың көзін ойып алып беруге кесім шығарып бер» дейді екен.

Бұдан арғы арада да ел арасындағы егес тоқталмайды. Бұрын ешбір шешімін таппаған, асқынған даудың шешіміне жүгініске Кегенбай биге баруды ауыл ақсақалдары мен ел жақсылары ұсыныс жасап, келісімдерін береді. Осы ұйғарымнан кейін жанына бірнеше адам алып, Кегенбай бидің ауылына келіп түскен екен. Би ауылының күтуші азаматтары бұларды қонақ үйге апарып түсіріп, қонақ асын беріп күтеді. Ертеңінде би келген қонақтардың бұйымтай шаруаларын сұрайды. Қонақтар келген істің мән-жайын, егжей-тегжейін айтады. Болған билер мен шығарылған биліктерге келіспейтіндіктен, жүгініске келгендіктерін баяндайды. Наразылықтарын толық тыңдап ұғынысқан соң, Кегенбай би ойлаңқырап, сөзді одан әрі жалғастыра отырып, сөз арасында «Қарсыластарыңыздың қыз баласы бар ма?» - деп сұрапты. Жүгініске келушілер: «бар» - депті. Әңгіме тетігі шешімге такар кезде олай болса құда болғайсың, құда болсаң немерең ұл болар, егер немерең ұл болса, ашамайға мінуге жарағанда келерсің, билігін сонда айтармын, - депті.

Құн даулаушылар би шешіміне түсініксіздікпен ауылына аттанып кетеді. Биге жүгініске келгендер еліне барған соң, ауыл ақсақалдарын, игі жақсы мен жайсаңдарын жинап бидің айтқанын ортаға салады.

Жиналғандар: «Би тегін айтпас болар, қашанғы атысып, жауласа береміз, құда болсақ құда болайық» - деп келісімге келіпті. Бидің айтқанындай, айы-күні толғанда келіні ұл тапса керек. Кегенбай бидің сәуегейлігіне тәнті болған бірбеткей бай

немересі ашамайға отыруға жарағанда бидің ауылына қайта оралады.

Кегенбай би құн даулап жүрген адамнан: «Көзің жетілді ме?» - деп сұраған екен. Сонда құн даулаушы: «Жетілді» - деп жауап беріпті. Сонда Кегенбай би «Судың түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер» - деген осы десе керек. Сонда билікке келген адам, Кегенбай бидің үстіне шапан жауып, ат жетелетіп, түйе берген екен дейді

Ертедегі кезде барымташылық тиылған ба? Әсіресе, айдаса жаудыкі, ысқырса желдікі болған жылқы түлігіне ұрылар алдымен түскен. Жанболат елі жайбарақат жазғы жайлауында отырғанда Арғын руының адамдары жылқы ұрлап, екі арада ұзақсонар дау басталады. Қолды болған жылқыларды иелері таныса да алушылар ырық бермейді. Арғын билері арызды сиыр құймышақтатып шешпейді. Ондағы билік құрушы Сапа деген адам екен.

Жанболат елінің жылқы алдырған азаматтары осы жағдайды Кегенбай биге баяндайды. Шиеленіс мәнісін ұғынған соң би өз тарапынан Арғындарға екі мәрте адамдар жіберсе де шешімді жауаптарын ала алмай қайтады. Жауап жоқ болған соң Кегенбай би өзі барады. Сапа би Кегенбайдың атақ, даңқын сырттай естігені болмаса өзін көрмеген адам екен.

«Кегенбай би келді» - деген соң сәлем беріп, есіктен кіргеннен кейін Сапа: «Кегенбай қайсы кісі?» - деп сұрапты. Сонда жанындағылар: «Ол мына кісі болады» - деп таныстырғанда Сапа: «Көлегедей адам ба десем, шынашақтай ғана екен ғой», - дегенде Кегенбай:

Алтынның бармақтайы пұл болады,

Шойынның қазандайы құм болады.

Адамменен адамды айыра алмас,

Өзіңнің ата тегің кім болады, - дегенде Сапа би

үндемей үйден шығып кетіпті. Жиналып отырған Арғын ақсақалдары: Сапа, сен сөзден ұтылып, жеңіліп қалдың ғой», - деп дабырласыпты. Кегенбай би бұл жолы да ат шапан айыбымен ұрланған жылқыны айдаттырып еліне олжамен оралыпты.

Кегенбай би тек қана би емес, көріпкелі бар сәуегей адам болған. Кегенбай би бір көрген түсінде келешекте әлемнің бірталай жерін қамтитын мемлекет болар-сірә деген екен (Нұрғазы ақсақал). Соған қарағанда талай қым-қиғаш оқиғалар тағдыр таразысына түскенде осы данагөй биден шешімін тауыпты.

Кегенбай би айтқан осынау аталы сөз орта жүз ішінде Арғын, Найман елінде санада терең із қалдырған. Кегенбай бидің шешендік сөздері мен билік болмысы, көрегендігі сөз білетін адамдардың бәріне жақсы мәлім.

Алайда, билер мен шешендер сөзі десе шошынып, олардың асыл мұрасының әрбір сөзінен астар іздеп, қайдағы жат пиғылды аңғаруға бейімдік танытқан түрлі-түрлі қоғамдық-әлеуметтік себеп салдарынан болса, екінші көнекөз қариялар азайып, күн өткен сайын, жабулы қазан жабуымен қалып ұмыт болып бара жатқаны белгілі.

Дегенмен, бидің билік-шешендік сөздері көнекөз қариялардың, солардан естіген ағайындарының, жекелеген жинаушыларының еңбегінің нәтижесінде сақталды. Ертелі-кеш ел аузынан жиналған билік шешендік сөздері 1990 жылдан бастап аудандық, облыстық, орталық газеттерде басыла бастады.

Бидің билігі мен шешендік сөздерін жинаушылар деп Нәкей, Қонақ, Иген, Жәкежай, Момбай, Дүңгей молла, Ахметжан, Әпсәләмдерді айта келе, бұл әңгімелерді жадында сақтап, ұрпаққа жеткізген еңбектерін атап өткім келеді. Дегенмен, тарихтың, өнердің, білімнің кілті халықта ғой. Қаншама мағлұматтар жатыр десеңізші. Тек шашылып жатқан маржанды уақытын өткізбей жинап алатын мүмкіндіктер болса демекпін.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының жоңғар жорығына қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі, сол кездің ірі қолбасшысы саналатын Қаракерей Қабанбай батырдың жасында елінен кетіп, жиырма бес жасында қайта оралғанда, бүкіл Арқа қазақтары жиылып, Аякөз бойында үлкен той жасайды. Қаракерей елінің білікті адамдары Кегенбай би, Бұланбай, Боқбасар, Бексұлтан, Дәулет, Молқажан, Жауар т.б. бірнеше түйеге қырық саба қымыз артып ерулік алып тойға келеді. Неше күн той жасап, аяқтар кезінде айтқан уәдесі

бойынша, Өмір батыр Байжігіт туын Қабанбайға тапсырады да батасын береді. Сөйтіп, Мәмбет елінің кеткені келіп, кемтігі толып, кейінгі өмірлері тату-тәтті, берекелі болып өтіпті,-деп жұрт сөз етіседі екен. (Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыхан жазады). Б.Садыханның руы Тоқабай, оның ішінде Жомарт болып келеді. «Қаракерей Қабанбай» атты поэмасында қабырғалы би Кегенбайдың аты бірінші аталып, даңқы сол кезде мәлім болса да, сөйте тұра, «Қазақтың шешендік сөздері» деген кітапта Кегенбай бидің шешендік билік сөздері, басқа жақтың билеріне телініп кетіпті. Кегенбай бидің аты аталмайды. Бірақ, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Құрама жиып ел еттім, құланды жиып мал еттім», «құрама кетер еліне, құланды кетер жеріне», деген сөздер осы Кегенбай айтқан сөз дегенді айтуы әбден ықтимал. (*«Қаракерей Қабанбай»*, Зейнолла Сәнік, Бейсенғали Садыхан, Шыңжаң Халық баспасы. Үрімжі 1991 жыл. Жауапты редакторы Оразбек Канафин және редактор Далелхан Смайыл).

Сөз арасында «Қаракерей Қабанбай» атты поэманың авторлары Сәнік пен Бейсенғали КНР-да ұлтшылдық желеуімен екеуі де түрмеде отырған. Осы отырған кездерінде естелік жазады. Түрмеден Бейсенғали бұрын шығады да, адресін Сәнікке тастап кетеді. Олар сол кезден бастап хат жазысып жүріп түрмеден босаған соң, Бейсенғалиды іздеп тауып алып, күні өтіп көп жатып қалған қағаздарының әр жері өшіп қалған көрінеді, жинап «Қабанбай» дастанын жазған екен. Сәнік КНР университетінің журналшы факультетін бітірген. Әйелі Шамша Бану Хамзақызы да журналист екен. Ал Бейсенғали оқыған шежіреші ақсақал көрінеді. Бейсенғали 2001 жылдың күз айында дүние салған.

Қасиетті би ағамыз еш жаңды жатсынбаған, мейілінше қайырымды, мейірімді, жан біткенді бауырына тартқан, бытыраған елінің басын қосып, көшін түзеген болса керек. Оның айғағы, өз кіндігінен туған балаларынан басқа асырап алған Тарақты, Шахабай, Ораз, Естек, Сарыжомарт атты балалары болған.

Әр қилы замандағы ел басына түскен ауыртпашылыққа байланысты қоныс аударып бара жатқан елдің бірі:

Тарақты елі- Қарқаралыдан көшіп бара жатқан ел екен. Рулары Тарақты ішінде Әлі, оның ішінде- Көгедай. Көгедайдың үш баласын Абыз, Байшағыр, Тоқтар ауылдарын Би бабамыз тоқтатып, Кегенбай ішінен Құл атасынан Шерубай ауылы мекендеп отырған Сарыбұлақтан қыстаулық, Қарғыба-Базардан егістік, Қалбадан жайлаулық жер бөліп берген көрінеді.

Бұл аңызда Тарақты елі Шерубай ауылымен тегінде құдандалас ел екен, соны бетке алып көшіпті десе, енді бір әңгімеде қандай да бір қолайсыз жағдайлармен ауып бара жатқан ел екен дегенді айтады.

Қалайда Би атаның қамқорлығымен Кегенбай ауылын мекендеп, осы елге сіңіп, шежіреде бірге аталып кеткендігі ақиқат шындық екенін айтпасқа шараң жоқ.

Шахабай елі - Сады ұрпағынан тарайтын алты ауыл Шахабай елі бөлініп көшкелі жатыр дегенді естігенде, Би атаң алдынан кісі жіберіп, көшпесін деген хабар бергізіп, (сол жерден жер бергізем), егер түйелерін қойдап жүріп кетсе, келген жеріне тоқтасын деген екен. Шахабай елінің негізінде қоныс аудару себебі: Шахабай - Назардың тоқалының баласы екен. Сол тұста мал мен жер еншісіне өкпелі болып, бәйбіше балаларынан қысым көрген соң, Қытай елінде тұратын нағашыларына аспақшы болып кетіп бара жатқан жерінен, хабаршылар үлгеріп барғанша Нәуім қыстағының тұсына келгенде алдынан шығып тоқтатып, Бидің келетіндігі туралы хабардар етіп, дайындалындар деген көрінеді.

Айтқанындай Би атаң келгеннен кейін сол тоқтаған жері Нәуімді қыстаулыққа, егіндікке Кегенбай-Бәйел тоғамының Көкбұқа тоғамымен шекаралас жерінен жер беріп, енші бөліп, жайлауын би балаларының қайсысымен қанаттас болсаң, сонымен бірге болады деген кесім айтады.

Сол биліктің куәсі ретіндей Шахабай зираты сол бидің берген кесім жерінде әлі күнге дейін тұр. Би атаның батасы тиіп, Жанболаттың бір баласы Сары елімен құдандалас болып, ел аузында мынандай сөз қалыпты «Сарыда құдаң Бөкбасар, билік айтса дөп басар, Шахабай құда Нәуімді, ел Қалбаға, Жолдыбайдың саласын малы да сыймай жатады»

Ораз табы – тегіндегі Кегенбай Оразбыз деп жүретін Шойтабан ұрпақтары Балшықбаев Жұмаділ, Әмірқасым, Қазыбек, марқұм Нұрсейтов Қапастар болып келеді.

Марқұм Балшықбаев Жұмаділмен «Социалистік» колхозында, кейін «Ақсуат» совхозында бірге жұмыс істедім. Осы кісіден ертедегі көнекөз қариялар айтатын аңыз әңгімелердегі Шойтабан Ораз тарихын сұрағанда былай деп әңгімелегені бар. Шойтабан руының Ораз табы ру арасындағы жер дауымен жанжалдасып, арада араздық пайда болып, ағайын арасындағы жанжалдың өршіп етек алып, ушығып кетуіне байланысты, жерді қойып, қорасынан қой шығартпауға барған соң, бірге отыруға мүмкіндік болмағандықтан, Қытай мемлекетін бетке алып, қоныс аударып бара жатқан елді «Жұрынның кезеңінен» Кегенбай би ауған ауылды тоқтатып, көшу себептерін сұрағанда Ораз: «Жылқымызға құрық салды, басымызға сырық салды», - деген екен. Ораз да батыр адам болыпты. Шойтабан ұлдарының өз ішінен бүлік шығармайын деп көшсе керек. Ораздың Ақ сұлуына: толғағың жеңіл болып тоғыз, еңкейгенде егіз тап, - деп бата беріпті. Бидің батасы тиіп, содан былай Ақсұлудан үбірінді-шүбірінді болған деген аңыз бар.

Би бабаң қоныс аударып бара жатқан Ораз табын еліне алып келіп, елін жинап жер ауып бара жатқан Оразды менің балам деп есептендер, оны шеттеткендерің менің ұрпағым емессіңдер деген екен. Сөйтіп, өз ұрпақтары қыстап отырған «Төлеуіш», «Жанабай», «Қазанқап» қыстақтарына қоныстандырып, өзіне бала етіп алуы көне көз қариялардың әңгімесін бекітеді. Сол Ораз табы күні кешеге дейін өздерінің руын Кегенбай Оразбыз деп атап келген болатын. Сол қасиетті бабамыз болмаса, әлде қайда жүретінімізді кім білсін деп ел тұтастығын сақтап қалған бабамызға ризашылық сезімдерін білдіріп, басқасын қойғанда бала етіп алып, ұлан-асыр той жасағаны еш уақытта ұрпақтардың есінен кетпес деп әңгімелейтін.

Сол Сияқты Өтетілеу ішіне сіңген Естек, Қырықбай ішіне сіңген Сарыжомарт ұрпақтары да – бірге өсіп біте қайнасқан шежіреде бірге жазылған ұрпақтар. Бұлар өте ертеректе келіп осы ру аталарымен бірге өсіп, сіңісіп кеткенге саяды. Өйткені

бұларды қандай да бір жағдайлармен келіп еді деген аңыз әңгімелер айтылмайды. Кегенбай би ұрпақтарының кейде он алты, кейде он сегіз болып айтылатын себептері де осыдан болуы керек.

Кейінгі «Ақтандақ» жылдарынан соң өмір сүрген ақсақалдар болмаса одан бұрынғылары тіс жарып ештеңе айтпаған көрінеді. Би бабаң мақсатым - құрамадан жисам да ел ету, құланнан жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған қасиетті тұлға.

Міне, осы аталған балаларына енші беріп, ат шаптырып, той жасап, түгел ұрпақтарын жинап, кімде-кім осыларға сендер сіңбесіңдер, тумаған деп тіл тигізсе, жат мінез көрсетсе, сол менің үмбетім емес деп қатаң ескертіп, шегелесе керек.

Бабаның осы айтқан бата сөзін бұлжытпай орындап, ұрпақтары туған балаларымен бірге өсіп-өркендеп тамырын кең жайып, өздерін Кегенбай бидің ұрпақтарынан тарағанбыз деп зор мақтанышпен айтады екен. Кезінде ел бірлігін сақтаған бабаның биік парасаты, дархан рухы, асқан кісілік келбеті міне осындай болған.

Қалай деседе, осы ата-бабаларының ұзақ жылдар бойы би балаларымен бірге өсіп, біте қайнасып, тегінде шежіреде қатар жазылып келгендігін алып тастай алмайсың.

Бұл асырап алған балаларынан басқа бидің өз кіндігінен өскен 350 үй Кегенбай ұрпақтары болғанын мегзейді. Революционер-жазушы Сакен Сейфуллинге, Ысқақ Кабековке, осы рудың азаматы Б. Сарсеновке алашордашыл деген ат қойып, айдар тағылды. Ел –іші қуғындауға түскен қым-қиғаш өткен ақтандақтар заманынан кейін, ауыртпалықтан жер ауып, шет елге кетіп айыпталып, ұсталып, тынышталған 1940-шы жылдың басында 50 үй ғана қалды. Осы 50 үйден 1941 жылы 73 жас өспірім, әскер қатарына алынып, одан 69-ы мүлдем еліне оралмапты.

Сәмен Тоғас ішінде Шерубай, оның ішінде Аталық Кегенбай би Жомарт ұлына жиен болып келеді екен.

Кегенбай би дүниеден озғанда Тоғас елі;

Нағашың еді Кегенбай,

Би атаң айтты деген-ай!

Би атаңның тұсында

Күндегі сауық күнім-ай!

Нағашың еді Жанұзақ,

Тұрмадың ата азырақ.

Би атам сапар шеккен соң,

Өшті ғой біздің шамшырақ, - деп айтқан

жоқтау өлең үш ғасырдан астам уақыт бойы адамдар санасына сақталып ұмытылмай келеді. Бабалар сөзі шындығында даналық көзі ғой.

Кегенбай бидің зираты Көкпекті селосынан шығып, Ақсуат тас жолының бойымен тоғыз шақырым жүрсеңіз, сол жағындағы шоқ тоғайлы шағын жазық жатады. Тоғай арасынан бұралаңдап, Көкпекті өзені ағады. Бұрын жазық ортасынан айналасында кішігірім зираттар бар үлкен екі төмпешік көзге шалынатын.

Тың көтерілген жылдары бір бұзық трактористер айналасындағы зираттарды қағып өтіп, бір талайын жыртып жіберген көрінеді. Ортасында төмпешік болып қалған зираттардың айшықты ағаш күмбездері бұдан ертеректе сонау отызыншы жылдары сол зираттан шығысқа қарай орналасқан екі километр жердегі сиыр базаның төбесін жабу үшін бұзылып алыныпты да, айналасындағы қыш кірпіштен жиналған қорғандарының кірпіштері тозғаннан кейін, екі үлкен төмпешікке айналған.

Тарихи ескерткіштердің, ескілік аталуының бәріне жауыға қарайтын сондай бір қытымыр заман өтті ғой басымыздан. Сол екі километр қашықтықта /орналасқан/ салынған база қамалған ірі қараның белгісіз аурумен, әр күн сайын бір бастан шығын болып, қыстама аяқталғанда бәрі өліп біткен деседі. Кейіннен қой да, шошқа да қыстақтан бірақ қыс ішінде бәрі де өлді, деседі бірен-саран көне көз қарттар әңгіме тиегін ағытып.

Ал екі зираттың күмбездерін бұздырып, қыш кірпіштерін алдырған адам үрім бұтағымен жоғалған. Мұны естігенде Египеттегі перғауының оқиғасы ойымызға оралады. Египеттегі оның қабірін ақтарушылардың да көпшілігі белгісіз аурудан өлген еді ғой. Мұның себебі сарокафагтың ішінде мыңдаған жылдар бойы сақталып қалған улы микробтарға байланысты

екен! Сол кейіннен анықталды ғой. Мұндағы колхоз малдарының жаппай шығынға ұшырауына да сондай бір салдар себеп болды ма, кім білсін? Ал, қариялар қауымы мұны киелі аруақтардың шамдануы деп жориды. Қалай десек те әлгіндей фактінің болғаны анық. Бүкіл Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба!- деседі олар.

Осы жер бұрынғы «Ұзын бұлақ» совхозының егістік жері. Зират егістік жерге кіре орналасқан. Жылда жер жыртатын трактористер, зираттың үстімен жүрмей, борзданы айналып өтіп салатын. Осыдан он шақты жыл бұрын осы арадағы егістікті бір қазақ, бір неміс жігіті «К-700» тракторымен жер жыртады. Неміс жігіті борзданы тура тартамыз дейді. Ал қазақ жігіті алдында киелі зират жатыр, айналып өтуіміз керек дегенге қарамастан қандай түлен түрткенін кім білсін, тура борзда тартып келе жатып, зираттың төмпешігіне көтеріле бергенде, трактор артындағы тіркеме плуг үзіліп, «К-700» тракторының шатуны кенет сынып, істен шығады. Трактордың қатты үзілген шатунының дауысынан шошынып, неміс жігіті трактордан түсе қашып, қарсыдағы беткейге шығып кетеді. Артынан қуып барып ұстап алып келіп, зират басына әкеліп мал сойып, ұшықтап, құран оқып ишарат жасаған едік,-дейді қариялар. Дегенмен сол жігіт жарымжан болып ауырып, тракторын тастап кеткен көрінеді.

Малды қойғанда адамның осындай жағдайға ұшырауын тектен-тек жағдай деп түсінуге болмайтын бір сыр бар екендігін анық дей келе, бүкіл елге, Найманға билік айтқан жарықтық Кегенбай бидің аруағы тегін қойсын ба деген сөздің мағынасы да осы тең сырда жатқандай сезіледі.

Он үш жасында билік тұғырына ие болған Би бабаң ұзақ жасап 100 жастан асқан шағында дүниеден көшкен соң, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіне апармақ ниетпен жолға шығады. Бірақ, ол мақсатқа жете алмаған. Жазғытұрымғы ауа-райы кенеттен ысығандықтан, мәйітті орап-шымқаған мұз түгелімен еріп кетеді. Мұндай жағдайда кеміне жарты ай жүретін ұзақ жолға мәйіттің бұзылмай шыдауы мүмкін емес. Сондықтан, жоғарыда

айтылған тоғайлы жазыққа, әкесі Жомарттың қасына жерлеп қайтқан. Әкесі Жомарт атақты батыр адам болыпты. Сексеннен асқан шағында Қалба тауы ішіндегі қалмақтармен өткен бір шайқаста жараланып барып, жайлау үстінде дүние салыпты. Әкесінің мұнда қойылған себебі, бұрынғы Буденный атындағы және «Ұзын бұлақ» совхоздарының жері ол заманда Тоқабай руының жазғы, күзгі жайылым жерлері болған. Жайлауы бұрынғы Николаевка елді мекеніне дейін барған.

ССРО Жазушылар одағының мүшесі Қалихан Алтынбаев, байырғы журналист, көкпектілік Абылай Сарбасов, «Семей таңы» газетіне берген «Кегенбай бидің асы» деген мақаласында былай деп жазады:

Жомарттан 11 бала туған. Оның ішінде Кегенбайдың өз кіндігінен өрбігендер ақар-шақар. Ал Тоқабай руының өсімталдығын сипаттау үшін халық ақыны Сапарғали Әлімбетовтың «Молдабай балуан» дастанынан үзінді келтірейік:

*Тоқабай – Жанболаттың өскен ұлы.
Жайлауға ши бойынан көшкен күні,
40 ауыл ауа көшсе жоқтамайтын
Көптігінің белгісі дескен мұны.*

Осындай өскелең рудың Ақсуат пен Көкпектіні мекендейтін қалың тобы, басқа да арнайы шақырылған қонақтар, маусым айының бір шуақты сенбісінде аталмыш тоғайлы жазықта бас қосты. Мақсаттары - аруақты бабаларының басына жаңадан мазар тұрғызу және Кегенбай биге ас беру. Ақсуаттықтырды бастап келуші аутком төрағасының орынбасары Төлеуғазы Нұрғалиев та, көкпектіліерді ұйымдастырған «Большевик» совхозының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, «Абай жолы» эпопеясында айтылатын ер Ызғұттының шөбересі марқұм Әлімхан Далбин мен зейнеткер Мәулен Қапанов, Жакежай Жадранов, ақсуаттықтарды бастап келушілердің ішінде Жамбыл Ахметқалиев, Мақсұтқали Тергемесов, Сайлау Кәрібаев, Ақыман Қасымжанов, Серік Мырзағалиевтар болды.

Тоғайлы жазыққа 6 киіз үй, 2 шатыр тігілді, 6 автобус арлыберлі тасымал қызметін атқарды. 8 мың кірпіш пен 7 тонна

цемент жеткізілген. Әйелдер жағы астың жабдығын мүлтіксіз даярлапты. Ет пен шай кезектесіп, дастархан үстінде ыстық тағамдар көздің жауын алғандай. Түйенің шұбатын сүйсіне жұтқан ақсақалдар Кегенбай би туралы, осы өлкенің арғы-бергі тарихы туралы ағыл-тегіл әңгімеге кірісті. Ақсуаттық журналист Нұрбек Сейілханов сол әңгіменің жуан ішінде.

Екі топқа бөлінген қалаушы шеберлер мен жастар кешке жақын екі төбешік басына алты қырлы ақ мазарды ақ кірпіштен тұрғызып үлгерді. Таушаларына қойылған құлпы тастарға мына сөздер ойылып жазылған:

«Жомарт Тоқабай баласы, 1700-1780 жыл», Кегенбай би Жомарт баласы 1735-1835 жыл. Ескерткіш тұрғызған ұрпақтары, 1991 жылдың маусым айы».

Мазарлар жанына жиналған көпшілікке Төлеуғазы Нұрғалиев арнау сөз сөйледі.

Екі ауданнан келген Мағыпар Файзуллин, Ахметхан Қилыбаев, Әшім молдалар бабалар рухына құран-қатым шығарды. Ырымдаған көпшілік қатым тағамдарын қыл үстінен бөліп әкетті.

Асқа сойылған жылқының бас сүйегі Жомарт мазарына апарып қойылды. Кегенбай қанша атакты болғанымен, әке тұрғанда балаға жол жоқ. Рәсім солай.

«Көп түкірсе-көл» деген емес пе, бұл науқанға да 150 мың сомнан астам қаржы жиналыпты. Соның келушілірге үлестіргеннен қалғаны Ақсуат пен Семей мешіттерінің есебіне аударылды.

Көкпекті аудандық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамның төрағасы Кашаф Шабанов тарихи ескерткіш ретінде бұл екі мазарат мемлекет қамқорлығына алынып, арнайы төлқұжат берілетінін айтты.

Тоқабай осыдан үш ғасыр ғана бұрын өмір сүрген адам. Шалдардың 1916 жылғы мәліметіне жүгінсек Кегенбай ұрпағы сол кезде 350 түтінге жетіпті. Әр түтінде орта есеппен 5 адамнан болғанда қанша шығатынын санай беріңіз. Қазір бұл сан көбеймесе, азайған жоқ және олардың басым көпшілігі

әкелі-балалы Жомарт пен Кегенбайдың ұрпақтары. Демографиялық жағынан осының өзі қызық факт.

Ата-бабаны қастерлеу халқымыздың өзіндік этнография ерекшелігі әрі бүгінгі, ертеңгі ұрпағымызға ой саларлықтай үлгі-өнеге. Ал астың осылайша молшылық сипатта, салтанатты өткізілуі жариялылық пен демократияның тікелей жемісі ғой.

Осындай ойға тоқтаған көпшілік күн екінтіге құлағанда жөн-жөніне тарасты. Айшықты екі мазарат батар күннің шапағына малынып қала берді. Бір кезде ел намысын қорғаған атақты биге деген халқының махаббаты ғой бұл.

Сол сәтте ұлы Абайдың:

Сүйер ұлың болса сен сүй,

Сүйсінерге жарар ол - деген ғибратты сәуегейлік өлеңі ойымызға оралады, - деп жазды.

Би бабаң менің мақсатым- құрамадан жисам да ел ету, құланнан жисам да мал ету деген қағиданы ұстаған екен.

Атақты Біржан мен Сара айтысында айтылатын:

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,

Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын.

Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай

Қай қазақ сөз бастаған бұдан бұрын, - деген шумақтағы Шерубай, Қос Омар, Тұяқ әулие, Малбағар, Аякөз батыр, Молдабай балуан, Бияхмет Сарсенов, Отыншы Әлжанов, Смағұл Жармақов, Ысқақ Кабеков, Жағыпар Мұхаметжанов, Тана мырза Кегенбай бидің ұрпақтары мен жақын туыстары болып келетін тарихи тұлғалардың атасы екендігін айтқан орынды болар.

Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар, кезінде ел бірлігін сақтауда өшпес із қалдырған, қара қылды қақ жарған әділдікпен даңқы шыққан Ұлы би есімімен аталатын аудан орталығында көше болуы керек-ақ. Бұл мәселенің тек Ақсуат емес, Көкпекті ауданына да қатысты екенін айта кеткен жөн. Тарбағатай ауданындағы Екпін, Аққала деген мағынасыз атаулары бар елді - мекенге Кегенбай би атын берсе, нұр үстіне нұр емес пе! Аудан басшылары осындай игілікті істерді жүзеге асырса, аруақ та, халық та риза болар еді-ау!

Қандай жұмысқа кіріссе де, тереңінен біліп, тез бітіретін Бияш болатын. Оның тағы бір қасиеті қатарға мұқтаж шәкіртке жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Жарлы шәкірттерге жанын салып болысып: «Байғұстар бірдеме алып қалсын, оқуынан қалмасын» - деп ылғи біреуді орналастырып, бірдеме тауып беріп, құрақ ұшып жүруші еді. Оқу комиссариятының қандай ісі болсын бір өзі басқаратын.

Көпшілік жұмыстан арқасы босағандай Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) Бияшқа сенім артушы еді. Енді.....

Бүкіл қазақ зиялы қауымы, көсемдері Әлекең (Әлихан Бөкейханов) Ахаң, Жақаң болып Бияш деп еркелетіп атап кеткен Бияхмет Сарсеновтың өлімі қайғылы қошеметтілікпен жөнелтіліп, елі күңірініп зор аза тұтылып өтті. Оның қабірі басына жазылған эпитафиялық өлең тексі (ӘӨИ 802 папка) қорында сақталған екен. Копия-көшірме деп белгілеуіне қарағанда, ақын арнайы көшіріп алса керек. Он бес жолдық эпитафиялық жыр былайша аяқталыпты.

«...Араздаспай, қоштаспай.

Туған ата-анамен,

Туысқан іні-ағамен.

Еңбегі елге сіңе алмай

Құмарынан шыға алмай

Ойламаған арада

Отыз алты жасында

Қайтыс болды қапыда.

Бияхметтің мезгілсіз қазасына аза тұтқан ел жұрты:

Қарадай қасқыр соққан ер Абылай,

Дуалы ауызы ғып жаратты хақ.

Жұмақан, Бияхмет кетті жастан,

Жаралған артық болып әуел бастан

Орынбор шаһарында дүние салған.

Баласын түгел Найман қайғы басқан- делініпті

Халқын адал қызмет етіп жүрген жерлестері Дәлел мен Жанахмет жайында

Дәлел мен Жанахмет жеткіншегім,

Озып тұр осы күнде алты алаштан.

Ташкен мен Москвада жарлық айтып

Ұлына түгел қазақ үлгі шапқан – деп жырлапты

Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының 6 ауылында (Ақсуат ауданы, Ақсуат совхозының Тарбағатай бөктеріндегі Әлжан қыстауында) дәулетіне сәулеті сай ауқатты бай Әлжан Сақауовтың отбасында дүниеге келген.

Отыншы Әлжанов Зайсандағы орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, Омбы мұғалімдер семинариясына түсіп, толық курсы бітіріп мұғалім болуға куәлік алады. Содан кейін Отыншы Әлжанов дала генерал губернаторының 1894 жылдың 19 маусымындағы арнайы бұйрығымен губернатор кеңсесінде қызметке қалдырылады.

Мұнда бір жылға жуық жұмыс істеп губернатордың сынағынан өтіп, 1895 жылы 5 наурызда Ақмола облыстық сотына тілмәштік қызметке тағайындалады. Ол мұнда қызмет ете жүріп 1897 жылғы жалпы Ресей халық санағын жүргізу науқанына қатысады. Осы жылдары ол шығармашылық жұмыспен белсене шұғылданады. Отыншы Әлжановтың Омбы қалалық орыс-қазақ пансионындағы дәріс беру шеберлігіне тәнті болған округтық оқу инспекторы А. Алектаров оны оқу-ағарту саласына қызметке тартады. Осы салада істей жүріп, оқу ісі жөніндегі заң жобаларын қарайтын комиссиясы жұмысына қатынасып 1907-1909 жылдары оншақты мектеп ашады. Отыншы тек бірыңғай оқу ағарту ісімен шұғылданып қоймай, жергілікті халық милициясын құрып, 1916 жылдың дүрбеленінде қатты күйзелген Жетісу қазақтарын ақтар мен қызылдардың тонаушылығынан құтқару жолында жүріп, ауданымыздың төл тумасы «Алашорда» ұйымының 35 мүшесінің бірі болған Отыншы Әлжанов, қилы тағдырдың тәлкегінде жүріп Мақаншы қаласын қызылдар шапқанда, Отыншыны шаһид қылып сүйегін өртеп жіберіпті. Отыншының қазасы бүкіл қазақ халқын күңіrentкен азалы өлім болды, бүкіл қазақ даласы аза тұтты. Қазақ тілінде шығып тұрған барлық газет журналдар қазанамалар арнады. Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Көшек Кеменгеров сияқты қайраткер, қаламгерлер Отыншы Әлжановтың

қоғамдық-әлеуметтік қызметін жоғары бағалап арнайы мақалалар жазған болатын.

Ол туралы: « Ұят қызметінде жүріп құрбан болған Отыншы Әлжановтың мезгілсіз қазасына қайғырымыз. Марқұм алашорданың бір мүшесі еді. Құрылтайдың өкілі еді. Алаш баласына Отыншының шығыны батады, орны ойсырайды, әсіресе балшықтан кісі жасап ала алмай отырған Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды, тағдырға шара бар ма? Марқұмның жаны жақсы жайда болып, қалғандарына сабырлық берсін деп тілейміз, - деп жазды Ж.Аймауытов («Абай» журналы, 1918жыл, 22 тамыз №9)

Жағыпар Мұхаметжанов осы ауылдан шыққан жалынды журналист.

Осы Жағыпардың бір эпизодын айта кетуді жөн көрдім. 1949 жылы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын жазып аяқтап, оны Қазақстан жазушылар одағы Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағын алуға ұсынады.

Сол кезде роман қазақша баспа бетін көреді де, оны Сталинге оқыту үшін орысшаға тездеп аудару қажеттігі туады. Содан Мәскеуде аудармашы болып істейтін бір қазақ бар, аударса сол тездеп аударар дегенді әркімдер нұсқайды.

Сонымен Мұхтар Жағыпарды іздеп табады. Әңгімелесіп танысқаннан кейін, Жағыпар Мұхтарға құда болып шығады, және Өзбек жағынан да таныс естіген тәрізді.

«Абай жолы» романындағы Құнанбайдың әпкесі Тайбала, Сақаудың бәйбішесі екені, Сақау Мұхаметжанның әкесі, одан Жағыпар туса, қалай жақын болмайды?!

Сонымен келісіп он-он бес күннің ішінде «Абай жолын» орысшаға аударарды, машинкаға бастырады. Машинистка «со скопом» деген сөйлемді, «со скотом» деп басады. Мұхтар оқып отырып «со скотом» депті. Ол қате шығар дейді Жағыпар. Ол «со скопом» ның қазақшасы «қасы қолаңымен» деген сөйлем деп түсіндіреді. Сонымен «Абай жолы» романының мазмұны СССР жазушылар одағы арқылы, Сталинге түсіндіріліп, Мұхтарға Лауреат атағы беріледі. 1950 жылдары Жағыпар

Алматыға келіп, Қазақстан Жазушылар Одағында аудармашы болып жұмыс істейді. Сол кездерде ол СССР журналистер Одағының мүшесі еді. Осы қызметінде іштей жүріп, ол Ленин-Сталин шығармаларын орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Батухан, Шыңғысхан тағы басқа көптеген романдарды қазақшалағаны бар.

Смағұл Жарылқасов – осы ауданның Қазақстан Республикасының егемендік алуда жан аямай, жар құлағы жастыққа тимей «Қызыл тау» қырандарының командирі. (қол басшысы болған). Смағұл Жармақов Көкпектідегі екі кластық қазақ-орыс мектебін бітіргеннен кейін, Омбының гимназиясының заң факультетінің толық курсы аяқтайды. Одан кейін Омбы генерал губернаторының жарлығымен Зайсан уезіне уездік соттың төрағасы болып тағайындалады. Сонда жұмыс істейді. Уезге сол кезде Ақсуат, Зайсан, Көкпекті, Тарбағатай аудандары қараған. Кеңес Үкіметін қалыптастыру кезеңдерінде Үржар, Мақаншы аудандарында «Қызыл тау қырандары» отрядында қолбасшылық қызмет атқарады. Совет үкіметі орнығып қалыптасқаннан кейінгі жылдарда колхоздарды ұйымдастыру кездерінде, Жарма, Көкпекті, Ақсуат, Тарбағатай, Зайсан жерінде көп уақыт еңбек етті. Көкпектінің Ажы, Қосаба аталатын жерінде колхоз ұйымдастыруға үлес қосты. Көкпектіден бөлініп, Ақсуат аудан болғанда 1935 жылы аудандық соттың төрағасы болып жұмыс істейді. Сот жұмысын жолға қоюда жанын сала еңбек етіп жүргенде 1937 жылы үндеместе ұсталып, содан оралмады.

Ысқақ Кабекұлы – Кеңес Өкіметін орнатуға белсене араласқан жалынды күрескер, қоғам қайраткері. Ысқақ Кабекұлы 1892 жылы Семей облысы Ақсуат ауданында, жылы таудың «Биесимас» аталатын Кабек қыстағында, кедей шаруаның семьясында дүниеге келген.

1909 – 1910 жылдары Көкпектідегі екі кластық орыс - қазақ мектебін бітіргеннен кейін, Омбы қаласына келіп семинарияға түсіп, адам дәрігері мамандығын алады, яғни ол Ақсуат өңірінен тұңғыш шыққан дәрігер. (Омбы облыстық мемлекеттік архиві ф.197л. 69).

1917 жылы ноябрьде Ысқақ Кабеков өзінің серіктері Көлбай Төгісов, Шаймардан Әлжанов, Әбдрахман Қылышбаев тағы басқалармен бірге қазақ Социалистік партиясы «Үш жүзді» құрды. Ысқақ ұлы қазақ төңкерісінің жеңісінен кейін Петропавл жұмысшы солдат және шаруалар советінің құрамына еніп, оның өте жауапты міндетті шаруашылық, саяси әскери жұмыстарға тағайындалды. 1917 жылы желтоқсанда Петропавл Өкімет билігі толығынан большевиктер басқарған жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңесінің қолына көшкен кезде Ысқақ Петропавл қалалық, уездік кеңес құрамына сайланды. Ескі Өкімет құлап, Совет өкіметі орнағаннан кейін өндіріс орындары мемлекет қарауына көшті. Оған басшылық ету мақсатында халық шаруашылық кеңесі құрылды. «Үш жүз» партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Ысқақ Кабеков «үш жүздің» атынан Петропавл уездік кеңесінің құрамына сайланды. Ол мынандай жауапты органдарында істеді: Уездік қаржы комиссиясының мүшесі, уездік халық шаруашылық кеңесі жер бөлімінің бастығы, оның әскер бөлімінің жауапты қызметкері, Петропавл кеңесінің мұсылмандар арасындағы жұмыстар жөніндегі бөлім бастығы, Революциялық трибуналдық жанындағы ерекше тексеру комиссиясының мүшесі болып істеді. Уездік халық шаруашылық кеңесі құрылғанда да оның ең ірі және жауапты саласы жер бөлімін басқару және Совдептің шешімімен уездік жер бөлімінің комиссары болып Ы.Кабеков тағайындалды. «Үш жүз» партиясының басшылары деп жазды. С.Сейфуллин 1917-1918 жылдары ердің ерін сынайтын тарихи күндерде қызылдар жағында болды, революция жағына шықты. Қорыта айтқанда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Үш жүз» Қазақ Социалистік партиясы Совет Өкіметінің платформасын қаратумен қатар, адам сынарлық Азамат соғысының ауыр кезеңінде большевиктермен бірге майданда болды, ақ гвардияшыларға қарсы күрес жүргізді, «Алаш» партиясының кейбір мүшелерінің контрреволюциялық әрекеттерін әшкереледі, Қазақ еңбекшілерінің олардың зиянды ықпалына түспеуге көмектесті. Өкінішке орай, Қазақ Социалистік партиясының тағдыры тым келте болды. 1918

жылы 1 маусымда Петропавл қаласында бүлік шығарған Чех әскерлерімен қазақ-орыстар ақ гвардияшылардың қолына көшті. 4-ші маусымнан бастап Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола уездерін басқару шетел империалистерінің көмегіне сүйенген уақытша Сібір өкіметінің қолына көшіп, Совдеп уақытша құлатылды. Бұл жерлерде адмирал Колчак бастаған Сібір Өкіметі құрылды (Орталығы Омбы қаласы). Осыдан кейін бұрын жасырын жауыздық әрекет жүргізіп келген капиталистер, помещиктер, кулактар қайта бас көтерді. Большевиктер мен «Үш жүз» басшыларына қарсы «Ақ тиррар» басталды. Олар «саяси большевиктер тізімі» деп аталатын қара тізімге тіркеліп, Омбы, Петропавл түрмелеріне қамалды. Барлық жерде Совдеп мүшелеріне, большевиктер ұйымының басшыларына, революцио-нерлерге қарсы жаппай жазалау басталды. Реакциялық элементтер ұйымдасқан ақтар тобы, Совдеп мүшелерін, большевиктерді тергеусіз, сотсыз атып, асып өлтіре бастады. Ы.Кабековтың сенімді серігі К.Сутушевы ақтар түрмеге жеткізбей көшеде азаптап өлтірді. Ал 9-маусымнан 10 - шілдеге ауған түнде И.А.Дубинин бастаған бір топ совдеп басшыларын ақ гвардияшылар атып өлтірді. Омбы облысының мемлекеттік архивіндегі «Петропавл түрмесіне қамалған саяси большевик-тердің тізімі» деген документте 100-ге тарта адамның аты-жөні тіркелген. Солардың ішінде жалынды күрескер Ы. Кабеков оның революционер серіктері Шаймардан Әлжанов, Сүлеймен Төленгітов, Мұқан Исмағанбетов, Жұмағали Есмағанбетов, Мұхаметжан Өсербаев тағы басқалар бар.

Қазақстанда Кеңес Өкіметін орнатуға белсене қатынасқан көрнекті қайраткер Сәкен Сейфуллин өзінің 1922 жылы жазылған «Октябрь төңкерісінің құрбандары» деген көлемді мақаласында Ысқақтың өлімі туралы былай деп жазды: «Қызылжарда Совет тарапынан құрылған уездік комиссар Ысқақ Кабекұлы алғашқы Совет өкіметіне қарсы көтеріліс болғанда Совет Өкіметін қорғап майданға шығып, қолға түсіп атылды. Дәрігерлік оқуды оқыған нашардың ері еді» деп келіп,

«Нашар кедей топтың ұлы еді», - деді. (С. Сейфуллин, шығармалар 5 том 297бет)

Қазақ халқының еркіндігін аңсаған, егеменді ел болуын армандаған, ерлік қажырлы еңбегімен танылған, үлкен сенімге ие болған жерлесіміз комиссар Ысқақ Кабековке 1995 жылы мамыр айының 8-і күні Екпін ауылында Ысқақ Кабековтың 100 жыл толу мерекесі үлкен той ретінде аталып өтілді. Ы. Кабековке арналған ескерткіш ашылып, Ы.Кабековты мәңгі есте қалдыру мақсатымен Екпін ауылындағы Жданов атындағы орта мектепке оның есімі берілді. Осындай өткізілген дүбірлі тойда әуесқой композитор бауырымыз Жекен Нурсапиннің Ысқақ атамызға арналған «Дауылпазы даланың» атты өлеңі де осы аста жарық көрген еді.

Дауылпазы даланың

От жалында шындалған,
Қайыспаған сындардан
Күрестерде дем берді,
Үміттер иен ізгі арман
Қайырмасы:
Арманы бар баланың
Дауылпазы даланың
Ысқақ ата есімі
Мақтанышы жерімнің
Қызыл туды көтерген,
Алғашқы болып осы елден
Енді көрсең далаңды,
Арманыңа жетер-ең
Қайырмасы:
Көгілдір ту көгімде
Бүгін думан елімде
Мәңгі бізбен біргесің,
Үлесің бар сенің де.

Мен жоғарыда атаған Алаш азаматтарының өмір жолдары 2003 жылы жарық көрген «Ақсуат-Атамекенім» атты кітапта толығымен жазылған.

Кешегі ел басына күн туған қаһарлы жылдарда қанды майдан жорықтарға қатысып, Отан үшін кеудесін отқа төсеген жігіттердің біразы ортақ жауды жеңіп, еліне кеудесі қуаныш пен орден-медальдарға толық оралды.

Ұлы жеңіс үшін кеудесін оққа төсеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған жандар-да аз емес.

Ұлы Отан соғысында жауын қойша айдаған атақты барлаушы Байғабыл Оралбаев өз басым Ұлы Отан соғысы атанған кешегі қанды қырғынға қатысып, тәуекел деп тас жұтып қайтқандардың бәрін де бөле жармай батыр деп санайтын адаммын дейтін. Үстіңнен гүрілдеп бомба түспек түгілі, құлағыңның түбінен ызындап бірер маса ұшып өтсе де мазанды алып бітеді ғой. Ал айлар, жылдар бойы аузынан ажал бүріккен аждаһамен алысу, алысу ғана емес оны құртудың алпыс екі айласын ойлап тауып, омыртқасын опыру оңай дегенді кімнің ғана аузы барып айта алсын - деп партизан Қасым Қайсенов айтқандай, осы ауданда әрқашан арқа тұтып, асқар таудай көретін, туған халқы мен отаны үшін жаумен аянбай белдескен ағайымыз кешегі Байғабылды батыр демей не дейміз.

Қошықов Бейсенбек – бұл адамды Ақсуат өңірінде көп адам біле бермейді. Барлаушылық қызметі де, ешкімге белгісіз, өйткені жас күнінде елден кетіп содан оралмаған адам.

1949 жылға дейін барлаушылық қызметте болады. Германиядан барлаушылықтан оралғаннан кейін шетелге жеті адаммен барлаушылық қызметке қайта аттанады. Берілген тапсырмаларды мұқият орындап, 1953 жылы Москваға ұшып келе жатқанда, самолетті атып түсіріп, екі адам парашютпен ұшып түсіп иен далада аман қалады. Сол аман қалған бір орыс, бір қазақ азаматы далада ақ таспен от жағып, шегіртке етін пісіріп жеп, неше түрлі азапты күндерді басынан өткеріп, үш ай дегенде Москваға оралады. Сол жолы өкше кетеді бір көзден айырылады. Москваға оралғаннан кейін, бұрында марапаттан кем емес Бейсенбекті «Ленин», «Қызыл жұлдыз», «Даңқ» ордендерімен марапаттапты. Алайда алған наградаларына қарағанда, Отанға сіңірген еңбегі қомақты екені көрініп тұр.

Рахымжанов Сағындық кейінге дейін барлаушылық қызметі белгісіз болып келген еңбегі кейіннен газет бетінде жарық көріп барлаушылық саласында отанына сіңірген еңбегі сүбелі екенін айта кеткен жөн болар.

Қасымханов Габдрахман- майданның басынан аяғына дейін Беларусь майданы (қол басшысы Совет Одағының Маршалы В.И. Чуйков) 82 гвардиялық дивизияда (командирі Армия генералы Г. Хотагуров) болыпты. Сталинград, Польша, Висла мен Одерді, Берлинді алуға қатысқан, Цитадель бекінсін, Валдерга фортын, стратегиялық маңызы бар деревняны алуға қатынасып ірі ерлік көрсетіп ерлігін листовкамен самолет арқылы таратқан батырдың бірі осы Габең. Онымен қоса партизандық қызметте атқарып жау қолынан тірідей тіл әкелген, 1945 жылы 1-ші майды Берлинде мейрамдап 9-май жеңіс парадына қатынасқан ер жүрек жауынгердің бірі.

Ардагер ағамыз марқұм **Мәулітай Сыдықов**– жау тылынан байланыс жасаттырып, жаудың қару-жарак эшелонын жайратқан жаужүрек батырдың бірі.

Сондай-ақ 1944 жылдың сәуірінен 1945 жылдың аяғына дейін көптеген ірі қалаларды жау қолынан азат етуде ерекше көзге түскен Бейсенбек Садықановты, ел басына күн туған қаһарлы күндерде қолына қару алып отанын қорғаған Кәдірбек Айтжановты, Ұлы Жеңіс үшін кеудесін оққа төсеп қасиетті Отанымыздың тәуелсіздігі жолында өз өмірін қиған сүйектері майдан топырағында қалған ержүрек жауынгер Сейіт Көккөзов, екі майдан жауынгері Абуғали Қонақов, гвардия аға лейтенанты 1944 жылы 1 Прибалтика майданында ерлікпен қаза тапқан Құсайын Сыдықов, 30.01.1944 жылы ерлікпен қаза тапқан Гомель дивизиясының атқышы Қабдуәкір Нұрғалиев, Кәкетай Қонақов тағы басқаларды айтуға болады. Олардан басқа осы рудан 300-ден астам, он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтарды туған жерінен соғыс айырды. Олар майданнан оралмады. Толарсақтан қан кешіп Отан үшін халқының келешектегі бейбітшілік өмірі үшін жанын қиған жауынгер бауырлас туыстар.

Бұлар туралы:

Олар өлді, еш қызық көре алмады,
Жер бетіне жас дәнді себе алмады,
Олар қайта еліне оралмады,
Күзде піскен егінді көре алмады.
Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп,
Олар өлді тек арман сөнбесін деп,
Олар өлді өзгелер өлмесін деп, - деген шумақпен

аяқтағым келеді.

Заманында қырғыз педагогикалық техникумында оқыған Абылғазин Егізбай, Өрісбаев Мұталаптар болатын. Бұлар техникумда оқып жүргенде Ахмет Байтұрсыновтың лекцияларын тыңдаған Мұхтар Әуезовтың ағасы сабақ берген, Қаныш Сатпаевпен бірге дәріс алған адамдар екен. Оқуды бітіріп келгеннен кейін Абылғазин Егізбай Қызыл Кесік мектебі мен мектеп жанынан интернатты ашып ұйымдастырушы және осы мектептің 1934 – 1937 жылға дейін директоры болып жұмыс істепті. Нұрбаев Кәрімді оқытып тәрбиелеген де осы кісі екен.

Өрісбаев Мұталап пен Смағұлов Жағыпарлар алғашқы ашылған мектептерде ұстаздық еткен мұғалімдер екен. Кейінгі қоғам қайраткерлері үш ауданды басқарған Мұрат Сапоров, үш ауданды басқарып Бородулиха, Тарбағатай аудандарының, Шығыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы Болат Сапоровтар.

Ғылым саласындағы: Математика ғылымының докторы марқұм Нұрекенов Тоқтар, педагогика ғылымының кандидаты, доцент Тыныбаева Өжікен, техника ғылымының кандидаты, доцент Тергемесов Қажыбек, биология ғылымының кандидаты доцент Карменова Нүрсипа.

Осы ғылым саласындағы ағаларының жолын жалғастырып Медицина ғылымының кандидаты болып Дариға Төлеуғазықызы қосылды.

Ол туралы Серік ақын:

Жаның жаз, көңілің көктем парасатты,

Халқыңа көп тигіздің шарапатты.

*Медицина ғылымының кандидаты,
Аталып алдың үлкен марапатты,
Дәрігерлік көмегіңді халқың көрген,
Сауығып сырқатынан жарық көрген,
Өзіңмен мақтанамыз, шаттанамыз,
Тапты деп орынын анық түрден.
Ғылыми озық ойларың өрістеген,
Қиындықты еңсердің жеңіспенен.
Ақ халатты дәрігерсің мейірімі мол,
Ақ халатты аумаисың періштеден.
Қорған болып ғылымның бір шетіне,
Дауа тапшы сырқаттың мың дертіне.
Гипократтың атына адал болып,
Болене бер халықтың құрметіне - депті.*

Журналистика саласында: ақын әрі журналист марқұм Сейілханов Нұрбек, ақын Серік Жұматов, тілші Ұзан Габдуллин, кинорежиссер Серік Апырымов, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген артист, әрі әнші Майра Ильясова Әлімғазықызы, көрнекті әнші Бақыт Исаева, дуette келістіріп ән шырқайтын. Қарлығаш, Сандуғаш Орынбаевалар, кәсіпкер Қабытаев Төлеубек Құрмашұлы.

*Білімі мен жігері,
Сай келінті түгелі.
Бақыткамал баспагер,
Семейде ісі ірі еді.
Москва, Семей жерінде,
Оқыды, түйді көңіліне,
Ұстаз әрі экономист,
Мамандығы тегінде.
Ақын жазушылардың
Тарихи құнды кітабын
Бақыткамал шығарып,
Өтеген елдің мұқтажын.
Бақыткамал тұрғанда,
Кітап болар шығарма.*

*Алғыс айтып оқырман,
Қуана берер бұғанда – деп ақындар*

жырлайтын Бақыт Сәдубайқызы.

Өскеменде зейнетақы төлеудің орталығын, аудандарда филиалдарын алғашқы рет ашып, жұмысын қалыптастырған, зейнеткерлердің ықыласына бөленген Ғайникамал Нұрғалиқызы еді. Ақындар:

*Талапты да, талантты, қабілетті,
Қайсар да, қайраткерде әділетті,
Сегіз қырлы, бір сырлы парасатты,
Қазақтың қызына тән ақ жүректі.
Шуақ шашқан алысқа маңайына,
Қамқоршы да, ақылшы ағайынға.
Кісілік келбетімен іскерлігі,
Мәңгілік тағылым болып тарайды да.
Әрине биік әлі шығар шыңы,
Сәт сапар тілеуде елі, ұғар мұны.
Жарқырап шығыстың шоқ жұлдызындай,
Мол әлі де баршаға құяр нұры.
Халқыңның қызы болдың басы байлы,
Ешкімде марапатты азсынбайды.
Елбасының ілініп назарына,
Кеудеңде «Құрмет орден» жарқырайды.
Еліңмен, жұртыңменен мақтанасың,
Сондықтан көп сенімін ақтағансың,
Бұл күнде мәртебелі депутат боп,
Тексеру комиссиясын басқарасың, - деп баға беріпті.*

Журналист сықақшы Кәрімұлы Тұрлықан Президент сыйлығының иегері, өмірде бес кітабы жарық көрген қаламы жүйрік жазушының бірі. Әскери шендегі Мухаметжанов Тоқан, мемлекет қайраткері Жаментиков Тельман, Шегедеков Бағылан, Ерлан, осы рудың азаматтары. Ақылды да, байыпты болжампаздық үлгісімен, адамгершілік қасиеттердің толып жатқан, мәңгі ұмытылмас ешқашанда ескірмейтін өнегелі істерімен, парасатты даналығымен мәңгілік ел есінде қалған аналарымыз: Мұрын, Мақпал, Өрік, Ақбарша, Зере, Күнкелер осы елдің

мақтанышы. Барлығын айта келе осы әңгімеге арқау болып отырған баланы сөз етсек, баланың адам болып шығуы Алланың берген ақылы мен тегіне байланысты деген сөз бар. Ол былай өріліпті:

*Текіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.
Тегі бекзат адамдар,
Әрқашан биік тұрады, - делініпті.*

Сондықтан, әрине ұрпағымыз тегіне тартып, биіктен көрініп жатса неге қуанбасқа?!

*Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс дейді сапарға шыққан кісі!
Ата – анаңды үйдегі сыйлай білсең,*

Сол емесе пақыр – ау тиімдісі, - деп Шал ақын жырлағандай, алдыңғы толқын ағаларының ізін басқан Серікбол Төлеуғазыұлыда өзінің үлкенді құрметтеу, Әкені асқар тауға балап ақылын алу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жалғастырған, кішіпейіл, көпшіл, ақкөңілдік, ақниеттілік, сабырлылық, әдептілік, байсалдылық, зиялылық, имандылық, кісілік, қайсарлық, қонақжайлық, мұсылмандық, парасаттылық, салауаттылық, ұлтжандылық мінезімен, оған Алла берген осындай бекзаттық қасиеттерінің арқасында өзі істеп жүрген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери қарсы барлау департаменті қызметкерлері мен өзіне қарайтын әскери округтердің офицерлері мен солдаттары арасында өте сыйлы да беделді болыпты. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында Отанына қызмет етіп, ел қауіпсіздігі мен тыныштығын сақтауға арнаған Серікболдың өмір жолы кейінгі өскелең жастарды Отаншылдыққа баулуға үлгі - өнеге болады деп ойлаймын. Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен көрікті, артында бар оңалар деп жатады. Құдайға тәубә, Серікболдың артында қалған балалары ер жетіп келеді.



Теңілік Әбубәкір (Әбен) қызы



Теңілікте үмітін үкіледі,
Ақсуаттан орта мектеп бітіреді.
Семейдің дәрігерлік техникумын,
Аяқтап биіктерге тікті көзді.
Білімді біздің Теңілік Әбенқызы,
Фельдшер-акушерка мамандығы.
Ақсуат МТС-інде дәрігер болып,
Әрқашан ел көңілін таба білді.
Мың тоғыз жүз алпыс пен алпыс бесте,
Өткен жылдар Теңілікті салады еске.
Қарады әйелдерін шопандардың,
Алыста баққан қой отарларын.
Жазда ат-арба, қыста ат-шана трактормен,
Малшыларды аралап жырақ жүрген.
Керек кезде көрсеткен жедел жәрдем,
Жүкті әйелдер денсаулығын сұрап білген.
Жас кезі Теңіліктің жалындаған,
Майталман мамандардан тәлім алған.
Жоғары акушер-гинекологтардың,
Әдістерін қолданып дағдыланған.
Өз ісін жете меңгеріп дамытты одан,
Тәлімгер ұстаз болып анықталған.
Өз білімін үйретіп өзгелерге,

Тыныш таппай ізденіп жалықпаған.
Кіндік шеше болды да сан балаға,
Жаратқан жебемесе жан қала ма?
Жиырма екінші партсъезд совхозында
Елу жыл еңбек еткен емханада.
Теңілік ел ішінде болған сыйлы,
Құрметтеген совхоздың әрбір үйі
Әр бала «біздің кіндік шешеміз» деп,
Мақтанышпен атаған жиі-жиі.
Қиындықтан қайтпаған қайраттанған,
Іздері құс жолындай сайрап жатқан.
Қызметтің қандай ауыр болғандығын,
Бетіне түскен әжімдер айғақтаған.
Үйренді де өмірдің көп сабағын,
Танытты тағылымын өр талабын.
Үлгілі дәрігер болды ұжымында,
Абыройлы анық басып әр қадамын.
Ұлықты ұл, қылықты қыз өсірді,
Көңіл кілтін табатын бар адамның.
Апасы сүйкімді он бір немеренің
Анасы тәрбиелі төрт баланың.
Жаңа ортаға жұғымды ана болды,
Бағдаршамдай көрсетті сара жолды
Дүниеден өткенімен Теңілігіміз,
Ерекше төл тарихтан алар орны.



Ғайникамал Нұрғалиқызы



Ғайникамал Нұрғалиқызы 19 тамыз 1953 жылы Ақсуат ауданында, бұрынғы Семей облысында дүниеге келген. 1960 жылы бірінші сыныпқа барып, 1970 жылы Ақсуат орта мектебін тамамдады. Сол жылы Жамбыл өнеркәсіп институтының, Семейдегі филиалының экономика және инженерлік факультетіне түсіп 1976 жылы бітіріп шығады. Еңбек жолын Семей облыстық қаржы басқармасында қатар-дағы маман болып бастайды. 1968 жылы ҚазССР

Қаржы министрлігінің бұйрығы бойынша Семей облысының бүкіл бюджетінің бас бухгалтері болып тағайындады. Барлық бюджеттегі мекемелердің және аудандардағы бюджеттік мекемелердің бюджетті қаржыларды пайдалану барысындағы отчеттарының орындалуы бақылауында болады. Онымен қоса бюджет саласында істейтін мекемелердің бас бухгалтерлерінің мамандығын жетілдіру және біліктілігін арттыру, қаржы басқармасының бас бухгалтерінің негізгі міндеті болатын. 1997 жылы мамыр айындағы үкіметтің қаулысына сәйкес екі облыстың Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының қосылуына байланысты өңірдің бюджетінің өткізілуі бас бухгалтердің құзырына берілген болатын. 1-ші тамызда бюджетті өткізіп берген соң, облыс әкімі В.Меттенің әлеуметтік және халықты қорғау министрлігіне жіберген ұсынысы бойынша әлеуметтік саласындағы жаңа жүйені жүзеге асыру мақсатында жоғарғы аталған министрліктің мемлекеттік жәрдемақы төлеу жөніндегі орталықтың Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры болып тағайындалады. 1998 жылға дейін Қазақстанда әлеуметтік салада ортақ жауапкершілік жүйесі қолданылып келген болатын. Ал 1 қаңтар 1998 жылдан бастап әлеуметтік саладағы реформаға

байланысты жинақтаушы жүйе іске асырыла бастады. Бастапқы кезеңде халық жағынан реформаны қолдайтындар аз болды. Сенбеушілік білдірді. Қиянат жасағандар да болды.

Облыстық, аудандық басқармалардың жауапты қызметкерлері мен қоса зейнетақы төлеу орталығының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен халық арасында үгіт-насихат жүргізіп реформаның маңыздылығын түбегейлі егжей-тегжейлі түсіндіріп халықтандырып отырылды. Сонымен қоса, баспасөздер, теледидар да, радио тарату хабары да түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізді.

Осындай ұзақ әрі тынымсыз еңбектің нәтижесінде зейнеткерлер алатын зейнетақымен жәрдем ақыларын үзбей алып тұратын. Жағдайға қол жеткізді, әрі тұрақтандырылды. Осы салада облыспен аудандардағы зейнетақы орталығында төрт жүзге жуық адам еңбек етті. Бұларға өнегелі тәрбие беріп, кейбір даулы дискуссиялы мәселелерді дұрыс ашып көрсетуге, оқиғалармен фактілерді дұрыс бағалауға көмектесе отырып, әрқайсысының жанұя, жеке басының жағдайларына байланысты заңға сәйкестендіріліп, материалдық көмектер көрсетіліп отырды. Бұның өзі Ғайнидың жастығына қарамастан өзінің білімі мен біліктілігінің арқасында тез ширап облыс республика басшылығы алдында үлкен беделге ие болғандығын айғақтайды. Бұл салада халық мүддесіне сай істерді, өте ұстамды түрде асықпай ақылдасып шешуге тырысатын кадрларға қамқорлығы мол, алды кең қайраткерлердің бірі болды десе артық айтқандық болмас. Осы салада он жарым жыл еңбек етіп, елге жұртқа қадірлі болып, ел сеніміне еніп, мемлекеттік, қоғамдық, саяси, тәрбиелік белсенді қызмет атқарғаны үшін, 2007 жылдың 15-16 желтоқсанның тәуелсіздік күніне байланысты «Құрмет» орденімен марапатталады. Сол жылы «Нұр Отан» партиясының қолдауымен Семей қаласының 18 сайлау округі бойынша облыстық маслихаттың депутаттығына сайланады. Маслихаттың бірінші отырысында депутаттар бірауыздан облыстық маслихаттың тексеру комиссиясының төрайымы етіп сайланады. Бұл саланың ерекшелігі облыс көлеміндегі барлық облыстан қаржыландыратын мекемелердің жұмысын тексеру және

қадағалау міндеттелінген болатын. Әрине мұндай жұмыстың қиындығы мен ауыртпалығы аз болмайтыны мәлім. Дегенмен түсіністік пен жұмыс істеп істі алға бастыруда қыруар жұмыстар атқарылғанын айта кеткен жөн болар. Оның ішінде Семей қаласындағы «Көз орталығы», «Бүйрек орталығы» заңсыз жекешелендіріп кеткендер жалаң шешімге мойынсұнбағандықтан, прокурордың қатынасуымен заң негізінде маслихаттың шешімімен мемлекеттің қарауына қайтарылып берілді.

2009 жылы облыстық бюджеттен «Жол картасы» бағдарламасына қыруар ақша бөлінді. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты қосымша жұмыс орнын ашу болды. Жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік нысандарға ремонт жасау, жолдарды жөндеу, су құбырларын ауыстыру, абаттандыру, жарықтандыру т.б. жұмыстар қаралған болатын. Осы орайда депутаттар бағдарлама бойынша әр нысандарды бөліп алып ревкомиссияға материалдарын тапсыратын. Ревкомиссия берілген материалдарды қарап қорытынды жасап сессияда хабарлама жасайтын. Осы хабарлама негізінде әкімшілік шаралар қолданылатын. Басқа да атқарылған жұмыстарды тізіп айтпағанда, негізгі мақсат облыстық бюджетінің орындалуын тексеру болатын.

Тәуелсіз елімізді нығайту жолында еңбек етіп, күш жұмсаған Ғайнидың бойына біткен қасиеттерінің ең шоқтығы - биік парасаттылығы. Өйткені парасат деген табиғаттың адамға деген үлкен сыйлығы. Ғайни өз бойындағы қадыр-қасиетті, талант пен игі жақсылықтарды еліне пайдалы етіп жасай білді. Оны адамгершілігі зор, иманды мәдениетті ірі тұлға ретінде бағалай білген облыстық әкімшілік пен маслихат халық алдында абыройлы нәтижелі атқарған еңбегі үшін Халықаралық Россия, Белоруссия, Украина, Қазақстан сияқты елдерден шыққан ең жақсы да үздік азаматтар қатарына жатқызып энциклопедияға енгізіп «Герой славы» ордені табыс етілді.

Әрқашан жүзінен мейірім шуағы төгіліп, әрбір адамға қолынан келгенше көмегін көрсетуге дайын тұратын, ақыл мен білім табандылығы арқасында, «Астананың 10 жылдығына»,

«Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына», «Зейнетақы реформасының 15 жылдығына» байланысты медальдарымен марапатталып, «Қаржы жүйесіне 90 жыл толуына байланысты», «Қаржы саласының ардагері» атанды. Облыс әкімінің, Қаржы министрінің, еңбекпен қамту министрінің грамоталарының иегері.

Кешегі кеңес кезеңінде де, уақыт талабына сай еңбек етіп, қоғам тынысына үн қоса білген Ғайнидың жүріп өткен жолы, істеген ерен істері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз.



Нүржәміш Тұрғанбайқызы



Эпиграф

*Патша бар ма анасын тыңдамаған
Ақын бар ма анасын жырламаған
Адам бар ма әлемде , анасын
сыйламаған*

Орта бойлы, ақсары қыз кешегі,
Білім алды еңбек етті еселі.
Теңін тапты жақсы жерге жар болды,
Жібек әжеден өнеге алып өседі.
Жібек әже беріп тәлім-тәрбие,
Келінімен жарасады әрине.
Шаңырақ биік, берік болып босаға,
Отбасының ырысы артты пәниде.
Нүржәмішті келеді әлі сыйлап жұрт,
Ол кісі де адамдарды риза қып.
Қалың елдің құрметіне бөленіп,
Шаңыраққа шуақ болып құйған құт.
Қыран ана биікке қанат қомдады,
Өнегелі өткен өмір жолдары.
Қызыл-Кесікте, Ақсуатта кезінде,
Қызмет еткен елмен бірге ондағы.
Арғы атасы емші Ырғызбай киелі,
Ұмытпайды әркез басын иеді.
Намаз оқып, имандылықты игеріп,
Тындырады шаруаны да үйдегі.
Ұлықты ұл, қыз өсірген көргенді,
Бәрінің де шүкір өскен өркені.
Алланың берген жасын жасаймыз ғой деп,
Нүржәміш ана өмірден сыр шертеді.

*Басылса егер тарих бетіне ізгі ісің –
дауыл, толқын мәңгі өшіре алмайды.
Ізсіз қалу адамзат үшін жан қай*

Қуандық



Бұл Қуандық Ақсуаттың өрені,
Күттіріп бес жыл, дүниеге келеді.
Ата-анасы қуанғаннан Қуандық
Деп нәрестеге ат қояды, әуелі.
Көрді ата-ана ұлының ер жеткенін,
Алматыдан дарындылар мектебін.
Алматыдан сәулет-құрылыс институтын,
Бітіреді оған артты ел сенім.
Содан кейін Ақсуатта ПМК-да,
Жылжымалы құрылыс колоннасында,
Бас инженер болып жұмыс істеді,
Домалады өрге оның тасы да.
Ұйымдасқан дәл өзіндей жастардан,
Құрылысшылар бригадасын басқарған.
Ақсуат, Аягөз, Шұбартау мен Семейде,
Сапалы сәнді ғимараттар көп салған.
Алматыдан ауылшаруашылығы
Финансистік институтын бітіріп.
Қызмет еткен Өскеменде Альянс банкте.
Шіркін қандай білгірлік пен мықтылық

Өскеменде Ресейлік жинақ банкте
Орынбасар болып қызмет атқарған.
Орынбасар қазір Астанада АТФ банкте,
Талай-талай алғыс алған мақталған.

*Қуандық жанұя жағдайында: Қабдуакір, Ғани атты
ұлдардың; Бибимариям сынды қыздың әкесі.*

Айжан



Алматының дарындылар мектебін,
Бітірді жайды өркенін.
Алматының финансистік институтын,
Бітірді үздік ойлады да ертеңін.
Алматыда орталық кредит банкіде,
Айжан қазір бас бухгалтер беделді.
Ағылшын тілін оқып еркін меңгерді,
Дүниежүзілік дәрежедегі есепші.
Медальдар мен марапаттар жетеді.

*Айжан жанұя жағдайында: Алуа, Мадина сынды қыздардың;
Мирас атты ұлдың анасы.*

Гүлжан



Алматының педагогикалық институтын,
Тамамдап мамандығы мұғалім.
Ұстаз болды Аякөзде, Семейде,
Біліммен жаққан өмір шырағын.
Білім беріп көп жастарға анық қып,
Шәкірттердің шығармашылығын дамытып.
Олимпиадаларға шәкірттерін апарып,
Жүлделі қайтты терең білім танытып.
Бөліседі шшәкірттерінің шаттығын,
Өтіп жатыр ұмытылмас сәтті күн.
Назарбаев атындағы мектепте,
Ұстаз қазір биіктеген беделі.
Алтынсарин атындағы орден иесі,
Гүлжанның да келешегі кемелді.

*Гүлжан жанұяда:
Елдос, Нұрдос атты ұлдардың анасы*



Маржан



Семейдің педагогикалық институтын,
Бітірген математика маманы еді.
Семейде бірнеше мектептерде,
Математика пәнінен сабақ берді.
Артты да ұстаздыққа құмарлығы,
Білімін толықтырып шындап жүрді.
Мектепте Назарбаев атындағы,
Математика пәнінің мұғалімі.
Асығады келешек көктемдерге,
Оқыды Англия шет елде де,
Математика, ағылшын тілінен білім алып,
Сабақ беріп келеді өркендерге.
Марапат, алғыстан да кенде емес,
Еңбектері еленген әр кезеңде.
Облыстық, Республикалық дәрежедегі,
Жастарды білім жолына жетелеуде.
Олимпиада озаттары шәкірттері,
Тамаша екен тәрбие тәртіптері.
Маржанның мәртебесі биіктеуде,
Ұстаздық жолынан жақұт терді.

*Маржан жанұя жағдайында: Асқарбек атты ұл,
Алма атты қыздың анасы*

Жанаргүл



Семей қаржы финанс техникумын,
Финанас институтын да тамамдаған.
Халықты қамтып отыр қаржыменен,
Білімі, қабілеті дараланған.
Жанаргүл Ақсуатта алғашқыда,
Істеген салық комитеті саласында,
Жанаргүл сыйлы жан - ұжымында,
Қаржыгер қазір Семей қаласында.

Жанаргүл жанұяда: Айнұр, Балнұр сынды қыздардың анасы



Тоғжан



Алматының педагогикалық институтын,
Тамамдады толықтырды білімін.
Ол маманы биология пәнінің,
Балаларға сабақ беріп жүр бүгін.
Білім іздеп биіктерге беттеді,
Қызмет орны Ақсуат орта мектебі.
Директордың әлеуметтік мәселелер
Жөніндегі орынбасары тумысынан текті еді.
Тұрмысы төмен оқушыларды демеді,
Оқушылар оны жақсы көреді.
Жан жылуын беріп балаларына,
Еш жалықпай ұстаздық етіп келеді,
Ақылы мен қайратына сенеді.

Тоғжан жанұяда: Рамазан, Нұржауар атты ұлдардың анасы



Дариға



Сәт сапар тілеп жатты достар жағы,
Дариға болашағын жоспарлады.
Семейдің медицина академиясын,
Бітіріп еңбек жолы басталады.
Семейдің орталық ауруханасында,
Гематология бөлімінің болып еді дәрігері
Қызметтестер мен науқастар арасында,
Артты оның дәрігерлік беделі.
Кейіннен медицина ғылымының
Кандидаттығын қорғады мақтаны елдің,
Қазір академияда оқытушы,
Жоғарғы дәрежедегі дәрігер бүгін.
Көптеген еңбектері жарық көрген,
Сырқаттарға сауығар бағыт берген.
Алғыс пен марапаттан кенде емес,
Қызметі байланысты халықпенен.

Дариға жанұяда: Мұхаммет, Мансур атты ұлдардың анасы



Серікбол



Технология университетін Семейдегі,
Бітірді көп оқыды өрлей берді.
Семейде мемлекеттік университетте,
Білім алды жоғары деңгейдегі.
Әскерге барып Секо келгеннен соң,
Ел-жұрты сеніп баға бергеннен соң.
Семейдегі қауіпсіздік комитетінде,
Қызмет етті өзіне сенгеннен соң.
Тәуелсіз елі үшін терін төккен,
Елін, жерін қорғаумен өмірі өткен.
ҚРҰҚЫ әскери қарсы барлау,
Басқармасында жемісті еңбек еткен.
Экономика саласының мамандығын,
Алды Серікбол танытып даналығын.
Оқуды бітірді «қызыл» дипломмен,
Ұлықтайды ел ұмытпай сардар ұлын.
Өмірден жастай өтіп кете барды,
Орындалмай қалды ғой көп арманы.
Әйтсе де жалғайды ұрпақ балалары,
Орнында бар әрине оңалады.

*Серікбол жанұяда: Айшабиби, Әмина,
Ұлжан сынды қыздардың әкесі болған*

Сананы езген - сағыныш

Айрылған соң асылдан,
Көңілім бүгін жасыған.
Жүрек сыздап көзде жас,
Жармасты қайғы тосыннан.
Өлгендер қайтып келмейді,
Қайғыдан ештеңе өнбейді.
Қалың ел жатыр жұбатып,
Қайғыны қуып жең дейді.
Өткендерден хабар жоқ,
Хабар алар шама жоқ.
Тұрасың ойлап елеңдеп,
Одан басқа амал жоқ.
Қауіпсіздігін сақтап елінің,
Танытқан Секом ерлігін.
Адал қызмет атқарып,
Ақтаған халық сенімін.
Өлді деу болмас жақсыны,
Қалың ел жоқтап аһ ұрды.
Қайғының уын жалатқан,
Қайтеміз қатал тағдырды.
Азаматтың ақыл азығы,
Білімі алтын қазығы.
Секошым өзің туралы,
Естелік кітап жазылды.
Тәубә десіп ай-күннің
аманына,
Көрдiк қой жақсы-жаманды
да.
Секошым сен де айналдың
аруаққа,
Бөлесiн Алла иман сауабына.
Өзіңе деген сағыныш,
Санамды билеп солдырған.
Баяғы Мұңлық-Зарлықтай,

Әлсіреп әкең болдырған.
Жас өттің пәни жалғаннан,
Шыға алмай асқақ арманнан.
Ұмыта алмайды екенмін,
Бейнең жүр кетпей санамнан.
Өзіңсіз дүние тар маған,
Сабырлық сұрап Алладан,
Өзімді-өзім жебедім,
Есеңгіреп қазаңнан.
Құлын-тайым сен едің,
Өсіріп өзім жебедім.
Дәріптеуде достарың,
Биік екен беделің.
Өмірден өзің өткенде,
Таяған мезгіл көктемге.
Бұйырды саған топырақ,
Ақсуат ата-мекенде.
Барма екен әттең басқа амал,
Құран оқып көзден жас
тамар.

Тарбағатай тауын
шарлаумен,
Рухың мәңгі аспандар.
Кімдерді ажал аяған,
Құтылған одан қай адам.
Төбемнен тас түскендей,
Ауыр тиді жаназаң.
Өзіңді ойлап оғланым
Оңашада торығамын.
Жұбанамын да жан балам,
Өнегелі еңбек жолдарың.
Сынғандай алтын сандығым,
Құра алмас қайта зарлымын.
Жарақаттанған жайым бар

Тісінен қасқыр тағдырдың,
Уа, Серікбол жан балам,
Күлімдеп түскен суретің,
Төрінде таза жүректің,
Еске алар елің ұмытпай,
Өзіңді жақсы білетін.
Ағайын-туыс арасын,
Жалғадың жақсы жарастың.

Ата-анаңа қартайған,
Тірлігіңде қарастың.
Аққан жарық жұлдызым
Аспанынан Алаштың.
Келінге де жоғың батады,
Жастай жесір атанды.
Балаларыңа, жарыңа,
Алланың түссін шапағы.

Дүние жалған

Өзекті жанға бір өлім,
Ажалға жоқ шекара.
Ботасы өлген түйедей
Мен боздадым не шара.
Ғұмырың қандай келте еді,
Өзегімді өртеді.
Жол апатынан көз жұмып,
Қайғысы езді еңсемді.

Еліне сыйлы ұланым,
Парасаттың мінген пырағын.
Басыңа барып қайтқан соң,
Құлазып іштей тынамын.
Көрмейік енді жамандық,
Ел жұртым жатыр жаңарып.
Қалған ұрпақтарыма,
Алла берсін амандық.



*Домбыраның қайта бұрап құлағын,
Шертші, Әлке, бар еді зой бір әнің.
Мүмкін мынау шерлі көңіл уанып,
Қояр бір сәт, зар еңіреп жылауы.*

Айтан Нүсіпханұлы

Сағыныш сазы

*Сөзі арманда кеткен ұлым Серікболға арналып жазылды.
Ән-әуені «Сары бидай» әнінің әуенімен айтылады.*

1.Ерейментауда құлагер қаза тапқан – оу,
Біз сол жерде айырылдық азаматтан .-ой дүние-ай!
Қара жолда қапыда құлады да оу,
Астанаға жұмыспен бара жатқаной дүние-ай!

Қайырмасы :

Іс атқардың ауқымды,
Азамат болдың тартымды.
Еске алады сені ел-жұртың,
Сағындық , Серікбол , сағындық .
Қалқам дауысынды!

2.Ақан Сері айырылса тұлпарынаной,
Алаш жұрты айрылды сұңқарынаной дүние –ай !
Тарбағатай тауынан түлеп ұшқан . . .оу,
Елдің даңқын асырып шын танылған. . . ой дүние-ай!

Қайырмасы :

Көз жұмды ерте тарланым ,
Рахматында болсын Алланың.
Тыныштығын сақтап Отанның,
Қорғаған сақшы сардарым .

3.Серікбол сері мінез жайдары едіоу,
Туған жері Қызыл-кесік аймағы едіоу дүние-ай.
Кемеңгер ата Кегенбай-би бабасы еді. . . .оу,
Тал бойы тұнған қасиет қайнары еді . . оу дүние-ай.

Іс атқардың ауқымды,
Азамат болдың тартымды.
Еске алады сені ел-жұртың,
Сағындық , Серікбол ,сағындық .
Қалқам дауысынды

Бақытбек



Қоштасып алтын ұя мектебімен,
Бақытбек Алматыға жеткен бірден.
Жол құрылыс институтына түседі де,
Қуанып көңіл-күйі көтерілген.
Мұнымен тоқталып қалмайды да,
Талапты жас оқуын жалғайды да.
Төтенше жағдайлар министрлігіне,
Қарайтын оқу орнын қалайды да.
Көкшетаудың техникалық университетін,
Бітіріп болашақты барлайды да,
Төтенше жағдайлар мекемесінің.
Бастығы Тарбағатай ауданында.
Бірнеше медаль, төсбелгі марапатты,
Алды Батон азамат таза нақты.
Шолады өмірдегі барлық жайтты,
Өрт тілсіз жау ескертіп халыққа айтты.
«Айбын» орденін екінші дәрежелі,
Елбасының қолынан алып қайтты.

*Бақытбек жанұяда: Нұрайдар, Айбын атты ұлдардың;
Жібек, Еркежан сынды қыздардың әкесі*

*Апат айтып келмейді. Көкжыра, Жәнтікей мен
Тарбағатай ауданының тағы да басқа елді мекендерін су
тасқыны басып адам өміріне қауіп төнген қиын-қыстау
шақтарда, төтенше жағдайлар ұжымын басқаратын
Бақытбек Төлеуғазыұлы көпке жанашыр болып ел сенімін
ақтаған азаматтың, адамдарды тасқын су апатынан аман
алып қалғандығы туралы айырықша еңбегін ақын Қожса-Ахмет
былай деп өріпті:*

Талапты жігітке нұр жаумасын ба?
Құдай қолдап құт қонған ауласына.
Майоры өртке қарсы қызметтің
Бақытбек бауырымыз балуан тұлға
Мекеме тұрғын-үй қораларды
Дәмхана, дүкен, мәдени ордаларды
Тосыннан тұтанатын өрт жалыннан
Сақтандырып бақылап қолға алады
Күзде мал өрісінен өрт шығады
Хабарлайды ел 101-ге оқиғаны
Арпалысып өртпенен Бақытбектер
Сөндіріп риза еткен малшыларды
Сан түрлі жұмыстарды қоғамдағы
Атқарып өрге тасы домалады
Төтенше жағдайлардың алдын алып
Ауданда, облыста бағаланды.
Қаладан оқып келген білімді де,
Өз ісіне сай жігіт үлгілі де
Сабырлы салауатты жаны жайсаң,
Ел үшін адал еңбек сіңіруде
Көліктермен сарбаздар сапта бәрі
Өрт шыққан жаққа жедел аттанады
Апаттан сақтап аман елді-жерді
Бақытбек ақ-қар, көк-мұз жастанады.
Соның бір дәлелі ретінде,
Айтуға болады жұрт есінде

Сонау жылғы көктемгі су тасқыны,
Кезінде толарсақтан су кешті де
Мазасыз маусым ауыр шырғалаңы,
Жәндікейден мың екі жүз қырық адамды
Көкжырадан екі мың екі жүз тұрғындарды
Басқа елді мекендерден мың алпыс адамдарды
Жәндікей, Боғас, Көкпекті арасында
Қалың қарға бөгелген борасын да
Екі жүз елу көліктің жолын ашып,
Көмек берген төрт жүздей жолаушыға.
Жігіттер жолбарыстай жортпасын ба?
Тасқынға тосқын қоймай тоқтасын ба
Қауіпті сейілтіп үш айдан соң,
Бақытбек оралады от басына.
Еңбектері еленді әр тұстағы
Мемлекттік марапат алғыс алды.
«Айбын» орденін екінші дәрежелі
Ел басы Бақытбекке табыстады
Ата-ана, еңбек ұжымын, туған елін
Қуантты игілікке буған белін
Отан үшін от кешіп біздің Батон
Өрт күзетін күшейтті артты сенім
Тайсалмаған төнсе де қанша қауіп,
Еңбегімен абырой бедел тауып.
Ұлағатты ұядан ұшқан түлек
Қасиет атасынан қонған ауып.
Ердің ерен ерлігін жырға қоспай
Қалайша қоя аламыз жылы жауып
Шуағын шаша берсін жадырап күн,
Бұл Батон иесі қара шаңырақтың.
Алланың көзі түзу болып әр кез,
Жақсыдан мол шарапат дарып жатсын.
Жан-жары Маржан әлеуметтік қызметкер
Бойынан білім-өнер табылатын.
Қартайған ата-енесін күтіп отыр,
Әрқашан жақсылыққа жаны жақын

Өсуде алтын асықтай перзенттері
Солар ғой бақ жұлдызы жағылатын
Қазіргі қазақтың қыз-келіншектері
Мәртебелі Маржаннан тәлім алсын
Аяулы келіні ол ата-ананың,
Арттырған қасиетін босағаның
Қызы ғой нұрлы өңір Нарынқолдың,
Көріп өскен Алатау асқарларын.
Табады көңілдерін туыстардың,
Бағады достарының қас-қабағын.
Қазақта жақсы әйел Иман-ырыс
Отағасы түсініп сыйлау дұрыс
Жанұя шағын мемлекет бірлік керек
Күннен күнге кеңейіп тұрар тыныс
Бақытбектің белі де қандай мықты,
Көтерген Толағайдай таудай жүкті.
Отбасына өзіне мол табыспен,
Тілейміз зор денсаулық, амандықты.



Дулат Ешенұлы Бақытбекті кәсіби маман, білікті басшы көпшілікке есімі жақсы таныс тұлға, адамгершілік қасиеті-жоғары, іскер, қабілетті, ары кіршіксіз таза азамат ретінде бағалай келе, туған күніне мынандай арнау жазыпты:

Жақсылық бар көңілді нұрландырды,
Еленіп еңбектегі «ұл» қадірі.
Ағайын алқалаған армысыздар,
Деп келген Батон ұлдың туған күні
Сенбіде уа Батон той қылдыңыз
Жақсылыққа кенелсін әр күніңіз.
Елбасының қолынан Орден алдың,
Асқақтай берсін дейміз айбыныңыз.
Ел жұртын еңбегімен таң қалдырған,
Жасынан тек білімге болған құмар.
Батондай азаматтар некен-саяқ,
Топ жарып отызында орда бұзар.
Ақылмен тең ұстаған ар намысын
Ақ тілек ағайыннан алған ұлсың.
Төлеуғазы аға ауданның қадірлісі,
Қасиетті текті атаның жалғасысын.
Қадірлі бола берсін Батонымыз
Ұрпақпен орда болсын қатарыңыз.
Айбыныңа айбын қос жақсы інім,
Жер жарсын жақсылықпен атағыңыз



Бақытбектің қайын жұрты, балаларының нағашылары Алматы қаласы, Көктем-3 көшесінде тұратын Кенже аталарының Жүнісақын туралы естелік деректері туралы материалды ұсынуды жөн көрдім.

Жүнісақын көкенеің өмір дерегі

Ұлы жүздің ханы болған Байдібектің кіші әйелі тарихта дана-ана атанған Нурила анамызды Жарықшақ одан Албан, Суан, Дулат рулары таралады. Нурила анамыздың мавзолейі бес рет жаңартылып, Шымкент облысының Балабөген деген жерінде. Оны қорғайтын шырақшылары бар. Президентіміз сол Мавзолейге барып, ескерткіш қойғаны бар. Анамыз құдалық адамдарды бір-бірімен дос, бауыр, туыс ететін бірден бір жол деп бір қызын Арғын руына (қызының аты Ұмай-ана), екінші қызын – Найман руына ұзатады. Ол қызының аты Қызай. Қазір Қызай руының ұрпақтры Қытай жерінде. Қызай-Наймандар өсіп-өнген бір жарым миллионнан асады екен.

Албан руы – Сегіз сары ұрпақтары болып таралады. Баласы Сүйерқұлдан – Досалы, Шоған, Жарты, Қожбанбет. Шоғанның асырап алған баласы Алжан, Шожа. Алжан ұрпақтарынан Райымбек тарихта елді Жоңғар – қалмақтардан қорғаған атақты батыр. Райымбек бабаның мавзолейі Алматы қаласында, Райымбек көшесінің бойында. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Нарынқол, Кеген аудандары қосылып қазір «Райымбек ауданы» деп аталады. Қожбанбеттің шөбересі Әден Жетісу жерінде би болған. Мавзолейі «Алтын Эмель» деген жерде, шырақшысы бар. Бұл кісінің немересі Түгелбай болыс болған кезде төртжан Сегізсары ұрпақтарын Жоңғар қалмақтарынан азат етілген Нарынқол жеріне шамамен 1850 жылдары көшіріп әкелген. Берәлі, Береш, Түгелбай, Темірбек өзара туыс төртеуі қарадан шыққан хан деп есептеп Жетісу жеріндегі төре тұқымы – Тезек төремен құдаласып, Жақып деген ұлына қызын әперген. Сол ағамыздан бес бала тарайды. Үлкені Әміржаннан – Нурмуханбет, Баймуханбет және Нәсіл деген қыз. Нурмуханбеттен Жүнісақын (1908), Қожақ (1911), Зинажан (1914), Әли (1917), Тұрысбек (1926), кенже (1932).

Нурмуханбеттің інісі Баймуханбет Мухтар Әуезовтың «Қилы заман» кітабындағы патша жарлығына қарсы шығып, тарихта «Албан көтерілісі» деп аталатын көтеріліске қатысқан тұлға.

1923 жылдары Нарынкол жерінен Б.Есқожаев (колхоз құрылысының ардагері), Нұрбота Өмірзақов (30 жасында Қазақстанның Жоғарғы Советінің төрағасы), Байұзақов (Ардагер ұстаз – оқу бөлімінің меңгерушісі, мектеп директоры болған), Үсен және Жүнісақын барлығы Жаркент жерінде жаңа орнаған Үкіметтің қамқорлығына бөленіп, арнаулы оқу орнында оқиды. Оқуды жақсы оқығандықтан Москваға жолдама береді. Москваға барғанда оң аяғының бас бармағына күйдіргі жара шығып, ота (операция) жасалып, оқуын ары қарай жалғастыра алмайды. Алғашқы совхоз құрылысын ұйымдастырушы болып, бөлімше меңгерушісі, Ауылдық кеңестің алғаш хатшысы, кейіннен төрағасы болып тұрған кезінде 1942 жылы әскерге шақырылады. Соғыс майданында көрсеткен жауынгерлік ерлігіне «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталып және жараланып ауруханада жатқаны туралы хат жазып, суретін жіберген. Ленинград қаласы үшін болған майданда мерт болғаны жөнінде хабарды Отан соғысының аяқталғанына 50 жыл толғанда ғана алдық.

1940 жылы Күлшаруан атты қызға үйленген. 1942 жылы алты айлық іште қалған баласы бар екен. «Сөзсіз біз жеңеміз» деген пікірмен «ұл туса – Жеңіс, қыз туса – Жеңіскүл» қойындар деген хатына сай ұлының аты - Жеңіс болды.

Жұбайы Күлшаруан – 1953 жылға дейін Жүнісақыннан бір хабар болар деп күтті. Екінші жұбайы ағалардың алдынан өтті. Ұлы Жеңіс алғаш кіші әкесі Тұрысбектің қолында тәрбиеленіп, кейіннен Кенже әкесінің үйінде жүріп орталау мектепті бітірді. Жеңіс нағашы әжесінің шақыруымен 16 жаста кетіп, одан әскерге алынып, үйленген кезде Кенже әкесі басқа ауданнан көшіріп алып, келін Несіптіні және Жеңісті оқытып: біреуі механик-инженер, келіні – мұғалім-ұстаз болып мамандық алды. Жеңіс орта мектептің электригі және мұғалімі, «Коммунизм совхозының механизаторларының» төрағасы болып, Москвада өткен халықшаруашылық көрмесіне және Берлин (Германияға)

қаласына барып қайтты. Жеңістен – Тельжан, Нұрман, Маржан, Әсел, Мақпал. Барлығы бір-бір мамандық иелері. Бір сөзбен айтқанда Жүнісақын көкеміздің оты өшкен жоқ.

«Албан көтерілісі», онан кейінгі ашаршылық, колхоздас-тыру кезінде Албан руының ұрпақтары Қытай жеріне көшіп кеткен. Алайда Жүнісақын көкем болашақты болжай біліп, өз туыстарына «ешқайда көшпендер» - деп ақыл-кеңес берген. Әкесі Нурмуханбет барлық малдарын өткізіп, алғашқы мойын серікке, одан кейін колхозға мүше болып кірген. Інісі Қоспық сауатсыздар курсың бітіріп, 1932-1941ж, 1947-1952 жылдар аралығында колхоздың бригадирі болды. 1941-1947 ж әскер қатарында болды. Жүнісақын көкенең інілері Шайхыслан, Әли, Тұрысбек отан соғысының ардагерлері, Кенже інісі жыл ардагері болды. Қарындасы Зақымжан – 1963 жылы Қытай жерінен отбасымен көшіп келді.

Жеңіс біздің мақтанышымыз. Жұбайы Несіпті- аталарының ізгілікті келіні, балалардың сүйкімді анасы, мектептің үлгілі ұстазы болып пенсияға шықты.

Жүнісақын көкемнің аты Шырғанақ және Сарыжаз елді мекенінде Отан соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш тақтада жазылулы.

Кенже інісі өзінің ғұмырнамалық, педагогикалық кітабы «Өмір-дастан» кітабында, Отан соғысының біткеніне 50 жыл толғанда:

Әкеміз Түгелбай заманында беделі асқан,

Дос сүйсініп дұшпаны одан қашқан

Алғашқы немереге Әден бидің

Қызан алып, Тезекпен құдаласқан.

Жақыптан он ұл өсті ұлағатты,

Бір-біріне сыйлы болды инабатты.

Әміржан менің атам ең үлкені

Отағасы атанған мархабатта

Ұлдары Нурмуханбет, Баймуханбет

Екеуінің сый-сипаты елден бөлек

Екеуінің әпкесі Нәсіл аты

Қыз екен ақылды, асқан зерек.

Шешесі үшеуінің Ұлдаш әже

Суанның қызы – елі Қараменде
Әкесі Шанті әрі би, әрі батыр болған
Өмір сүрген Жетісудың жерінде
Әжеге тірісінде сиыныпты
Қасиеті мол екен деп бір өзінде
Ұзақ жасап бұл өмірден өтіпті
Әміржан текшесі Көмірсудың жерінде
Ақажан шешеміздің аты екен
Құда болған Әміржан бесігінде
19-ға келгенде ұзатыпты
Ризалық білдірем нағашым Шаже еліне
Мәпелеп бес ұл, бір қызды өсірген асыл ана
Ұрпақтары өркен жайған бұл күнде

Ақажан ана – 1936ж, Нурмуханбет әке 1946 жылы қайтыс болды. Ұрпақтары 2002 ж ескерткіш орнатты.

Жүнісақын көке

Немеренің үлкені Жүнісақын
Ата-анаға туғаннан болған жақын
Алғаш рет жаңаша білім алып
Заманның ерте ұққан алды-артын
Ерекше жаратылған алтын аға
Көкеміз-ең бәрімізге болған пана
Соғыстың құрбаны болып кеттің
Ұлынды Жеңіс атты көрмей ғана
«Әке»- деп айта алмады Жеңіс ұлын
Ешкімде айта алмады соғыс сырын
Ол өсті бала жастан арманда боп
Өмірдің қатыгездік білмей сырын.
Түсіме көп кіруші ең Көкетайым
Жеңісіңді мен іздеп барған сайын
Өшкен жоқ, отың сенің өркен жайды
Немере-шөберелер күн мен айың
Аруағың қолдасын ұрпақтарды
Пір тұтқан қасиетті ағатайым

Естелік жазған інісі Кенже. Алматы қаласы

Қазақта «Құданы құдай қосады, үйірі басқаны нөқта қосады» десе, «Әйел – үйдегі ырысың, ұл - айбарлы қылышың, қыз -- түздегі өрісің, келін – кеңейген тынысың» деген сөз бар. Құдай қосып құда түсіп, тынысымызды кеңейткен келіндерімізге тоқтасақ:



Нұргүл Мырзаханқызы – Руы Назар ішінде Жанбике ішінде Төлеби, одан Ермектен²-тен Ағыстан Байдалыдан²-дан Смайыл қажы, одан Райымбек²-тен Жүністен Мырзахан одан Нұргүл.

Әсел Танатқызы: Руы Кіші жүз, Байұлы оның ішінде Масқары.



Маржан Жеңісқызы: Руы Ұлы жүз, Қаңлы оның ішінде Албан ішінде Қожбанбет, одан Әден²-нен Түгелбай, одан Жақып, одан Нұрмұханбет²-тен Жүнісақын одан Жеңістен Маржан

Өмір белестері

1930 жылдары әкемнің еңбекке араласқан шағында заман ағымына қарай, Алашорда өкілі болған Бияхмет Сарсеновтың жақындары деген ат қойылып, айдар тағылып жазықсыздан-жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырайды.

Ұлт ұясының тыныштығы бұзылған, халыққа ауыр қасіреттер арқалатқан, бұл қудалаудың артының жаман болатынын білген әкем Нұрғали туған жерін тастап Көкпекті ауданының жаңа құрылып жатқан «Комминтерн» совхозына қоныс аударып көшіп кетеді.

Барған жерінде де, ел ортасында беделді, сыйлы болады. Сол жерден де туыс, дос-жаран тауып, сыйласып орын теуіп кетеді. Совхоздың бір табын сиырын бағып, бағым басшысы болып беделді жұмыскерлер қатарында болады.

Мен, сол әкемнің «Комминтерн» совхозында еңбек етіп жүргенде Ертістің үш өзен құятын «Үш Көмей» деген сағасында 15 қаңтар 1933 жылы өмірге келіппін.

Артында қалған ағасы Қоқанның (Қонақ) әлі шаңырақ көтеріп үлгермеген інілері Шаяхмет пен Ахметқалилар 1932 жылы халықтың тұрмыс жағдайлары нашарлап, саяси ахуал одан әрі шиеленісіп, талас-тартыстың, «Алашордасың» деп қудалаудың, қуғын-сүргіннің жүріп жатқан тұсында бұл қудалаудан секем алған інілері ауылдас туыстарымен Қытай еліне асып кетеді. Ауылда жалғыз тұра алмаған ағасы Қонақ інісі Нұрғалидың артынан іздеп барып, бауырым бұрынғыдай емес, ел іргесі тынышталды, енді елге Орал деген ағасының ақыл-кеңесімен ағасын жалғызсыратпайын деп 1937 жылы туған еліне қайта оралады. Содан екеуі өле-өлгенше бір ауылда болады.

Ақыры бақилыққа ағасы Қоқан інісі Нұрғалиды 1958 жылы 7 қараша айында шығарып салып жоқтау айтқаны әлі есімде.

Еліне оралғаннан кейін басында «Төртоба», кейіннен ол колхоз «Жаңа тілек» колхозына қосылғаннан кейін, «Жаңа

тілек» колхозында колхозник болып жұмыс істейді. Менің балалық шағым осы колхозда өтті. Кейін әкем зейнеткерлік жасқа жеткенде баласының қызмет бабына байланысты аудан орталығына көшіп келгеннен соң, екі жылдан кейін алғашқы мектеп табалдырығын Ұлы Отан соғысы жылдарының бастапқы жылында аттадым.

«Халық үшін өлсем арманым жоқ, көгерсін жұртым мен құрбан» - деп барлық кәметке толған ер-азаматтар соғысқа аттанған кез болатын. Сол тұстағы басқа түскен қиыншылық, сұрапыл соғыс заманындағы бұғанасы қатпаған балалардың соғыстың нар көтермес ауыр жүгін көтерген жас өскіндермен бірге өстік.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында қариялар мен әйелдер, бұғанасы қатпаған балалар оқу оқи жүріп, тылда ерен еңбек етіп, тер төгіп жеңіске жетуге үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі ер мұғалімдердің барлығы дерлік армия қатарына алынуына байланысты, оқытушылардың жетіспеуі, оқулық құралдары мен жазу дәптерлерінің, оны былай қойғанда, жазатын қаламсап, қарындаштардың тапшылығы, дәптер жоқ болғандықтан кітаптарды дәптер ретінде пайдаланған кез еді.

Қыс айларында мектептің шимен жағылып жылына-тындықтан өте суық болатын, онымен қоса оқушылардың наурыз айынан бастап қараша айына дейін колхоз өндірісіндегі түрлі жұмыстарда болуы сияқты жағдайлардың, оқушылардың білім алуына өте қиындықтармен келгенін естен шығаруға болмас.

Оқытушылардың 1950 жылдары біршама келіп қосылуына байланысты оқушыларға білім беру біршама қалпына келе бастаған еді. Одан әріректтегі жылдарда бір оқытушы төрт пәннен сабақ беруге мәжбүр болып келген болатын. Бұл құбылыс оқушыларға білім беруде өзінің кері әсерін тигізбей қойды деуге келмейді.

Осындай соғыстың ауыртпашылығынан болған нар көтермес ауыр жүгін көтерген сол заманның жас өскіндерінің 1951 жылы ВЛКСМ ХХХ-жылдығы атындағы Ақсуат орта

мектебін бітіріп, мемлекеттік аттестат алуға қолдары жеткен болатын. Соның бірі мен едім. Ол жылдары орта оқу орнын бітірген ер балалардың аттестаттарын оқу бітірушінің қолына емес, аудандық әскери комиссариатқа табыс ететін Сол әскери комиссариатқа тапсырылған аттестаттарымызбен әскер қатарына алынып кете бардық. Әскер қатарынан оралғаннан кейін 1952 жылдары үш орынға бір студент алатын конкурстық комиссия шешімімен Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, аталған институттың толық курсын 1957 жылы зоотехник мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Мемлекеттік емтихан комиссиясының 1957 жылғы 30 марттағы қарары бойынша оқымысты зоотехник деген квалификация берілді.

Сол жылдары институтта әскери кафедра жұмыс істеп, жыл бойына әскери теориялық сабақтар оқытып, оқу жылының аяғында жыл сайын майдандағы әскери мамандар даярлайтын армия қатарындағы жиындарға апарып дайындап, қорытындысында теориялық практикалық сабақтардан мемлекеттік емтихан алып, емтиханнан өткендерге институтты бітірерде кіші офицер атағын беріп шығарды.

1957 жылғы наурыз айында мемлекеттік емтихандарды жоғары бағамен аяқтап, аталған жоғарғы оқу орнын да тамамдап шыққан қуанышты күнге де қол жетті.

Оқу аяқталғаннан кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жолдамасы бойынша Ақсуат ауданының МТС-на (машина тракторстанциясы) бастапқыда мал шаруашылығын асылдандыру жөніндегі зоотехнигі, көп ұзамай бас зоотехник болып жұмыс істедім. МТС жүйесінің тарауына байланысты Аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясында мал тұқымын асылдандыру жөніндегі жетекші зоотехник қызметін атқардым.

1959-1963 жылдар аралығында «Социалистік» колхозында колхоз бастығы басқармасының орынбасары, кейін «Карл Маркс» колхозында бас зоотехник, әрі басқарма бастығының орынбасары, жылға жуық басқарма бастығы болып жұмыс істедім. Сол жылы колхоздар таратылып совхоз жүйесіне көшті.

1963 жылы колхоздар таратылып, совхоз жүйесіне көшкенде Ақсуат совхозының №9 фермасында ферма меңгерушісі болып жұмыс істедім. 1964 жылы Алматы қаласындағы колхоздың және совхоздың жетекші кадрларын дайындайтын Қазақ ССР ауыл шаруашылығы Министрлігі жанындағы бір жылдық мектепті жоғары бағамен аяқтап шықтым. 1973 жылы Халық шаруашылығы институтын сырттай оқып экономист мамандығын алып шықтым. 1975 жылы Марксизм-Ленинизм университетін тамамдадым. 1965-1970 жылдар аралығында Карл Маркс совхозының, бір жылдан кейін XXII партия съезі совхозында бас зоотехник болып жұмыс істедім. 1970-1975 жылдар аралығында Комсомол совхозында бас экономист болып қызмет атқардым. 1975-1978 жылдар аралығында Ленин жолы совхозында партия ұйымының хатшысы болып сайландым. 1978-1982 жылдар аралығында Ақсуат совхозының директоры болып жұмыс істедім. 1982-1992 жылға дейін халық депутаттары Ақсуат аудандық атқару комитетінің орынбасары, жоспарлау комиссиясының төрағасы болып сайландым. 1992 жылы аудандық атқару комитеті таратылып Әкімдік жүйеге көшкеннен кейін, Ақсуат әкімінің орынбасары, экономика комитетінің төрағасы болып тағайындалып зейнеткерлікке шыққанға дейін осы қызметті атқардым.

1962 жылдан 1980 жылға дейін Еңбекшілер депутаттары ауылдық советінің, июнь 1982 жылдан февраль 1990 жылға дейін халық депутаттарының аудандық советінің депутаттығына сайланып келдім.

1961 жылдан партия мүшесімін. Сол мерзімде Аудандық XXIV- XXVI-XXVII - партия конференцияларында сайланған Қазақстан Компартиясы Ақсуат аудандық комитетінің мүшесі болдым.

1983 жылы халық депутаттары облыстық советі атқару комитетінің председателінің орынбасары Н.Қабышевтің, Халық депутаттары облыстық советі атқару комитетінің секретары Х.Дауытовтың қолдарымен, облыстық атқару комитетінің грамотасымен марапатталдым.

1993 жылы Халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы К.Бозтаевтың қолымен, Халық депутаттары облыстық кеңесінің грамотасымен марапатталдым.

Сонымен қатар, Семей облыстық кәсіподақтары комитетінің төрайымы А.С.Ахметованың қолымен Семей облыстық мемлекеттік мекемелері кәсіподағы Президиумының Құрмет грамотасымен марапаттады.

1973-1975-1976 жылдары Социалистік жарыстың жеңімпазы белгісі берілсе, «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медалі», «Еңбектегі ардагері» медалі, Ұлы Отан соғысының жеңісіне 50-60 жылдық мерекелік медалі мен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы 55 жылдығы құрметіне, 1941-1945 жылдардағы Соғыс ардагері белгісінің иегерімін.

Қазақстан облысының әкімі В.Меттенің қолымен 9 май 2000 жылы құттықтау хаты табыс етілсе, Тарбағатай ауданының әкімі Т.Түсіпбековтың, аудандық маслихаттың хатшысы Т.Кенжиннің қолымен құттықтау хат және аудан әкімі Т.Түсіпбековтың қолымен «Құрмет грамотасы» табыс етілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жыл 14 қыркүйектегі №1439 жарлығы бойынша «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» толған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №951 жарлығымен «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 65 жыл» толған мерекелік медалімен наградталдым.

Ұлы Отан соғысының жеңісіне 60 жылдық мерекесіне байланысты Шығыс Қазақстан облысының әкімі В.Храпуновтың қолымен, Ұлы Отан соғысының жеңісіне 65 жылдық мерекесіне байланысты Шығыс Қазақстан облысының әкімі Б.Сапарбаевтың қолымен құттықтау хаттары табыс етілді.

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматымын», «Ақсуат Атамекенім», «Ел іші – шежіре кеніші» атты кітаптардың, «Жеті асу тарихы», «Тар жол тайғақ кешу хикаясы», «Кәрібай ақынның қазасы» атты дастандардың авторымын.

Жанұялымын, тоғыз бала өсіріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып отырмын. Барлығы да жанұялы. Жоғары білім алып, өз орындарын тауып, еліне отанына хал қадірінше еңбек етіп келеді. Балалардың ішінде ғылым кандидаттары да, ғылым магистрлары да бар.

Өндірісте жұмыс істей жүріп, аудандық әскери комиссариаттың армия қатарындағы офицерлер даярлайтын жиындарға жіберіліп, бұрынғы берілген кіші лейтенанттық әскери шен капитан дәрежесіне дейін көтеріліп жастың жетуіне байланысты отставкаға шықтым.

Осы өмір белестерінде мемлекеттік әртүрлі құрылымдарда еңбек етіппін. Ол туралы «Ақсуат атамекенім» атты кітаптың «Жарқын іздер» айдарымен берілген 466-500 беттерінде жазылған.

Осы кітапта көрсетілгендей балалықтың балғын шағын көрмей өткен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиындықтар, жетімсіз өмірде жоғары білім алып, қиындықпен өткен жылдардан кейінгі өндірісте жұмыс істеп өз халқымызға тамшыдай болса да пайдасы тиерлік істерді көз алдыңнан ой елегіңнен өткізіп қысқа қайырғанда: Алғашқы еңбек жолым МТС тан басталса, МТС тарапынан мал шаруашылығына байланысты колхоздарға озат тәжірибелерді енгізу мақсатында, ол кезде адам нанбайтын қойды қолдан ұрықтандыруды өндіріске енгізуге мұрындық болыппын.

Айта кететін бір жайт, істеген жұмысымызда нәтиже болды. Ұрықтандыру жүргізген жерімізде төлдеме графиктерін жасап беріп жүрдік. Ол кезде ондай шаруаны ешкімде білмейді ғой. Жасалған графикпен қозы алу науқаны тура келгенде, қолдан ұрықтандыру нәтижесіне көздері әбден жеткен болатын. Жүргізген жұмыстарым өз ұжымымызда да, аудан басшылары тарапынан да бағаланып отырды. Сол кезден бастап ауданға танымал маман ретінде көріне бастадым. Аудандағы колхоз жүйесі кезінде бастапқыда «Социалистік», кейін «Карл Маркс» колхозында еңбек еткен жылдарымда, колхоз экономикасын нығайту мақсатындағы ауыл шаруашылық жұмыстарына баса назар аудару нәтижесінде осы

істеген колхоздарымда еңбек ардагерлері, батыр атағын алған адамдар көптеп шықты. Ол сол еңбек еткен жылдардағы мал тұқымын асылдандыру, мал шаруашылығын іріктеу, сұрыптау жұмыстарының нәтижесінде мал шаруашылығын өз төлі сесебінен өсіру, мемлекетке сапалы өнімдер сатумен, егін шаруашылығының өнімділігін арттырып жем, шөп қорын жасаудың нәтижелері болатын.

Сол жылдарда осы колхоздардан бәйге аттарының көптеп шығуы да сол кезеңдегі мал шаруашылығындағы тиімді жүргізілген жұмыстардың нәтижелері десек артық айтқандық болмас.

Колхоздар совхоз системасына көшіп Ақсуат совхозында ферма меңгерушісі болып істеп жүргенімде, сол бір жылдары жүгерінің өндіріске енгені бар. Баптаған жүгеріміздің әр гектарынан 500 центнерден өнім алып 5000 тонна сүрлем дайындалып, оны жер беті әдісімен мал азағы ретінде дайындау аудандағы алғашқы рет сүрлем дайындалып, оны жер беті әдісімен мал азығы ретінде дайындау аудандағы алғашқы рет сүрлем дайындау әдісі болып қалыптасқан еді. Оның сыртында томарлы жерлерді тегістеп шабындық көлемін ұлғайтып қатаң мал азаған дайындауды да еселеп арттырған жылдар болатын. Мал азығына деп себілген арпаның әр гектарынан 14 центнерден өнім алынған бір табысты жыл болды.

Соған орай ірі қара, қой, ешкі жылқы малдарынан төлді жақсы алып, жоспардан артық өнім тапсырдық. Осындай көрсеткіш-тердің нәтижесіне байланысты мені 1964 жылдың қаңтарында Алматыға облыс аралық колхоз-совхоздардың басшы кадрларын даярлайтын бір жылдық мектептің даярлық оқуына жіберді.

1964 жылдың аяғында колхоздың және совхоздың жетекші кадрларын даярлайтын Қазақ ССР шаруашылық Министрлігі жанындағы бір жылдық мектепті бітіріп Карл Маркс совхозына бас зоотехник болып келдім. Жаңа құрылған Карл Маркс совхозында мал шаруашылығының негізі болған бұрынғы «Амангелді» совхозының Кіндіктідегі екі фермасы мен «Көкпекті» совхозының «Шаң» фермасының негізінде құрылды. «Карл Маркс» совхозын құруда бел ортасында болып

ісі жүріп қалыптасқаннан кейін 1965 жылы мені ауыл шаруашылығы басқармасы XXII партия съезі совхозына бас зоотехник етіп ауыстырып жіберді. Осы совхозда жұмыс істеп жүрген алғашқы жылдарында мал шаруашылығында істейтін шопан бақташылардың басым көпшілігінде жеке меншік малдары болмады. Болғандарында өте аз еді.

Сондықтан совхоз дирекциясы, кәсіподақ комитетімен келісе отырып шара жасап бекітіп заңдандырылғаннан кейін барып төл алуды қалыптастыруда жоспардан артық алған төлдің барлығын қосымша ақыға малдай беріп отыру арқылы халық иелігіндегі малды көбейтіп, осындай ынталандыру саясатының арқасында мал шаруашылығын өркендетіп халықтың рахметін алған жылдарым болатын.

Осы совхозда істеп жүргенімде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы марқұм Н.Қабышев шақырып алып «Комсомол» совхозы бұрынғыдай емес, экономикасы төмендеп кетті, совхоз директорлығына ауыл шаруашылығы басқармасынан Сатаев Уәсілді жіберіп отырмыз. Төмендетті деп ойлама, осы сала бойынша аспирантурада оқып жүргеніңді де білем. Тікелей экономикамен шұғылданудың көмегі де тиер деп ойлаймын, резервте болассың, баруға қалай қарайсың деген соң 1970 жылы нақтылы ауыл шаруашылығы экономикасын басқаруға «Комсомол» совхозына бас экономист қызметіне жіберген болатын. Бұл кезде совхоз әр жыл қорытындысын зиянымен аяқтаған жылдар екен. Сол кездегі фермаларды, құрылыс, автопарк, МТМ, басқа да салаларды шаруашылық есепке шығарып, әр адамның қосатын үлесіне қарай тапқан табысын анықтауды жолға қоюдың нәтижесінде совхоздың табысы өсіп, жыл аяғында 1,5-2,0 млн пайдамен аяқтаудың негізі қаланған еді. Бұл бастама іске асқан соң совхоз дирекциясы мен партия комитетінен қолдау тауып, жыл қорытындысын шығарып өндіріс орындарында талқылағанда бір жағы үйрену мақсатында, екінші елдің экономикалық біліктілігі мен білімділігін арттыру мақсатында совхоз директоры У.Сатаев пен партия ұйымының хатшысы Б.Сапоров бірге жүріп, қолдау көрсетіп отырды. Кейін саяси

сабақ жоспарына енгізіп аудан совхоздарында семинарлар өткізіп тәжірибе алмасу жұмыстары да жүргізілді.

Алайда, шаруашылық жүргізудегі экономикалық тетіктің табылуы совхоз үшін де, совхоздың еңбекшілері үшін де өте тиімді шара болған еді. Бұл шараға барлық совхоз еңбекшілері ынталылық білдіріп әр адамның кіргізер табысы молайып, әр жанұяға табыс әкелетінін жақсы түсінген болатын.

1975 жылы қыркүйек айының 25 жұлдызында «Ленин жолы» совхозына партия ұйымының хатшысы болып сайландым. Бұл жұмыстың басқа жұмыстан ерекшелігі көптеу болды. Еңбек ақысы аз (172т), материалдық жағынан совхоз директорына тәуелді, астындағы қызмет бабына пайдаланатын машинаның жүруі де совхоз директорының көңіл күйіне байланысты еді. Совхоздан нарядсыз ақшасын төлемей алған бір қой қызметпен қоштастыратын мойын бұрғызбайтын аксиома екен десе болады. Солай бола тұра партиялық ұйымдастыру, шаруашылық мәдени, саяси жұмыстардың жауапкершілігі, сол партия комитетінің мойнында екен. Жұмыс төрт аяғынан тұралап жатқан партия комитетін, көпшілік орын баратын клубты, бірнеше жердегі жастар бригадасын жабдықтау, безендіру, көркемдеу, бағдар беру іскерлікке тәрбиелеу жұмыстары іске асырылды. Шаруашылық жұмыстарына партиялық ықпал ету, маусымды жұмыстарға ауыл жұртшылығын жұмылдыру, экономикалық көрсеткіштерге жету жолдарында партиялық көмек көрсету жұмыстары жүзеге асырылды.

1976 жылы менің тікелей басшылығыммен әр ферма бойынша товарлы өнімнен түскен пайданы анықтап, өнімнің өзіндік құнын шығару совхоз экономикасын көтеруге көп серпіліс берген еді. Өйткені мұндай көрсеткіштер бұрын шығарылмаған көрінеді. Шаруашылықтың табысты жүргізілуі тек қана басшылықпен шектелмейді, ол ауыл халқының жаппай өндіріске араласып көмектесуіне тікелей байланысты болады. Олай дейтінім, алдын ала әр маусымдық жұмыстар кезінде өмірден көргені көп, өткеннен тергені мол, сол кездегі ауыл ақсақалдарын науқанды төлдеме т.б. маусымды жұмыстарды

өткізу кезеңдеріндегі алдын –ала партия ұйымына жиылып ақыл - кеңес қосқаннан кейінгі ауыл халқын жаппай шаруашылыққа жұмылдырудың мұрындығы, ұйтқысы да осы ақсақалдар болатын.

1978 жылғы 13 қазан айындағы Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрінің №235 куәлігіне байланысты және Семей облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының, 1978 жылғы 17 қазандағы №291 бұйрығымен, Ақсуат ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының 1978 жылғы 17 қазандағы №64 бұйрығымен Ақсуат совхозына директор болып жұмысқа кірістім. Ақсуат совхозы аудан орталығында орналасқандықтан 130- дан астам тұрғын үй, мәдениет үйі, монша т.б. күрделі құрылыстар совхоз балансында екен. Тұрғын үйлердің бірде-бірінде совхоз жұмысшылары тұрмайды. Тұратындар аудандық партия кеңес, мұғалімдер, дәрігерлер, аудан мекемелерінің адамдары. Осы объектілерге жұмсалатын жылма-жылғы қаржылар күрделі ағымдағы жөндеулер, мәдениет саласында тігілген киімдер, ойнайтын аспаптар, моншаға, мәдениет үйіне жұмсалатын отын, инвенторлар барлығы да жылма-жыл совхоз қаржысымен жасалып отырған. Онымен қоса аудан орталығына келетін үлкенді-кішілі қонақтарды қарсы алып, шығарып салу жұмыстары, аудан орталығындағы күл-қоқысты тазарту, тіпті орталықты көркейтіп көгалдандыру жұмыстары да шаруашылық мойнына ілініп тасталған кез екен.

МТМ, автопарккі, ауыл шаруашылығы басқармасы басқаруға алып, құрылыс бөлімін аудандық атқару комитетінің өкрылыс жөніндегі орынбасарлары басшылыққа араласып басқарып отыратын көрінеді. Мұның бәрі совхоз қамы емес. орталықтың қамын күйттеу әрекеттері еді. Былай қарағанда барлығы да совхоз балансындағы совхоздікі, істемеске шара жоқ. Совхоз жұмысшыларына үй беру үлкен проблема, бірде-біреуі үй алмаған. Совхоздың шопан, бақташылары аудан орталығынан үй-жай салып жайғасқан, оларды малға апару мүмкіндігі мүлде жоқ. Совхоздың ең үлкен елді мекені

«Жданов» селосының тұрғындары да аудан орталығына, көрші совхоздарға қоныс аударып берекесінің қашып тұрған кезі екен.

Міне, осындай объективті-субъективті жағдайларға байланысты совхоз экономикасы құлдырап, жылма-жыл зиянмен аяқтап, ері мойнына кетіп, төрт аяқтан тұралап тұрғанда совхозды басқару тұтқасы маған тиген еді. Совхоздың келешегінен үміт үзгендігі соншалықты басшылар тарапынан да «Аксуат» совхозының жерін көрші үш совхозға (XXII – партия съезі, «Амангелді», «Сәтпаев») бөліп беру жөніндегі пікірлер де қылаң беріп, құзырлы органдар шақырып, пікір сұрап, келісім беріп, қол қоюды да сұраған болатын.

Бұл жағдаймен қанық жанашыр жақын жолдастардың бұл совхозға бекер келдің дегендері де аз болған жоқ. Келерін келіп қалғаннан кейін, совхозды таратып беріп елге «қарабет» болу емес, ендігі жерде осы совхозды қалайда совхоз қалпында сақтап қалу мақсаты тұрды.

Сол кездегі өмірден тәжірибесі мол еңбек ардагері марқұм Жанқайыров Қапатай менін қабылдауымда болып, орныма құтты болсын айта отырып: Совхоздың тірегі ең үлкен елді мекен «Жданов» селосының тұрғындары қоныс аударып ауыл сиреп барады. Совхоздың келешегі қандай болады, не ойлаған ойың бар?- дегені бар. Заман қамын ойлаған саналылықтың белгісі деп осыны айт. Қапаның мұндай жанашырлық айтқанына рахмет айтып, «Қапа, келешек көрсетер, бір жөні болар» - деп шығарып салғаным бар.

Аудан орталығынан совхозды көшіру оңайлыққа түскен жоқ. Совхозды көшіру жөнінде жергілікті жердегі басшылық ынталылық танытпаса, жоғары органдарға жазған қатынас қағаздардан да мардымды жауап алмадық. Қатынасқа жазған жауаптары: қаражат жоқ, ондай мүмкіндіктер жоқ – деген жергілікті жерге сілтемелер айтқан жауап хаттар алдық. Совхоздың өз ішінде өткен талқылауларда, кертартпалар мен байбаламшылар көбейіп, кілт ұстайтындардың барлығы мұндай пікірге үзілді-кесілді қарсы болып, «әуені айнадай, жерді тебінгідей» жасағаны бар емес пе?

Тек экономикалық тұрғыдан көшудің тиімді болатындығын айтқан және бастамшылық жасап, бір қауым адамды сонынан ерткен және жоғарыға тиісті қатынастарды жазуға қол ұшын берген де, осы Ұлы Отан соғысында ерлігін листовкамен таратқан батыр ардагер адам Қасымханов Ғабдрахман еді.

Ендігі жерде мұндай жарапазандарды қойып Ақтайлақ би айтқандай «Бір тәуекел бұзады, мың қайғының қаласын» деп, тәуекелге басып, совхоз орталығын көшіруге бел будым.

Жоғарыдағы көріністермен тоқтап қалмай сол кездегі обкомның бірінші хатшысы Рамазанов Аманолла Ғабдулхайұлының, облыстық атқару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанұлының қабылдауларында болып жағдайды егжей-тегжейлі түсіндіргеннен кейін, «жуықта аудандарыңызға барамыз, сонда шешімін айтамыз» - деді.

Көп кешікпей ауданға екеуі де келіп, совхозды толығымен аралап, шығарып саларда Ждановтан өтетін күре жолда тұрып Рамазанов Аманолла мен Қашағанов Екейбай ағаларымыз: «Төлеуғазы сен аудан орталығында отырғанды қой, киіз үй тік те Жданов селосына қоныс аудар, қалғандары өздері көшеді. Жұртта қалам деушілер болса өздері білсін» - деген бір ауыз сөздері рухани дем берген еді.

Содан былай аудан басшыларының көзқарастары дұрысталып, Обком, Облисполком тарапынан облыстық мекеме-лер мен өндіріс орындарының басшыларына тиісті көмек көрсету жөнінде тапсырмалар беріліп, іс оңға басып, 1979 жылдың басында совхоз орталығын көшірудің орны белгіленіп, совхоз қарауындағы дүниелер тиісті мекемелерге өткізіліп, Жданов селосынан жаңа совхоз орталығы бой көтерген болатын.

Орталық Ждановқа көшкеннен кейін қуаныштары қойнына сыймаған халықты еңбекке тартып, экономикалық көтермелеу шараларын іске асыру нәтижесінде совхоздың экономикасы қалпына келіп, мал, егін шаруашылығынан алынатын өнімдер еселеп артып, совхоз рентабельді шаруашылықтардың қатарына қосылды.

Орталықтан бөлініп шыққанан кейін совхоз орталығынан тұрғын үйлер құрылысы, МТМ, автопарк, құрылыс бөлімі, машина-трактор ауласы, жанар-жағармай базасы, түрлі қоймалар мен мал сойып, ет тоңазыту құрылысы, мал бордақылау орталығы, почта байланыс бөлімі, мәдениет үйі, мектеп, әкімшілік ғимараттары, бала бақшасы бой көтеріп, елді мекенді сумен қамтамасыз ету мақсатында тереңнен су тартатын насостар (ЭЦВ-10) орнатылған құдықтармен қамтамасыз етілген болатын. Бұл су құбырлары тек қана ауыз сумен қамтамасыз етіп қоймай, елді мекендегі бақша (огород), ауылды көгалдандыруды да қамтамасыз етіп, елді мекеннің көріктенуіне қолайлы жағдай жасалған еді. Осылайша жаңа қоныс көрікті өндіріс орталығына айналған болатын.

Мұның сыртында, совхоздың елдің мекендерінен тұрғын үйлер, мәдениет, денсаулық сақтау орындары мен мал қоралары салынып, елді мекендерге шаруашылық жұмыстарына пайдалануға техникалар бекітіліп, шағын жанар – жағар май базасы мен мал азығын даярлайтын техникалар мен дробилкалар орнатылған болатын. Міне, осы тұста бұрынғы жұмысымнан ауысып аудандық Кеңестің 1981 жылғы 22 қыркүйектегі №31 сессиясының шешімімен Халық депутаттары Ақсуат аудандық кеңесі атқару комитетінің орынбасары және аудандық жоспарлау комиссия-сының төрағасы болып сайландым.

Атқару комитетінің төрағасының орынбасары ретінде маған жұмыс бөлуде совхоз өндірісі мен барлық аудандық мекемелер-дегі жоспарлау жұмыстарымен қоса, энергетика, көмір, жанар-жағармай, банк статистика мекемелеріне басшылық ету бөлініп берілді. Әр жылдағы жұмыс бөлістеріне қарай орынбасарларға жұмыс бөлгенде үстемә мекемелер қосылып, кейде сол қалпында қалып отыратын.

Осы орнында істеген жұмыс мерзімі ішінде менің басшылығымда аудан халқын көмірмен қамтамасыз етуде: отын базасы мекемесі, энергетика саласы бойынша бұрын аудан, совхоз орталықтары мен елді мекендерде электр

жүйелері болмаса, ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіру камтамасыз етілді.

1984 жылы «Сельхозэнерго мекемесі» ашылды.

1989 жылы 24 наурызда Ақсуат-Шорға 110квт-тық электр линиясы мен Ақсуат орталығындағы «подстанция» салынды. Көкжыра ауылы мен Сатпаевка 35 Квт-тық электр линиясы тартылды. Басқа жолдағы линияларда электр жарығы өшсе де Ақсуатқа әсері болмайтындай 1991 жылы 18 наурызда «Алтайэнерго» арқылы Сұлуталдың тұсынан «Отпайка» (дәнекерлік кептіру) жасаттырған болатынбыз. Мұның барлығы тегіндегі Ақсуат ауданына тартылған 35 Квт-тық линияны 110квт линияға ауыстыруға және «подстанция» салғызуға қол жеткізгеннен кейінгі істелінген жұмыстар еді.

Жанар-жағар май саласы бойынша: кезінде Зайсан тас жолы «Жалғыз төбеден», «Ақжал» арқылы Зайсанға тартылады деген жоспар болған. Бұл жол әрі төте, әрі стратегиялық маңызы бар болғандықтан 1988 жылғы мамырдағы жоспарға сәйкес «Карл Маркс» совхозының орталығынан мемлекеттік АЗС құрылысы пайдалануға берілді. Осы жылдардан бастап әр совхоздың нефтебазасының жанынан жеке меншік автокөліктерге заправка жасайтын шағын АЗС-тар бой көтерген болатын.

1990 жылдың 30 тамызында «Финский» техникалық қызмет көрсету шеберханасын аштық. Бұл шеберхананың ерекшелігі жеке меншіктегі немесе мекеме қарауындағы жеңіл автокөлік-тердің кез-келген ақауларын жөндеумен қатар бояп та шығаратын шеберхана болды. Жергілікті жерді былай қойғанда Барнаул қаласынан келіп жеңіл автокөліктерін жөндетіп алушылар да болды. Аудан халқының жеңіл автокөліктерінің қандайын болсын жөндеуде халық көңілінен шыққан шеберхана болғаны аудан халқына мәлім.

Кезінде аудандық атқару комитетінің мәдениет саласындағы жұмысты менің салама қатынасы болмаса да маған жүктегенін айта кеткен жөн болар.

1990 жылы 12 шілдеде аудандық атқару комитетінің шешімімен мұражай салу құрылысын жүктеп, құрылыс салдыру оған ақша қаражатын қарастыруды міндеттеп –

«тегінде өндірісте істеген адамсыз» - деп шешімді қолыма ұстатқаны бар. Бұл міндетті абыроймен атқарып 1992 жылы 22 маусым айында мұражай құрылысы толық аяқталып, пайдалануға беріліп, лентасын Ақсуат ауданының тұңғыш әкімі Сапоров Болат кескен болатын.

Ауданда азды-көпті еңбек еткен жылдарымдағы тамшыдай болса да аудан экономикасына қосқан еңбек үлесім осылар болды. Бұл жұмыстар «Ақсуат-атамекенім» атты кітаптың «Жарқын іздер» атты айдарымен берілген тарауында егжей-тегжейлі жазылған болатын.

Міне, «сынаптай сырғыған» өмірдегі өмір белестері осындай.





Құттықтаулар



Ғұмыр-ғибрат

2013 жылғы 16 қаңтар «Ертіс өңірі» газеті №3

Төлеуғазы Нұрғалиұлын «Ертіс өңірі» газетінің ел ішіндегі өкіліне балап кеткенімізге біраз жыл болып қойыпты. Ол кісі басылымның жай ғана өкілі емес, нағыз жанашыры, тұрақты насихатшысы екеніне де көзіміз жеткен. Ел ішіндегі өзінің сүйікті газетіне зор қолдау жасап келе жатқандар аз емес, әрине. Десе де, Төлеуғазы аға туралы бөліп-жарып айтудың бірнеше себебі бар.

«Ақсуат ауданының Құрметті азаматы» атағын еншілеген, еліне қадірлі, қоғамдық мәселеде белсенді ағаның сексен жасқа толатынын естіген соң қолға қалам алуға тура келді. Олай болатыны, аузы дуалы, сөзі уәлі қарттар қатары азайып тұрған қазіргі уақытта Төкең секілді рухани танымы бай ел ағалары көп емес. Кезінде шаруашылықтың басы-қасында жүрсе де ел ішіндегі әңгімелерді, тарихи деректерді, халқымыздың құнды дүниелерін жинап, көкірегіне түйе білгендігінің өзі бір өнеге. Аудан көлеміндегі ірі шаруашылықтар мен колхоз, совхоз басқарып, компартияға қызмет еткеніне қарамастан қазағымыздың ұлттық ерекшеліктерін дәріптейтін жайларға жақын жүргендігі көрініп тұр. Ол уақытта басшылық қызметте жүргендерге ұлттық тақырыпты сөз қылу бәлендей абырой әкелмейтіндігі тағы анық. Солай болса да ел ішіндегі көнекөз қарттардың ауыз әдебиет үлгісіндегі әңгімелеріне зейін қоя жүруден бас тартпағаны бүгінгі күнде ел кәдесіне жарап келеді. Соның нәтижесінде соңғы оншақты жылда Төлеуғазы аға қаламынан әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін орны бөлек бірнеше туынды үсті-үстіне жазылып, жарияланды.

«Ақсуат – Атамекенім», «Ел іші – шежіре кеніші» кітаптары осы өңірдің арғы-бергі тарихына қатысты деректерді көбірек қамтығанымен құнды. Ел мен жердің кешегі кезеңін зерттеймін деген ұрпақ үшін таптырмас дерек көзі болып қала береді. Қазақ халқының сонау неше ғасырлық тарихы мен әдебиеті бертінгі заманға әр аймақтағы Төлеуғазы аға секілді ел мұрасына мұқият, кеудесі алтын сандық адамдардың арқасында

жеткен. Әйгілі жазушымыз Мұхтар Мағауинның айтуына қарағанда «Бес ғасыр жырлайды» атты кітаптағы тарихи ақын, жырауларымыздың жыр-дастандары ел ішіндегі ділмар қазыналы қарттардың айтуы бойынша жинақталған.

Төлеуғазы Нұрғалиұлына деген біздің құрметіміздің артуының да негізгі себебі сол, ол кісінің ел мұрасына деген ерекше ұқыптылықпен қарап келгендігіне байланысты. Ел мұрасына қатысты мәселеге екінің бірі араласа алмайтыны тағы белгілі. Рухани құндылыққа деген ішкі құштарлық, беімділікпен бірге ақынжандылық, тіл шешендігі қажет. Осы қасиеттер де біздің кейіпкеріміздің бойында жеткілікті. Ол кісінің қаламынан туған өлеңдер мен дастандарды оқығанда алғашында бұл шығармаларды бар ғұмырын ауылшаруашылық саласына арнаған адам жазғанына сене қоймайсың. Әдебиетпен түбегейлі шұғылданып жүрмеген адамның туындысында аз-кем жетіспеушілік, шығармашылық кемшіліктер болмай тұрмайды, әрине. Ең бастысы бір өңірдің тарихына қатысты жер, су атаулары мен ақындарының, батырларының, билер мен болыстар есімдері, оларға қатысты ел жадында сақталып келген деректі әңгімелердің, шежіре үлгілерінің қағазға түсіп болашаққа мұра болып қалғандығында.

Біз әңгіме қылып отырған Төлеуғазы Нұрғалиұлының шығармашылық еңбектерінің бірқатарымен «Ертіс өңірі» газетінің оқырмандары да таныс. «Жеті асу тарихы», «Тар жол тайғақ кешу хикаясы», «Кәрібай ақын қазасы» атты дастандары осы газетте кезінде жарияланып, оқырман талқысынан өткен. Редакция мен автор арасындағы байланыстың үнемі сақталып отырғандығының нәтижесінде қаламгердің басқа да құнды материалдары жарияланып келеді. Төлеуғазы Нұрғалиұлының тағы да бір қыры – көңіліне жаққан дүниені жұрт арасында насихаттай білетіндігі. Жасының егделігіне қарамастан ешкімнің үгіттеуінсіз «Ертіс өңірі» газетінің осы аймақтағы таралымын арттыруға зор белсенділік танытты. Ол кісінің тарапынан: «Бұл газетті мен өз материалдарым жарияланғандықтан насихат-тамаймын, газет-терінде қазақ оқырмандарына қажетті құнды мақалалар жиі жарық көреді,

сол маңызды материалдар қарапайым елдің ішіне кенірек тараса екен деген мақсатпен насихат жүргіземін» дегенін естігенде таңырқағанмыз бар. Таңырқайтын себебіміз, кезінде лауазымды қызметтер атқарған, бір ауданның Құрметті азаматы, дербес зейнеткер, ел алдындағы еңбек ардагері жаңадан шыққан газеттің жаршысы бола қояды деп ойламағандықтан. Кейін Төлеуғазы ағамен әңгімелесе келе ел мүддесіне қызмет еткісі келген адамға ешқандай атақ-дәреже көлденең тұрмауы керек екенін түсіндік. Сол себептен де егде тартқан шақта елге қызмет студің осындай жолын таңдауы айтуға тұрарлық тағылым. Жасамыс шақта да жасаған әрекетіңнің өзіңе ғана емес, қоғамға да пайдалы болғаны қандай жарасымды.

Ендігі кезекте кейіпкеріміздің өмір белестеріне тоқталмай кетуге болмас. Қазақ халқының басына қасірет төнген жылдардың бірі – 1933 жылдың 15 қаңтарында дүниеге келген ол жастай ауыртпалықтың дәмін татқан. Домалақ арыз допша ұшып, ел бірін-бірі көрсетіп, елдің бетке ұстар азаматтары жазықсыз жапа шеккенде Төлеуғазы ағаның әкесі де «көрсетіндіге» ұшыраған. «Бұл баяғы Бияхмет болыстың туысы» деген жала жабылған Нұрғалиға туған ауылынан біраз жыл жырақ жүруге тура келген. Бала Төлеуғазының мектеп қабырғасына табаны ілінген жылдар Ұлы отан соғысының салқыны жұрт қабырғасына батып тұрған кез. Елдің басына төнген тауқыметті көре жүріп, бала болса да үлкендер жұмысына араласа жүріп ер жетіп, ес жиды. Қағаз, қаламның тапшылығына қарамастан білімге деген құштарлығын бәсеңдетпей, 1951 жылы орта мектепті бітіріп, бірден әскер қатарына аттанған. Әскерден оралысымен Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, оны Оқымысты зоотехник квалификациясы бойынша тәмамдайды.

Алғашқы еңбек жолынан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі аралықта Төлеуғазы аға тынбай еңбек етіп, Ақсуат ауылшаруашылығының ілгері басуына білімді маман, білікті басшы ретінде өз үлесін қосқан. Әсіресе, малды асылдандыру, төл басын көбейту мен аман сақтап қалу, малдың салмағын

арттырудың жолдарын жетілдіру барысында Төкеңнің енгізген тәжірибелері баршылық. Зоотехник, бас зоотехник болған кезеңдерде жер жағдайын, өңірдің табиғи ерекшелігін, табиғаттың тосын мінездерін болжау ретін үлкендерден сұрап-біліп жүретіндігі қой шаруашылығымен шұғылданған ауылдармен жұмыс істегенде өз пайдасын тигізіп отырды. Малдың өсіп-өнуі оның қысқы қатаң азығын дұрыс ұйымдастырудан бастап жайылымын, суатын жеткілікті мөлшерлеуге тікелей байланысты. Осы және басқа жұмыстарды ұйымдастыруда істің ретін білетіндігін байқатты. Маман қабілетін жоғары бағалаған аудан басшылығы Төкеңнің қызметте өсуін қолдап, тілектестік білдіріп отырды. Қызу еңбек ортасына араласа жүріп, Төкең алғашында Алматыдағы жетекші кадрлар даярлайтын Ауылшаруашылық министрлігі жанындағы біржылдық мектепте оқыды. Араға бірер жыл салып, Халықшаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша сырттай бітірген. Кейін марксизм-ленинизм курстарында дәріс алған.

Білім мен тәжірибені ұштастыра білген маманды бұрынғыданда жауапты қызметтер тосып тұрды. Ақсуат ауданына қарасты «Социалистік», «Карл Маркс» колхоздары мен «XXII партсъезд» совхозында зоотехникалық қызметтерде төселген ол «Комсомол» совхозына бас экономист болып келгенде бұл саланы да еркін меңгеріп кетті. «Ленин жолы» совхозында партия ұйымының хатшысы болған жылдарда кезінде Еңбекшілер депутаты ауылдық кеңесінің, Халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты болып сайланғандағы жиған тәжірибесі зор ықпалын тигізді. 1961 жылдан партия қатарына алынған ол XXI-XXVII партия конференцияларына Ақсуат аудандық партия комитетінің мүшесі болды. Осы аталған қызметтердің қайсысында болмасын біздің кейіпкер еңбек адамдарының жағдайына ден қоюды алдыңғы кезекке шығарған. Барлық қара жұмыстардың ауыртпалығы еңбек адамдарының еншісіне тиетіндіктен олардың көңіл-күйлері дұрыс, тұрмыстық мәселесі шешімін табуы тиіс. Әлеуметтік ахуалдары жақсарған сайын әр

жұмысшы өзін жауапты сезініп, тиісті міндетін тиянақты атқаруға тырысады. Төлеуғазы Нұрғалиұлы осы тәртіпті ұстанып отырған. Сонын нәтижесінде Төкең басқарған шаруашылықтан көптеген еңбек адамдары майталман жұмысшы, озаг шопан, еңбек ардагерлері ретінде ресми аталды.

Басшылық қызметте жүрген жылдарда шешімі күрделі сәттер мен сын сағаттар да кездеспей тұрмайды. Солардың бірі де бірегейіне тоқтала кетсек, 1978 жылы Төлеуғазы Нұрғалиұлы Ақсуат совхозының директоры болып тағайындалады. Совхоздың шаруашылығы негізінен Жданов, қазіргі Екпін ауылының территориясында орналасқанымен, кеңселері аудан орталығында қалған. «Кімнің жерінде тұрсаң, соның қабағына қарайсың» дегендей, аудан орталығындағы тұрмыстық гимараттар мен мәдени нысандардың, 130-дай тұрғын үйдің күтімі тағы да басқа мәселелер совхоз кеңсесінің жауапкершілігіне жүктеп қойған. Нақтырақ айтқанда, совхоздың басты күш-қуаты шаруашылық мәселесіне емес, аудан орталығына қызмет көрсетуге жұмсалып отырады. Ал совхоз әкімшілігінен еш пайда көрмеген Жданов жұртшылығы болса бұл әрекетке наразы. Екі оттың ортасында отыра беруге дәті шыдамаған Төлеуғазы Нұрғалиұлы совхоз орталығын ауданнан Ждановқа көшіру жөнінде бел буып, мәселені облыстық атқару комитетінің төрағасы Екейбай Қашағанов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Аманолла Рамазановтың алдына дейін апарды. Облыс басшылары жасалған ұсыныс шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру тұрғысынан тиімді екеніне көз жеткізіп қолдау білдіреді. Сөйтіп, Жданов совхоз орталығына айналып, тиісті мекемелер мен мәдениет ошақтары, тұрмыстық үйлер салынып, жұмысшылар үй кезегіне тұра бастайды. Бұл шаруалар бүгінде баяндай салуға жеңіл болғанымен, сол уақытта өз алдына біліктілікті, тәуекелдікті қажет еткенін айта кеткен абзал.

Кезінде еншісіне тиген жауапты жұмыстарды абыроймен атқарған Төлеуғазы Нұрғалиұлы көпшіліктің қошеметіне бөленіп, құрметті еңбек демалысына шықты. «Еңбектегі ерлігі үшін» және басқа да медальдар мен Құрмет грамоталарын адал еңбегін

қуәландыратын құжат ретінде айта кеткен орынды. Қарбаласы көп шаруашылық жұмыстарын тиісінше атқара жүріп үлгілі отбасылар қатарынан көрінді. Есепші мамандығын жетік меңгерген, үздік қызметкер Нұржәміш тұрғанбайқызымен отбасын құрып, екеуі 9 бала тәрбиелеп жеткізді. Бәрі де өз таңдаған мамандықтарын меңгеріп, бүгінгі қоғамға өз үлестерін қосып келе жатқан қызметкерлер.

Өмір деген біркелкі қуаныштан тұра бермейді ғой. Былтыр жазда Нұрғалиевтар әулеті өмірдің ауыр сынағына тап болды. Ұлдары Серікбол ұлттық қауіпсіздік саласының білікті қызметкері атанып, толысқан шағында кенеттен көз жұмды. Кім де болмасын Алланың ісіне шарасыз. Төлеуғазы аға да тосын келген қайғыға сабырмен қарап, айналасына шыдамдылықтың, байсалдылықтың үлгісін көрсетті. Торқалы тойдан гөрі топырақты өлімді ұятты санайтын дәстүрімізге сүйеніп, өзінің осынау сексенге толып отырған мерейтойын тойлауды тежеп тастады.

Міне, өмір жолы өнегемен ұласқан Төлеуғазы ағаның біз білетін қырлары осындай. Тағылымды шаңырақтан түлеп ұшқан балалар да ата-ана үмітін ақтап, әр салада сапалы қызмет етуде. Балалардың үлкені Қуандық пен Айжан – банк қызметкері, Маржан мен Тоғжан – мұғалім, Жанар – салық қызметкері, Дариға – медицина ғылымдарының кандидаты. Көлік және коммуникация академиясының түлегі, Бақытбек «Айбын» орденін Елбасының өз қолынан алған азамат. Гүлжандары Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі. Бүгінде Төлеуғазы аға зайыбы Нұржәміш шешей екеуі жиырмадан астам немере сүйіп отырған аяулы ата-әже.

Елінің амандығын, ұрпағының қызығын тілеп отырған қазыналы қарттарымыздың ниеті қабыл болсын дейміз.

Қ. Жұмәділ
Семей қаласы



Ауданының құрметті азаматы

«Семей таңы» газеті №4 11 қаңтар 2013 жыл

«Есік алдында төбе болса, ерттеп қойған атпен тең. Ауылыңда қария болса, жазып қойған хатпен тең» дейді халық даналығы.

Өмірдің талай белестерінен өтіп, сексен жасқа толып, бүгінде өркен жайған бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, екі ғасырдың, екі қоғамның көзі тірі куәсі, кешегі кеңестік, бүгінгі тәуелсіздік туын желбіреткен жасампаз заманның шежірешісі болып отырған қариялар Тарбағатай өңірінде аз емес. Солардың бірі – Ақсуат ауылында тұратын, Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы Төлеуғазы Нұрғалиев ақсақал. Төкеңдей әз ағаларды көргенде Сағи ақынның:

Дүниеге келер бір рет,

Дария-кеуде, тау мүсін.

Құрыштан құйған құдірет-

Қарттарым аман-саумысың?! – деген өлең

жолдары еске түседі. Өзге замандастары сияқты Төлеуғазы Нұрғалиев ақсақал да өзінің білімі мен өмірлік мол тәжірибесін, қажыр-қайратын, күш-жігерін туған жерін түлету, ел экономикасын арттырып, ауыл шаруашылығын дамыту ісіне арнады. Елге сіңірген еңбегі бағланып, бірнеше медаль алды, түрлі деңгейдегі Құрмет грамоталары мен мақтау қағаздарында есеп жоқ.

Төкең де заманның, қоғамның қиын кезеңдерін бастан өткізген екен.

Әкесі Нұрғали «Биахмет Сәрсеновтың туысы» деген желеумен жазықсыз жапа шегіп, қуғынға ұшырайды.

Туған жерін тастап, Көкпекті ауданының Коминтерн совхозын паналайды. Төкеңнің мектеп табалдырығын аттап, хат танып, өнер-білімге талпынған кезі Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарына тұспа-тұс келеді. Ер азаматтың бәрі қолына қару алып, майданға аттанып, ауылдағы өндірісте қарттар мен әйелдер, бұғанасы қатпаған балалар ғана қалған кезең еді ол.

Сол жылдары мұғалім де аз, оқу құралдары мен жазу дәптерлері жетіспейтін. Қаламсап пен қарындаштың өзі тапшы. Дәптер болмағандықтан ескі кітап беттерінің ашық жерлерін дәптер ретінде пайдаланатынбыз. Қыс айларында мектептің пешіне даладан ши орып жағады. Бәрібір жылымайды. Наурыз айынан бастап сонау қараша айына дейін колхоздың түрлі науқанды жұмыстарына қатысамыз. Осындай жағдайлар оқу оқып, білім алуымызға көп қиындық келтірді, - деп еске алады Төлеуғазы ақсақал.

«Талпынған жетер мұратқа» деген сөздің шындығын Төлеуғазы ақсақалдың өмір жолы дәлелдеп тұрғандай. Ол кісі орта мектепті Ақсуатта бітіріпті. Мектептен соң әскерге барып, Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп келеді. Семейдегі зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсіп, оны ғалым-зоотехник мамандығы бойынша тәмәмдаған. Сол жылдары институтта әскери кафедра жұмыс істеп, оны бітіргендер кіші офицер атағын қоса алып шығатын болыпты. Онымен қоса, Төкең Алматыда колхоздар мен совхоздардың жетекші мамандарын даярлайтын Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы бір жылдық мектепті, халық шаруашылығы институтының экономистер даярлайтын факультетін, марксизм-ленинизм университетін де бітіріпті.

Төлеуғазы аға өзінің еңбек жолын Ақсуат ауданындағы МТС-та (машина-трактор стансасында) мал шаруашылығын асылдандыру жөніндегі зоотехник болудан. Содан ол жүйенің тарауына байланысты аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясында мал тұқымын асылдандыру жөніндегі жетекші маман болады. Сөйтіп, ол кісінің ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы өмір белестері жалғасып жүре береді. Колхоз басқару, онда бас зоотехник болу, ферма меңгерушісі болу, совхозда бас экономист қызметін атқару, совхоз партия ұйымының хатшысы, одан соң оның директоры болу бас экономист қызметін атқару, совхоз партия ұйымының хатшысы, одан соң оның директоры болу - Төкеңнің өмір көріп, тәжірибе жинау мектептері болды десек, артық емес.

Төлеуғазы ақсақал өзінің үлкенмен де, кішімен де жылдам тіл табыса білетін ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін кемеліне келіп, толысқан шағында ел басқару қызметтерінде кеңінен көрсете білді. 1982 жылдан бастап қатарынан он жыл бойы халық депутаттары Ақсуат аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы болып тағайындалды. Осы қызметтерді зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін мінсіз атқарды.

Шежірелі қарттың әңгімесін тыңдаудың өзі бір ғанибет. Өмірден көрген-түйгені мол ақсақал қилы-қилы кезеңдердің қызықтарын, аудан, облыс басқарған азаматтардың адамгершілік асыл қасиеттерін, өз замандастарының ерекшеліктерін, өндірісте, шаруашылық ұйымдастыруда қол жеткен табыстарын, «әттеген-ай» дегізген өкініштерін жырдай қылып айтып отырады.

Төкеңнің елге сіңірген еңбегі елеулі. Мысалы, ол кісі Ақсуат совхозына директор болған жылдары шаруашылық өміріне біршама жағымды өзгерістер әкелді. Солардың ең бастысы – шаруашылық орталығын Ақсуаттан қазіргі Екпін ауылына көшіріп, тың жерден жаңа ауыл тұрғызуға себепші болды. Бұл жөнінде Төкеңнің өзі былайша әңгімелейді.

Ақсуат совхозына 1978 жылы қазан айында директор болып қызметке кірістім. Ол кезде совхоз аудан орталығында болғандықтан, 130 тұрғын үй, мәдениет үйі, монша тағы да басқа күрделі құрылыстар совхоз меншігіне қарады. Бірақ, тұрғын үйлердің бірде бірінде совхоздың жұмысшылары тұрмайтын. Ол үйлерге партия, кеңес қызметкерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер жайғасқан. Бұл үйлерді жыл сайын жөндеуге, мәдениет үйі мен моншаны жылытуға, өнерпаздарға сахналық киімдер мен аспаптар сатып әперетін ақша шығындары совхоз есебінен жұмсалатын. Тіпті аудан орталығын тазарту, көркейтіп, көгалдандыру, басқа да шаруа-шылық шығындары совхоздың мойнына ілініп тасталған. Мұның бәрі совхоздың қамы емес, орталықтың қамын күйттеу әрекеттері еді. Совхоз жұмысшыларына үй беру үлкен проблемаға айналды.

Шаруашылыққа қарасты ең үлкен елді мекен Жданов (қазіргі Екпін) ауылының тұрғындары да аудан орталығына көшіп келе бастаған. Мұның бәрі шаруашылықты ұйымдастыруға науканды шараларды іске асыруға кері әсер етті. Совхоздың экономикасы құлдырап, нашарлай берді. «Келешегі жоқ шаруашылық» деп, оның жерін көршілес совхоздарға бөліп беру жөніндегі әңгімелер де айтыла бастап еді. Құзырлы органдар шақырып, пікірімді сұрап, келісім беріп, қол қоюымды сұраған еді.

Сөйтіп, совхозды бұрынғы қалпында сақтап қалу міндеті туындады. Сондай қысылтаяң кезеңде ауылдың беделді ақсақалы Қапатай Жаңқайыров келіп, «совхоздың келешегі қалай болады, не ойлаған ойың бар?» деп, елдің келешегіне алаңдаушылық білдірді. Мәселе қойғанымызбен, жергілікті басшылық совхозды көшіруге ынталылық танытпады, жоғары жаққа жолдаған қағазымыздан да хабар кешікті. «Қаражат жоқ, ондай мүмкіндік жоқ» деген жауаптар ғана естідік.

Ақсуат совхозының орталығын Ждановқа көшірудің экономикалық жағынан тиімді болатынын дәлелдеп, бастамашы болып, бір қауым елді артынан ертіп, батыл пікір айтқан Ұлы Отан соғысының ардагері Ғабдрахман Қасымханов еді. Сөйтіп, «бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын» деп Ақтайлақ би айтқандай, тәуекелге бел байлап, совхоз орталығын көшіруге бел будым. Бұл мәселені сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Рамазанов, облыстық атқару комитетінің төрағасы Е.Қашағановқа айтқанымда ол кісілер: - Жуықта ауылыңа барамыз, сонда бір шешімін айтамыз - деді. Көп кешікпей ауданымызға облыс басшылары да келді, совхозды аралады, қайтар жолда Аманолла Рамазанов пен Екейбай Қашағанов ағаларымыз: - Төлеуғазы, сен аудан орталығында отырғанды қой. Киіз үй тік те Жданов селосына қоныс аудар. Қалғандары өздері көшеді. Жұртта қалам деушілер болса, өздері білсін, - деді. Осы бір ауыз сөз маған рухани дем бергендей көрінді. Содан кейін-ақ, аудан басшыларының бұл іске көзқарастары дұрысталды. Облыстан тиісті көмектер де келе бастады. Сөйтіп, жаңа совхоз орталығы бой көтерді. Жаңа үйлерге кіріп, жаңа қонысқа келіп тұрақтаған

жұмысшылар да қуанышты еді. Өндірісті ұйымдастыру қалпына келіп, мал мен егін шаруашылығынан алынатын өнім мөлшері еселеп артып, совхозымыз рентабельді шаруашылықтар қатарына қосылды.

Төлеуғазы аға құрметті еңбек демалысына шыққалы бері әлдебіреулер сияқты алтын уақытты бекер өткізіп, бос жаппады. Қағаз бен қаламды қолынан тастамай, шежірені түгендеп, өткен-кеткен оқиғаларды қаз-қалпында хатқа түсіріп, топтастыра берді. Әуелі, «Ақсуат –атамекенім», «Ел іші-шежіре кеніші» кітаптарын баспадан шығарды. Сондай-ақ «Жетіасу тарихы», «Тар жол, тайғақ кешу хикаясы», «Кәрібай ақынның қазасы», «Жүз отыз алты жасқа келген Жолымбет баба», «Құнанбайдың қайын жұрты» сияқты әңгімелері мен дастандары түрлі газет-журналдарда жарық көрді. Шежіреші қарт Құдай қосқан қосағы Нүржәмішпен бірге тату-тәтті, салауатты өмір сүрудің үлгісін көрсетіп, тоғыз бала өсіріп, ұлды ұядан ұшырып, қызды қияға қондырып, жиырмадан астам немере сүйді. Балаларының бәрі жоғары білімді. Үлкен баласы Қуандық пен Айжан –банк қызметкерлері, Маржан мен Тоғжан –мұғалім, Жанар-салық қызметкері, Дариға болса медицина ғылымдарының кандидаты. Өткен жылы кенеттен қайтыс болған ұлдары Серікбол Ұлттық қауіпсіздік комитетінің беделді қызметкері еді. Бақытбек көлік және коммуникация академиясын бітірген, халыққа сіңірген елеулі қызметі үшін Елбасы Н.Назарбаевтың қолынан екінші дәрежелі «Айбын» орденін алған. Сондай-ақ ол төтенше жағдайлар министрінің қолынан «Ерлігі үшін», «Үздік қызметі үшін» медальдарын алып, кеудесіне тақты. Ал, Гүлжан Семейде Президент Назарбаев мектебінде шәкірттерге білім береді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халық даналығы. Міне, жастық шағында, кемелді кезеңде ел игілігі үшін аянбай тер төгіп, еңбегінің жемісін көріп, көпшіліктің құрметіне бөленген, сексеннен асса да, сергек көңілмен шежіре жазып, өмір тәжірибелерін ұрпаққа үлгі етіп жүрген Төлеуғазы аға жайлы бір үзік сыр осындай.

Хамза Сатиев

Семей таңы №5 (18243) 15 қаңтар 2013жыл
Құрметті ағайым Төлеуғазы Нұрғалиұлы!

Сізді мерейлі 80 жасқа толған тойыңызбен құттықтаймын. Сіз бұл сәтке қажымас қайратыңызбен, өзіңіз туып-өскен Ақсуат өңірінің экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлкен үлес қосуыңызбен жетіп отырсыз. Сондай-ақ зейнеткерлікке шыққан-нан кейін де кейінгі ұрпаққа тәрбиелік мұра ретінде екі кітап жазып, жарыққа шығардыңыз. Сүйікті жеңгеміз Нұржәміш екеуіңіз көпбалалы ата-ана ретінде барлық ұл-қыздарыңызға жоғарғы біліммен бірге өнегелі тәлім-тәрбие беріп, қанатын кеңге жайған үлкен әулетке айналдыңыздар. Сондай-ақ бір атадан тараған туған-туыстарға қамқорлығыңыз бен ағайындық ақылыңызбізге әрқашанда қымбат. Сіз Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматысыз», Еңбек ардагері, дербес зейнеткерісіз. Бұдан басқа да марапаттарыңыз өз алдына. Олар біз үшін үлкен мақтаныш.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілеймін.

Ізгі ниетпен: қарындасыңыз Күләш Сейітқызы және жиендеріңіз.

Семей таңы №5 (18243) 15 қаңтар 2013жыл.

Асқар таудай әкеміз Төлеуғазы Нұрғалиұлын 15 қаңтар күні 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Әкешім, мерейтойың құтты болсын,

Әр күнің арайланып нұрға толсын.

Ауырмай ортамызда анамызбен,

Бірігіп қол ұстасып жүре бергін.

Білеміз жаралы Сіздің жаныңыз,

Мәңгілікке кеткен соң меншіктеген ұлыңыз.

Өткен жылдың соққысы көтертпеді еңсенді,

Жақсылықпен кірсін тек келген жаңа жылымыз.

Сыйлағымыз Сізге келеді күнді де, айды да,

Орындағымыз келеді барлық ой-арманды да.

Мақтанамыз Сізді айтып дос-жарандарға,

Лайықсыз Сіз отыруға Хан сарайы - патша тағында.

Ізгі тілекпен: балалары

Тарбағатай нұры № 3, 10 қаңтар 2013 жыл.

Құрметті әкеміз Төлеуғазы Нұрғалиұлы!

Сізді 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақ көңілді, бауырмалды, жайдары,
Ынтымақтың болған ұйытқы, қайнары.
Сексен жасқа толдың міне жан әке,
Бұл әуелеттің Сізсіз алтын Айдары!
Осы ауылдың ақсақалы-өзіңіз,
Өнегелі батаңыз да сөзіңіз.
Маңдай терін туған жерге төкті деп,
Еңбегінді бағалады еліңіз.
Үлкенмен де, кішімен де сыйласқан,
Егеменді елмен қадам бір басқан.
Ата-анамыз гүлдей жайнап бір жүрсін,
Ашық болсын олар үшін нұрлы аспан!

Тілек білдірушілер: балалары, немерелері.

Құрметті атамыз Төлеуғазы Нұрғалиұлы!

Атадан асқар жоқ екен,
Атаның сөзі оқ екен.
Қарайып жүрсе қасымда,
Уайым, қайғы жоқ екен.
Тектілік мол жан ата затыңызда,
Сыйлайды Сізді дос та, жатыңыз да.
Кір шалдырмай келесіз әлі күнге,
Құдіретті Адам деген атыңызға.
Сіз біздің аялаушы- пірімізсіз,
Сіз біздің жүректегі жырымызсыз.
Алладан тілейміз біз зорденсаулық.
Ұзақ жылдар қуантып Ата-Апа,
Арамызда үнемі жүріңізші.

Ізгі тілекпен: немерелеріңіз Рамазан, Нұржауар

Ы.Кабеков атындағы мұғалім, оқушылар жаңа совхозды құру тарихын білу мақсатында шақырылған кездесуде оқушы баланың Төлеуғазы Нұрғалиұлына арнау өлеңі

Ақсуатымның арысы

Еліміздің еміренген ұлы едің,
Бүгін-дағы елімізде ұлы күн.
Ақсуатымның нар тұлғасы, белдісі,
Еліміздің бет-бейнесі көрінісі.
Қолыма қалам алып жаздым бүгін,
Төлеуғазы атамыздай нар тұлғаны.
Жырға қоспаймын қалайша өлеңіммен,
Арнайы өзіңізге шын жүрекпен.
Ақсуатымның іргетасын қалаған,
Өзіңіздей тұлғаларда жоқ арман.
Сіңірген жақсылыққа көп үлесін,
Еңбекпен құлшыныспен жан таласқан.
Асқан ғой талай-талай асулардан,
Қажымас қайратымен тасулардан.
Өмірдің қиынына қарсы жүрген,
Өзіндей нар тұлғама бас ұрамын.
Халқымның «Ақсуат» деп жырлаған жазушысы,
Дараланып алға шыққан қарулысы.
«Ақсуатым атамекенім» - деп кітап жазып,
Қозғаған тақырыптыр адуынды.
Келіпсіз бүгіндағы 80 жасқа,
Өміріңіз ұзай берсін әрқашанда.
Бөленіп сый-құрметке ұрпағыңның,
Атана бер Ақсуатымның арысы

*Жұмашайықова Дана
10^а сынып
21.10.2013*

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Тағылым	4
Демеушілерге	4
Әмір өзен	5
Тәуелсіздікке тарту.....	55
Қабанбай батыр бабамыз туралы толғау	56
Кегенбай би, Бокбасар би	60
Сасан-би	61
Жомарт батыр	62
Шерубай Құлұлы, Тана мырза	63
Жеті асу тарихы.....	64
«Тар жол, тайғақ кешу» хикаясы	71
Кәрібай ақынның қазасы жайында	78
136 жас жасаған Жолымбет баба	85
Құнанбайдың қайын жұрты.....	90
Билеуші Боскынбайұлы	93
Тана мырза мешіті жайлы.....	96
Бөрітостаған жайлы аңыз.....	98
Төлегетай.....	102
Қытайдағы қазақ фольклоры, орта жүз Найман шежіресі.....	123
Найман тарихын тариха тұрғыдан қарасак	133
Қызылорда облысындағы Токабай бабамыздың атымен аталған елді мекендер.....	135
Ықылым заманындағы Ресей архивтік құжаттарындағы бүкіл қазақ еліне белгілі болған атақты билердің аты-жөндері мен өмір сүрген уақыты және билік басында болған мерзімдері.....	136
Найман руынан шыққан би-шешендер.....	137
Архивтік құжаттар №1543,60,78,102	139
Архивтік құжаттар №258, 259, 260, 261, 262, 263, 264. №56, 57, 60	142
№39 құжат Қазақ ру-тайпаларының отбасы туралы тізім дәптер (мәнжу тілінде).....	149
Қазақ билер сотындағы гендерлік теңдік немесе ақыл-ой теңдігі	151
Қыз дауының шешімі.....	159

Қаракерей тарауы. Мәшһүр Жүсіп, ит дүние 363 бет	163
Қаракерей Қабанбай Қожаұлы	164
Салық Шегедекұлы	169
Бижамал Ыдырышқызы	171
Мырзабаев Әрін	173
Төлеутаев Есенжан	175
Оразбаев Ділдәбек Тәжібайұлы	181
Нурбатчанов Руслан Зауытханұлы	195
Кәрім Жарқынбайұлы	198
Сербатыр Семжанұлы	201
Әбілмажинов Мирлан Карлұлы	206
Смағұлов Сәкенбек Малғаждарұлы	209
Дүрмекбаев Қайырбек	215
Ауданда экономист сегіз едік	221
Колхоздастыру	226
Қайта құру. Жекешелендіру нарығы	230
Дарынды құрметтейік тірісінде	237
Совет Әбенұлы	252
Ескелді құпиясы – Мәшһүр құпиясы	258
Тоқабай елі	263
Теңлік Әбенқызы	304
Ғайникамал Нұрғалиқызы	306
Өмір белестері	332
Құттықтаулар	347

Нұрғалиев Төлеуғазы Нұрғалиұлы
ӨМІР-ӨЗЕН

Басылуға 25.12.2014 ж. қол қойылды.
Пішіні 60x84/16. Шартты баспа табағы 21,15.
Офсеттік басылым. Қағаз офсеттік 80г/м².
Тапсырыс № 1672. Таралымы 100 дана.

«PRINTMASTER» полиграфиялық орталығы,
Семей қаласы, Б. Момышулы, 20.

+7 7222 52 22 11

printmaster7@yandex.kz

